

# 2019

ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП

# Мазмұны:


| | | |
|---|---|---|
| 1. | ГЛОССАРИЙ | 3 |
| 2. | HALYK BANK ҚЫСҚАША ШОЛУ | 5 |
| 3. | БИЗНЕС ҮЛГІ | 8 |
| 4. | ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ | 10 |
| 5. | БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ СӨЗІ | 14 |
| 6. | ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ | 18 |
| 7. | БАСҚАРМА | 23 |
| 8. | НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР | 29 |
| 9. | МАРАПАТТАР | 32 |
| 10. | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАКРОЭКОНОМИКАСЫНА ЖӘНЕ БАНКТІК СЕКТОРЫНА ШОЛУ | 34 |
| 11. | ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ | 38 |
| 12. | ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНА ШОЛУ | 42 |
| 13. | ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ | 51 |
| 14. | КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП | 58 |
| 15. | ӘЛЕУМЕТТІК ЕСЕП | 68 |
| 16. | ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ | 75 |
| 17. | ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ | 77 |
| 18. | 2019 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА), 2019 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР | 79 |
| 19. | АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ | 176 |


ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# 1

# ГЛОССАРИЙ

# Глоссарий



| | | |
|---|---|---|
| 1 | «Altyn Bank» АҚ | «Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ) |
| 2 | «БЖЗҚ» АҚ | «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ |
| 3 | ЕДБ | Екінші деңгейдегі банк |
| 4 | «Halyk» тобы, Топ | «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Компаниялар Тобы |
| 5 | Бизнестің жол картасы-2020 | «Бизнестің жол картасы 2020» кәсіпкерлікті қолдау мен бизнесті дамытудың бірыңғай бағдарламасы |
| 6 | АҚ | Ақпараттық қауіпсіздік |
| 7 | ЖТИБ / ЗТИБ | Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг |
| 8 | АЖ | Ақпараттық жүйе |
| 9 | АТ | Ақпараттық технологиялар |
| 10 | КБ | Корпоративтік бизнес |
| 11 | КД | Банктің Коммерциялық Дирекциясы |
| 12 | ККБ | «Казкоммерцбанк» АҚ |
| 13 | ФКК | Филиалдың кредиттік комитеті |
| 14 | ФЖКК | Филиал желісінің кредиттік комитеті |
| 15 | ШБ | Шағын бизнес |
| 16 | ФШКК | Облыстық/өңірлік филиалдың шағын кредиттік комитеті |
| 17 | ШОБ | Шағын және орта бизнес |
| 18 | Halyk Bank, Банк | «Қазақстан Халық Банкі» АҚ |
| 19 | ҚРҰБ | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| 20 | ҚР ҰКП | Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы |
| 21 | ҰҚ | Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры |
| 22 | ОПЕРБ | Операциялық Басқарма |
| 23 | КАБҰ | «Қазақстан Халық Банкінің күмәнді және үмітсіз активтерді басқару жөніндегі «Халық Жоба» еншілес ұйымы» ЖШС |
| 24 | ОФ/ӨФ | Облыстық филиал / Өңірлік филиал |
| 25 | ҚКЗ/ТҚ | Заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл |
| 26 | ББ | Бөлшек бизнес |
| 27 | ҚР | Қазақстан Республикасы |
| 28 | БКК | Бас Банктің Бөлшек кредиттік комитеті |
| 29 | ЕКҚК | Есептік-кассалық қызмет көрсету |
| 30 | ОБ | Орта бизнес |
| 31 | ШОКС | Шағын және орта бизнес субъектісі |
| 32 | «Даму» қоры | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ |
| 33 | ШҚО | Шешімдерді қабылдау орталығы |
| 34 | CITIC Bank | China CITIC Bank Corporation Limited |
| 35 | GDR | Global Depositary Receipt / Жаһандық депозитарлық қолхат |
| 36 | KASE | Қазақстан қор биржасы |



# 2

# HALYK BANK ҚЫСҚАША ШОЛУ

# Halyk Bank қысқаша шолу

## Қызметтің қаржылық көрсеткіштері

| Көрсеткіш | 01.01.2020 | | 01.01.2019 | |
|---|---|---|---|---|
| | млн. теңге | млн. АҚШ долл.* | млн. теңге | млн. АҚШ долл.* |
| Клиенттерге заемдар | 3 752 445 | 9 844 | 3 481 079 | 9 061 |
| Активтер жиынтығы | 9 234 758 | 24 227 | 8 959 024 | 23 319 |
| Клиенттердің қаражаты | 6 406 413 | 16 807 | 6 526 930 | 16 988 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 834 446 | 2 189 | 900 791 | 2 345 |
| Кредиттік мекемелердің қаржысы | 305 965 | 803 | 168 379 | 438 |
| Меншікті капитал жиынтығы | 1 307 223 | 3 429 | 1 065 646 | 2 774 |

| Көрсеткіш | 2019 | | 2018 | |
|---|---|---|---|---|
| | млн. теңге | млн. АҚШ долл.** | млн. теңге | млн. АҚШ долл.** |
| Таза пайыздық кіріс | 367 924 | 961 | 316 274 | 917 |
| Қызметтер мен комиссиялар бойынша кіріс | 123 256 | 322 | 113 241 | 328 |
| Операциялық шығыстар (қаржылық емес активтердің құнсыздануынан шығындарды есепке алғанда) | (149 655) | (391) | (164 531) | (477) |
| Таза кіріс | 334 511 | 874 | 254 238 | 737 |

| Көрсеткіш | 2019 | 2018 |
|---|---|---|
| Меншікті капиталға орта есеппен қайтарым | 28,8% | 27,9% |
| Активтерге орта есеппен қайтарым | 3,7% | 3,0% |
| Таза пайыздық маржа | 5,3% | 5,1% |
| Таза пайыздық спрэд | 5,2% | 5,2% |
| Операциялық шығыстар/операциялық кірістер | 26,0% | 31,7% |
| Операциялық шығыстар/активтер | 1,7% | 1,9% |
| Негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (CET) | 20,6% | 18,5% |
| Бірінші деңгейлі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті | 20,6% | 18,5% |
| Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті | 21,9% | 19,9% |

Клиенттер/шоттар саны

| Көрсеткіш | 01.01.2020 | 01.01.2019 |
|---|---|---|
| Бөлшек клиенттер (белсенді), млн. | 7 695 | 7 239 |
| ШОБ-тың кредит беріліп жатқан стандартты клиенттері | 5 563 | 4 885 |
| Корпоративтік клиенттер | 2 884 | 2 670 |
| Төлем карталары, мың дана | 9 055 | 9 332 |
| Бөлшек кредиттер, мың дана | 839 | 848 |
| Ипотекалық кредиттер, мың дана | 36 | 39 |
| Өзге тұтынушылық кепілді және кепілсіз кредиттер, мың дана | 803 | 809 |
| Интернет-банкингті пайдаланушылар саны, мың<br>- жеке тұлғалар<br>- заңды тұлғалар | <br>4 241<br>162 | <br>3 585<br>131 |

* тиісті күнге ҚРҰБ ресми бағамы бойынша аударғанда;
** тиісті кезең үшін ҚРҰБ орташа ресми бағамы бойынша аударғанда.

## Тарау желісі

| Halyk Bank | 626 қызмет көрсету орны, оған қоса: |
|---|---|
| | 24 облыстық және өңірлік филиал |
| | 120 аудандық басқарма |
| | 111 дербес сервис орталығы (ДСО) |
| | 3 VIP-орталық |
| | 52 банктік қызмет көрсету орталығы (БҚКО) |
| | 282 бөлімше |
| | 34 бизнес орталығы (ЗТ қызмет көрсету) |
| | 4 459 банкомат |
| | 88 463 POS-терминал |
| | 1000 төлем терминалы |
| | 32 мультикиоскі |

| | |
|---|---|
| «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ | 18 филиал, 207 сауда орны |
| «Халық-Life» АҚ | 18 филиал және 7 өкілдік |
| «Halyk Finance» АҚ | 1 филиал |
| «Халық-Лизинг» АҚ | 1 филиал, 1 өкілдік |
| «Halyk Инкассация» ЖШС | Қалалық инкассация басқармасы (Алматы қ.), 18 филиал, 36 бөлімше |
| «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ | 10 филиал, 8 жинақ кассасы |
| «Халық Банк Грузия» АҚ | 8 филиал |
| «Москоммерцбанк» КБ (АҚ) | 2 филиал, 5 қосымша кеңсе |
| «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ | 1 филиал, 10 бөлімше |
| «Қазтелепорт» АҚ | 22 өңірлік басқарма |

«Halyk» Тобы қызметкерлерінің саны 2019 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жұмыспен толық қамтылу баламасында 16 387 жұмыскерді құрады.

## «Halyk» Тобының құрылымы




## Осы жылдық есепті жариялау күніндегі жағдай бойынша:

- Доля участия АО «Народный Банк Казахстана» в акционерном капитале АО «Altyn Bank» (ДБ China «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың «Altyn Bank» (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ) АҚ-тың акционерлік капиталына қатысу үлесі 40%-ды құрайды.
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-тің капиталына қатысу үлесі 38,8%-ды құрайды.

## «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың орналастырылған жай акцияларының (бұдан әрі – акция) кемінде 5%-на иелік ететін «Halyk» Тобының акционерлері туралы 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мәліметтер[1]:

| Атауы | Иеліктегі акциялардың жалпы саны, дана | Иеліктегі акциялар айналымдағы акциялардың %-ы түрінде |
|---|---|---|
| Жарияланған акциялардың барлығы | 25 000 000 000 | - |
| «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ | 7 583 538 228 | 65,1% |
| «БЖЗҚ» АҚ | 718 054 740 | 6,2% |
| ЖДҚ ұстаушылары (ISIN: US46627J3023/US46627J2033) | 3 001 602 000 | 25,7% |
| Басқалары | 353 390 222 | 3,0% |
| Айналымдағы акциялардың барлығы | 11 656 585 190 | 100,0% |
| Банк өтеуін төлеп алған акциялар | (1 693 495 385) | - |
| Топ Компаниялары ұстап қалатын акциялар | (97 464 207) | - |
| Орналастырылған акциялардың барлығы (акцияға шоғырландырылған кірісті есептеу мақсаты үшін) | 13 447 544 782 | - |
| Еркін айналымдағы акциялардың жиынтығы (KASE-нің листингтік ережелеріне сәйкес) | 3 452 430 002 | - |
| Акцияның нарықтық құны, теңге* | 133,37 | - |

* KASE апта сайынғы негізде анықтайтын және KASE-нің интернет сайтында (www.kase.kz) жариялайтын, акцияның 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша нарықтық бағасы.

«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларының бақылау пакетіне ие холдингтік компания болып табылады.

«БЖЗҚ» АҚ – міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын және зейнетақы жинақтарының төлемдерін тартуды іске асыратын заңды тұлға, ҚР бағалы қағаздар нарығында ең ірі институционалдық инвесторлардың бірі және Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржылық және ақпараттық ағындарының бірыңғай әкімшісі мен операторы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі «БЖЗҚ» АҚ-ның құрылтайшысы әрі акционері болып табылады.

«БЖЗҚ» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлікпен басқаруында тұр.

«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін басқаруды ҚР Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңеспен бірге іске асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сай зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды жасау функциясы Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңеске берілді, оны Қазақстан Республикасының Президенті басқарады.

[1]Банктің жай акциялары Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне 1998 жылы енгізілді, Банктің жаһандық депозитарлық қолхаттар нысанындағы жай акциялары Лондон қор биржасының ресми тізіміне 2006 жылы енгізілді.

Halyk Bank қысқаша шолу



# 3

# БИЗНЕС ҮЛГІ

# Бизнес үлгі

## Негативті макроэкономикалық жағдайларға қарсы тұруға мүмкіндік беретін сенімді қаржылық жағдай

- капиталдандырудың жоғарғы деңгейі: негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (CET1) – 20,6%, бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (Tuer 1 capital) – 20,6%, меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (Total capital) – 21,9%;
- өтімділіктің жоғары деңгейі (2014ж. – 2019ж. кезеңі үшін RoAE орташа мәні 25,5%);
- өтімділіктің жоғары деңгейі: жалпы активтерге өтімді активтер – 44,3%;
- қорландырудың жоғарғы сапалы базасы: кредиттер /депозиттер – 55,5%;
- провизиялардың жеткілікті деңгейі және активтер сапасын жақсарту мақсатында үздіксіз жұмыс: жұмыс істемейтін кредиттердің үлесі (90 күндік және одан көп өткізілген мерзімі бар) – 6,9%, резервтермен өтеу – 145,2% деңгейіне дейін төмендеді; 3-кезең заемдарының үлесі 16% дейін төмендеді;
- шетелдік қатысусыз қазақстандық екінші деңгейдегі банктер арасындағы ең жоғары ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтер:
  - Moody's Investor Services – Ba1 (жағымды, 2019 ж. 20 тамыз);
  - Fitch Ratings – BB (жағымсыз, 2020 ж. 8 сәуір);
  - Standard&Poor's – BB (тұрақты, 2019 ж.28 қараша).

## Нарықтағы мықты позиция және Қазақстандағы жүйе құраушы қаржылық топ

- активтердің жоғары сапасын қамтамасыз ететін тиімді тәуекел-менеджмент, тұрақты кірістілік, капиталдандырудың жоғары деңгейі;
- Қазақстанда ірі клиенттік базасы мен сату арналарының желісі бар, Қазақстанның жетекші әмбебап қаржы тобы;
- Halyk Bank активтерінің көлемі (нарықтағы жиынтық үлесі 33,0%), меншікті капитал (34,2%), таза пайда (39,9%) көлемі бойынша Қазақстанда даусыз көшбасшы болып табылады; «Halyk» тобы активтердің көлемі бойынша ТМД-да жеке коммерциялық банктер арасында 3-ші орынға және таза пайданың мөлшері бойынша 2-ші орынға ие және мемлекеттік банктерді ескергенде сәйкесінше 10-шы және 5-ші орынға ие;
- зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеу бойынша ең ірі төлем агенті (2,5 млн. клиент, нарықтағы үлесі 68,5%);
- кәсіпкерлерді қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысушы.

## Негізгі бизнес-сегменттердегі нарықтың елеулі үлесі

- ең ірі филиалдар желісі – 626 қызмет көрсету орны;
- екінші деңгейдегі банктердің бөлшек депозиттер нарығындағы Halyk Bank үлесі 34%, талап етуге дейінгі салымдар бойынша – 38,99% құрайды;
- екінші деңгейдегі банктер арасында заңды тұлғалардың депозиттері нарығындағы үлесі 37,6% құрайды;
- брутто заемдары бойынша нарықтың үлесі 28,8%, нетто заемдары бойынша – 29,2% құрайды;
- бөлшек кредиттеу нарығындағы үлесі – 17,3%;
- пластик карталар бойынша үлесі – 28%
- аккредитивтердің портфелі бойынша үлесі – 73%2;
- кепілдіктердің портфелі бойынша үлесі – 44%[2].

## Қорландырудың сенімді және қымбат емес базасы

- дағдарыс кезінде депозиторлар үшін «сенімді айлақ»;
- екінші деңгейдегі банктер арасында қорландырудың ең төменгі мөлшерлемелерінің бірі;
- депозиттер міндеттемелердің жалпы сомасының 80,8%-ын құрайды, олардың 34,7%-ы нөлдік немесе төмен мөлшерлемесі бар ағымдағы шоттарды білдіреді (нарықтағы ең жоғары көрсеткіш);
- төменгі борыштық жүктеме – борыштық бағалы қағаздар міндеттемелердің жалпы сомасының 10,5%-ын құрайды.

## Әртараптандырылған кіріс көздері және шығындар тиімділігінің жоғары көрсеткіші

- жоғарғы кіріс комиссиялық кірістердің әртараптандырылған ағымдарымен қолданып отырады, ол 2019 жылы жалпы кірістің 12,1%-ын құрады;
- оперативтік шығыстарды қатаң бақылау: 2019 жылғы операциялық шығыстардың операциялық кірістерге арақатынасының көрсеткіші 26,0% құрады.

## Қашықтықтағы және қызмет көрсету арналарының үздіксіз дамуы

- бөлшек сауда және корпоративтік клиенттер және ШОБ клиенттері үшін қашықтықтағы арналардың кең таңдауы;
- 4 459 банкомат – банкоматтардың ең үлкен паркі, нарық үлесі 39%;
- 88 463 POS-терминал – Қазақстан нарығындағы ең ірі эквайер, сауда-саттық желісіндегі әрбір екінші POS-терминал Халық Банкіне тиесілі, 1 000 төлем терминалы;
- Homebank.kz 4,2 млн. пайдаланушысы бар Қазақстандағы жетекші интернет-банкинг платформасы болып табылады (2019 ж. 81 млн. транзакция); ай сайын онлайн 17,5-17,9 млн. клиенттік кірулер (80%-ы мобильдік банкинг арқылы), мобильдік қосымша Google Play және App Store-да «Қаржы» санатындағы тегін мобильдік қосымшалар арасында топ-5-ке кіреді;
- Заңды тұлғаларға арналған дамыған интернет-банкинг платформасында 162,3 мың пайдаланушы бар.

## Цифрландыруға көңіл бөлу

- 2019 жылдың басында Банкте арнайы «Go digital» бөлімшесі құрылды және цифрландыру жөнінде жаңа стратегиялық бастамаларды дамыту үшін сыртқы кеңесшілер тартылды;
- цифрлық сервистер мен құралдардың негізінде клиенттер (жеке және заңды тұлғалар) үшін экожүйе функционалын кеңейту және ары қарай дамыту;
- Банк ішінде цифрландыруды дамыту: бизнес-процестерді және бэк-офис функционалын автоматтандыру жөнінде тұрақты жұмыс істеу.

[2] Қазақстанның үздік 10 ЕДБ арасында



# 4

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ



# Директорлар кеңесінің Төрағасы А.С. Павловтың сөзі

**Құрметті акционерлер, клиенттер мен серіктестер!**

«Halyk» Тобы табыстылық рекордын кезекті рет жаңартып, 2019-2021 жылдарға арналған қолданыстағы үшжылдық стратегиямызда белгіленген бағыттарды басып озды. 2019 жылы «Halyk» Тобының таза кірісі 334,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2018 жылғымен салыстырғанда 80,3 млрд. теңгеге немесе 31,6%-ға жоғары, бұл ретте «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) таза кірісі 314,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2018 жылғымен салыстырғанда 33,1 млрд. теңгеге немесе 11,8%-ға жоғары.

Бұл нәтиженің негізі – негізгі қызметтен келген кірістің оң динамикасы, жаңа қаржы өнімдерін ендіру және 2018 жылмен салыстырғанда шығындардың тиімділігін арттыру болып табылады. Бұл 2020 жылы одан жақсы көрсеткіштерге жетуге ынталандырады, осы жылы да табыстылық бойынша алдыға қойған мақсаттарға жететінімізге сенемін.

Қарқынды дамып жатқан технологиялар мен клиенттердің қажеттілігі әлемінде банк жүйелерінің сенімділігі мен бейімділігін қамтамасыз ету, инновациялық қаржы өнімдерін және қызмет көрсету технологияларын ендіру есебінен ыңғайлы экожүйелерді құру мен бәсекелестік артықшылығын дамыту, сонымен қатар қызмет көрсету сапасын арттыру негізгі міндет болып табылады. Көрсетілген міндеттерге жету мақсатында Банкте келесі іс-шаралар жүргізіліп жатыр:

- процестерді жақсарту және оларды барынша өз-өзіне қашықтықтан қызмет көрсету арналарына шығару, сонымен қатар клиенттердің пікірі арқылы қажеттілігі анықталатын Homebank, OnlineBank және HalykZalog-қа жаңа сервистер мен қызметтерді тұрақты енгізіп отыру, клиенттер үшін аса ыңғайлы қашықтықтан қызмет көрсету арналарын жасау;
- біз өзіміздің де, шетелдік банктердің де үздік тәжірибелеріне қарап, процестерімізді жақсы талаптарға барынша жақындатамыз, қолданыстағы бизнес-процестерді талдаймыз және реинжиниринг жүргіземіз;
- Банк қызметкерлеріне арналған HalykGid жобасы әзірленіп, ендірілді, енді олар клиенттің сұрағына кез келген жауапты жеңіл тауып, сол арқылы Банк өнімдері мен қызметтері саласындағы өз білімдерін толықтыра алады. Бұл қызметкерлердің біліктілігін арттыруға көмектеседі, сондай-ақ Банк фронт-офис қызметкерлерін тұрақты оқытып, тестілеуден өтізіп отырады;
- Байланыс орталығында инновациялық шешімдерді енгізудің арқасында операторларға қоңырау шалудың кезегі азайды, бұл Байланыс орталығына қоңырау шалудың проблемасына шағым жасауды қысқартты;
- Банктің өнімдер желісі жеңілдетілді;
- қағаз үлгісіндегі құжат айналымын барынша оңтайландырып жатырмыз, оның ішінде ЭЦҚ-ға көшу көптеген клиенттік өнімдер мен қызметтер бойынша процесті айтарлықтай қысқартып қана қоймай, Банктің қағаз үлгісіндегі құжаттарға қол қою, сканерлеу, архивтеу және сақтау қажеттілігін қысқартты;
- енді біздің клиенттер картаға тек HomeBank арқылы ғана емес, Банктің сайты арқылы да тапсырыс бере алады және оны ҚР аумағының кез келген нүктесіне жеткізіп беру арқылы ала алады. Сонымен қатар қашықтықтан жылдам кредит ала алады;
- Банк бөлімшелерінде карта шығару барынша жылдамдатылды (мобильді эмбоссерлерді ендірудің арқасында);

- жақын арада клиенттерге бөлімшелерге келместен тек жеке куәлігінің көмегімен карталар беруге мүмкіндік беретін өз бетінше эмбоссерлеу құрылғысын орнату жоспарланып отыр;
- кеңес беру сипатында клиенттердің сұрақтарына дереу жауап беретін чат-боттар ендірілді, бұл Байланыс орталығына шалынатын қоңыраулар санын және әлеуметтік желілердегі (Facebook, Instagram) жағымсыз ескертулердің санын азайтуға мүмкіндік берді;
- шағын және орта бизнеске арналған клиенттік сервисті жақсарту үшін енді транштарды бөлімшелерге келместен Online алуға болады;
- мынадай инновациялық банктік сервистер ендірілді:
  - ApplePay, HomebankPay және SamsungPay арқылы төлемдер жүргізу рәсімі;
  - QR код арқылы заңды тұлғалар бойынша қызметтердің/сатып алынған тауарлардың төлемі;
  - GO бонус ниеттестік бағдарламасы барлық карталық транзакцияларға жүреді;
  - Заңды және жеке тұлғалар үшін автокассалар.

Қазақстан экономикасындағы 2019 жылғы тұрақты макроэкономикалық ахуал қаржы қызметтері нарығының дамуына айтарлықтай күш берді, бұл Банктің және «Halyk» Тобының еншілес ұйымдарының өз клиенттеріне бірқатар өнімдер мен қызметтер бойынша аса пайдалы талаптар ұсынуына мүмкіндік жасады.

2019 жылы Қазақстан экономикасы ЖІӨ өсімінің оң динамикасын көрсетті, бірінші тоқсанда 4% азырақ өсімнен бастап соңғы тоқсанда өсімін 5% дерлік жылдамдатты. ЖІӨ өсіміне қарап мемлекеттік шығындар ЖІӨ-ден 20,4% дейін ұлғаюмен қатар (жылына +1,6 т.) бөлшек кредиттерге сұраныс өсімінің жалғасуы тұтынушылықты кеңейтті және инвестицияларды арттырды.

Бұл ретте 2019 жылы инвестициялардың айтарлықтай ұлғаюымен қатар ауқымды бюджеттік қаражат құю экономика өсімін 2019 жылы 4,5% жаңа деңгейге шығарды, бұл соңғы он жылдықта орташа динамикадан 4,2% жоғары болды. Ынталандыратын және әкімшілік сипаттағы мекенжайлық шаралардың жиынтығы мұнай нарығындағы әлемдік жағымсыз конъюнктураның кері ықпалын жұмсартып, ішкі сұранысқа қолдау көрсетті, бұл ретте инфляция бірқалыпты деңгейде, яғни 5,4% сақталып, көпжылдық деңгейден айтарлықтай төмен екенін көрсетті.

Ішкі тұтыну өсімнің жоғары қарқынын сақтады – инвестициялар +8,5%, бөлшек сауда +5,8%. Шикізат саласы, энергетика және тұрғын үй құрылысы негізгі капиталға инвестициялардың негізгі қозғаушы күші болды.

Банк жүйесінің пайдасы 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы 812 млрд. теңгені құрап (+28%), айтарлықтай өсті.

Қазақстан банктерінің жалпы кредиттік портфелі өз өсімін жылдамдатты, 2018 ж. 1,3% салыстырғанда 2019 ж. 7,1% қосып, 14,7 трлн. теңгені құрады. Бөлшек портфель 6,3 трлн. теңгеге дейін 26,8% кеңейді де алдыңғы жылмен салыстырғанда (2018 ж. +17,2%) тұтынушылық заемдардың 4,4 трлн. теңгеге дейін 24,4% өсуінің және ипотекалық кредит берудің 1,8 трлн. теңгеге дейін 33,8% кеңеюінің есебінен жылдам өсімді көрсетті. Заңды тұлғаларға берілген қарыздар 4,1 трлн. теңгеге дейін 4,5% өсті, ал ШОБ портфелі 4,0 трлн. дейін 13,3% төмендеді, бұл бизнесті кредиттеудің жалпы 5% қысқарғанын көрсетті. Нәтижесінде бизнеске берілетін қарыздардың үлесі кредиттеудің жалпы көлемінде 54,7% түсті (2018ж. 61,7%).

Өкінішке орай кредиттеу көлемі өсімінің жылдамдығына қарамастан банк саласының несие портфелі экономиканың шынайы саласын кредиттеудің бір уақытта қысқаруымен қатар негізінен тұтынушылық кредиттеудің агрессиялық өсімі есебінен ұлғайды. 2019 жылы банк саласының бөлшек сауда портфелі 2018 ж. 16,8% салыстырғанда 25,6% өсті, ал корпоративтік портфель болса 7,5% қысқарды.

Бөлшек сауда сегментіне кредит берген кезде Банк қарыз алушыларға қатысты аса жауапты және бірқалыпты саясатты ұстанады, бұл екі жақ үшін де тәуекелдерді азайтып, жүйелік тұрақтылықты сақтайды. Бөлшек сауданың кредиттік портфелі ипотекалық және кепілсіз қарыздардың есебінен 10% ұлғайды. Сонымен бір уақытта ШОБ стандартты кредиттік портфелі кәдімгідей 20% өсті.

Банк үшін маңызды корпоративтік оқиға 2019 жылғы 30 қыркүйекте Банктің жай акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) Astana International Exchange (AIX) ресми тізіміне енгізілді. Банктің жай акциялары (HSBK) тикерімен, ЖДҚ – (HSBK.Y) тикерімен АҚШ долларындағы бағаммен және есептесумен листингтелді және LSE-де (London Stock Exchange) ЖДҚ-ға толық айырбасталатын болып табылады. 2019 жылғы 4 қазанда Банктің ірі акционері – «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ нарықта 29,32 миллион ЖДҚ-ның SPO (Secondary Public Offering) шеңберінде ашық ұсыныстың (бұдан әрі – ЖДҚ ұсынысы) сәтті аяқталғанын мәлімдеді, олардың әрқайсысы Банктің 40 жай акциясына сәйкес келді. ЖДҚ ұсынысы аясында сатылған ЖДҚ саны Банктің орналастырылған акцияларының (сатып алынғандарды қоспағанда) 10% сәйкес келді. ЖДҚ-ны орналастыру мәмілесі сәтті өтті: Банк ЖДҚ үлесін еркін айналымды жалпы көлемінен 17%-дан 27%-ға дейін ұлғайту арқылы олардың өтімділігін көбейту мақсатына жетті. Банктің инвесторлық базасы сапалы инвесторлардың – ірі жаһандық инвесторлардың және дамушы нарықтардың қорлары есебінен іс жүзінде екі есеге кеңейді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұсынған Активтер сапасын талдау (AQR – Asset Quality Review) нәтижесі 2019 жылғы 1 сәуір жағдайына Қазақстанның екінші деңгейдегі банктері арасында Банк активтерінің сапасын және капитал жеткіліктілігінің (kl, 20%) ең жоғары деңгейін растады. Бағалау тәсілдерінде қолданылған жоғары консерватизмге қарамастан алынған нәтижелер Банктің капитал жеткіліктілігіне және қаржылай нәтижелеріне әсер етпейді. AQR нәтижелері Қазақстанның банк нарығындағы өз клиенттері үшін сенімді әрі мықты серіктес ретіндегі қаржы институты ұстанымын әділ көрсете отырып, Банктің өсу және даму стратегиясының дұрыстығын тағы бір рет дәлелдейді.

Халықаралық рейтингтер де баланс сапасы бойынша Банктің ұстанымын жоғары бағалайды. 2019 жылғы 4 желтоқсанда халықаралық Fitch рейтингтік агенттігі Банктің ұзақ мерзімді эмитенттің дефолт рейтингін («ЭДР») «BB» деңгейінен «BB+» дейін жағымды болжаммен көтерді. Сондай-ақ Банктің қаржылық тұрақтылығының рейтингі Қазақстанның банк саласындағы ең жоғары деп саналатын «bb+» (Viability Rating) деңгейіне дейін көтерілді. Қаржылық тұрақтылық рейтингі сыртқы қолдауды ескерусіз (соло негізінде) Банктің рейтингін бейнелейді.

Банк қаржы қызметінің саласындағы стандарттарды анықтайтын халықаралық ұйымдар (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті және т.б.) шығарған корпоративтік басқару теориясы мен тәжірибесі мәселелері жөніндегі құжаттарды Қазақстанда да, ЭЫДҰ-ға кіретін мемлекеттер аумағында да қабылданған корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибелері мен стандарттарын өз жұмысында пайдаланатын тиімді, ашық, тұрақты және инновациялық банк конгломератын құру мақсатында тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отырады. 2019 жылы «Эксперт РА Казахстан» рейтингтік агенттігі жүргізген қазақстандық компаниялардың ашықтық деңгейін бағалау нәтижелері бойынша Банк өз қызметі туралы ақпаратты ашу дәрежесі және корпоративтік басқарудың даму деңгейі бойынша қазақстандың мемлекеттік емес банктердің тізімін басқарды.

«Halyk» Тобының дамуына Банктің еншілес ұйымдары үлкен үлес қосты. Атап айтқанда:

2019 жыл қорытындылары бойынша «Halyk Finance» АҚ инвестициялық портфельді басқарумен айналысатын ұйымдар арасында нарықта ең жоғары таза табысты тапты (4 724 млн. теңге). Еншілес инвестициялық-брокерлік ұйымдар («Halyk Finance» АҚ және «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ) 2019 жыл қорытындылары бойынша облигацияларды жергілікті нарықтық орналастыруда көшбасшы үш андеррайтердің қатарында тұр.

«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ еншілес банкі 2019 жылы, сондай-ақ активтер бойынша 3 есе және несие портфелі бойынша 2 еседен көп нарық бойынша өсімнің орташа қарқынынан асып, сенімді өсуді көрсетті. 2018-2019 жылдары қарқынды өсім Қырғызстан еншілес банкіне 2019 жылғы желтоқсанда үстеме капиталдандыру жасауға мүмкіндік туғызды. Сонымен жарғылық капитал 600 млн. сомнан 1,2 млрд. сомға дейін 2 есе ұлғайды.

«Москоммерцбанк» КБ-ның (АҚ) 2019 жылғы негізгі міндеттері несиелік портфель сапасын жақсарту және профильді емес активтерді өткізу болып табылды. Операциялық қызметті қолдау мақсатында еншілес банктің жарғылық капиталы 3 млрд. рубльге дейін ұлғайтылды.

«Халық Банк Грузия» АҚ еншілес банктің несиелік портфелінің өсімін жоғалтпау мақсатында 2019 жылы оның жарғылық капиталы 14 млн. лари сомасына ұлғайтылды. Банк қызметінің нәтижелері бойынша Fitch оның қаржылық тұрақтылық рейтингін «BB-» деңгейінен жағымды болжаммен «BB» дейін көтерді. 2019 жыл қорытындысы бойынша банк 11,27 млн. лари (1 541 млн. теңге) мөлшерінде таза пайда алды.

2019 жылы «Tenge Bank» АКБ Өзбекстан Республикасы Орталық Банкінің банктік қызмет жүргізуге және клиенттерге қызмет көрсетуге лицензия алды. Кредит беру, есептік-кассалық қызмет көрсету және т.с.с. жөнінде операциялық қызмет басталды.

«Halyk» Тобының сақтандыру компаниялары елдің сақтандыру нарығында, әрқайсысы өз сегментінде көшбасшы орындарға сенімді түрде ие болды. «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ брутто-премиялар бойынша нарықтағы үлесін 17%-дан (2018 жыл үшін) 19%-ға дейін ұлғайтып, Қазақстанның жалпы сақтандыру нарығында екінші орын алуын жалғастырды.

«Халық Life» АҚ жыл қорытындысы бойынша барлық сақтандыру көрсеткіштері жөнінде көшбасшы болып табылады. Өмірді сақтандыру нарығында брутто-премиялар бойынша үлесі 39% құрады, ал таза пайдасы нарықта ең жоғары болып табылады (8 444 млн. теңге).

2019 жылғы қарашада Банк «Халық Лизинг» АҚ еншілес компаниясының лизингтік қызметін жалғастыру туралы шешім қабылдады, бұл кепілдік қамтамасыз ету бойынша талаптардың жоқ екенін ескергенде кәсіпорындарға қаржыландыру тарту үшін жаңа мүмкіндіктер береді.

Банктің проблемалық портфелін сауықтыруда Банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымдар (бұдан әрі – САБҰ) маңызды рөл атқарады. 2019 жылы Банк САБҰ-ға 39,5 млрд. теңге сомасына 36 күмәнді және үмітсіз активті өткізді. САБҰ балансынан өткен жылы 77 млрд. теңге сомасының активтері сатылды. 2019 жыл қорытындылары бойынша операциялық пайда 15 млрд. теңгені құрады. Тұтас алғанда 2019 жылы Банк алдындағы САБҰ өтеуі 56 млрд. теңгені құрады. САБҰ активтерінің жалпы құны 2020 жыл басының жағдайы бойынша 200 млрд. теңгеден асты.

«Halyk» Тобы ел тұрғындарының экономикалық белсенділігін дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға әрқашан белсенді атсалысады. Осы мақсатта біз шағын және орта бизнесті қолдау жөнінде мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды жалғастырамыз.

Өзіміздің еншілес компанияларымыздың алдына алдағы жылы биік міндеттер қоямыз.

Осылайша «Halyk» Тобының Ресейдегі және Тәжікстандағы шетелдік еншілес банктерінің алдына тұрақты табыс көрсеткіштеріне шығу, Грузияда және Қырғызстанда – заманауи банк өнімдері мен технологияларын дамыту, Өзбекстанда – қарқынды өсуді қамтамасыз ету және нарықтық позицияларды нығайту міндетін қоямыз.

Сақтандыру нарығында Топ компаниялары «Халық» СК» АҚ пен «Халык-Life» АҚ нарықтағы позицияларын сақтап қалуы және біртіндеп онлайн сақтандыру жағына қарай бет бұрулары тиіс.

«Halyk» Тобы «Halyk Finance» АҚ компаниясы бөлшек бизнесінің белсенді дамуына, оның өңірлік қатысуының ұлғаюына және ары қарай онлайн сатылымдарды дамытуға сенім артады.

Біз «Қазтелепорт» АҚ ұсынатын кең мүмкіндіктерді пайдалану арқылы телекоммуникация нарығында қарқынды дамуды жалғастырамыз.

«Халық Инкассация» еншілес компаниясының материалдық базасын нығайта түсеміз, олардың барлық күші, ең алдымен, шеткі клиенттерді тарту, көрсетілетін қызметтерді дамыту және кеңейту есебінен профильді бизнесін кеңейтуге жұмсалады.

Тұтас алғанда, біз «Halyk» Тобының қызметкерлерін дайындау, дамыту және оқыту жұмысына күш салатын боламыз. Материалдық базаны дамытуға және жаңартуға, филиалдар желісін оңтайландыруға және ары қарай цифрлық өнімдерді ендіруге бағытталған қадамымызды жалғастыра береміз, бұл, нәтижесінде «Halyk» Тобына кіретін барлық компаниялардың клиенттеріне қызмет көрсетудің сапасын ары қарай ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Банк «Халық» қайырымдылық қорымен бірге өзінің әлеуметтік жауапкершілігі аясында түрлі іс-шараларды іске асырады. Сонымен, 2019 жылы біз жалпы сомасы шамамен 3 млрд. теңгеге әлеуметтік жобаларды жүзеге асырдық. Олар Арыс қ. техногенді апаттан зардап шеккендерге көрсетілген көмекті, балалар үйлерінің тәрбиленушілеріне, медициналық ұйымдарға және арнайы мекемелерге қолдау көрсетуді, тұрғындар арасында мәдениетке және спортқа қызығушылықты дамытуды, сондай-ақ астаналық «Астана Опера» театрына және алматылық Абай ат. МАОБТ-ға демеушілік жасауды және тағы басқаларды қамтиды. Қазақстанның ірі қайырымдылық қорларының қызметін үйлестіретін маңызды әлеуметтік жобалардың бірі 2018 жылы құрылған «Біргеміз.kz» краудфандингтік платформасы болып табылды.

Директорлар кеңесі Банктің және «Halyk» Тобының барлық компаниялары қызметінің ашықтығы қағидасын ұстанады. Біз акционерлермен, инвесторлармен, рейтингтік агенттіктермен сарапшылармен және басқа мүдделі тұлғалармен жемісті жұмыс істеу үшін толық ашықпыз.

Өзіміздің стратегиялық жоспарларымызды іске асыру нәтижесінде біз шынайы инновациялық жоғары технологиялық қаржы институты, клиенттердің барлық сегменті үшін ең бірінші таңдалатын банк, банк қызметтерінің нарығында негізгі ойыншы боламыз деген мақсатқа жететінімізге сенеміз.

Қорытындылай келе, Директорлар кеңесінің атынан акционерлерге, инвесторларға, серіктестерге, клиенттерге және барлық әріптестеріме жемісті ынтымақтастық үшін, «Halyk» Тобының стратегиялық даму бағытын түсінгендеріңіз және қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғыс білдіремін.

**Александр Павлов**

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ**

**Директорлар кеңесінің Төрағасы**



# 5

# БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ СӨЗІ



# Басқарма Төрайымының сөзі

## Құрметті клиенттер, серіктестер, акционерлер!

2019 жыл еліміздің қаржы жүйесі үшін ерекше жыл болды, ең алдымен, еліміздің жалпы макроэкономикалық ахуалына айтарлықтай ықпал еткен халықаралық, қоғамдық-саяси және экономикалық өмірдегі өзгерістермен байланысты бірқатар маңызды оқиғалармен есте қалды. Жаһандық нарықтарда сақталып тұрған тұрақсыздық, АҚШ пен Қытай, АҚШ пен Ресей арасындағы сауда-саттық және санкциялық «соғыстар» отандық қаржы саласының құбылмалылығына, ұлттық валюта бағамының тұрақтылығына және реттеушінің базалық мөлшерлемесінің өзгерістеріне жанама ықпал етті.

2019 жылдың маңызды ішкі саяси факторларының қатарына даусыз Республика тұңғыш президентінің өз өкілеттігін тоқтатуы, содан кейін болған кезектен тыс президент сайлауы және жаңа сайланған Мемлекет басшысының бірқатар әлеуметтік бастамаларды іске асыруы жатады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының борыштық жүктемесін азайту жөніндегі ірі мемлекеттік акцияның аясында кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша берешек өтелді.

Қазақстанның банк саласында 2019 жылы дабыл қағуға болатын жағдай деп экономиканың шынайы саласына кредит берудің төмендеуін және осымен бір уақытта бөлшек кредит берудің қарқынды өсімін айтуға болады.

Осыған байланысты Үкімет пен ҚР Ұлттық Банкі бірқатар шектеу шараларын қабылдады, олар жақын арада бөлшек кредит беру нарығын тұрақтандыруы және тұтас алғанда Қазақстанның банк саласына жағымды ықпал етуі тиіс. Бұл атаулы әлеуметтік көмек алушыларға 2020 жылдан бастап бөлшек кредиттерді беруді қатайту жөнінде заңнамаға қабылданған өзгерістерге және активтерді саралау, қарыз алушыларға борыштық жүктеме бойынша және кредиттердің сапасы бойынша қосымша талаптарға қатысты.

Қаржы нарығының қызметіне, Halyk Bank-ке және Топқа тұтастай 2019 жылдың екінші жартысында Қазақстанның банк секторы активтерінің сапасына жүргізілген бағалау (AQR), ҚР Ұлттық Банкі мен ҚР Қаржылық реттеу Агенттігі арасында реттеу қызметтерінің бөлінуі және ҚР Ұлттық Банкінің Қазақстанның астанасына көшу туралы жариялаған жаспарлары сияқты факторлар әсер етті. Осы, дау тудырмайтын үлкен үш бастама 2019 жылы жартылай аяқталды және олардың ықпалын нарық алдағы жылда да сезіне түседі.

Банк нарығына ықпал еткен басқа факторлардың қатарына Цеснабанкті сауықтыру бойынша іске асырылған шаралар жатады, атап айтқанда отандық банк саласында NPL төмендеуіне әкеліп соқты, сонымен қатар ұлттық валюта бағамын нығайтумен және ҚР Ұлттық Банкі тарапынан базалық мөлшерлеменің төмендеуімен байланысты 2019 жылдың соңындағы жалпы ағым жатады.

Мұндай жағдайларда Halyk Bank инвестициялық банкинг, сақтандыру, лизингтік, инкассациялық және телекоммуникациялық бағыттар саласында операциялар жүргізу үшін барлық қажетті ресурстарға, сонымен қатар Ресейдегі, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы, Өзбекстандағы және Грузиядағы еншілес банктерінің мүмкіндіктеріне ие бола отырып, Орталық Азия нарығында ең ірі табысты қаржы тобының беделін сақтау арқылы трансформация процесін жалғастыра береді.

2019 жылы да Halyk Bank пен Топ компаниялары 2019-2021 жж. кезеңіне «Halyk» Тобының бұрын қабылданған орта мерзімді даму стратегиясын алғаш іске асырды және бизнестің түгел бағыты бойынша алдыға жылжудың кезекті жылы болды.

Бұны Halyk Bank өзіне аса жайлы өткен AQR нәтижелері де растайды.

Halyk Bank бүгінгі күні Қазақстанның ең ірі 100 компаниясының 75 қызмет көрсетеді. Банк Қазақстанның ірі ойыншысы ғана емес, әлемнің 6 елінде еншілес компаниялары бар ірі өңірлік Банкке айналды.

Бұл инвесторлар мен клиенттерді Қазақстанда да, Қазақстанда бизнесін дамытқысы келетін шетелдік нарықтарда да немесе Halyk Bank қызмет ететін елдерде де тартуға мүмкіндік береді.

Мамырда Банктің негізгі акционері «АЛМЭКС» холдингтік тобы» («АЛМЭКС») инвесторлар қоғамдастығының көптеген өтініші бойынша Halyk Bank акцияларын бағалы қағаздар нарығында ішінара сатуды қоса алғанда олардың өтімділігін арттыру жөніндегі нұсқаларды қарастыратынын жариялады.

Нәтижесінде күзде Halyk Bank өз тарихында алғаш рет қайталама нарықта GDR орналастырды. SPO өткізу үшін ірі халықаралық банктер тартылды. LSE және AIX-те орналастыру қорытындылары бойынша Банк өтімділік деңгейін арттыру мақсатына жетті – жаһандық депозитарлық қолхаттар түрінде орналастырылған акциялардың 10% сатылды. Бұған қоса Банк отандық және халықаралық инвесторлар қатарынан өзінің инвесторлық базасын айтарлықтай кеңейтіп, сапасын жақсартты. Халықаралық сарапшылардың пікірінше бұл соңғы үш жылдағы EMEA нарығында орналастыру көлемі жағынан ең сапалы ұсыныс әрі ең ірі мәміле болып табылды. Акционерлер құрылымында GDR ұстаушылардың жалпы көлемі 27% дейін өсті.

Банк пайдасы 2019 жылы 31,6% ұлғайып, жоспарлы көрсеткіштерден асты және 334,5 млрд. теңгені құрады.

Halyk Bank-тің ШОБ стандартты кредиттік портфелі айтарлықтай 24%, бөлшек сауданың кредиттік портфелі 7,9% ипотекалық және кепілсіз қарыздардың есебінен өсті.

2019 жылдың жазында Өзбекстан Республикасының астанасында біздің еншілес банкіміз – «Tenge Bank» акционерлік коммерциялық банкі («Tenge Bank» АКБ) өз қызметін бастады. Өзіміздің еншілес банкіміз арқылы біз екі елдің бизнесін дамытуға күш сала отырып, Орталық Азия өңірінде экономикалық қарым-қатынасты дамытуға, кооперацияны ұлғайтуға және екіжақты сауда-саттықты қолдауға көмек көрсете отырып, корпоративтік және жеке клиенттерге банк қызметінің кең саласын жоғары деңгейде ұсынуға дайынбыз.

2019 жыл ағымында Банк өзінің Ресейдегі («Москоммерцбанк» КБ (АҚ), Қырғызстандағы («Халық Банк Қырғызстан» ААҚ) және Грузиядағы («Халық Банк Грузия» АҚ) еншілес банктеріне үстеме капиталдау жүргізді.

Жыл ағымында корпоративтік басқаруда да өзгерістер болды. Сонымен, 2019 жыл ішінде Банк Басқармасының құрамынан Қуат Құсайынбеков, Аслан Талпақов және Нұрлан Жағыпаров шығарылды. Сол уақытта Банктің басқарушы органының құрамына жаңа мүшелер – Михаил Каблашев, Асқар Смағұлов және Жұмабек Мамытов кірді. Ұлттық банктің астанаға көшуін ескере отырып, Ертай Салимовты меморгандармен, Ұлттық Банкпен және Ұлттық компаниялармен жұмысқа жетекшілік ететін Басқарма Төрағасының орынбасары – Астана өңірлік филиалының директоры лауазымына тағайындай отырып, Банктің Нұр-Сұлтан қ. қатысуын және өкілдігін күшейттік. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2019 жылғы қазанда Банк Басқармасының сандық құрамы он адамға дейін ұлғайтылды.

Өткен жылы Банк бірқатар мемлекеттік бағдарламаларды, атап айтқанда Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (ШОКС) өңірлік қаржыландыру бағдарламасын; Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын; «Даму Өндіріс-2» өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасын (бөлінген және игерілген қаражат көлемі бойынша Банк көшбасшы бірінші орында); «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын; «Бизнестің жол картасы (БЖК) 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын (1,2 және 3 бағыттар) іске асыруға белсенді қатысуын жалғастырды. «БЖК-2020» шеңберінде субсидиялау бойынша Банк қол қойылған субсидиялау шарттарының саны жағынан қатысушы банктер арасында бірінші орында, кепілдік беру бойынша – қол қойылған кепілдік беру шарттарының саны бойынша да, қор кепілдіктерінің жиынтық көлемі бойынша да бірінші орында. 2019 жылы Банк «Басым жобаларға кредит беру тетігі» бағдарламасы бойынша алғашқы жобаларды қаржыландыра бастады.

Halyk Bank шағын және орта бизнеспен жұмыс істеуде, әсіресе кредит беруде көшбасшы болуын жалғастырып келеді. Сонымен 2019 жылғы ақпанда Банк әйелдер бизнесіне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасына үшінші транш ретінде 5%-бен 1 млрд. теңге қосымша қаражат бөлді, ал маусымда, Жастар жылы аясында, «Zhas Halyk» жас кәсіпкерлерге кепілсіз кредит беру бағдарламасын іске қосып, оны іске асыруға 1 млрд. теңге бөлді.

Сервис сапасын жақсартудың қабылданған бағдарламасы аясында Halyk Bank Алматыда заңды тұлғаларға қызмет көрсетуге арналған бизнеске қызмет көрсетудің үшінші арнайы орталығын ашты, ол ұйымдарға банк қызметтерінің кең саласын, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру жөнінде тиімді шешімдерді, кәсіпкерлерге операциялық қызмет көрсетуді және жалақы жобаларын сүйемелдеуді ұсынады.

Технологиялық сервистерді дамыту және жақсарту жұмыстары, бизнеске заманауи транзакциялық қызмет көрсету қатар жүрді. Өткен жылы, бизнес үшін жақсы жағдайларды ендіру бағдарламасы шеңберінде Банк Қазақстанда бірінші болып Onlinebank HALYK қашықтықтағы порталы арқылы «24/7» режимінде заңды тұлғалар арасында өзара есептесуді іске қосты. Нәтижесінде Банктің клиенттері болып табылатын қазақстандық компанияларда тәулік бойы өзара есептесу мүмкіндігі пайда болды.

Жеке тұлғалар үшін Банк бөлімшелерге келместен «Homebank.kz» қосымшасы арқылы online режимінде қарыз ресімдеуге мүмкіндік беретін ыңғайлы сервис – online кредит беруді іске қосты, бұл ретте клиенттің картасына ақша аударылған сәтке дейін ресімдеу уақыты 3 минуттан аспайды.

Қазан айында Банк Halyk Bank/Qazkom-ның барлық төлем картасы бойынша өзінің және басқа POS-терминалдар арқылы Қазақстанда және шетелде жүргізілген барлық қолма-қол ақшасыз транзакцияларға және электронды коммерциядағы төлемдерге тұрақты 1% бонустық акциясын іске қосты.

Банк Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары үшін мобильді эмбоссерлердің 50 бірлігін сатып алды, олардың арқасында клиенттер бөлімшеде өздерінің дербес картасын дереу шығарып алу мүмкіндігіне ие болды. 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында мобильді эмбоссерлерді Halyk Bank-тік бүкіл елдегі тағы 145 офисін орнату жоспарланып отыр.

Homebank-ті пайдаланушылардың тіркелген саны 4 млн.-ға дейін, ал белсенді пайдаланушылар саны – былтырғы жылмен салыстырғанда екі есеге өсті. 2019 жылы ерікті зейнетақы жарналарын қабылдауды және ағымдағы қарыз алушыларға кредит беру сервисін қоса алғанда төлем терминалдары үшін шамамен 300-дей жаңа төлем кодтары енгізілді.

Банк өзінің филиалдық желісін дамытуға және жаңартуға салынған капиталды игеруді және материалдық-техникалық базаны қамтамасыз етуді жалғастырды. Клиенттер үшін өз қызметтерінің қолжетімділігін кеңейту мақсатында Банктің Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы көшірілген Түркістан облысында жаңа облыстық филиалы ашылды. 2019 жылы алты сату арнасы: Түркістан және Жаңаөзен филиалдарында екі Дербес сервис орталығы, Ақмола және Түркістан филиалдарында екі Банктік қызмет көрсету орталығы және Маңғыстау мен Батыс Қазақстан филиалдарында екі бөлімше ашылды. 33 өңірлік объектіні, оның ішінде «MEGA Alma-Ata» COCO-да Диджитал тұжырымдамасы бар сату арнасын қайта құрылымдау мен жаңарту аяқталды.

Моральды жағынан және физикалық ескірген банкоматтар моделінің паркін ауыстыру үшін 504 бірлік банкомат сатып алынып, ҚР бойынша беделді нүктелерде қойылды.

Басқарма Төрайымының сөзі

Нәтижесінде 2020 ж. 1 қаңтар жағдайына сату арналарының жалпы саны 626 бірлікті, оның ішінде 24 облыстық филиалды, 120 аудандық басқарманы, 282 есептік-кассалық бөлімшені, 111 дербес сервис орталығын, 52 банктік қызмет көрсету орталығын, 34 бизнес орталығын (3Т қызмет көрсету) және 3 VIP-сервис орталығын құрады.

Жыл соңында клиенттік база 11 млн. құрады, бұл ретте Банктің бір өнімін болса да пайдаланатын бірегей белсенді клиенттерінің үлесі – 69% құрады. Айналымдағы карталар саны өсуде және 9 млн. аса картаны құрайды.

Коммуникациялық инфрақұрылымның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және Банк клиенттеріне жетілдірілген клиенттік сервисті ұсыну үшін дауыс биометриясын және жасанды интеллект (дауыс роботы) сияқты алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалана отырып, бірыңғай Байланыс орталығын құруға инвестиция жасалды.

Халықаралық деңгейде Банктің тұрақты позициясын жетекші рейтингтік агенттіктер растады. Қазақстанда бір ғана Halyk Bank-ке рейтингтерін көтерді.

Халықаралық S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерді, сонымен қатар Halyk Bank-тің ұлттық шкаласы бойынша – BB/Stable/B, ұлттық шкала бойынша – «kzA+» рейтингтерін, оның Қазақстан экономикасы үшін жүйелік маңыздылығын ескере отырып, растағаны туралы хабарлады.

Халықаралық Moody's рейтингтік агенттігі Halyk Bank-тің ұзақ мерзімді депозиттік рейтингін «Ba1» деңгейінде растады және болжамды тұрақтыдан жағымдыға өзгертті.

Халықаралық Fitch рейтингтік агенттігі Halyk Bank-тің ұзақ мерзімді эмитент дефолтының рейтингін («ЭДР») «BB» деңгейінен жағымды болжаммен «BB+» дейін көтерді. Сондай-ақ Банктің қаржылық тұрақтылық рейтингі де Қазақстанның банк саласында ең жоғары болып табылатын «bb+» (Viability Rating) деңгейіне көтерілді. Қаржылық тұрақтылық рейтингі Банктің сыртқы қолдауды санамағандағы (соло негізінде) рейтингін көрсетеді.

Қаржы саласы үшін күрделі 2019 жылға қарамастан Halyk Bank беделді сарапшылар мен халықаралық қаржы басылымдарының тарапынан жоғары марапатқа ие болды. Сонымен, «Эксперт РА Казахстан» рейтингтік агенттігі қазақстандық компаниялардың ашықтық деңгейіне жүргізген бағалауы бойынша Halyk Bank өз қызметі туралы ақпаратты ашу дәрежесі бойынша қазақстандық мемлекеттік емес банктердің тізімін басқарды.

Halyk Bank әлемнің Global 2000 ең ірі және беделді жарияlы компанияларының жыл сайынғы рейтингінде 1595 орыннан 1522 орынға көтеріліп, еліміздің жалғыз өкілі болып қала берді.

Halyk Bank, сондай-ақ «Global Finance» халықаралық журналының пікірінше және «EMEA Finance» танымал халықаралық аналитикалық журналының жыл сайынғы «Europe Banking Awards 2018» таңдауының нәтижелері бойынша сауда қаржыландыруы саласында «Қазақстанның ең үздік банкі» деп танылды.

Halyk Bank бүгін Қазақстан экономикасы дамуының барометрі болып табылады. Бұл тек жәй сөздер емес. Инвесторлардың пікірінше бүгін Halyk Bank – Қазақстанның экономикасын көрсететін «Proxy name». Біз ең ірі банк болғандықтан, ахуалы тұтастай ел экономикасының бейнесін көрсетеді. Банк нарықта абсолюттік сандармен кредиттер мен депозиттер бойынша, жеке және заңды тұлғалардың клиенттік базасы бойынша, кредиттік портфельдің диверсификациясы бойынша – бұл бөлшек сегмент, шағын және орта бизнес компаниялары, ірі корпорациялар болып табылады, қомақты нарық үлесін қалыптастырады.

Halyk Bank табысты нәтижелерінің негізінде, ең алдымен, ұжымның уақымды жұмысы, клиенттердің, инвесторлардың, серіктестердің, акционерлердің тарапынан жылдан жылға нығайып жатқан сенімі сияқты құрамдас бөлшектер кешені жатыр.

Алдағы 2020 жылы Топтың барлық компаниялары ары қарай технологиялық қайта қалпына келтірумен, трансформация, диджиталдау мен жаңа инновациялық және нарықта сұранысы бар технологиялық өнімдерді шығару процестерін жалғастырумен байланысты орта мерзімді стратегияның негізгі бағыттарын орындау үшін өз күштерін жұмылдыру керек болады.

Бірге атсалысудың арқасында алдағы 2020 жыл Қазақстанның қаржы нарығындағы көшбасшының өсуіне, сапасына және ары қарай дамуына бағытталған жаңа прогрессивті және инновациялық жетістіктердің уақыты болатынына сенемін.

**Үміт Шаяхметова**

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ**

**Басқарма Төрайымы**



# 6

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



## Александр Сергеевич Павлов (1953 ж.т.)

**Директорлар кеңесінің Төрағасы, Тәуелсіз директор**

Александр Сергеевич Павлов Halyk Bank Директорлар кеңесінің Төрағасы болып 2004 жылғы наурызда сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. Өз мансабының әр жылдарында мемлекеттік аппараттарда Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Қаржы министрі, Бас салық инспекциясының бастығы – Қаржы министрінің бірінші орынбасары сияқты жоғары лауазымдарда қызмет еткен. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының машина жасау және шикізат секторының ірі коммерциялық компанияларда басшы лауазымдарында қызмет жасаған. Түрлі халықаралық ұйымдарда Қазақстанның мүдделеріне өкілдік еткен.

Александр Сергеевич Беларусь мемлекеттік халықшаруашылығы институтын «Экономика» мамандығы бойынша (1970-1974), сондай-ақ КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын «Саясаттану» (1991) мамандығы бойынша бітірген.



## Арман Ғалиасқарұлы Дунаев (1966 ж.т.)

**Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор**

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев 2013 жылғы қыркүйекте Halyk Bank Директорлар кеңесіне мүше болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды.

ҚР бірінші қаржы вице министрі, ҚР Қаржы министрі, ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің төрағасы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарда жұмыс тәжірибесі бар. Квазимемлекеттік секторда басшылық позицияларда жұмыс істеген. Дунаев мырза қазіргі кезде Halyk Bank-тің бірқатар еншілес ұйымдарында Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Арман Ғалиасқарұлы С.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетін «Саяси экономика» мамандығы бойынша және М.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетін экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесімен бітірген.



## Фрэнк Кайларс (1958 ж.т.)

### Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

Фрэнк Кайларс 2009 жылғы сәуірде Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2014 жылғы сәуірде қайта сайланды. 1990 және 2007 жылдар аралығында ABN AMRO Bank N.V. және кейін RBS-те бірқатар жоғары лауазымдарды иеленді: Бельгияда Корпоративтік және Инвестициялық банкинг басшысы, Бразилияда өңірлік менеджер, Ресейде және Аргентинада ел бойынша менеджер. Кайларс мырза Ресейде, Қазақстанда және Өзбекстанда Бақылаушы Кеңестің мүшесі болды. 2001 жылы ол Корпоративтік Атқарушы вице-президент лауазымына тағайындалғаннан кейін ғаламдық энергетика мәселелеріне жетекшілік етумен қатар Еуропа, Орталық және Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс және Африка елдері бойынша, сондай-ақ Корпоративтік және Инвестициялық банкинг жөніндегі атқару комитеттерінің мүшесі болды.

Ол бірнеше халықаралық ұйымда кеңесші болып табылады және ұзақ уақыттан бері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің мүшесі болды. Кайларс мырза «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-тың Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директоры, сондай-ақ Amsterdam Trade Bank N.V. Қадағалау кеңесінің тәуелсіз атқарушы емес директоры, тәуелсіз мүшесі болып табылады. Кайларс мырза Eureka (Energy) Ventures B.V. меншіктенушісі мен басқарушы директоры болып табылады.

Фрэнк Кайларс Роттердам қаласындағы (Нидерланды) Эразм Университетін «Құқық магистрі» дәрежесімен бітірді, Голландияның банктер мен сақтандыру компаниялары институтында оқыды, Фонтенбло (Франция), Кембридж (Ұлыбритания), Гарвард Бизнес-Мектебі (АҚШ) секілді халықаралық институттарда бірқатар дипломнан кейінгі бағдарламалардан өтті.



## Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев (1949 ж.т.)

### Директорлар кеңесінің мүшесі, «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ өкілі

Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев 2014 жылғы сәуірде Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды.

Еңбек мансабының әр жылдарында Бас салық инспекциясының бастығы – ҚР Қаржы министрінің бірінші орынбасары, Мемлекеттік Салық комитетінің төрағасы, Қарағанды облысының әкімі, ҚР қаржы министрі, ҚР индустрия және сауда министрі, Ақмола облысының әкімі, ҚР бәсекелестікті қорғау агенттігінің төрағасы, ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің төрағасы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарда қызмет еткен.

2014 жылғы ақпаннан бастап осы уақытқа дейін – «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Мәжит Төлеубекұлы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Тау-кен өнеркәсібінің экономикасы және ұйымдастыру» мамандығы бойынша, сондай-ақ КСРО Мемжоспары жанындағы Өндіруші күштерді зерттеу жөніндегі кеңесі аспирантурасының күндізгі бөлімін бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент.



# Кристоф Рёль (1958 ж.т.)

**Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор**

Кристоф Рёль 2007 жылдың маусым айында Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. Калифорния, Лос-Анджелес Университетінде экономика профессорының ассистенті ретінде жұмыс істеді. Вашингтонда Дүниежүзілік Банк тобында бас экономист лауазымын, Мәскеуде аға экономист және Бразилияда жетекші экономист және сектор жетекшісі лауазымдарын атқарған. «BP plc» компаниясында бас экономистің орынбасары лауазымында қызмет етті, топтың бас экономисті және «BP plc» компаниясының Вице-президенті болды. 2014 жылғы шілдеден бастап 2019 жылғы мамырды қоса алған аралықта Рёль мырза Абу-Даби (Aby Dhabi Investment Authority) Зерттеулер бөлімінің Бірінші Жаһандық басшысы болып жұмыс істеді. 2019 жылғы қарашадан бастап – Колумбия университетінің Халықаралық және қоғамдық байланыстар мектебінің жанындағы Жаһандық энергетикалық саясат жөніндегі орталығында аға ғылыми қызметкер (Senior Research Scholar in the Center on Global Energy Policy at Columbia University's School).

Кристоф Рёль Германияның Бремен Университетінің «Экономика Магистрі» дәрежесіне ие.



# Антон Германович Мусин (1978 ж.т.)

**Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор**

Антон Германович Мусин 2019 жылдың сәуірінде Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2010 жылғы тамыздан бастап бүгінгі күнге дейін БАӘ, Дубай, Accenture LTD аға менеджері/басқарушы директоры (серіктесі) болып жұмыс істейді, ККБ-мен бірге Halyk Bank жанында Accenture LTD консультанттар тобын басқарды. 2009 жылғы қазаннан бастап 2010 жылғы тамызды қоса алған аралықта Ресей, Мәскеу, KPMG аға менеджері болып жұмыс істеген. 2007 жылғы сәуірден бастап 2009 жылғы қазанды қоса алған аралықта Ресей, Мәскеу, Accenture LTD консультанты/менеджері болып жұмыс істеген. 2003 жылғы наурыздан бастап 2007 жылғы сәуірді қоса алған аралықта Ресей, Мәскеу, Xerox LTD-да жүйелік аналитик/жобалар менеджері болып жұмыс істеген.

Антон Германович Мусин «Станкин» Мәскеу мемлекеттік технологиялық университетінде «Технология, құрал-жабдық және машина жасау өндірісін автоматтандыру» мамандығы бойынша білім алған және Будапешт технология және экономика университінің «Робототехника» мамандығы бойынша магистрі дәрежесін алған.



# Үміт Болатханқызы Шаяхметова (1969 ж.т.)

**Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрайымы**

2009 жылғы 22 қаңтарда Үміт Болатханқызы Шаяхметова Halyk Bank Басқарма Төрайымы болып тағайындалды, 2009 жылғы сәуірде Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. Әр жылдарда ол «ABN AMRO Asset Management» ЗАБК Басқарма Төрайымы, «АБН АМРО Банк Қазақстан» ЕБ ЖАҚ Басқарма Төрағасының орынбасары сияқты лауазымдарда жұмыс істеді. 2004 жылдың қараша айынан бері Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет атқарды. 2011 жылғы мамыр айынан бастап Қазақстанның гимнастика федерациясының президенті болып табылады. 2015 жылғы маусым айында Алматы қаласы кәсіпкерлерінің палатасы тұсындағы Іскерлік әйелдердің өңірлік кеңесінің Төрайымы болып тағайындалды. 2015 жылғы маусымда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқасының Қаржы секторы комитетінің Төрайымы болып және UnionPay International Шығыс Европа, Орталық Азия және Кавказ бойынша өңірлік кеңесінің төрайымы болып сайланды. 2018 жылғы маусым айынан бастап «Altyn Bank» АҚ-та Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өкілі болып табылады.

Үміт Болатханқызы П.Лумумба атындағы Халықтар Достығы Университетін «Экономика ғылымдарының бакалавры» біліктілігімен және Rutgers University (АҚШ) «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесімен тәмамдады.



# 7

# БАСҚАРМА



## Үміт Болатханқызы Шаяхметова (1969 ж.т.)

### Басқарма Төрайымы

Өмірбаянын «Директорлар кеңесі» бөлімінен қараңыз.



## Айвар Жиреншеұлы Боданов (1962 ж.т.)

### Басқарма Төрағасының орынбасары, Қауіпсіздік және Проблемалық кредиттер

Айвар Жиреншеұлы өзінің еңбек жолын 1984 жылы Жамбыл электржелілерін таратушы кәсіпорнындағы жоғары вольттік әуе жүйесінің шебері қызметінен бастады. 1985 жылы «Гражданстрой» ҚБ-да шебер, жұмыстардың аға өндірушісі болып еңбек етті. 1986-1988 жж. – «Джамбулстрой» тресінің «Культбытстрой» ҚБ-да бас инженер. 1988-1989 жж. КСРО ІІМ Свердлов жоғарғы курстарының тыңдаушысы болды.

Айвар Жиреншеұлы Боданов бұдан бұрын Халық Банкінде 2014 ж. қыркүйектен бастап 2017 ж. мамыр айына дейін Қауіпсіздік департаменті директоры, Халық Банкінің Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымдарында қызмет етті. 2018 жылғы 26 наурызда Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына қайта қабылданып, Басқарма мүшесі болып сайланды.

1990–2014 жылдарында: ішкі істер, мемлекеттік тергеу комитеті органдарында, салық және қаржы полициясында қызмет атқарды. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) Төрағасының орынбасары, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Алматы, Батыс Қазақстан облыстары бойынша департаментінің басшысы; Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Экономикалық және қаржылық қылмыстарды ашу бойынша департаментінің басшысы, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстары бойынша Қаржы полициясы департаменті басшысының орынбасары лауазымдарында жұмыс жасады және тағы лауазымдарда еңбек етті. 2017 жылдың мамыр айынан бастап 2017 жылдың желтоқсан айына дейін – ҚР Бас прокуратурасының Ішкі тергеу департаменті басшысы, үшінші қызметтің басшысы, 2018 ж. ақпаннан бастап наурызға дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің ішкі қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Қаржы полициясының генерал-майоры атағына ие. ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен және медальдармен марапатталған.

1984 жылы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтын «Өзен құрылыстарының және гидроэлектростанциялардың гидротехникалық құрылысы» мамандығы бойынша, 1996 жылы ҚР ІІМ Қарағанды жоғарғы мектебін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.



## Михаил Никитович Каблашев (1978 ж.т.)

### Басқарма Төрағасының орынбасары: Ақпараттық технологиялар

Михаил Никитович Каблашев банк саласында 2001 жылдан бері жұмыс істейді. 2001 жылдан бастап 2005 жылды қоса алған аралықта «Наурыз Банк Казахстана» АҚ-та түрлі қызметтерді атқарды. 2007-2012 жылдары Телекоммуникацияларды жүйелік қамтамасыз ету департаменті директорының орынбасары, Жүйелік қамтамасыз ету және телекоммуникациялар департаментінің директоры, Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды басқару департаменті ақпараттық және коммуникациялық технологияларды басқару бағытының директоры қызметтерін атқарды.

Михаил Никитович Каблашев Halyk Bank-те бұрын жұмыс істеген: 2005 жылғы наурыздан бастап 2007 жылғы қаңтарды қоса алған аралықта: Карта орталығының Эквайрингтік желісін қолдау басқармасының бас менеджері, Карта орталығының Эквайрингтік желісін қолдау басқармасының басшысы, 2012 жылғы қыркүйек пен 2017 жылғы шілдені қоса алған аралықта Жүйелік қамтамасыз ету және телекоммуникациялар департаментінің директоры, АТ инфрақұрылымы департаментінің директоры лауазымдарында істеді, 2016 жылдан бастап 2017 жылды қоса алған аралықта «Altyn Bank» АҚ-та қосымша «Цифровой банк» жобалық офисінің директоры лауазымында қосымша жұмыс істеді. 2017 жылғы шілдеден бастап 2018 жылғы шілдені қоса алған аралықта «Казкоммерцбанк» АҚ-та жұмыс істеп, IT блогының Бас IT-директоры лауазымын иеленді. 2018 жылғы 28 шілдеде Halyk Bank-ке қайтадан Бас IT-директоры лауазымына қабылданды, 2019 жылғы 4 наурызда Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды және басқарма мүшесі болып сайланды. 2018 жылдан бастап «Qpayments» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. 2019 жылдан бастап «Қазтелепорт» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады.

Михаил Никитович Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін «Қолданбалы математика» мамандығы бойынша бітірген.



## Әлия Сәкенқызы Қарпықова (1970 ж.т.)

### Басқарма Төрағасының орынбасары: Қаржы, Бухгалтерлік есеп, Еншілес ұйымдар

Әлия Сәкенқызы Қарпықова банк жүйесінде 1992 жылдан бері жұмыс істеп келеді. 1992 жылдан бастап 1996 жыл бойынша ҚРҰБ-те түрлі лауазымдарда жұмыс атқарды. 1996–1997 жылдары Barents Group-та ҚР банктік жүйесіндегі бухгалтерлік есеп реформасы бойынша жобасының кеңесшісі болып жұмыс істеді. 1998–2001 жылдары: «Сити Банк Қазақстан» ЖАҚ-та Басқарма мүшесі – Бас бухгалтер, Қаржылық бақылау және әкімшілік басқару департаментінің директоры. 2001–2004 жылдары «Наурыз Банк Казахстан» ААҚ-да Басқарушы директор, одан кейін Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары болды.

2004 жылдан бастап Халық Банкте жұмыс істейді, Тәуекелдер бойынша Басқарушы директор, Басқарушы директор – Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры, Тәуекел менеджментінің басшысы, Қаржы директоры лауазымдарын атқарды. 2011 жылғы қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – Халық Банкі Басқарма Төрағасының орынбасары, 2016 жылдан бастап – «Казахинстрах» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және 2017 жылдан бастап – «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Әлия Сәкенқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетін «Саяси экономия» мамандығы бойынша бітірді.



# Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов, CFA, FRM (1973 ж.т.)

### Басқарма Төрағасының орынбасары: Корпоративтік бизнес

Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов қаржы-банк жүйесінде 2000 жылдан бастап қызмет етеді. 2002-2010 жылдары мына лауазымдарды атқарды: «ABN AMRO Asset Management» ЗАБК ЖАҚ-тың брокерлік-дилерлік бөлімінің бастығы, «ДАБ «ABN AMRO Bank Казахстан» АҚ тәуекел-менеджер, Тәуекел-менеджмент басқармасының бастығы, Басқарма Төрағасының орынбасары (кейінірек «RBS (Казахстан)» ЕБ АҚ) (2002-2010 жылдары).

Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та – 2010 жылғы қаңтардан бастап Тәуекел-менеджменттің басшысы, Compliance-бақылаушы лауазымдарына тағайындалған. 2014 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін Басқарма Төрағасының орынбасары, «Москоммерцбанк» КБ (АҚ) Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады.

Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетін «Физик» мамандығы бойынша бітірген, сондай-ақ Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесімен тәмамдады.



# Жұмабек Жарылқасынұлы Мамытов, Басқарма мүшесі (1982 ж.т.)

### Басқарма Төрағасының орынбасары, Бөлшек бизнес

Жұмабек Жарылқасынұлы Мамытов банк саласында 2004 жылдан бері жұмыс істейді. 2004 жылдан бастап 2008 жылды қоса алған аралықта: «ABN AMRO Банк Казахстан» «Заңғар» ЕБ АҚ филиалының директоры, Бөлшек бизнес департаменті бөлшек бизнес бөлімшесінің басшысы, «ABN AMRO Банк Казахстан» ЕБ АҚ бизнесті дамыту менеджері, «ABN AMRO КаспийМунайГаз Казахстан» ЖЗҚ АҚ-та Маркетинг департаментінің филиалдарымен жұмыс жөніндегі маманы лауазымдарын иеленді. 2008 жыл мен 2009 жыл аралығында «Казинвестбанк» АҚ Эксклюзивті клиенттермен жұмыс жөніндегі департаменті сату басқармасының және Өңірлік басқармасының басшысы қызметтерін атқарды. 2010 жылғы қаңтардан бастап 2014 жылғы қаңтарды қоса алған, 2015 жылғы шілдеден бастап 2017 жылғы мамырды қоса алған кезеңдерде «Казкоммерцбанк» АҚ-та жұмыс істеді және Басқарма Аппаратының басқарушы директоры, атқарушы директоры, Карта бизнесін дамыту департаментінің атқарушы директоры, Банк карталары департаментінің атқарушы директоры, Басқарма Аппараты Басқарма Төрағасының кеңесшісі, Атқарушы дирекция Басқарма Төрағасының кеңесшісі, Бөлшек бизнес департаментінің директоры лауазымдарын иеленді. 2014 жылғы ақпаннан бастап 2015 жылғы шілдені қоса алған аралықта «Сбербанк» ЕБ АҚ Бөлшек бизнес стратегиясын жоспарлау және орындалуын бақылау департаментінің директоры лауазымында жұмыс істеді. 2017 жылғы мамырдан бастап 2018 жылғы ақпанды қоса алған аралықта «Банк Kassa Nova» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымын иеленіп, Басқарма мүшесі болып сайланды, «Nova Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет етті. 2018 жылғы ақпаннан бастап 2019 жылғы қазанды қоса алған кезеңде «Forte Bank» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымын иеленіп, Басқарма мүшесі болып сайланды.

2019 жылғы 28 қазаннан бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды және Басқарма мүшесі болып сайланды.

2016 жылы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталған.

Жұмабек Жарылқасынұлы Т.Рысқұлов ат. Қазақ экономикалық университетін «Статистика» мамандығы бойынша бітірген.



## Ертай Исмаилұлы Сәлімов (1974 ж.т.)

### Басқарма Төрағасының орынбасары – Астана өңірлік филиалының директоры: ұлттық компаниялар бойынша жетекшілік ету

Ертай Исмаилович Салимов Халық Банкі жүйесінде 1995 жылғы тамыздан бастап жұмыс істейді. Әр уақытта: Валюталық операциялар департаментінің саудалық емес операциялар бөлімі басшысының орынбасары, валюталық операциялар департаментінің қымбат металдармен жұмыс жөніндегі бөлім басшысының орынбасары, Халықаралық операциялар департаментінің қымбат металдармен жұмыс жөніндегі бөлімнің жетекші банкирі, Халықаралық операциялар департаментінің қымбат металдар бөлімнің жетекші банкирі, Саудалық қаржыландыру департаментінің Commodity бөлімінің бас банкирі, коммерциялық департаменттің Commodity бөлімінің бас банкирі, қазынашылықтың аға дилері, Forex, Money market қазынашылық операциялары басқармасының басшысы, қазынашылықтың саудалық операциялар басқармасының басшысы, қазынашылық директорының орынбасары, қазынашылық директоры, бас ОПЕРБ басшысы, бас операциялық директор лауазымдарында қызмет атқарған, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың Директорлар кеңесі мүшесі – тәуелсіз директоры және «Halyk Finance» АҚ-тың Директорлар кеңесінің Төрағасы болып жұмыс жасаған. 2015 жылғы ақпаннан бастап 2019 жылғы қазанды қоса алған аралықта Халық Банкінің Басқарма Төрағасының орынбасары болып қызмет етті және Басқарма мүшесі болып сайланды, 2019 жылғы қазаннан бастап бүгінгі күнге дейін Басқарма Төрағасының орынбасары – Астана өңірлік филиалының директоры лауазымдарын иеленіп, Басқарма мүшесі болып сайланды. 2018 жылғы тамыздан бастап «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ-тың қадағалаушы кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Ертай Исмаилұлы Қазақ мемлекеттік Басқару академиясын «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірді.



## Дәурен Жанкісейұлы Сартаев (1982 ж.т.)

### Басқарма Төрағасының орынбасары: Шағын және орта бизнес және PR

Банк қызметін «Казкоммерцбанк» АҚ-та 2004 жылы бастады. Шағын және орта бизнес бөлімінің менеджері, басшысы, Шағын бизнес басқармасы басшысы лауазымдарын атқарды. 2010 ж. бастап 2012 ж. дейін «Темірбанк» АҚ-та еңбек етті – Кредиттік тәуекелдер басқармасының басшысы, филиал директоры, Проблемалық кредиттермен жұмыс департаменті директорының лауазымдарында қызмет етті. 2016 жылдың маусым айынан бастап «Казкоммерцбанк» АҚ-тың Басқарма мүшесі, басқарушы директоры болып тағайындалды, корпоративтік кредиттеуге, ШОБ секторы мен филиал желісіне жетекшілік етті. 2017 жылғы шілдеден бастап «Казкоммерцбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Одан бұрын «Kcell» АҚ-та жұмыс жасады, ол жерде Шымкент қаласындағы филиалын басқарды, сондай-ақ Алматы қ. және Алматы облысындағы офистің жұмысына жетекшілік жасады. Сартаев мырза сондай-ақ Ernst&Young халықаралық аудиторлық компаниясының қазақстандық өкілдігінде қызмет атқарды.

2018 жылғы шілдеден бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Д.Ж. Сартаев Алматы қ. Қазақ гуманитарлық-заң университетінің 2003 жылы «құқықтану» мамандығы бойынша түлегі. «МИРБИС» Мәскеу халықаралық жоғары бизнес мектебінің стратегиялық менеджмент және кәсіпкерлік саласында, сондай-ақ Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің «МВА стратегиялық менеджменті» мамандығы бойынша МВА дәрежесінің иегері.



## Жаннат Сағандыққызы Сатубалдина, (1961 г.р.)

**Басқарма Төрағасының орынбасары: Операциялық қызмет, Ресурстар, Канцелярия.**

Экономика ғылымдарының кандидаты, мұнай-газ, көлік, банк және қаржы секторларының мемлекеттік ұйымдарында және жеке компанияларында жан-жақты жұмыс тәжірибесі бар.

Еңбек жолын ҚазССР Мемжоспар жанындағы Жоспарлау үрдістерін автоматтандыру және басқару құрылымдарын жетілдіру ҒЗИ-да кіші ғылыми қызметкер болып бастады, кейіннен АХШИ-де сабақ берді. 1993 жылы жұмысын қаржы секторына ауыстырды, Казметаллбанктің жоспарлау бөлімін басқарды. 1994 – 1999 жж. «Металлинвест» ИЖҚ» ААҚ басқарушысының бірінші орынбасары, басқарушысы лауазымдарында қызмет атқарды. 1999-2002 жж. қаржы секторын реттеу және қадағалау органдарында лицензиялау және қадағалау басқармасының басшысы, ҚР Бағалы қағаздар бойынша ұлттық комиссиясының атқарушы директоры, ҚР Ұлттық банкінің Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаментінің директоры болып жұмыс жасады.

2002 жылы «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-қа жұмысқа ауысты, мұнда 4 жылдың ішінде бас бухгалтер, вице-президент, қаржы жөнінде басқарушы директор лауазымдарында қызмет етті.

Кейінірек, 2006-2007 жж. «ҚазТрансОйл» АҚ-та бас директордың экономика және қаржы жөнінде орынбасары қызметін атқарды, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «МұнайТас» СБҚК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына кірді.

Келесі екі жылдың ішінде, 2009 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың экономика және қаржы бойынша басқарушы директор болды. 2009-2014 жж. «KMG-Kashagan B.V.» ЖШЖК-нің қаржы директорының орынбасары болып жұмыс жасады. 2014-2016 жж. кезеңінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет атқарды.

2017 ж. шілдеден бастап «Казкоммерцбанк» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды, қаржы блогына жетекшілік жасады.

2018 жылдың шілде айынан бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Жаннат Сағандыққызы Алматы халық шаруашылығы институтының (АХШИ) түлегі, 1986 жылы М.В. Ломоносов атынд. Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасында білімін шыңдап, экономика ғылымдарының кандидаты біліктілік дәрежесін алды.



## Асқар Сағидоллаұлы Смағұлов (1975 ж.т.)

**Басқарма Төрағасының орынбасары: Fast IT және Транзакциялық бизнес.**

Асқар Сағидоллаұлы Смағұлов әр жылдары «ABN AMRO Банк Казахстан» ЕАБ ЖАҚ-та түрлі лауазымдарда: Қазынашылықтың қазынашысы, Қаржылық тәуекелдер және операциялық бизнесті дамыту департаментінің бас дилері, Қазынашылықтың сауда-саттық бөлімшесінің басшысы, Қазынашылықтың бас дилері, аға дилері, дилері лауазымдарында жұмыс істеді.

2005 жылғы ақпаннан бастап 2018 жылғы мамырды қоса алған аралықта Halyk Bank-те: Басқарма Төрағасының орынбасары, Банк Басқармасының мүшесі, Директорлар кеңесі Аппаратының және Банк Басқармасының кеңесшісі (қоса атқарды), Қазынашылық директоры.

2014 жылғы қарашадан бастап 2018 жылғы маусымды қоса алған аралықта «Altyn Bank» АҚ Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымдарын иеленді, 2010 жылғы ақпаннан бастап 2015 жылғы мамырды қоса алған кезеңдерде «Қазтелепорт» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, 2017 жылғы шілдеден бастап 2019 жылғы маусым аралығында «Москоммерцбанк» КБ Директорлар кеңесінің Төрағасы болды. Асқар Сағидоллаұлы 2019 жылғы сәуірден бастап қайтадан Банкке Басқарма Аппаратының кеңесшісі лауазымына қабылданды. 2019 жылғы 2 мамырдан бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды және Басқарма мүшесі болып сайланды.

Асқар Сағидоллаұлы Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университетін «экономика және менеджмент» мамандығы бойынша бітірген, сонымен қатар Рочестер университетінің (АҚШ) MBA дәрежесі бар.

2013 жылы «Қазақстан Қаржыгерлер Қауымдастығы» ЗТБ «Еңбегі сіңген қаржыгер» қоғамдық орденімен және «Теңгеге 20 жыл» мемлекеттік марапаты-мерейтойлық медалімен марапатталған.



# 8

# НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

# Жыл ішіндегі негізгі оқиғалар



## Ақпанда:

- «Halyk Finance» АҚ андеррайтер ретінде KASE-де 16,8 млрд. теңге көлемінде «Кселл» АҚ облигацияларын сәтті орналастырды.
- «Halyk Finance» АҚ андеррайтер ретінде KASE-де 4 млрд. теңге көлемінде «ҚазАгроФинанс» АҚ облигацияларын сәтті орналастырды.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ 20 млрд. теңге сомасына Еуразиялық даму банкі облигацияларын орналастырды.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ – филиалдық желісін дамытты және Қарақол қ. 10-шы филиалын ашты.

## Наурызда:

- «Халық Life» АҚ-тың 2019 жылғы наурызда A.M. Best рейтингтік агенттігі қаржылық тұрақтылық рейтингін B+ деңгейінде және кредиттік рейтингін bbb- деңгейінде растады, рейтингтер бойынша болжамы «тұрақты». Бұл Қазақстанда өмірді сақтандыру жөнінде компаниялар арасындағы ең жоғары рейтинг.
- «Қазтелепорт» АҚ Деректерді өңдеу орталығында клиенттердің жабдықтарын орналастыру жөніндегі қызметке PCI DSS сертификатын алды.
- «Москоммерцбанк» КБ-да (АҚ) өнімдерді қамтамасыз ету және мемлекеттік келісімшарттарды орындау үшін банктік кепілдіктерді шығаруға өтінімдерді қабылдау және автоматты өңдеу, скоринг жүргізу, принципалдың қаржылық жағдайын бағалау және банктік кепілдік шығару үшін қажетті құжаттарды жасақтау үшін «Экспресс-гарантия» модулі өндірістік пайдалануға енгізілді.

## Сәуірде:

- «Halyk Finance» АҚ қаржылық кеңесші және андеррайтер ретінде 20,3 млн. АҚШ доллары көлемінде AIX-те Polimetal International plc акцияларын сату жөніндегі мәмілені аяқтады.
- «Halyk Finance» АҚ 10 млрд. теңге көлемінде KASE-де «Баспана» ИК» АҚ облигацияларын орналастыруда андеррайтер болды.

## Мамырда:

- «Tenge Bank» АКБ банк қызметімен айналысуға Өзбекстан Республикасының Орталық Банкінен 2019 жылғы 18 мамырда № 85 лицензия алды.
- «Halyk Finance» АҚ 10 млрд. теңге көлемінде KASE-де «Баспана» ИК» АҚ облигацияларын орналастыруда андеррайтер болды.

## Маусымда:

- «Halyk Finance» АҚ қаржылық кеңесші және андеррайтер ретінде 80 млрд. теңге көлемінде KASE-де «Қазақтелеком» АҚ облигацияларын сәтті орналастырды.
- «Halyk Finance» АҚ 8,9 млрд. теңге көлемінде KASE-де «Баспана» ИК» АҚ облигацияларын орналастыруда андеррайтер болды.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ 27,5 млрд. теңге сомасына «Қазақстан Даму Банкі» АҚ облигацияларын орналастырды.
- Қарыз алушыларды «Altyn Bank» АҚ арқылы сақтандыру басталды, 7 ай ішінде сақтандыру көлемі 2 млрд. теңгеден асты. Қазаннан бастап «Altyn Bank» АҚ-тың қарыз алушылармен сақтандыру шарттарын бекіту процесі on-line режиміне көшірілді.
- «Халық Банк Грузия» АҚ – 14 млн. лари сомасына жарғылық капиталы ұлғайтылды.

## Шілдеде:

- «Halyk Finance» АҚ 11 млрд. теңге көлемінде KASE-де «Баспана» ИК» АҚ облигацияларын орналастыруда андеррайтер болды.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ 41 млрд. теңге сомасына «Қазақстан Даму Банкі» АҚ облигацияларын орналастырды.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ 10,8 млрд. теңге сомасына «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ облигацияларын орналастырды.

## Тамызда:

- «Halyk Finance» АҚ 10 млрд. теңге көлемінде KASE-де «Баспана» ИК» АҚ облигацияларын орналастыруда андеррайтер болды.
- «Қазтелепорт» АҚ ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ақпаратты жаюдың техникалық арналарын және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы құралдарды анықтау жөнінде қызметтер көрсетуге Мемлекеттік лицензиясын алды.

## Қыркүйекте:

- «Halyk Finance» АҚ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ SPO мәмілесінде AIX алаңында орналастырудың сәтті ұйымдастырушысы және бірлескен букраннері болды.
- «Halyk Finance» АҚ 70 млрд. теңге жалпы сомасына KASE-де «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ облигацияларын шығаруда және орналастыруда қаржылық кеңесші және андеррайтер болды.
- Halyk Bank-тің корпоративтік сайты арқылы (Банк процессингі), қаржылық терминалдары арқылы өмірді жинақтаушы сақтандыру бойынша сақтандыру жарналарын төлеу іске асырылды, сонымен қатар Homebank қаржылық порталы арқылы төлем жасау рәсімі жеңілдетілді.

## Қазанда:

- Halyk Bank-тің SPO ЖДҚ LSE және AIX-те.
- «Halyk Finance» АҚ 23 млрд. теңге көлемінде KASE-де «Баспана» ИК» АҚ облигацияларын орналастыруда андеррайтер болды.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ 20 млрд. теңге сомасына «Қазақстан Даму Банкі» АҚ облигацияларын орналастырды.

## Қарашада:

- «Halyk Finance» АҚ 39,7 млрд. теңге көлемінде KASE-де «Баспана» ИК» АҚ облигацияларын орналастыруда андеррайтер болды.
- Halyk Bank «Халық Лизинг» АҚ-тың лизингтік қызметін қалпына келтіру туралы шешім қабылдады.
- «Халық Life» АҚ АҚШ доллары бағамына индексацияны көздейтін «Халық Қазына» жаңа өнімі бойынша, оның ішінде «Altyn Bank» АҚ арқылы сатылымды бастады.

## Желтоқсанда:

- Fitch Ratings рейтингтік агенттігі «Халық Банк Грузия» АҚ-тың эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін («ЭДР») «BB-» деңгейінен жағымды болжаммен «BB» деңгейіне дейін көтерді.
- 2019 жылғы 25 желтоқсанда атауының және компанияның заңды мекенжайының ауысуына байланысты «Halyk Finservice» АҚ мемлекеттік қайта тіркелді (алдыңғы атауы – «QPayments» АҚ).
- A.M.BEST халықаралық рейтингтік агенттігі «Халық» СК» АҚ-тың қаржылық тұрақтылық рейтингін және ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «B++» деңгейінде және эмитенттің кредиттік рейтингін «bbb» деңгейінде растады. Рейтингтер болжамы – тұрақты.
- «Halyk Finance» АҚ 1 млрд. теңге көлемінде KASE-де «Баспана» ИК» АҚ облигацияларын орналастыруда андеррайтер болды.
- «Fitch Ratings» халықаралық рейтингтік агенттігі «Halyk Finance» АҚ-тың шетел және ұлттық валютадағы эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингтерін (ЭДР) «BB» деңгейіннен «BB+» деңгейіне дейін көтерді, болжамы «Жағымды». «Fitch Ratings» агенттігі, сондай-ақ «Halyk Finance» АҚ-тың шетел және ұлттық валютадағы қысқа мерзімді ЭДР-ін «B» деңгейінде және қолдау рейтингісін «3» деңгейінде растады.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ 30 млрд. теңге сомасына «Қазақстан даму Банкі» АҚ облигацияларын орналастырды.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ 18,4 млрд. теңге сомасына жеке сектор компаниясы – «QS Holding» ЖШС облигацияларын орналастырды.
- «Қазтелепорт» АҚ Нұр-Сұлтан қ., Абай к-сі, 24 мекенжайы бойынша Деректерді өңдеу орталығының (ДӨО) құрылысын аяқтады.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ – 600 млн. сомнан 1,2 млрд. сомға дейін 2 есе жарғылық капиталы ұлғайтылды.
- «Москоммерцбанк» КБ (АҚ) – 3 млрд. рубльге жарғылық капиталы ұлғайтылды.
- 2019 жылы Halyk Bank «Халық» СК» АҚ-пен бірге Homebank жүйесіне қызметтерді интеграциялау жөнінде жұмыс жүргізілді, атап айтқанда ҚҚИ АҚЖС бойынша кешенді/стандартты полистерін сатып алу мүмкіндігі іске асырылды.



# 9

# МАРАПАТТАР

# 2019 ЖЫЛ ҮШІН МАРАПАТТАРЫ

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ**
**EMEA Finance**
«Сауда қаржыландыруы саласындағы Қазақстанның үздік банкі»

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ**
**«Эксперт РА Казахстан»**
Өз қызметі туралы ақпаратты ашу дәрежесі бойынша қазақстандық мемлекеттік емес банктердің тізімін басқарды

**«Halyk Finance» АҚ**
**Global Finance**
«2019 жыл қорытындылары бойынша Шекаралас Нарықтардағы үздік инвестициялық банк»

**«Halyk Finance» АҚ**
**Global Finance**
«Орталық және Шығыс Еуропаның Акциялар нарығындағы үздік инвестициялық банк»

**«Halyk Finance» АҚ**
**Global Finance**
«Қазақстанның үздік инвестициялық банкі»

**«Halyk Finance» АҚ**
**EMEA Finance**
«Қазақстанның үздік инвестициялық банкі»

**«Halyk Finance» АҚ**
**Cbonds**
«Қазақстанның үздік инвестициялық банкі»

**«Halyk Finance» АҚ**
**Global Business Outlook**
«Қазақстанның үздік инвестициялық банкі»

**«Halyk Finance» АҚ**
**Finance Asia**
«Қазақстанның үздік инвестициялық банкі»

**«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ**
**International Finance Awards**
«2019 жылғы Қазақстанның үздік инвестициялық банкі – андеррайтері»

**«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ**
**Global Finance**
«2018 жыл қорытындылары бойынша Шекаралас Нарықтардағы үздік инвестициялық банк»



# 10

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАКРОЭКОНОМИКАСЫНА ЖӘНЕ БАНКТІК СЕКТОРЫНА ШОЛУ

# 2019 жылғы макроэкономикалық ахуал

2019 жыл Қазақстан үшін экономиканың өсуі жағынан айтарлықтай табысты болды. ЖІӨ өсімі 2017 мен 2018 жж. жеткен 4,1%-дан 4,5%-ға дейін жылдамдап, сарапшылардың ең батыл болжамдарынан асып түсті. Былайша жоғары өсу қарқынын Қазақстан экономикасы мұнай бағасы 2019 ж. баға белгіленімінен екі есе жоғары болған 2013 ж. бері көрсетпеген еді. 2019 жылы өсім мұнайдың орташа бағасы 10% төмендегеніне қарамастан жылдамдады.

Тұтынушылық пен инвестициялардың өсуі экономиканың жылдам өсімінің негізгі факторлары болды. 2019 жылы сауда-саттық көлемі 7,6%-ға ұлғайды, ал негізгі капиталға инвестиция 8,5%-ға өсті, соның арқасында құрылыс жұмыстарының өсімі шамамен 13% құрады. Тұрғындардың табысын арттыруға бағытталған көптеген фискальды және әкімшілік ынталандыру, сонымен қатар бөлшек кредит беру өсімінің жалғасуы тұтынушылық белсенділікке оң ықпал етті.

2019 жылы мұнай өндіру айтарлықтай өскен жоқ, яғни 0,2%-дан 90,5 млн. т дейін ғана. Сол уақытта жыл ағымында ірі мұнай кен орындарында маңызды техникалық жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде елде жалпы мұнай өндіру қатты өзгермегенімен, Қашағанда – 7%-ға, ал Теңізде – 4%-ға көтерілді, алайда Қарашығанақта 7%-ға төмендеді. Жалпы алғанда осы үш мұнай өндіру кеніші бүгінгі күні елімізде өндірілетін барлық мұнайдың 60% аса көлемін қамтамасыз етіп отыр және олардың үлесі жылдам ұлғайып жатыр. Мысалы, 2016 жылы Қашағанды іске қосқаннан кейін осы жобалардың үлесіне республикадағы барлық мұнай өндірудің тең жартысы келген болатын.

2019 жылы әлем нарығында ұсыныстың көптігінің және мұнай қорының аса жоғары деңгейде сақталуының арқасында сұраныстың әлсіреуі мұнай бағасын төмендетті. Өткен жыл ағымында мұнайдың Брент маркасы баррелінің құны бір жылдағы орта бағасы $64 болғанда $54-$75 шегінде ауытқып тұрды, бұл 2015-2017 жж. орташа мәні $50 жоғары, бірақ 2018 жылғы 10%-ға $71 төмен болды. Қазақстан Республикасының экспорты құрылымының 75% шикізат экспортының есебінен жасақталады, шамамен 70% мұнай экспорты құрайды, сәйкесінше мұнайдың экономикаға салымы 2019 ж. төмендеді. Өнеркәсіптік өндірістің өсімі 2019 жылы 3,8% құрап, 2018 жылғы 4,4%-дан және 2017 жылы 7,3%-дан баяулады.

### Мұнай бағаларының төмендегенінен қарамастан экономика өсімінің жылдамдауы




Источник: КС МНЭ, Блумберг

Негізгі капиталға инвестиция 2018 жылдағы өсу қарқыны бойынша 17,5% төмен болғанымен, 2019 жылы қомақты 8,5%-ға көтерілді. Инвестициялардың 2019 жылдағы өсімі өткен он жылдық үшін екінші ең жоғары көрсеткішті көрсетті және алдыңғы жылдардағы сияқты өндіру саласына инвестициялардың өсімімен 2,5% шартталды, ал олардың жалпы көлемі ЖІӨ-ден шамамен 8% баламалы болды. Инвестициялардың өсіміне негізгі салым еліміздің ең ірі мұндай өндіру кеніштері есебінен қамтамасыз етілді. Мысалы, Теңізде $36,8 млрд.-қа инвестициялық бағдарламаның шеңберінде 80% дерлік инвестиция игеріліп қойды, алайда Шевронның ақпараты бойынша инвестицияның түбегейлі сомасы $42,5 млрд.-қа дейін өсуі мүмкін. Өндіру қуатына бүгінгі күні құйылып жатқан қомақты ақша 2023 жылы 100 млн. тоннадан асатын өндіріс деңгейіне көтерілуі тиіс. Өндіру саласына инвестициялар өскендіктен, өңдеу өндірісіне инвестициялар 22,6%-ға, көлік саласына – 21,5%-ға азайды.

Сыртқы конъюнктураның нашарлауы – мұнай бағасы белгіленімінің 10%-ға, яғни баррелінe $64 дейін түсуіне байланысты әлемдік экономика өсімінің 2018 жылғы 3,6%-дан 2,9%-ға дейін (ХВҚ бағасы) баяулауы салдарынан үкімет экономикаға мемлекеттік қаражат құюды айтарлықтай ұлғайтты. Мемлекеттік бюджеттің ЖІӨ қатысты 2019 жылдағы шығындары біздің бағалауымыз бойынша бір жыл бұрынғы 18,8%-бен салыстырғанда 2,4%-ға өсті.

Мемлекеттік бюджеттің шығын бөлігінің ұлғаюы оның тапшылығының ЖІӨ-ден 1,3%-дан 1,9%-ға дейін өсіміне алып келді. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыру негізінен Ұлттық қордан алынған трансферттердің, ішкі қарыздарды орналастыру және еурооблигацияларды шығару есебінен өтелді.

### Бюджеттік ынталандыру




Источник: КС МНЭ, Минфин РК

Тұрғындардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған көптеген фискалды және әкімшілік ынталандырулар, сонымен қатар тұтынушылық кредит берудің өсімінің жалғасуы тұтынушылық белсенділікке оң әсер етті. 2019 жылы жалақы номиналды 14,5%-ға және шынайы 8,3%-ға өсті, бұған, сондай-ақ ең төменгі жалақының 2019 жылғы қаңтарда 50%-ға көтерілуі ықпал етті. Алайда жалақы өсімінің әсері тұрғындар тарапынан валютаға сұраныстың өсуінен және елдің жекелеген өңірлерінде экономиканың баяу өсімнің артуы себебінен білінбеді. Нәтижесінде тұрғындардың сатып алушылық қасиетінің өсіміне қарамастан бөлшек сауда айналымы алдыңғы жылмен салыстырғанда 2019 жылы 5,8%-ға баяу өсті. Бөлшек сауда айналымының көлемі 11 трлн. теңгеден асып түсті, бұл 2018 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 1,3 трлн. теңгеге көп. Азық-түлік тауарларының көлемі 3,2%-ға өсумен 3,8 трлн. теңгені (2018 жылы 3,4 трлн. теңге), азық-түлік емес тауарлардың сатылымы 7,1%-ға өсумен 7,6 трлн. теңгені (2018 жылы 6,7 трлн. теңге) құрады.

Атап өткеніміздей, 2019 жылы үкімет мемлекеттік бюджет қаражаты арқылы жалақының өсіміне күш салды. Бұл ретте тұрғындардың әлеуметтік қамтамасыздығына төлемдерді ұлғайту, салық амнистиясы, мерзімі өткен тұтынушылық кредиттерді кешіру, ішкі нарықта жанармайға төмен бағаларды ұстап тұру, ТКШ тарифтерін қысқарту сияқты бірқатар шаралар кешені қолданылды. Өзіміз куә болғандай, мұндай шаралар тұрғындардың тұтынушылық белсенділігіне оң ықпал етті. Сондай-ақ, біздің пікірімізше, девальвациялық болжамдар өспегенде сауда-саттық айналымының өсімі 2019 жылы көлемдірек болатын еді. Валютаға сұраныстың артуы тұрғындардың валютаны сатып алу көлемі шамамен 30%-ға өсуіне алып келді.

2019 жылы жұмыссыздық деңгейі 2018 жылдың екінші жартысында болған өзгеріссіз 4,8% деңгейінде сақталды. Жұмыссыздық деңгейінің динамикасы ілгерілемелі төмендеу ағымын жалғастырып жатыр, 2010 жылы оның деңгейі 5,8%-ға сәйкес келген.

Ұлттық қордан ақша бөлу 2018 жылғы 3,2 трлн. теңгеден 2019 жылы 2,8 трлн. теңгеге дейін (инвест. кірісті қоспағанда) төмендеді. Бұл ретте Ұлттық қордан бюджетке трансферттің 2,6 трлн. теңгеден 3,1 трлн. теңгеге ұлғаюы Ұлттық қор қаражатының шығыны оған ақша түсуден 0,2 трлн. теңгеге артуына алып келді. Мемлекеттік бюджетке ақша түсудің жиынтығында трансферттердің үлесі 24%-ды құрады және өткен жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ. Ұлттық қордың жиынтық активтері 2019 жыл соңының жағдайы бойынша бір жыл бұрынғы 41%-бен салыстырғанда ЖІӨ-ден 39%-ға дейін түсті, бұл 2014 жылдан бергі ең төменгі мән болып табылады.

Шоғырландырылған халықаралық резервтер 2019 жыл соңының жағдайы бойынша $90,9 млрд. құрады. Бір жылда шоғырландырылған резервтер 2,2%-ға Ұлттық Қор активтері көлемінің 6,8%-ға $61,9% млрд. дейін өсімінің есебінен ұлғайды, сол уақытта жалпы ҚРҰБ АВР 6,4%-ға қысқарып, $29,0 млрд. құрады. ҚРҰБ резервтерінің шеңберінде көлемі жыл басынан бері 3,9%-ға ($6,5 млрд.-қа) $10,1 млрд.-қа дейін қысқарған ЕАВ-ғы активтердің, АВР аса өтімді бөлігінің қысқаруы байқалады.

Реттеушінің пайыздық саясаты 2019 ж. ішінде тұтас алғанда бейтарап ақша-кредит талаптарын жасақтады. Жылдың бірінші жартысында реттеуші базалық мөлшерлемені 9,0%-ға дейін азайтты, ал тұтынушылық инфляция наурыздағы 4,8%-дан тамызда 5,5%-ға дейін ұлғая бастағандықтан, қыркүйекте оны 0,25%-ға көтеру шешімін қабылдады. Жыл ішінде кеңейтілген ішкі сұраныс байқалды, ол бір жағынан тұрғындардың әл-ауқатының шынайы жақсаруынан және экономиканың өсуінен болса, екінші жағынан тұтынушылық кредит берудің өсуінен болды. Сыртқы талаптар АҚШ пен Қытайдың сауда-саттық дауы айналасындағы белгісіздіктердің ықпалында болды, энергия ресурстарының нарықтарында құбылмалылық болды, бұл ретте сауда-саттық серіктестері болып табылатын елдердегі инфляция Қазақстандағы инфляция деңгейінен төмен болып қала берді. Кейіннен реттеуші 2019 жылғы өзінің соңғы отырысында ақша-кредит талаптары аз тежейтін фактор болып табылады деп мәлімдегеніне қарамастан, базалық мөлшерлемені енді қайтіп көтерген жоқ.

## Инфляция тұрақты




Источник: КС, МНЭ

2019 жылы ҚРҰБ тарапынан артық өтімділікті алып алу көлемі жоғары деңгейде сақталды. Бұл ретте жылдың бірінші жартысында 5,5 трлн. теңгеге жетіп, жыл аяғында 4,4 трлн. теңге деңгейінде болды. Қысқа мерзімді ноталар артық өтімділікті сіңірудің негізгі арнасы болды – олардың үлесіне алып алудың орташа 80% келді. Ақша нарығының мөлшерлемелері жылдың бірінші жартысында реттеуші мөлшерлемесі дәлізінің төмен деңгейінде жасақталды, бірақ инфляциялық тәуекелдердің күшеюіне байланысты жылдың екінші жартысында базалық мөлшерлеме деңгейінен арасында жоғары болып тұрды. 2019 жылы реттеуші жұмысы мемлекет бюджеттің шығын бөлігін бірден ұлғайту себебінен қиындады, бұл тұтынушылық бағалар тепе-теңдігін деформациялады.

## Ақша нарығының талаптары




Источник: НБРК, КФБ

## 2019 жылғы банк саласы[3]

2019 ж. маңызды оқиғасы Цеснабанк акционерлерінің ауысуы мен First Heartland Jýsan Bank болып ребрендингіленуі болып табылды. Кейіннен Jýsan мен FHB қосылуы қазақстандық банктердің 27 дейін қысқаруына алып келді. Сондай-ақ өткен жылы Қазақстан Президентінің жарлығымен тұрғындардың белгілі бір тобының тұтынушылық қарыздары бойынша борыштары кешірілді және тұтынушылық кредит беруді қатайту жөнінде бірқатар реттеу шаралары қабылданды. Өткен жылдың тағы бір маңызды оқиғасы нарықтың 87% иеленетін еліміздің 14 банкіне жүргізілген банктердің активтерінің сапасын бағалау (AQR) болып табылды. AQR жариялаған қорытындыларға сәйкес банктерге 250 млрд. теңге сомасына үстеме капиталдау жасау қажет, себебі тексеру барысында жетіспеген 429 млрд. теңге әлеуетті түзетулердің 180 млрд. көбін (42%) банктердің өздері реттеді. Сондай-ақ өткен жылы ҚРҰБ мен одан жаңа бөлініп шыққан арнайы қаржы нарығын реттеу агенттігі арасындағы өкілеттіктерді бөлу туралы шешім қабылданды.

Қазақстандық банктердің жалпы кредиттік портфелі 2018 ж. 1,3%-ға өскенімен салыстырғанда 2019 ж. 7,1% қосып, өз өсімін жылдамдатты да 14,7 трлн. теңгені құрады. Бөлшек портфель 26,8%-ға 6,3 трлн. теңгеге дейін кеңейіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда (2018 ж. +17,2%) тұтынушылық қарыздардың 24,4%-ға 4,4 трлн. теңгеге дейін ұлғаюы және ипотекалық кредит берудің 33,8%-ға 1,8 трлн. теңгеге дейін кеңеюі есебінен өсімінің жылдамдағанын көрсетті. Заңды тұлғаларға қарыздар 4,5%-ға 4,1 трлн. теңгеге дейін өсті, ал ШОБ портфелі 13,3%-ға 4,0 трлн. теңгеге дейін төмендеді, бұл жиынтығында бизнеске кредит беру 5%-ға қысқарғанын көрсетті. Нәтижесінде бизнеске қарыздың үлесі кредит берудің жалпы көлемінде 54,7%-ға түсіп кетті (2018 ж. 61,7%).

Банк саласының активтері бір жылда 6,2%-ға өсті, ал оның депозиттік базасы 2018 ж. 2,2% өсіммен салыстырғанда 5,5%-ға кеңейді. Депозиттердің негізгі өсіміне негізгі салымды бұрынғысынша 6,2%-ға ұлғайған тұрғындардың депозиттері құрайды. Өткен жылғы қысқарудан кейін корпоративтік салымдар 2019 ж. 4,7%-ға өсті.

2019 ж. банк саласы жоғары қарқынмен өскеніне қарамастан, өткен жылмен салыстырғанда оның экономикаға ықпалы төмендей берді. Halyk Finance бағалауына сай ЕДБ кредиттерінің ЖІӨ-ге қатынасы бір жылда 22,3%-дан 21,4%-ға төмендеді, ал депозиттердің ЖІӨ-ге қатынасы да 27,6%-дан 26,1%-ға қысқарды. Осылайша, ЖІӨ-нің 4,5%-ға шынайы өсімін және инфляцияның 5,4% деңгейін ескере отырып, кредиттер мен депозиттердің атаулы өсімі экономиканың атаулы өсімінен қалып отырды.

Бұрынғысынша, мұндай қалып қалудың негізгі себептері қосымша құнның төмен үлесімен және мемлекет қатысуының жоғары қатысуымен сипатталатын табиғи ресурстар экспортына бағытталған Қазақстан экономикасының құрылымдық проблемалары болып табылады. Мұның нәтижесі жалақыны көтеру жөнінде мемлекеттік шаралар қолданылмаған салалардың қажетті дамымауы, сонымен қатар ондағы шынайы табыстың баяу өсімі болып табылады.

ҚРҰБ деректеріне сәйкес, жылдың аяғында жүйеде NPL90+ проблемалы борыштардың деңгейі 8,1%-ды құрады (жыл басынан +0,7%). Жылдың соңында провизиялар банк жүйесінің барлық несиелік портфелінің 13%-ын құрады және 164%-ға NPL90+ проблемалы берешектің көлемін өтейді.

2019 жылы банк жүйесінің таза пайдасы 812 млрд. теңгені құрады, бұл соңғы 8 жылда рекордтық көрсеткіш болып табылады.

[3] Талдау, деректері әрбір банктің аудиттелген қаржы есептілігінен айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін ҚРҰБ ұсынатын реттеу есептілігі негізінде орындалды



# 11

# АРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

# Қаржылық қызмет нәтижелеріне шолу

Таза кіріс 2018 ж. 12 айдағы 254,2 млрд. теңгемен салыстырғанда 2019 ж. 12 ай үшін 31,6%-ға 334,5 млрд. теңгеге дейін негізінен 2019 ж. 12 ай үшін таза пайыздық кірістердің өсімі есебінен ұлғайды. 2018 ж. 12 ай үшін Банктің 2019 ж. 12 ай үшін 7,4 млрд. теңгемен салыстырғанда 27,3 млрд. теңге мөлшерінде қаржылық емес активтерінің құнсыздануынан болған өте үлкен зияндары болды, сонымен қатар 2018 ж. 2-тоқсанында Halyk Bank-пен бірігуіне байланысты ҚКБ-ның 43,3 млрд. теңге мөлшеріндегі мерзімі ұзартылған алық активтерін танудан бас тарту нәтижесінде зиян келді.

## Пайда және залалдар туралы шоғырландырылған есеп

Пайыздық кірістер 2018 ж. 12 айдағы 682,0 млрд. теңгемен салыстырғанда 2019 ж. 12 ай үшін 4,1%-ға 710,3 млрд. теңгеге дейін негізінен пайыздық активтердің орташа қалдығының 9,8%-ға өсімі есебінен ұлғайды.

### Активтер түрлері бойынша пайыздық кіріс, млрд. теңге




Пайыздық шығыстар 2018 ж. 12 аймен салыстырғанда 2019 ж. 12 ай үшін 6,4%-ға негізінен Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының депозиттердің шекті сыйақы мөлшерлемелерін төмендету салдарынан бөлшек депозиттер бойынша мөлшерлемелерді азайту жағына қарай қайта қарауынан азайды.




### Міндеттемелер түрлері бойынша пайыздық шығыстар, млрд. тенге

Таза пайыздық кірістің өсімі нәтижесінде және пайыздық міндеттемелерді пайыздық активтерге орналастыру үлесінің өсуі арқасында таза пайыздық маржа 2018 ж. 12 ай үшін жылдық 5,1%-бен салыстырғанда 2019 ж. 12 ай үшін жылдық 5,3%-ға дейін өсті.

### Таза пайыздық маржа және таза пайыздық спрэд




Клиенттерге берілетін заемдар бойынша тәуекелдің құны 2019 ж. 12 ай үшін 0,7% құрады, бұл құнсызданған ірі корпоративтік заемды өтеумен және кейбір проблемалық корпоративтік заемдарды 2018 ж. 4-тоқсанда еншілес САБУ-ға берумен байланысты 2018 ж. 12 ай үшін 0,5%-бен салыстырғанда аса қалыпты деңгей болды.

Қызметтер және комиссиялар бойынша кірістер* 2018 ж. 12 аймен салыстырғанда жылдық 8,8%-ға, негізінен пластик карталармен операциялар бойынша, сондай-ақ берілген кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша транзакциялық бизнес көлемінің өсуі нәтижесінде ұлғайды.

Біріккенге дейін Банк пен ҚКБ-ның заңды тұлғаларының ағымдағы шоттары арасындағы ақша аударымдары сыртқы аударымдар ретінде қарастырылды және оларға тиісті комиссиялар қолданылды. Біріккеннен кейін осы ағымдағы шоттар арасындағы ақша аударымдары ішкі ретінде қарастырылды және сәйкесінше тегін болып табылады. Нәтижесінде банк аударымдарынан – есеп шоттардан алынған комиссиялық кірістер 2018 ж. 12 аймен салыстырғанда 2019 ж. 12 ай үшін төмендеді. Кассалық операциялар үшін комиссиялардың 2018 ж. 12 аймен салыстырғанда 2019 ж. 12 айда азаюы қолма-қол ақшасыз операциялар көлемінің ұлғаюы есебінен орын алды.

Қызметтер бойынша шығыстар дәне комиссиялар 2018 ж. 12 аймен салыстырғанда 40,1%-ға негізінен Банктің эквайринг желісінде басқа банктердің карталары бойынша операциялар санының көбеюі есебінен ұлғайды.

| | 31 желтоқсан аяқталған жылдар үшін | |
|---|---|---|
| | 2019 | 2018 |
| | млн. теңге | млн. теңге |
| Төлем карталарға қызмет көрсету | 63 147 | 53 866 |
| Банктік аударымдар – есептік шоттар | 15 878 | 16 456 |
| Кассалық операциялар | 11 335 | 12 010 |

* 2019 ж. 1-тоқсаннан бастап бұрын төлем карталары бойынша операциялармен байланысты кассалық операцияларда және банк аударымдарында ескерілген комиссиялардың бір бөлігі төлем карталарымен операциялар бойынша алынған комиссиялар түрінде беріледі. 2018 ж. 4-тоқсан көрсеткіштері тиісті түрде қайта есептелді.

| | 31 желтоқсан аяқталған жылдар үшін | |
|---|---|---|
| | 2019 | 2018 |
| Клиенттерге зейнетақы төлеу бойынша қызмет көрсету | 8 131 | 8 037 |
| Банктік аударымдар – жалақы бойынша жобалар | 6 925 | 7 200 |
| Берілген кепілдіктер және аккредитивтер | 9 718 | 7 019 |
| Клиенттердің шоттарына қызмет көрсету | 3 310 | 4 049 |
| Басқасы | 4 812 | 4 604 |
| | 123 256 | 113 241 |

## Операциялық шығыстар, млн. теңге




Операциялық кіріс 2018 ж. 12 аймен салыстырғанда 10,8%-ға, негізінен таза пайыздық кірістің өсуі есебінен ұлғайды.

2018 ж. 12 аймен салыстырғанда 2019 ж. 12 айдағы операциялық шығыстар аса төмен деңгейде және операциялық кірістер аса жоғары деңгейде болғандықтан, Банктің операциялық шығыстарының операциялық кірістеріне ара салмағы 2018 ж. 12 ай үшін 31,7%-бен салыстырғанда 26,0%-ға төмендеді.

## Шығыстардың кірістерге ара салмағы




## Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

2019 жыл соңына активтер 2018 ж. соңымен салыстырғанда 3,1%-ға өсті және олардың құрылымы аса жоғары кірісті кредиттердің ұлғайған үлесінің арқасында жақсарды.

Клиенттерге берілетін заемдар 2018 ж. соңымен салыстырғанда брутто негізде 6,9%-ға өсті және нетто негізде 7,8%-ға өсті. 2019 жылы несиелік портфельдің брутто негізде өсімі корпоративтік портфельдің (5,9% брутто негізде), ШОБ портфелінің (9,4% брутто негізде) және бөлшек портфелінің (7,9% брутто негізде) өсуіне байланысты болды.

## Бизнес түрлері бойынша клиенттерге берілген заемдар




2019 ж. 4-тоқсанның соңындағы жағдай бойынша Stage 3 коэффициенті 2019 ж. 3-тоқсанның соңында 17,9%-дан 16,0%-ға дейін негізінен корпоративтік және бөлшек заемшылардың бұрын құнсызданған берешектерін есептен шығару және өтеу нәтижесінде азайды.

## Stage 3 (POCI қоса алғанда), млрд. теңге




Заңды тұлғалардың қаражаттары 2018 ж. соңымен салыстырғанда сәйкесінше 0,8%-ға ұлғайды және жеке тұлғалардың қаражаттары 4,3%-ға қысқарды, негізінен Банк клиенттерінің ағымдағы қажеттіліктерін қаржыландыру және шетел валютасындағы бөлшек депозиттердің бір бөлігі Astana International Exchange-де орналастырылған, АҚШ долларында номинацияланған облигацияларға көшіру үшін клиенттердің қаражатты ішінара алуы салдарынан орын алды. 2019 жылғы 31 желтоқсан жағдайына теңгемен

Қаржылық қызметтің нәтижелеріне шолу

деноминацияланған корпоративтік депозиттердің үлесі депозиттердің жалпы сомасында 2019 ж. 30 қыркүйектегі 49,6%-бен салыстырғанда 49,4%-ды құрады, сонымен бірге теңгемен деноминацияланған бөлшек депозиттердің үлесі депозиттердің жалпы сомасында 2019 ж. 3-тоқсанның соңындағы 42,2%-бен салыстырғанда 43,7%-ды құрады.

### Заңды тұлғалардың валюталар бойынша қаражаттары, млрд. теңге




### Жеке тұлғалардың валюталар бойынша қаражаттары, млрд. теңге




Кредиттік мекемелердің қаражаттары 2018 ж. соңымен салыстырғанда 81,7%-ға, негізінен аса жоғары мөлшерлемелермен орналастыру үшін тартылған қазақстандық банктердің заемдары мен салымдарының (РЕПО келісімдері бойынша заемдарды қоса алғанда) ұлғаюы есебінен өсті. 2019 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржы институттары алдындағы міндеттемелерінің 86,2% қазақстандық банктердің заемдарынан (РЕПО келісімдері бойынша заемдарды қосқанда) 2014 ж.-2017 ж. экономиканың жекелеген секторларын қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалардың шеңберінде «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-тан, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тан тартылған заемдардан құралды.

Шығарылған бағалы қағаздар 2018 жылдың соңымен салыстырғанда 7,4%-ға, негізінен 2019 ж. 1 наурызда 750 000 000 АҚШ доллары сомасына шығарылған Еурооблигацияларды ішінара мерзімінен бұрын өтеу, 2019 ж. 26 сәуірде бастапқы 3,5 млрд. теңге орналастыру сомасымен тәртіптелген облигацияларды өтеу және 2019 ж. 14 қарашада бастапқы 59,9 млрд. теңге орналастыру сомасымен купонды облигацияларды өтеу есебінен төмендеді. Аталған баспасөз релизінің күніндегі жағдай бойынша Банктің борыштық бағалы қағаздарының портфелі былайша берілді:

| Борыштық құралдың атауы | Айналымдағы номиналды сомасы | Сыйақы мөлшерлемесі, жылдық | Өтеу күні |
|---|---|---|---|
| Еурооблигациялар | 500 млн. АҚШ доллары | 7,25% | Қаңтар 2021 ж. |
| Еурооблигациялар | 548 млн. АҚШ доллары | 5,5% | Желтоқсан 2022 ж. |
| Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар | 100 млрд. теңге | 7,5% | Қараша 2024 ж. |
| Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар | 131,7 млрд. теңге | 7,5% | Ақпан 2025 ж. |
| Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар | 93,6 млрд. теңге | 8,75% | Қаңтар 2022 ж. |
| Тәртіптелген купондық облигациялар | 101,1 млрд. теңге | 9,5% | Қазан 2025 ж. |
| Astana International Exchange-де бағаланатын облигациялар | 172,5 млн. АҚШ доллары | 3% | Сәуір 2022 ж. |

2018 ж. соңымен салыстырғанда капитал негізінен Банк 2019 жылғы 12 ай үшін алған таза пайда есебінен 22,7%-ға өсті.

### Банк капиталы жеткіліктілігінің коэффициенті мынаны құрайды:

Капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері, шоғырландырылмаған:

| | 01.01.2020 | 01.01.2019 |
|---|---|---|
| k1-1 | 21,3% | 19,7% |
| k1-2 | 21,3% | 19,7% |
| k2 | 23,1% | 21,6% |

### Капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері, шоғырландырылған:

| | 01.01.2020 | 01.01.2019 |
|---|---|---|
| Негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (CET) | 20,6% | 18,5% |
| Бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті | 20,6% | 18,5% |
| Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті | 21,9% | 19,9% |



# 12

# ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНА ШОЛУ

# Қызметтің негізгі бағыттарына шолу

Банктің негізгі қызметі бөлшек және корпоративтік клиенттерге және ШОБ клиенттеріне қызмет көрсетуге бағытталған. Банктің еншілес компаниялары ұсынған қызметтері де сақтандыру қызметтерін, инкассациялау, активтерді басқару мен брокерлік қызметтер, телекоммуникациялық қызметтер мен лизингті қамтиды.

## Банктің бөлшек өнімдері

### Жеке тұлғалар депозиттері

Жыл басынан барлық ЕДБ бойынша депозиттердің портфелі 536 млрд. теңгеге (шамамен 6,1%-ға) ұлғайды және 9,3 трлн. теңгені құрады, оның ішінде Halyk Bank портфелі – 3,2 трлн. теңге. Осылайша, Банк нарықтағы көшбасшылық позицияны 34% үлеспен сақтап тұр, бұл ретте мерзімдік салымдар бойынша Банктің үлесі 33,2% құрайды.

2019 жылы «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (ҚДКҚ) жеке тұлғалардан жаңадан тартылатын депозиттер бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және белгілеудің жаңа әдістемесіне сәйкес депозиттік өнім желісі оңтайландырылды.

2019 жыл ішінде ҚДКҚ депозиттің валютасына, мерзіміне, санатына және толықтыру мүмкіндігіне байланысты ұлттық валютадағы ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерін 7 рет қайта бекітті:

2019 жылға орташа алғанда ұлттық валютадағы сыйақы мөлшерлемелері жинақ салымдар бойынша 1%-ға ұлғайды, мерзімділік талаптарына сәйкес келетін салымдар бойынша 0,6%-ға төмендеді, мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін салымдар бойынша 0,7%-ға төмендеді.

Шетел валютасындағы салымдар бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемелері өзгеріссіз қалды.

2019 жылы депозиттер мен ағымдағы шоттар бойынша келесі жобалар іске асырылды:

- Клиенттерге арналған өнімдер желісін кеңейту мақсатында депозиттік желілер (Барынша жоғары, Оңтайлы, Әмбебап) іске қосылды.

Барынша жоғары депозитінің тиімді мөлшерлемесі теңгеде 14% дейін, валютада 2,0% дейін, бұл ретте толықтыру/ішінара ақша алу көзделмеген. Толықтыру/ішінара ақша алу мүмкіндігі бар клиент үшін ыңғайлы Әмбебап депозитінің тиімді мөлшерлемесі теңгеде 9,8% дейін, валютада 1,0% дейін. Оңтайлы депозиті толықтыруға мүмкіндік береді, бұл ретте депозит талаптары бойынша ішінара ақша алу көзделмеген, тиімді мөлшерлемесі теңгеде 10,6% дейін, валютада 1,7%.

- Төлем терминалдарында ағымдағы шоттарға жүгінбестен депозиттерді тікелей толықтыру арқылы уақыт үнемдеу мүмкіндігі.
- Автоматтандырылған кассалар арқылы ағымдағы шоттар бойынша кіріс/шығыс операцияларын жүргізу мүмкіндігі.
- Homebank-те жеке тұлға клиенттердің қозғалыссыз шоттарын іске қосу мүмкіндігі.
- Уақыт үнемдеу мақсатында клиенттерге ыңғайлы болу үшін бөлімшелерге келудің қажеті жоқ – Homebank-те ағымдағы/жинақ/карталар жүйесіндегі ағымдағы шоттар бойынша PDF форматында 20-таңбалы шот туралы үзінді көшірмелерді/хабарламаларды жасақтау мүмкіндігі іске асырылды.
- Кіріс/шығыс операцияларын жүргізген кезде операцияларды жүргізу арнасына қарамастан ағымдағы/жинақ шоттар бойынша SMS-хабарламалар жіберу іске асырылды.

## Бөлшек кредиттеу

2020 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банк портфелі 1 036 млрд. теңгені құрады. 2019 жылы жеке тұлғалар несиелік портфелінің өсімі 9,4%-ды құрады. 2019 жылдың қорытындылары бойынша несиелік портфельдің негізгі үлесі кепілсіз заемдарға тиесілі және де жалпы несиелік портфельдің 73%-ын құрайды. ББ-ға берілген кредиттердің көлемі 2019 жылы 597,3 млрд. теңгені құрады.

Бөлшек кредиттеу нарығында 2019 жылдың қорытындылары бойынша Банктің үлесі 17,3%-ды құрады.

### 2019 жылы Банк мына жаңа өнімдерді қосты:

- Төлем картасына кредиттік желі: аталған өнімнің мақсаты кепілсіз кредит берудің бірқатар кредиттік өнімдерін, оның ішінде online алудың икемді құралын беру болып табылады. Клиент кредит алу және қажетті құжаттарға қол қою үшін бөлімшеге бір рет келіп, кейіннен жеңілдетілген кестемен, оның ішінде қашықтықтағы арналар арқылы жаңа заемдар ала алады.
- Сондай-ақ клиент Банк бөлімшесіне келу қажеттілігінсіз Homebank арқылы бірінші рет заем алады. Құжаттарға электронды-цифрлық қол қою арқылы қол қойылады.
- Кредитке/бөліп төлеу арқылы сатып алуға тауар – Банктің серіктесі «Technodom Operator» АҚ-тың қосымшасында тауарлар сатып алуға тұтынушылық кредит.

Банк «Technodom Operator» АҚ-пен бірге өзінің барлық клиенттері үшін бірлескен акцияны іске қосты. Енді кез келген адам (оның ішінде Банктің жаңа клиенті) кез келген телефоннан бөліп төлеу арқылы сатып алуды жылдам әрі ыңғайлы ресімдеп, кез келген ыңғайлы жерде немесе кез келген уақытта тауарды алып кете алады не жеткізіп беруге тапсырыс бере алады. Аталған өнім Homebank логинімен Technodom қосымшасы арқылы Банк жүйелерінде клиентті онлайн тіркеуді қарастырады.

Жаңа клиентті тіркеген кезде клиентті видеотіркеу (liveness) және құжатты сканерлеу жүргізіледі, бұл онлайн режимінде клиентті мемлекеттік базаларда жеке куәлігінің деректері мен жазып алынған видеоның сәйкес келетініне тексеруге мүмкіндік береді.

Бөліп төлеу «Technodom Operator» АҚ-тағы акция кезеңінде қосымша мерзімдер (6, 12 және 24) белгілеумен 3 айға беріледі. Бұған қоса аталған өнімдер шеңберінде (кредитке/бөліп төлеу арқылы сатып алуға тауар) заем берген кезде комиссиялар жоқ.

## Төлем карталары

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банктің белсенді төлем карталарының саны 5,2 млн. дананы құрады. Бұл ретте Банк 28,3% үлесімен осы нарықта көшбасшылықты сақтап тұр.

### 2019 жылы Банк мына жаңа өнімдерді енгізді:

01.10.2019 жылы Halyk Bank төлем картасының іске қосылуы – күнделікті қажеттіліктерді барынша өтеуге арналған заманауи ұсыныс.

16.03.2019 жылы Halyk Sinooil төлем картасының іске қосылуы – автокөлік иелеріне арналған жаңа өнім. Карта Sinooil желісінде төлем жасаған кезде 5% бонус және автокөлікке қызмет көрсетуге байланысты бірқатар тегін қызметтерді, оның ішінде телефон арқылы АвтоАдвокат тәулік бойы online консультациясын ұсынады.

01.10.2019 жылдан бастап Банк барлық сатып алымдарға 1% мөлшерінде кепілдік берілген бонус ұсынады.

Осылайша, Банк клиенттері картаны ресімдегеннен кейін Halyk Club қатысушыларына айналады, ол:

- 1% – барлық сатып алымдарға кепілдік берілген бонусты;
- 25% – Halyk Club серіктестері желісінің 13 000 аса нүктесінде ең жоғары бонусты;
- 10% – арнайы бағдарламалар бойынша ең жоғары бонусты қамтиды.

21.11.2019 жылдан бері Банк Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында карталарды тегін жеткізіп береді.

Сонымен қатар 05.12.2019 жылдан бастап Алматы және Нұр-Сұлтан қ. 50 бөлімшесінде 10 минут ішінде атаулы картаны алуға болады.

2019 ж. мамырда жалақыны есепке алу кестесі оңтайландырылды, есепке алу уақыты 2 сағаттан 30 минутқа дейін қысқартылды.

2019 жылғы қазанда HomeBank қосымшасы арқылы карта шығару іске қосылды.

## Жалақы жобалары

Банктің ең басты стратегиялық қызметтерінің бірі – бұл жалақы жобалары. Жалақы жобаларының саны шамамен 32 мыңды құрайды.

Жыл бойында жалақыны есепке алу көлемі өткен жылға қатынасы 6% өсіммен 4,4 трлн. теңгені құрады.

## Әлеуметтік төлемдерді есептеу

Банк 1996 жылдан бастап ҚР-да зейнетақы төлеу бойынша негізгі операторларының бірі болып, шамамен 2,5 млн. зейнеткер мен жәрдемақы алушыларға қызмет көрсетеді, Республика бойынша барлық төлемдер көлеміндегі Банктің үлесі 70,7%-ды, саны бойынша 68,5% құрайды.

## Төлем терминалдары:

2019 жылы төлем терминалдарының паркі оңтайландырылды, жалға алынғандардың орнына дербес 290 терминал сатып алынды. Жаңа қызметтер/сарвистер ендірілді: ерікті зейнетақы жарналарын қабылдау, жеке тұлғалар үшін кредит бойынша алдын ала шешімге өтінімдер жіберу, міндетті әлеуметтік медициналық жарналарды қабылдау, енгізілетін сандар санын қысқарту арқылы карталық шотты толықтыру қызметі оңтайландырылды, сервистерді іздеу және навигация жүйесі оңтайландырылды.

2019 жыл қорытындылары бойынша Банктің төлем терминалдары желісінде жүргізілген операциялардың жалпы саны 16,3 млн. операцияны құрады, бұл 2018 жылға қарағанда (15,5 млн. операция) 5,3% артық.

## Жеке тұлғаларға қашықтықтан қызмет көрсету

2019 жылы Homebank интернет-банкінгінің негізгі мақсаты сервистерді дамыту және клиенттердің Банк бөлімшелеріне келуін барынша қысқарту үшін онлайн қызметтердің кең саласын ұсыну болып табылды. Осылайша ең танымал сұрақтарға жауап беруге және қажет болғанда егжей-тегжейлі кеңес беру үшін пайдаланушыны байланыс орталығының менеджеріне бағыттау мүмкіндігін ұсынатын Чат-бот клиенттерді онлайн-қолдау қызметі ендірілді.

Сондай-ақ елшіліктер үшін анықтамаларды жеткізіп берумен тапсырыс жасау сервисі ендірілді, бұл жағдайда пайдаланушылар өтінімді онлайн жібереді және анықтама клиенттің орналасқан жеріне 3 жұмыс күні ішінде жеткізіледі.

Бұған қоса, клиенттерге карталар ашу, депозиттер ашу және кредиттерді онлайн ресімдеу сияқты танымал сервистер қолжетімді.

Кредитті онлайн ресімдеу сервисі пайдаланушыларға Банк бөлімшелеріне келмеуге мүмкіндік беретінін атап өту қажет: скоринг онлайн бапталған, ал келісімге клиент Homebank арқылы шығарылатын электронды-цифрлық қолтаңба көмегімен қол қоя алады.

Қосымша, Қазақстанның ЕДБ карталарының кез келген ұстаушыларының мобильді нөмірі бойынша жылдам аударым жасау сервисі іске қосылды: жүйе клиентті таниды, егер клиент Halyk Bank клиенті болып табылмаса, басқа ЕДБ картасын ұстаушы өте алатын сілтемені жасап шығарады, карта нөмірін енгізеді және аударымды алады.

Homebank-тің «Төлемдер» бөліміне қызметтерді жеткізушілерді қосу жұмысы тоқтамайды – 2019 жылғы желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша Homebank жүйесінде 3 703 сервис қолжетімді, 2019 жылға жалпы өсім 2 500 аса сервисті құрады. Енгізу жылдамдығын ұлғайту мақсатында Банктің Транзакциялық бизнес орталықтарының көмегімен жаңа жеткізушілерді қосу үшін онлайн сервис жүзеге асырылды. Клиенттердің ниеттестігін арттыру үшін жеткізушілердің пайдасына қызметтер төлемін жасау тәсілдерінің бірі болып, Банк клиенттері транзакциялық белсенділік үшін алатын «Бонустармен төлеу» мүмкіндігі қосылды.

Homebank қосымшасын Google Play және App Store онлайн дүкендерінен жүктеп алудың жалпы саны 4,1 млн. жүктеуден асты. Ал Homebank-ті пайдаланушылардың жалпы саны 4,2 млн. асады.

## Шағын және орта бизнес

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банкте қызмет көрсетілетін ШОБ-тың белсенді клиенттерінің саны 7,8 мың заемшыны қоса алғанда, шамамен 166 мың болды. ШОБ кредиттерінің саны шамамен 24,6 мыңнан асты.



* ҚР статистика агенттігінің деректеріне сай 2014 жылғы есепте ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері негізінде әрекеттегі ЖК саны көрсетілген (ауыл шаруашылық өндірушілерсіз). Әрекеттегі ШОКС санының кенет өзгеріп кетуі «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР заңы нормасының күшіне енуімен түсіндіріледі, бұл заң тек жұмысбастылардың саны бойынша ШОК субъектілеріне жатқызу критериі статистикасының мақсаты үшін пайдалануды көздейді («Рұқсат құжаттарын қысқарту және мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы»). Шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) заңды тұлғалары бойынша ақпарат осы өзгерістерді есепке алумен қалыптастырылған.

ШОБ клиенттерінің жалпы санынан алғанда:

- 2 өнімді пайдаланатын – 35,6 мың клиент;
- 3 және одан артық өнімді пайдаланатын – 9,7 мың клиент бар.

Бұл ретте бір өнімнен артық өнімді пайдаланатын клиенттердің жалпы саны 45,3 мың клиентті немесе белсенді клиенттердің 27%-ын құрайды.




* Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі департаментке 45 млрд. теңге сомасына заемшылар берілді, 2018 жыл портфелінің қорытындысы 539 млрд. теңге.

ШОБ кредиттеуде келесі үрдістер байқалды:

- Банктің ШОБ сегментін кредиттеу көлемдері тұрақты ұлғаюда. 2019 жылы ШОБ клиенттеріне берілген кредиттердің жалпы көлемі өткен жылмен салыстырғанда 7%-ға – 674,3 млрд. теңгеден 721 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.
- Банк ШОБ кредиттік портфелін жақсарту бойынша жұмыс жүргізуде, бұл 2019 жылдың басымен салыстырғанда, ШОБ проблемалық кредиттері портфелінің айтарлықтай төмендеуіне (24%-ға) және ШОБ кредиттерінің стандарттық (проблемалық емес) портфелінің ұлғаюына (24%-ға) әсерін тигізді.
- Банк құжаттамалық операциялар нарығында позицияларын нығайтуда. Осылайша, 2019 жылдың қорытындылары бойынша Банк шығарған өтелмеген (кепілмен қамтамасыз етілген) банктік кепілдіктер портфелі 2018 жылмен салыстырғанда, шамамен 12 %-ға, 47,3 млрд. теңгеден 53,1 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Өңірлер бойынша, 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, ШОБ-тың ең үлкен кредиттік портфелі былай берілген: Алматы ОФ – 11,2%, Қарағанды ОФ – 8,1%, Ақмола ОФ – 7,6%, Астана ӨФ – 7,3%, Шымкент ӨФ – 7,0%.




Банк 2019 жыл ішінде «Даму» қорымен бірлесіп ҚР-да кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттің бағдарламаларды іске асыруға белсенді қатысты және де қатысуын жалғастыруда.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын іске асыру қорытындылары бойынша қол қойылған жобалар саны 3 858 (субсидиялау шарты), субсидияланатын портфель көлемі 692,16 млрд. теңгені құрайды. Осы көрсеткіштердің әрқайсысы бойынша және тұтастай Halyk Bank бағдарламаға қатысушы банктер арасында тұрақты 1-орынды иеленіп келеді.

«Даму» қорымен ынтымақтастықтың тағы бір маңызды бағыттарының бірі Halyk Bank жеке кәсіпкерлік субъектілеріне беретін заемдар бойынша кепілдік беру бағдарламасы болып табылады. Осы бағдарлама іске қосылған сәттен бастап Halyk Bank клиенттерімен 1 591 кепілдік шарттарына қол қойылды, бұл бағдарлама шеңберінде шығарылған кепілдіктердің жалпы көлемінен 24%-ды (6 663 дана) құрайды, аталған көрсеткіш бойынша Банк бірінші орында. Банк «Даму» қоры кепілдіктерінің жиынтық көлемі бойынша бірінші орынды иеленген – Halyk Bank клиенттерінің үлесі 23,47 млрд. теңгені немесе аталған бағдарлама бойынша шығарылған кепілдіктердің жалпы сомасынан 23% құрады.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасынан бөлек, Банк «Даму» қорымен бірлесіп басқа да жеке кәсіпкерлікті кредиттеу бойынша бірқатар бағдарламаларға қатысады:

2014 жылдың сәуірінен бастап Өңдеу өнеркәсібі саласында қызмет ететін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан әрі – ШОКС) қолдау бағдарламасы бойынша 64 млрд. теңге бөлінді, Банктің қайталама игеруін есепке алып қатысқан кезеңде 210,1 млрд. теңге сомаға 5 001 жоба қаржыландырылды. Бөлінген және игерілген қаржының көлемі жағынан Halyk Bank үздіктердің үштігіне кіреді.

2016 жылдың мамырында «Даму» қоры мен жергілікті атқарушы органдарының қаражаты есебінен ШОКС-ты өңірлік қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асыруға қатыса бастады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Бағдарламаға Қазақстан Республикасының 14 облысы (Алматы, Ақтөбе, Атырау, Ақмола, Маңғыстау, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан) және Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласы қатысады. «Даму» қоры мен Банк арасында жалпы сомасы 22,5 млрд. теңгеге 64 келісім жасалды.

Бүгінгі күні Банк 64 келісімнің ішінен 56 келісім бойынша қаражатты бастапқы игеруді аяқтады. Шамамен 3,4 млрд. теңгеге жасалған 8 келісім бойынша бастапқы игеру бойынша белсенді жұмыс жалғасуда, оның ішінде 71%-ы игерілді.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банкте 14 облыста (Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Атырау), Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларына арналған 10,9 млрд. теңге орналастырылды, оның ішінде 4,7 млрд. теңге игеріліп қойды. Бұл ретте Банк орналастыру сомасы бойынша қазақстандық банктердің арасында 2 орынға ие.

2019 жылдың ішінде Банк Тұрғын үй салуды жекеменшік салушылардың қолға алуын ынталандыру бағдарламасы шеңберінде «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылыс бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырды.

2018 жылдың желтоқсанынан бастап Банк «Басым жобаларға кредит беру тетігі» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға қатыса бастады. Бүгінгі күні Банк кәсіпкерлерден 47,8 млрд. теңге сомасына өтінімдер қабылдады, Банк мақұлдаған сома 26,8 млрд. теңгені құрайды.

## Корпоративтік бизнес

2019 жылы Halyk Bank корпоративтік клиенттерге қызмет көрсететін өзінің қазақстандық жетекші банк ұстанымын кезекті рет растады. Жыл сайын Банк кредиттік портфельдің жоғары сапасын сақтап келеді. Қазақстан Республикасының банк секторында қалыптасқан жағдайда Halyk Bank корпоративтік клиенттерді қаржыландыруға қатысуды ұлғайтуға септігін тигізетін заемшылар тобына ең үлкен лимит, теңгедегі және валютадағы жоғары өтімділік сияқты айтарлықтай артықшылықтарға ие. Банк қолданыстағы ірі клиенттермен сәтті ынтымақтасуын жалғастырады және клиенттік базаны кеңейту жөнінде жұмыс жасап жатыр. Банк сапасы клиенттік сервисті, сонымен қатар клиенттердің қажеттіліктерін шешу үшін өнімдердің, қызметтердің және құралдардың кең саласын ұсынады. Тиімді клиенттік саясаттың негізгі индикаторы ең алдымен қызмет көрсетілетін клиенттер санының тұрақты өсуі болып табылады. Банкке деген сақталып келе жатқан сениімділік, клиенттік шоттарда қаражаттың ұлғаюымен, сондай-ақ қолданылатын банктік өнімдер санының ұлғюымен расталады. Қызмет көрсетудің сапасына қанағаттанушылықты және Банкке корпоративтік клиенттердің ниеттестігін білу үшін Банк жүргізген бірқатар сауалнамалар оның жоғары деңгейін және клиенттердің біздің банкті бизнестегі серіктестеріне ұсынуға дайын екенін растайды.

2019 жылы заңды тұлғалар үшін бірқатар беделділік іс-шарасы өткізілді, оның ішінде корпоративтік бизнес пен ШОБ секторының клиенттері үшін Бизнес-форум өткізілді, ол жерде қазақстандық компаниялардың бизнесін дамыту жөнінде стратегиялар мен құралдар, жаңа перспективті нарықтар мен салалар, нарық көшбасшылары мен даму институттары өкілдерінің салалық сараптамасы, тиімді бизнес үлгілері, клиенттердің жобаларын коллоборациялау бойынша мүмкіндіктерді, сонымен қатар Банкпен ықтимал бірлескен жобаларды құру талқыланды. 2020 ж. да экономиканың түрлі салаларын және қазақстандық даму институттарын білдіретін кәсіпкерлермен сарапшы қоғамдастық арасында тығыз іскерлік байланыстарды және серіктестік өзара қарым-қатынасты құру үшін алаң жасау мақсатында клиенттерге арналған жоғарыда аталғанға ұқсас іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

Банк Қазақстанның ірі компанияларының көпшілігімен бірге қызмет жасайды. Банктің корпоративтік клиенттері арасында – квазимемлекеттік сектордың компаниялар, нарықтың көшбасшысы болып табылатын жеке қазақстандық компаниялар, шетелдік қатысумен ірі компаниялар, сондай-ақ ҚР экономикасының түрлі саласының бизнестің ауқымы бойынша ең перспективалық, орташа компаниялар. Банк командасы жаңа өнімдерді әзірлеп және банк қызметі сапасын жақсарта отырып, екі мыңнан аса белсенді корпоративтік клиенттер үшін сервистер мен процестерді жетілдіреді.

Корпоративтік клиенттерге ұсынылатын негізгі өнімдердің ішінде кредиттеуді, сауданы қаржыландыру мен құжаттамалық операцияларды, есептік-кассалық қызмет көрсетуді, жалақылық жобаны, эквайринг қызметтерін, сондай-ақ «Halyk» тобының сақтандырудың барлық түрлері, брокерлік қызметтер, инкассациялау қызметтері және басқаларды ерекше атап өтуге болады.

Корпоративтік клиенттерге есептік-кассалық қызмет көрсету саласында Банк қашықтықтан қызмет көрсету технологияларына, заңды тұлғалар үшін Интернет-банкинг жүйесін жаңа функциялармен қамтуға бұрынғыша ерекше назар аударады. Корпоративтік клиенттердің көпшілігі үшін жүйенің мүмкіндіктері кәсіпорынның ұйымдық құрылымының жеке ерекшеліктерін, бизнестің өзгешеліктерін ескере отырып бапталған. Банк компаниялар тобының ақша ағындарын басқару және бақылау сызбаларын ұсынады. 2019 ж. заңды тұлғаларға арналған Onlinebank-те клиенттің ыңғайлылығы үшін «24/7 заңды тұлғалардың төлемдері», «контрагенттерді тексеру сервисі», «төлемдерді қабылдау үшін QR-код алу», «Onlinebank төлеміне шоттар шығару» және басқа да көптеген функциялар іске асырылған.

Банктің кредиттік портфелінің басым бөлігіне жататын корпоративтік клиенттерді кредиттеу бизнестің құрылымында жетекші орынға ие. Банк өз клиенттеріне: қамтамасыз ету/қамтамасыз етілмейтін кепіл, овердрафт нысаны, инкассацияланатын түсім, инвестициялық/операциялық қызметті қаржыландыру сияқты кредит берудің әр түрін ұсынады. Банктің мақсатты корпоративтік клиенттері – олардың кредиттік сапаларын жетекші рейтингтік агенттіктер растайтын ірі компаниялар, өз саласының көшбасшылары. Банк жаңа экономикалық жағдайға бейімделе отырып, жұмыс жасамайтын кредиттердің (NPL 90+) дәстүрлі төмен үлесін қолдап, Halyk Bank-тің кредиттік портфелін орынды ұлғайтуды жалғастырып келеді.

Корпоративтік бизнестің кредиттік саясатының 2019 жылғы негізгі мақсаты экономиканың баяу өсу жағдайында корпоративтік кредиттеу нарығында позицияларды ұстап тұру болды. Одан бөлек, есепті кезеңде Банк клиенттердің ниеттестігін қолдауға, проблемалық берешекті қысқартуға мониторингке, кредиттік тәуекелдерді талдау мен әртараптандыруға ерекше жоғары көңіл бөлді. 2019 жылы Банктің корпоративтік клиенттерін кредиттеудің негізгі қағидаттары мен талаптарты өзгеріссіз қалды: сенімді беделі мен жағымды кредиттік тарихы бар, қаржылық ахуалы тұрақты және төлемқабілеттігі жоғары корпоративтік клиенттерге берілді.

Банктің «Қазақстанның даму банкі» АҚ арқылы іске асырылатын ірі кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау бағдарламасына қатысуы жалғасуда. Банктің аталған бағдарламаға қатысуының жалпы сомасы 30,9 млрд. теңгені құрады, осылайша 2019 жылы бағдарлама аясында Ұлттық қор қаражатының есебінен дәрі-дәрмек, химия, тоқыма және азық-түлік өнеркәсібінде өнім өндіретін, мұнай өңдеу саласы үшін жабдық шығаратын, сонымен қатар құрылыс және майлау материалдарын өндіретін ірі кәсіпорындар қаржыландырылды.

2019 жылы бизнесті дамыту жоспарларына сәйкес Банк үшін жаңа өнім – факторингті ендіру басталды. 2020 жылы факторингтік бизнес көлемін ұлғайту жоспарлануда.

Тұтас, корпоративтік блок 2019 жылды жақсы нәтижелермен аяқтады, экономиканың тау-кен өнеркәсібі, телекоммуникация, бөлшек сауда-саттық, мұнай және ауыл шаруашылығы сияқты салаларды қаржыландыруға бірқатар ірі жобаларды іске асырды. Банк капиталының жоғары өтімділігі мен қорының мықты болуы, сонымен қатар клиенттерге қызметтердің аса толық топтамасын ұсыну және кең таралған өңірлік желілерді пайдалану корпоративтік салада нарықтың үлесін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

## Корпоративтік сектор портфелінің динамикасы (млрд. теңге)




2020 жылы Банк клиенттердің мүддесі үшін барлық «Halyk» тобының тәжірибесі мен мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету саласында көшбасшы орындарды сақтап қалуды жоспарлайды.

Бұдан бөлек, 2020 жылы Банк әрекеттегі клиенттермен әріптестікті дамытуға және қаржылық шешімдер кешенін ұсынып және «Halyk» тобы мүмкіндіктерін белсенді пайдаланып, клиенттер базасын ары қарай дамытуға бағытталған саясатты жалғастыруды, сонымен қатар «Halyk» тобының өнімдері мен қызметтерін пайдалануды ұлғайтуды жоспарлап отыр. Клиенттерге қызмет көрсетудің жоғары стандарттары тиімділігін арттыруға және қолдауға ерекше назар аударылатын болады.

2020 жылы корпоративтік бизнесті дамытудағы Банктің негізгі басымдықтары:

- өнімдік кредиттік желісін кеңейту, оның ішінде сатылымдар тізбегін қаржыландыру;
- транзакциялық желіні кеңейту және дамыту (есептік өнімдеры, кэш менеджмент, салалық шешімдер);
- заңды тұлғалар үшін ұсынылатын онлайн сервистерді дамыту;
- әлеуетті клиенттерді анықтау және белсенді сатылымдарды құру үшін нарық туралы салалар бойынша сараптамалық ақпаратты кеңейту.

## Еншілес ұйымдар

31.12.2019 ж. жағдай бойынша еншілес ұйымдардың активтері, млрд. теңге

| Еншілес ұйымның атауы | Активтер, млрд. теңге | Активтер бойынша нарықтың үлесі, % |
|---|---|---|
| «Халық Банк Грузия» АҚ | 71,3 | 1,09 |
| «Halyk Finance» АҚ* | 47,3 | 25 |
| «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ * | 18,6 | 10 |
| «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ ** | 149,4 | 15 |
| «Москоммерцбанк» КБ (АҚ) | 122,2 | 0,024 |
| «Халық Life» АҚ*** | 176,2 | 40 |
| «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ | 53,0 | 3,8 |
| «Халық Лизинг» АҚ | 6,6 | а/д |
| «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ | 21,5 | 3,3 |
| «Халық Инкассация» ЖШС | 4,5 | а/д |
| «Қазтелепорт» АҚ | 5,5 | а/д |
| «Halyk Finservice» АҚ | 0,5 | а/д |
| «Халық Жоба» ЖШС | 50,5 | а/д |
| «КУСА Халық» ЖШС | 74,8 | а/д |
| «Халық Актив» ЖШС | 45,8 | а/д |
| «Халық Актив 1» ЖШС | 29,3 | а/д |
| «Tenge Bank» АКБ | 14,8 | 0,1 |

*Активтер бойынша нарықтық үлесі инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар бойынша есептелген.

** активтер бойынша нарықтық үлесі жалпы сақтандыру компаниялары бойынша есептелген.

***активтер бойынша нарықтық үлесі өмірді сақтандыру компаниялары бойынша есептелген.

2019 жылы еншілес ұйымдардың Банкке төлеген дивидендтері

| Еншілес ұйымның атауы | Сомасы, млн. теңге |
|---|---|
| «Halyk Finservice» АҚ | 80 |
| «Halyk Инкассация» ЖШС | 1 936 |
| «Халық-Life» АҚ | 1 500 |
| «Halyk Finance» АҚ | 3 000 |
| «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ | 1 500 |
| «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ | 3 452 |
| «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ | 819 |
| БАРЛЫҒЫ | 12 286 |

## Банктік бизнес

### Еншілес банктер

«Halyk» тобы Ресейде, Қырғызстанда, Грузияда, Тәжікстан мен Өзбекстанда банктік операцияларды осы елдердің аумағындағы еншілес ұйымдары арқылы жүргізеді.

### «Халық Банк Грузия» АҚ

«Халық Банк Грузия» АҚ – бұл Грузияда тіркелген және корпоративтік секторға, ШОБ секторына және бөлшек секторға фокусталған коммерциялық банк. 2019 жылғы 31 желтоқсанда «Халық Банк Грузия» 5530 млн. лари (71 277 млн. теңге) мөлшерінде жалпы активтерге ие болды, несиелік портфелі (брутто мәні) 428,7 млн. лариді (57 652 млн. теңге) құрайды, меншікті капитал 123,2 млн. лари (16 570 млн. теңге) мөлшерінде қалыптасты. 2019 жылдың қорытындысы бойынша 11,27 млн. лари (1 516 млн. теңге) мөлшерінде таза табыс алынды.

2019 жылдың желтоқсан айында Fitch Ratings рейтингтік агенттігі «Халық Банк Грузия» АҚ эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін («ЭДР») «BB-» деңгейінен жағымды болжаммен «BB» деңгейіне дейін көтерді.

### «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ

«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ – бұл Қырғызстанда тіркелген, қызметтің түрі бойынша өзін әмбебап банк ретінде танытатын коммерциялық банк. 2019 жылғы 31 желтоқсанда «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ 9 663 млн. сом (53 048 млн. теңге) мөлшерінде активтерге ие болды, 2019 жылда активтердің ұлғаюы 36% немесе 2 568 млн. сомды (14 099 млн. теңгені) құрады. 2019 жылғы 31 желтоқсан жағдайына несиелік портфелі (брутто мәні) 6 301 млн. сомды (34 594 млн. теңге) құрайды, жылдық өсімі – 32,8%. Меншікті капиталы 2 346 млн. сом (12 880 млн. теңге) мөлшерінде құрылды, бір жылдағы өсім 713 млн. сом, о.і. 600 млн. сом желтоқсанда жүргізілген үстеме капиталдандыру есебінен орын алды. 2019 жылғы қызметтің нәтижелері бойынша 112,8 млн. сом (619,4 млн. теңге) мөлшерінде таза табыс алынды.

2019 жылғы ақпанда Қаракөл қаласында жаңа филиал ашылды, ол 2019 жылғы 10 айдың қорытындылары бойынша табысты жұмыс істеп, кредит беру көлемі бойынша жоспарларды артық орындап келеді.

Бүгінгі күні «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ-тың Бішкек қаласында төрт филиалы, ірі облыстық және аудандық орталықтарда 6 филиалы бар.

### «Москоммерцбанк» КБ (АҚ)

«Москоммерцбанк» КБ (АҚ) – 2001 жылы құрылған әмбебап банк, банк өнімдерінің, корпоративтік және жеке клиенттерге қызмет көрсетудің, қаржы институттарының кең шоғырын ұсынады. Оның қызметінің басым бағыттары шағын және орта бизнес кәсіпорындарын кредиттеу, корпоративтік сектор, банктік кепілдіктерді шығару бойынша жұмыс, сауда-сервис орындарындағы эквайринг және бөлшек бизнес болып табылады.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аудиттелген есептіліктің деректері бойынша активтер 19 843 млн. рубльді (122 233 млн. теңге) құрады, несиелік портфель (брутто мәні) 10 916 млн. рубльді (67 241 млн. теңге), меншікті капитал 3 739 млн. рубльді (23 035 млн. теңге) құрады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша банк 98,0 млн. рубль (580 млн. теңге) мөлшерінде пайда тапты.

### «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ

«Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ – Тәжікстандағы әмбебап банк. 2019 жылғы 31 желтоқсанда «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ активтері 544 млн. сомониді (21 493 млн. теңге), меншікті капиталдың жалпы сомасы 111,6 млн. сомониді (4 409 млн. теңге) құрады. Несиелік портфель (брутто мәні) 2019 жылғы 31 желтоқсанда 55,3 млн. сомони (2 185 млн. теңге) құрады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша банк 12 млн. сомони (482,6 млн. теңге) мөлшерінде таза пайда алды. 2019 жылы жаңа Colvir АБЖ, 1С жүйесі, Bonita жүйесі ендірілді.

«Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ пластик карталармен қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемі бойынша Тәжікстан нарығында айтарлықтай үлеске ие. Сонымен 2019 жыл қорытындылары бойынша нарықтағы үлесі 46,8% құрады.

### «Tenge Bank» АКБ

«Tenge Bank» АКБ – Өзбекстандағы әмбебап банк. 2019 жылғы 31 желтоқсанда «Tenge Bank» АКБ активтері 366,8 млрд. сумды (14 783 млн. теңге), меншікті капиталдың жалпы сомасы 115,2 млрд. сумды (4 642 млн. теңге) құрады. Несиелік портфель (брутто мәні) 2019 жылғы 31 желтоқсанда 136,5 млрд. сумды (5 503 млн. теңге) құрады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша банкке 2,8 млрд. сум (122,7 млн. теңге) мөлшерінде зиян келді. «Tenge Bank» АКБ қызметінің басталғанына бір жыл болған жоқ.

## Сақтандыру нарығы

### «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ

Банктің «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ еншілес сақтандыру компаниясы – бұл экономиканың көптеген секторларында жеке және заңды тұлғалардың барлық санаттарына негізгі сақтандыру қызметінің толық топтамасын ұсынатын, жалпы сақтандыру бойынша компания.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ Қазақстандағы ең ірі жалпы сақтандыру компанияларының бірі болып табылады (активтер бойынша 2-орын және меншікті капитал бойынша 4-орын).

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның активтері 149,4 млрд. теңгені құрады, бұл нарықтағы 15%-ға сәйкес келеді. 2019 жылы компанияның таза кірісі 6,8 млрд. теңгені құрады. 2019 жылғы компания қызметінің қорытындысы бойынша сақтандыру сыйақылары 59,4 млрд. теңге мөлшерінде жиналды, бұл жалпы сақтандыру нарығының 19,8%-ын құрайды (бұзушылықтарды ескермегендегі нарық).

2019 жылғы желтоқсанда A.M.BEST халықаралық рейтингтік агенттігі компанияның қаржылық тұрақтылық рейтингін және ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «B++» деңгейінде және эмитенттің кредиттік рейтингін «bbb» деңгейінде растады. Рейтингтер болжамы – тұрақты.

### «Халық-Life» АҚ

Банктің өмірді сақтандыру жөніндегі «Халық-Life» АҚ еншілес компаниясы аннуитеттік сақтандыру өнімдерін, жазатайым оқиғалардан сақтандыруды және сырқаттанған жағдайға байланысты сақтандыруды қоса, сондай-ақ клиенттерге сатудан кейінгі сервис ұсыну бойынша мамандандырылған бөлімше және меншікті мамандардырылған авторлық IT-бағдарламалары сүйемелдейтін бірегей сақтандыру өнімдерін қоса, өмірді сақтандыру бойынша өнімдердің ең кең ассортиментін жеке сақтандырудың көп түрін ұсынады.

2019 жылдың қорытындылары бойынша «Халық-Life» АҚ сақтандыру компанияларының арасында барлық негізгі көрсеткіштер бойынша көшбасшы позицияны ұстап тұр. Активтері 176,2 млрд. теңгені құрады, ол нарық үлесінің 40% құрайды, меншікті капиталының мөлшері 29,1 млрд. теңгені құрады, ол ӨСК нарығы бойынша жиынтық капиталдың 37% құрайды. 2019 жылы өмірді сақтандыру жөнінде екі жаңа компания пайда болғанын атап айту қажет. Сақтандыру сыйлықақыларының көлемі бойынша «Халық-Life» АҚ 69,7 млрд. теңге көлемімен 39% үлеске ие.

2019 жылғы наурызда A.M.BEST халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстандағы өмірді сақтандыру жөнінде компаниялардың арасында ең үздігі болып табылатын «Халық-Life» АҚ-тың қаржылық тұрақтылық рейтингін B+ және кредиттік рейтингін «bbb-» деңгейінде растады.

## Инвестициялық бизнес

### «Halyk Finance» АҚ

«Halyk Finance» АҚ Қазақстанда жетекші инвестициялық банктердің бірі болып табылады. Компания клиенттерге брокерлік қызмет көрсету, активтерді басқару, нарықтар мен эмитенттерді зерттеу және талдау, консалтинг пен андеррайтинг бойынша қызметтердің кең ауқымын ұсынады.

2019 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Finance» АҚ-тың активтері 47,3 млрд. теңгені, меншікті капиталы 22,1 млрд. теңгені құрады. 2018 жылы «Halyk Finance» АҚ 4,7 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда алды.

«Halyk Finance» АҚ-тың меншікті инвестициялық портфелі 2018 жылдың 31 желтоқсанында 45,4 млрд. теңгені құрады. Брокерлік қызмет көрсетудегі клиенттердің бағалы қағаздарының жиынтық портфелі 2019 жылдың 31 желтоқсанында нарықтық құны бойынша 224,7 млрд. теңгені құрады. 2019 жылдың 31 желтоқсанында басқарудағы активтер мөлшері 260,3 млрд. теңгені құрады.

Компанияның қызметі 2019 жыл қорытындысы бойынша әйгілі ақпарат агенттіктерінен және Global Finance, Cbonds, EMEA Finance, Global Business Outlook, Finance Asia секілді беделді баспалардан «Қазақстанның Үздік Инвестициялық Банкі» марапаттарымен тағы да бір мәрте марапатталды.

### «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ Қазақстандағы жетекші инвестициялық банктердің бірі болып табылады. Компания капитал нарығында брокерлік қызмет көрсету, инвестициялық портфельді басқару, бағалы қағаздарды шығару және орналастыру мәселелері жөнінде қаржылық кеңес беру, аналитикалық зерттеулер бойынша қызметтердің кең ауқымын ұсынады.

2019 жылдың 31 желтоқсанында «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-тың активтері 18,6 млрд. теңгені, меншікті капиталы 18,4 млрд. теңгені құрады. 2019 жылы «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ 2,2 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда алды.

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-тың меншікті инвестициялық портфелі 2019 жылдың 31 желтоқсанында 18,3 млрд. теңгені құрады. Брокерлік қызмет көрсетудегі клиенттердің бағалы қағаздарының жиынтық портфелі 2019 жылдың 31 желтоқсанында нарықтық құны бойынша 100,1 млрд. теңгені құрады.

Компанияның қызметі 2019 жылы әйгілі ақпарат агенттіктерінен және Global Finance, International Finance Awards секілді беделді баспалардан бірнеше марапаттармен тағы да бір мәрте марапатталды.

## Ақпараттық-коммуникациялық бизнес

### «Қазтелепорт» АҚ

АО «Қазтелепорт» предоставляет широкий спектр инфокоммуникационных услуг, в том числе «Қазтелепорт» АҚ Halyk Bank және оның еншілес ұйымдары үшін: POS-терминалдарға техникалық қызмет көрсету, шығыс материалдарын, телекоммуникациялық және серверлік жабдықты жеткізу, Банктің өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларына техникалық қызмет көрсету, ақпаратты сақтау, беру және қорғау қызметтері сияқты ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің толық ауқымын ұсынады.

2019 жылы Компания Нұр-Сұлтан қ., Абай к-сі, 24 мекенжайында коммерциялық ДӨО салды, ДӨО-ға клиенттердің жабдықтарын орналастыру қызметтеріне PCI DSS сертификатын алды, өндірістік пайдалануға Банктің өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларына сервистік қызмет көрсету бойынша Service Desk IQ жүйесі іске қосылды, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ақпаратты жаюдың техникалық арналарын және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы құралдарды анықтау жөнінде қызметтер көрсетуге Мемлекеттік лицензиясын алды.

2019 жылдың 31 желтоқсанында активтер 5 460 млн. теңгені, меншікті капиталы 4 092 млн. теңгені, 2019 жылы таза табысы 937,6 млн. теңгені құрады.

### «Halyk Finservice» АҚ

«Halyk Finservice» АҚ – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың еншілес ұйымы, ол деректерді өңдеу және сақтау бөлігіндегі процессингке технологиялық қолдауды, атап айтқанда, банктің және агент банктердің карта ұстаушылары карталық операцияларды жүргізу барысында жасақталатын деректерін жинаумен, өңдеумен және сақтаумен байланысты қызметтерді қамтамасыз етеді.

2019 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Finservice» АҚ активтері 521 млн. теңгені, меншікті капиталы 459 млн. теңгені құрады, 2019 жылдың қорытындысы бойынша «Halyk Finservice» АҚ 172,7 млн. теңге мөлшерінде таза пайда алды.

## Инкассаторлық қызметтер нарығы

### «Halyk Инкассация» ЖШС

Банкноттар, монеталар мен құндылықтарды инкассалау қызметі нарығында көшбасшы, еліміздегі ең ірі инкассаторлық ұйым «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Инкассация» еншілес ұйымы» ЖШС «Halyk» қаржылық тобында бір жағынан клиенттерге өз бетімен қызмет көрсететін еншілес компаниялардың бірі ретінде орын иеленсе, екінші жағынан Банктің сату арналарын қолма-қол ақшамен қамтамасыз ете отырып жайғасты.

2019 жылдың 31 желтоқсанында Компанияның активтері 4 492,9 млн. теңгені, меншікті капиталы – 191,2 млн. теңгені, жарғылық капиталы – 406,5 млн. теңгені құрады. 2019 жылы «Halyk Инкассация» ЖШС-тың таза табысы 2 084 млн. теңгені құрады.

«Halyk Инкассация» ЖШС-тың филиалдар желісінің құрамына клиенттерге инкассациялау қызметтерін барлық облыстық, аудандық орталықтарда, ірі және шағын қалаларда, яғни ҚР барлық аумағында көрсететін Қалалық инкассациялау басқармасы (Алматы қ.), 18 филиал, 36 бөлімше кіреді. Компанияның материалдық-техникалық базасы ең заманауи талаптарға сәйкес келеді. Құндылықтар арнайы брондалған автокөліктермен ғана тасымалданады, олардың қозғалысы GPS-мониторинг жүйесі арқылы бақыланып отырады. Компания іске асыратын инкассация операциялары Lloyd's сақтандыру нарығында тәуекелдерді сақтандыра отырып, қаржылық тұрақтылығы АА- төмен емес рейтингі бар бірінші санатты сақтандыру ұйымдарында сақтандырылған.

## Стрестік активтерді басқару ұйымдары және басқа компаниялар

Компания қызметінің негізгі мақсаты Банктен заемдық қаражат есебінен күмәнді және үмітсіз активтерді сатып алу арқылы Банктің несие портфелін сауықтыру, активтерді сапалы басқару және «Halyk» тобының кредиттік шығынын азайту үшін оларды оңалту және Банк алдындағы компаниялардың міндеттемелерін толық өтеу болып табылады.

2019 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk» тобының күмәнді және үмітсіз активтерін басқару жөніндегі компаниялардың активтерінің жалпы сомасы 201,9 млрд. теңгені құрады.

### «Халық Жоба» ЖШС

«Қазақстан Халық Банкінің күмәнді және үмітсіз активтерді басқару жөніндегі «Халық Жоба» еншілес ұйымы» ЖШС Halyk Bank-тің еншілес ұйымы 2012 жылы құрылды. «Халық Жоба» ЖШС ҚР қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды. Halyk Bank күмәнді және үмітсіз активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйымды құру туралы реттеушінің келісімін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердің ішінен бірінші болып алды.

2019 жылы Банк 4,9 млрд. теңге сомаға 14 актив табыстады. 2019 жылдың 31 желтоқсанында активтердің портфелі 50,5 млрд. теңгені құрады.

Активтерді өткізуден және қызметтерді көрсетуден алынған кіріс сомасы 2019 жылы 26,8 млрд. теңгені құрады. Компанияның негізгі қызметінен операциялық пайда 4,8 млрд. теңгені құрады.

### «КУСА Халық» ЖШС

Halyk Bank-тың «КУСА Халық» ЖШС еншілес ұйымы 2013 жылы ҚР қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды.

2019 жылы Банк 225,8 млрд. теңге сомасына 16 активті берді. 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер портфелі 74,8 млрд. теңгені құрады.

Активтерді сатудан және қызметтерді көрсетуден түскен кірістің сомасы 2019 жылы 10,8 млрд. теңгені құрады. Компанияның негізгі қызметінен түскен операциялық пайда 2,9 млрд. теңгені құрады.

### «Халық Актив» ЖШС, «Халық Актив 1» ЖШС

«Халық Актив» ЖШС және «Халық Актив 1» ЖШС еншілес ұйымдары (бұдан әрі – компаниялар) 2013-2014 жылдары ҚР қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды.

2019 жылы Банк 8,8 млрд. теңге сомасына 5 активті берді. 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер портфелі 75,2 млрд. теңгені құрады.

Активтерді сатудан және қызметтерді көрсетуден түскен кірістің сомасы 2019 жылы 30,6 млрд. теңгені құрады. Компанияның негізгі қызметінен түскен операциялық пайда 7,4 млрд. теңгені құрады.

### «Халық-Лизинг» АҚ

«Халық-Лизинг» АҚ Қазақстан Республикасындағы алғашқы лизингтік компаниялардың бірі болып табылады. «Халық-Лизинг» АҚ-тың мәлімделген негізгі қызметі арнайы техниканы, оның ішінде ауыр және өзге құрылыс, жол-құрылыс техникасын, өндіріс жабдығын, мұнай жабдығын, өндіру және тау-кен өндіру жабдығын, ауылшаруашылық техникасын және жабдығын, жүктерді және жолаушыларды тасымалдауға арналған коммерциялық көлік құралдарын және т.б. сатып алу және қаржы лизингіне беру болып табылады.

2019 жылдың қарашасында Halyk Bank лизингтік қызметті қалпына келтіру туралы шешім қабылдады. 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Халық-Лизинг» АҚ-тың активтері 6 564 млн. теңгені құрады.



# 13

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

# Тәуекелдерді басқару

Топтың тәуекел-менеджмент саласындағы саясаты Топ қызметінің ауқымы мен сипатына, ол қабылдайтын тәуекелдердің бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ бизнесті одан әрі дамыту сұранысына жауап беретін тәуекелдерді басқарудың біртұтас жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Топ тәуекелдерді анықтау, оларды басқару, сондай-ақ бағалау және бақылау әдістерін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жоспарлы түрде және бірізді жүзеге асыра отырып, тәуекелдерді басқару жүйесін дамытуды одан әрі жалғастыруда.

2019 жылдың 2-жарты жылдығында ҚРҰБ Қазақстан Республикасының банк саласы активтерінің сапасына бағалау жүргізді (AQR/Asset Quality Review). AQR тексеруінің ауқымына банк активтерінің жалпы көлемінен 87% және несие портфелінің 90% үлесі тиесілі ең ірі 14 банк кірді. Бағалаудың шынайылығын және әділдігін қамтамасыз ету үшін ҚРҰБ AQR-ді халықаралық консультантпен және тәуелсіз аудиторлық компаниялармен бірлесіп жүргізді. Қазақстанның банк саласының жай-күйін зерттеу ХҚЕС9 сәйкес келетін Еуропа Орталық Банкінің әдістемесіне сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және пруденциалдық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.

AQR процесі 2 сатыдан тұрады. 1-саты шеңберінде 2-саты шеңберінде егжей-тегжейлі талдау жасау үшін портфель таңдау рәсімі жүргізілді. 2-саты, бухгалтерлік есеп және пруденциалдық реттеу саласындағы стандарттарды қолданудан бастап кредиттік досьелерді егжей-тегжейлі талдау мен портфельдер деңгейінде провизияларды есептеу үлгілерін бағалауға дейін банк саласының түрлі аспектілеріне бағалау жүргізілген 9 бір-бірімен байланысты жұмыстар блогынан тұрды. AQR есеп беру күні – 2019 жылғы 1 сәуір белгіленді, барлық талдау осы күндегі жағдай бойынша деректер негізінде жүргізілді.

ҚРҰБ жариялаған активтердің сапасын бағалау қорытындыларына сай 2019 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша шоғырландырылған негізде (барлық қатысушы банктердің нәтижелерін агрегациялау) капитал жетіспеушілігі байқалған жоқ; k1 және k2 нормативтері AQR бағдарламасының нәтижелерін ескере отырып, жүйелік деңгейде артығымен орындалып отыр.

Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және пруденциалдық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес, сонымен қатар ХҚЕС9 талаптарын ескере отырып жүргізетінін есепке алғанда, Банк үшін AQR жеке нәтижелері Банктің қаржылық жай-күйіне және тұрақтылығына айтарлықтай ықпал еткен жоқ. Сонымен, реттеушінің деректеріне сай Банк активтері мен капиталының құнын түзету 2019 жылдың 1 сәуірі жағдайына 18,9 млрд. теңгені құрауы керек еді, бұл ретте аталған бағалау AQR тексеруінің күнінен басталған кезеңде орын алған Банк портфеліндегі және нарықтық ортадағы өзгерістерді ескермейді. Бұған қоса 2019 жылға Банктің қаржылық көрсеткіштері AQR нәтижелері бойынша реттеуші анықтаған активтердің құнын түзету бойынша өзгерістердің маңызды бөлігінен тұрады.

Ұлттық Банк ұсынған AQR нәтижелері Банк активтерінің сапасын растады. Бағалауда қолданылған амалдардың жоғары консерватизміне қарамастан, алынған нәтижелер Банк капиталының жеткіліктілігіне және қаржылық нәтижелеріне әсер етпейді. AQR нәтижелері Қазақстанның банк нарығындағы өз клиенттері үшін сенімді әрі мықты серіктес ретіндегі қаржы институты ұстанымын әділ көрсете отырып, Halyk Bank-тың өсу және даму стратегиясының дұрыстығын тағы бір рет дәлелдейді.

## 1) Кредиттік тәуекелдерді басқару

Кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Банкте тәуекел-менеджмент жүйесі және сату мен тәуекелдерді басқару функцияларының бөлінуін ескеретін қолданыстағы бизнес-процестер енгізілді, кредиттік тәуекелдерді бағалауға және басқаруға қатысатын алқалы органдар мен бөлімшелерді қамтитын кредиттік тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымы жасақталды.

Банкте кредиттік тәуекелдерді басқару мыналар арқылы жүргізіледі:

- «үш жолды қорғаныс» – бастама жасайтын бөлімшенің кредиттік тәуекелді бастапқы талдауы және тәуекелдерді басқару бөлімшесінің талдауы, ішкі аудит бөлімшесі тарапынан бақылау;
- (кредиттік) операциялар немесе өнімдер түрлеріне байланысты контрагенттерге лимиттер белгілеу;
- заемшылар, салалар және географиялық деңгейде тәуекелдіктің шамадан тыс шоғырлануын болдырмау мақсатында кредиттік портфельді әртараптандыру;
- ерте кезеңде сапаның нашарлауын сәйкестендіру үшін кредиттік портфельге мониторинг жүргізу;
- барабар резервтерді мүмкін болатын ысырапқа жасақтау.

Банкте кредиттік шешімдерді қабылдау жүйесі Директорлар кеңесінің тиісті алқалы органдарға белгілі бір өкілеттіктерді беруіне және әрбір орган үшін қаржыландыру лимиттерін белгілеуіне негізделеді. Корпоративтік заемшылар бойынша өтінімдерді қарауды КД жүзеге асырады. КД-ның өкілеттігінен асатын кредиттік өтінімдер, сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынастармен байланысқан тұлғалармен жасалатын мәмілелер әрі қарай Директорлар кеңесінің бекітуін талап етеді. ШОБ заемшылары бойынша өкілеттіктер ШБ ШКО-ға/ФКК-не және ФЖКК-не берілген, бөлшек қаржыландыру мәселелері бойынша – ШКО-ға және БКК-не берілген. Стандартты кепілсіз бөлшек өтінімдер бойынша кредиттік шешімдерді қабылдау автоматтандырылған андеррайтинг, ішкі және сыртқы базалар бойынша тексерулер, өтініш берушінің скорингтік бағасы және т.б. кіретін арнаулы бағдарламалық модуль арқылы іске асырылады. Стандартты емес кепілсіз өтінімдер ШКО/БКК арқылы кредиттік мақұлдау процедурасына жатады.

Еншілес банктердің кредит комитеттеріне оның аясында шешімдер қабылданатын белгілі бір өкілеттіктер берілген. Банк мерзімді негізде мониторинг жүргізеді және, қажет болған жағдайда, еншілес банктердің кредит комитеттерінің өз бетімен шешім қабылдауының және өкілеттіктерінің лимиттерін қайта қарастырады.

2019 жылы Бөлшек бизнестің кредиттік өнімдері бойынша шешімдер қабылдау стратегиясын автоматтандыруға бағытталған Fico Blaze Decision manager бағдарламалық жасақтамасы ендірілді. 2020 жылы аяқтау жоспарланған аталған модульге бөлшек кредит беру процестері бойынша бизнес-логиканы көшіру жұмысы басталды.

Банктің даму стратегиясына және ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейін сипаттайтын негізгі өлшемдер қайта қаралды және толықтырылды, олардың сәйкестігіне Банк бақылау жасайды. ШБ ШКО, ФКК/ФЖКК орта және шағын бизнес бойынша бизнес мақсаттарға өз бетінше кредит берудің жаңа лимиттері бекітілген және ШОБ кредиттік процесі оңтайландырылған.

2019 жылы ШОБ цифрлық өнімдері кредиттік тәуекелдерінің басқармасы құрылды, ол Банктің тәуекел-тәбетінің және реттеушілік талаптар шеңберінде ШОБ-қа кредит берудің цифрлық өнімдерін және бизнес-процестерін әзірлеумен және сүйемелдеумен айналысады.

Сыртқы және ішкі нарықтарда макроэкономикалық жағдайдағы жағымсыз өзгерістердің ықпал ету тәуекеліне Банктің ұшырағыштығын бағалау, сондай-ақ стрестік сценарийлерді жүзеге асырудан болатын әсерді анықтау (провизиялар деңгейі, кредиттік рейтингтердің миграциясы, жұмыс істемейтін заемдардың үлесі) мақсатында Банк кредит портфелінің стресс-тестілеуін мерзімді жүргізіп отырады. 2019 жылы мұнай бағасының және ЖІӨ деңгейінің төмендеуі бойынша консервативті болжамдарды қолдану арқылы стресс-тест жүргізілді, нәтиже капиталдың активтер сапасының төмендеуіне тұрақты екенін көрсетті.

Дефолттың ықтималдығын бағалау үшін/КБ және ОБ клиенттері бойынша онымен ұқсас рейтинг үшін Банкте қолданылатын Risk Analyst рейтингтік үлгісі заемның құнсыздану критерийлерінің біреуін анықтау үшін, сондай-ақ жеке маңызды заемдар бойынша стресс-тестілеу жүргізу кезінде кеңінен

пайдаланылады. Рейтингтік үлгіні өзекті күйінде ұстап тұру, сонымен қатар Банктің үлгі жұмысының сапасын тұрақты негізде жақсартып отыруы мақсатында оны валидтеу жүргізіледі; 2019 жылы Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі өкілдерінің қатысуымен үлгіні валидтеу жүргізілді, 2020 жылы Банктің кредиттік процесіне валидтелген үлгіні ендіру жоспарланған.

2019 жыл ағымында проблемалық берешекпен, кепіл мүлкін сату арқылы өтеуді қамтамасыз ету, кінәрат-талап қою жұмысы, КАБҰ басқармасына активтерді беру, сонымен қатар үмітсіз берешекті есептен шығару жұмыстары жалғасты. Жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде мерзімі өткен берешек үлесі төмендеді.

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Halyk» тобының несиелік портфелінің құрылымында елеулі меншікті салмақты бөлшек заемдар – 26 % (оның ішінде 19 % – тұтынушылық заемдар және 6 % – ипотекалық заемдар) алады. Салалар бойынша едәуір үлесті қызмет (14 %), көтерме сауда (10 %), жылжымайтын мүлік (7 %), бөлшек сауда (7 %) және мұнай мен газ (5%) секторына берілген заемдар иеленеді.

### Экономика секторлары бойынша «Halyk» тобының несиелік портфелінің құрылымы, %

**2019 жылғы 31 желтоқсан**




**2018 жылғы 31 желтоқсан**




## 2) Активтерді/пассивтерді басқару

«Тәуекел-табыстылық» арақатынасын басқаруға теңдестірілген амалды қамтамасыз ететін банктік активтердің оңтайлы құрылымын жасақтау мақсатында Топ ішкі және сыртқы активтерге банктік өнім түрлері, экономика сегменттері, валюта түрлері және өтеу мерзімдері бойынша әртараптандырылған салымдарды іске асырады.

### 2019 жыл үшін Топ активтерінің құрылымы былайша көрсетілген:

«Halyk» тобы активтерінің құрылымы, %

**2019 жылғы 31 желтоқсан**




**2018 жылғы 31 желтоқсан**




2019 жылы «Halyk» тобының активтері 3,1%-ға өсті. Есепті кезең үшін баланс валютасының өсуіне ең басты нетто негізде несиелік портфельдің – 271,4 млрд. теңгеге (7,8%-ға), бағалы қағаздар портфелінің – 20 млрд. теңгеге (0,7%) ұлғаюы ықпал етті. Несиелік портфель «Halyk» тобы активтерінің құрылымының ең ірі бабы болуын жалғастыруда, 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның үлесі 40,6% құрады. Баланс құрылымындағы өзге ірі баптар – бағалы қағаздар портфелі, сондай-ақ үлесі активтер құрылымда сәйкесінше 32,5% (бағалы қағаздардың сауда және инвестициялық портфелі) және 18,0% құрайтын ақшалай қаражат пен оның баламалары болып табылады.

Топ контрагент-банктер үшін әрекет ететін қолданыстағы лимиттердің ағымдағы позициясының Топтың тәуекел-профиліне сәйкестік тұрғысынан тұрақты мониторинг жүргізіп отырады. Контрагент-банктердің және/немесе олар операция жүргізетін елдердің қызметінде жағымсыз факторлар анықталған жағдайда, Топ жедел тәртіпте белгіленген лимиттердің мерзімі мен мөлшерін қысқарту бойынша түзету шараларын жүргізді.

Сондай-ақ өтімділікті басқару мақсатымен Топ белгілі бір мерзімге тартылған ресурстарды және талап етілгенге дейінгі қаражатты қамтитын пассивтердің тұрақты әрі әртараптандырылған құрылымын қолдайды.

### Топтың 2018 және 2019 жж. міндеттемелерінің құрылымы мынадай:

Топ міндеттемелерінің құрылымы, %




Топ міндеттемелерінің көлемі айтарлықтай өзгерген жоқ, бұл ретте пассивтер құрылымының өзгеруі байқалады: клиенттер қаражатының үлесі қатты төмендеп жатқан жоқ, алайда клиенттік қорландыру міндеттемелер құрылымында ең үлкен меншік үлесіне ие болуын жалғастыруда, ол 2018 жылғы 2,7%-ға қарағанда 80,8%-ды құрады.

2019 жылы Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры АҚ (бұдан әрі – ҚДКҚ) Директорлар кеңесі жеке тұлғалардың жаңадан тартылатын депозиттері бойынша Шекті сыйақы мөлшерлемелерін есептеу әдістемесіне өзгерістер енгізгенін айта кету керек.

2019 жылы қыркүйектен бастап:

1) ҚДКҚ депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелерді бұрынғыдай тоқсан сайын емес, ай сайын жариялайды,

2) Шекті сыйақы мөлшерлемесін есептеген кезде ҚДКҚ екі мәннің біріне: сыйақының орта өлшемді нарықтық мөлшерлемесіне немесе Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесіне – салымның мерзімі мен түріне байланысты сүйенеді.

Осылайша, мерзімді емес депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі базалық мөлшерлемеге тең және қолданылатын мөлшерлемеге және депозит түріне байланысты пайыздық тармақтардағы тіркелімді мәнмен анықталатын спрэд.

### Топ клиенттерінің қаржысы, млрд. теңге




Ішкі нарықтан қорландыруды тартуға көздеу Банкке клиенттердің қаржысын тарту бойынша нарықтағы көшбасшы позицияларды сақтап қалуға мүмкіндік берді. Осылайша, 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Halyk Bank 34,0% (2018 жылдың аяғында 37,9%) жиынтықты үлесі бар жеке тұлғалардан, сонымен қатар 37,6% (2018 жылдың аяғында 39,1%) үлесі бар заңды тұлғалардан тартылған қаржының көлемі бойынша нарықта көшбасшы болып табылады.

### Нарықтағы үлестері бойынша Halyk Bank клиенттерінің депозиттері, %

Банктің өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығын бағалау мақсатында Банктің өтімділік жағдайына шоғырланумен клиенттер қаржысының жылыстауына ықпалы бойынша Банк үнемі стресс-тестілеу, сондай-ақ ҚРҰБ-нің сценарийі мен параметрлері бойынша жыл сайынғы bottom-up стресс-тестілеуді жүргізеді.



## 3) Нарықтық тәуекелдерді басқару

2019 жылы Банк барлық валюталарда бейтарап позиция ұстана отырып, валюталық позицияларды басқаруда консервативтік саясатын одан әрі жалғастырды.

Теңгедегі активтердің меншікті салмағы 2018 жылы 60,9% салыстырғанда Топтың активтерінен 57,7% құрады.

Топтың депозиттік базасының қоры валюталар бөлінісінде клиенттердің теңгедегі қаражатының 46,5% өсуі есебінен айтарлықтай өзгерген жоқ.

### «Halyk» тобының қаржылық активтері, валюталар бөлінісінде, %




### «Halyk» тобының несиелік портфелі (нетто), валюталар бөлінісінде, %




### «Halyk» тобы клиенттерінің қаражаты, валюталар бөлінісінде, %




Топ пайыздық тәуекелдің мынадай көздерін айқындайды: бағалы қағаздардың портфелі бойынша пайыздық тәуекел, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне (сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі) сезімтал активтер мен пассивтерді өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуі (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау) салдарынан туындайтын пайыздық тәуекел. Топ оң пайыздық маржаны қамтамасыз ете отырып, пайыздық мөлшерлемелер бойынша Топтың позициясын басқару арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін және нарықтық тәуекелді басқарады.

Пайыздық тәуекелді бағалау үшін, кірістілік ауытқымасы мөлшерлемелерінің динамикасын және активтердің/пассивтердіңдюрациясынескереотырып, меншіктікапиталдыңпайыздықмөлшерлеменің өзгерісіне сезімталдығын бағалауды шамалайтын үлгі шеңберінде пайыздық тәуекелге тиісті лимит белгіленген – нарықтық пайыздық мөлшерлемелер өзгерген кезде капитал сезімталдығының ең жоғары деңгейі.

Нарықтық тәуекелдің (валюталық, пайыздық, бағалық) мөлшерін шектейтін ішкі лимиттерді уәкілетті органдар рұқсат етілген тәуекел деңгейінің бекітілген мөлшері аясында белгіленеді, олардың сақталуына мониторинг күнделікті жүргізіліп отырады. Белгіленген лимиттердің мөлшері Топтың тәуекел-тәбеті мен нарықтық талаптарға өзектілігі мен сәйкестігіне үнемі қайта қаралып отырады.

## 4) Операциялық тәуекелдерді басқару

Банк өз қызметі барысында операциялық тәуекелге тап болу ықтималдығы бар. Барабар емес немесе жеткіліксіз ішкі үдерістер, адам ресурстары және жүйелер немесе сыртқы оқиғалардың салдарынан шығындардың пайда болу ықтималдығы, соның ішінде құқықтық тәуекелді (стратегиялық және беделден айырылу тәуекелін қоспағанда) қоса алғанда операциялық тәуекелді білдіреді.

Банктің Тәуекел-менеджмент қызметі құрамындағы операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше өз қызметінде операциялық тәуекел-менеджменттің мынадай алуан түрлі құралдарын жасап қолданады:

- Банкте жаңа өнімдерді/қызметтерді, жүйелер мен бизнес-процестерді енгізген кезде немесе қолданыстағы өнімдерге/қызметтерге, жүйелер мен бизнес-процестерге елеулі өзгерістер енгізген кезде операциялық тәуекелдің бар-жоқтығын бағалау жұмыстары жүргізілуде. «ORAP» құралы толық жұмыс істейді және 2010 жылдан бері Банк қызметінің маңызды салаларын қамтып, кең пайдаланылады. 2019 жылы «ORAP» құралы жеке/заңды тұлғаларға қашықтықтан қызмет көрсету, жаңа сату арналарын, қызметтер мен өнімдерді енгізу, кредиттеу, шоттарды ашу, клиент

тік сервис рәсімдерін автоматтандыру процестерін оңтайландыру және т.б. сияқты қызметтер бағытын қамтыды;

- Банктің операциялық тәуекелдері жүзеге асырылатын оқиғаларды жинақтау және талдау ұдайы жүргізіліп отырады. Операциялық тәуекелдердің оқиғалары тіркеледі және ондағы ақпарат бұдан әрі операциялық ысырапты тұтастай азайту бойынша түзету іс-шараларын талдау және қабылдау мақсатымен операциялық тәуекелдер бойынша басқарушылық есептілік жасау үшін пайдаланылатын арнаулы мәліметтер базасында тиісті түрде жіктеледі; сомасы реттеуші белгілеген шекті деңгейге тең операциялық тәуекелді іске асырудан болған жүзеге асырылған шығындар бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тоқсан сайынғы есептілік шеңберінде жіберіледі;
- Банк операциялық тәуекел-менеджменттің құралын – тәуекелдің негізгі индикаторларын дамытуды жалғастыруда. Қазіргі таңда Банкте Банк үшін аса маңызды АТ жүйелер мен сыни бизнес үдерістер бойынша тәуекелдерді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін түрлі бағыттар бойынша тәуекелдің 41-ден артық негізгі индикаторлары жұмыс істейді.
- Банкте сценарийлік талдау бойынша жобаларды жүргізу аясында басқа ЕДБ-де жүзеге асырылған алаяқтық операциялар бойынша сценарийлер, олардың Банкте жүзеге асырылуын болдырмау мақсатында; сценарийлік талдау бойынша жүргізілген жобалардың нәтижелері бойынша үдерістерде негізгі кемшіліктер анықталды. Іске қосылған бөлімшелерге Банкте қарастырылатын сценарийлерді іске асырудың ықтималдығын болдырмау/барынша азайту мақсатында тиісті ұсынымдар берілді, тәуекелді жоятын іс-шаралар әзірленді;
- «Бақылау жүйесінің өзін өзі бағалауы» жобасы жүзеге асырылды, оның нәтижесі бойынша Банк тәуекелдерінің картасы мен матрицасы құрылды;
- Операциялық тәуекелдерді басқару бөлімшесі түрлі жобалар, сондай-ақ алаяқтық әрекеттерді барынша азайтумен, оның ішінде «Ішкі/сыртқы алаяқтықтың бөлшек тәуекелдерін барынша азайту» жобасының 2019 жылы аяқталуы нәтижесінде Банк клиентінің биометриялық деректерін (саусақ іздері) оқу және салыстыру арқылы операцияларды авторландыру құралын іске асыру және тарату жөнінде Банктегі жұмыс топтарының тұрақты қатысушысы болып табылады. Сондай-ақ операциялық тәуекелдерді басқару бөлімшесі шеккен шығындардың себебін тергеумен байланысты, болып жатқан проблемаларды, тәуекел аймақтарын азайту және тиісті іс-шаралар жоспарын әзірлеу мақсатында оларды талдау комиссиясын құрумен байланысты мәселелер бойынша құрылатын жұмыс топтарының құрамына міндетті түрде кіреді.
- Тәуекелдерді басқарудың және Банктің еншілес ұйымдарының ішкі бақылауының қолданыстағы жүйесіне шолу жасалды.

## 5) Қызметтің үздіксіздігін басқару

Төтенше жағдайлар жағдайында уақтылы және тиімді іс-шараларды құру мақсатында Банк нормативтік құқықтық құжаттарды, инфрақұрылымды, құзырлы қызметкерді және жалпы үздіксіз қызмет процесін басқаруға мүмкіндік беретін басқа да құрамдас бөліктерді қамтитын қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесінің бар болуын және қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін Банктің инфрақұрылымы Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан Деректерді өңдеу резервтік орталығынан («Disaster Recovery site» немесе DR-сайт) және қажетті жабдықтармен және технологиялармен жабдықталған Алматы қаласындағы екі альтернативті алаңнан тұрады. 2019 жыл ағымында Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар жүргізілді, олар қызметкерлерді оқытуды, тестілеуді және  ҚҮҚ процесін тұрақты ұстап тұру үшін қажетті басқа іс-шараларды қамтиды.

## 6) АТ және АҚ тәуекелдерін басқару

2019 жылы Банк ақпараттық технологиялар (бұдан әрі – АТ) және ақпаратты қауіпсіздік (бұдан әрі – АҚ) тәуекелдерін басқаруды ұйымдастырумен және үйлестірумен байланысты қызметтің жүзеге асырылуын, сондай-ақ АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жүйесінің дамуын (бұдан әрі – АТ және АҚ ТБЖ) жалғастырды. 2019 жылы Банк ИТ мен АҚ анықталған тәуекелдерін азайту жөнінде іс-шаралар жоспарын міндетті әзірлеумен АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жөнінде іс-шаралар топтамасын (о.і. бағалау, өңдеу, мониторинг) жүргізді.

## 7) Капиталды басқару

2019 жылы Банк Топтың барлық ұйымдарының үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мен заемдық және меншікті қаражаттың арақатынасын оңтайландыру мақсатымен капиталды басқаруды жүзеге асыруды одан әрі жалғастырды. Есепті кезең ішінде Банк реттеушінің нормативтерімен және Капитал туралы Базель келісімінің талаптарымен белгіленген, капиталға қатысты қойылатын талаптардың сақталуына бағытталған жұмыстарды жүзеге асырды.

2016 жылдың 1 қаңтарынан Топ капиталының жеткіліктілігі қазақстандық реттеуші органы банктерге Базель Комитетінің ұсынымдарын есепке алып тағайындайтын пруденциялық нормативтерге сәйкес есептеледі. Жалпы, реттеушілік меншікті капиталды, оның компоненттерін есептеу бойынша ҚРҰБ әдістемесі Базель III стандарттарына сәйкес келеді. Онымен қоса, әдістемеде Базель III стандарттарымен көзделмеген, бірақ жергілікті реттеуші органдардың қосымша әдістемелік түзетулерді қолдануы бойынша Базель III ұсынымдары шеңберінде рұқсат етілген жекелеген реттеушілік түзетулер қолданылады.

Мысалы, 2019 жылы ҚРҰБ капитал жеткіліктілігінің «реттеушілік буфері» жаңа буферін енгізді.

Банк бекітілген нормативтерді беріктіктің мол қорымен орындай отырып, меншікті капиталдың мөлшері мен жеткіліктілігі бойынша барлық реттеушілік талаптарына сай келеді.

Банктің макроэкономикалық жағдайдың жағымсыз өзгерістерінің тәуекеліне ұшырағыштығын бағалау мақсатында Банк капиталдың жеткіліктілік көрсеткішіне түрлі макроэкономикалық факторлары өзгеруінің әсері бойынша стресс-тестілеу, оның ішінде ҚРҰБ-нің талабы бойынша жыл сайынғы bottom-up стресс-тестілеуді жүргізеді.

## 8) Комплаенс-тәуекелдерді басқару

Банк комплаенс-тәуекелді Банк және оның қызметкерлерінің ҚР заңнамасы талаптарын, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, Банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін реттейтін Банктің ішкі құжаттарын, сондай-ақ Банктің қызметіне ықпалын тигізетін шет мемлекеттердің заңнамасын сақтамауы салдарынан туындайтын шығындардың ықтималдығы ретінде белгілейді. Банкте комплаенс-тәуекелді басқару төрт негізгі элементті: тәуекелді анықтау, сәйкестендіру, бағалау және өлшеу, сондай-ақ мониторинг жасау мен бақылауды қамтитын процесс ретінде тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Комплаенс-тәуекелді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құру мақсатында Банкте қорғаныстың үш желісіне негізделген, функционалды және ұйымдық өзара әрекеттесу жүйесі құрылды:

- қорғаныстың бірінші желісі Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің тәуекелді анықтауын және мониторинг жүргізуін, комплаенс-тәуекелді барынша азайту мақсатында ағымдағы бақылау жасауын және түзету шараларын қолдануын білдіреді;
- қорғаныстың екінші желісінде комплаенс-тәуекелді басқару саясатының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді және комплаенс бақылау қызметін Банктің Комплаенс қызметі жүзеге асырады, оның құрамына Банктің Директорлар кеңесіне есеп беретін Бас комплаенс-бақылаушы және Комплаенс бақылау департаменті кіреді. Комплаенс бақылау департаменті Бас комплаенс-бақылаушыға есеп береді. Бас комплаенс-бақылаушыны Банктің Директорлар кеңесі тағайындайды;
- қорғаныстың үшінші желісі ішкі аудит бөлімшесінің комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі тиімділігінің тәуелсіз бағалауын білдіреді.

### Банкте комплаенс-тәуекелді басқарудың негізгі әдістері мыналар болып табылады:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Банктің қызметіне ықпалын тигізетін шет мемлекеттердің заңнамасына тұрақты мониторинг жүргізу;
- Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ҚР заңнамасының және Банктің қызметіне ықпалын тигізетін шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарын сақтауына бақылау жүргізу;
- Банктің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ҚР заңнамасын және Банктің ішкі құжаттарын, сондай-ақ Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасын дұрыс түсінуін және қолдануын қамтамасыз ету;
- комплаенс-тәуекелдерді сәйкестендіру, өлшеу, мониторинг жасау және бақылау, соның ішінде жаңа банктік өнімдер мен қызметтерді әзірлеу және құрылымдау, жаңа бизнес процестерді, технологияларды және т.с.с. ендіру кезінде;
- реттеушінің/уәкілетті органның міндетті талаптарын уақтылы және сапалы орындалуын бақылау;
- Комплаенс бақылау департаментінің Банк бөлімшелерінің қызметіне комплаенс мониторинг (тексеру) жүргізуі;
- Комплаенс-тәуекелдерді анықтау/бағалау бойынша түрлі құралдарды, соның ішінде бақылаушы бөлімшелердің өз қызметін бағалау бойынша құралдарды Банкте қолдану;
- Банктің инсайдерлік ақпаратына кіруге рұқсаты бар тұлғалар тізімінің жүргізілуіне және қолданыстағы күйде сақталуына бақылауды қосқанда, инсайдерлік ақпаратқа кіру құқығына шектеу қойылуын бақылау және мұндай ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу;
- қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға (КЖ/ТҚҚ) бағытталған шараларды Банктің сақтауын қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген мүдделер қайшылығының алдын алу бойынша талаптарды сақтауына бақылау жүргізу.

Комплаенс-бақылау қызметін орындау үшін, мүмкін болатын комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту, алдын алу мақсатында Комплаенс бақылау департаменті мынадай іс-шаралар жүргізеді:

- Банк бөлімшелерінің өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес келуіне өзін-өзі бағалайтын құралдың қолданылуын ұйымдастырады және үйлестіреді. Комплаенс-тәуекелдерді бағалау нәтижелері комплаенс және ішкі бақылау мәселелері бойынша есептің аясында Банк Басқармасының қарауына ай сайын, Директорлар кеңесіне тоқсан сайын жөнелтіледі. Көрсетілген жұмыс нәтижелері бойынша орташадан жоғарыға дейін берілген деңгеймен, өзін өзі бағалау барысында анықталған комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспары жасалады. Іс-шаралар жоспарының орындалуын Комплаенс бақылау департаменті бақылайды;
- Банкте Банкке тән комплаенс-тәуекелдің деңгейін сәйкестендіру және бағалау жүргізіледі, Банкте бар бақылау жүйесін тиімділігінің деңгейі бағаланады, қалдық комплаенс-тәуекелдер деңгейі анықталады. Мұндай бағалау нәтижелері тиісті есеппен ресімделеді және Банк Басқармасына ай сайын және Директорлар кеңесіне тоқсан сайын жөнелтіледі. Бақылау тиімділігін жақсарту және қалдық комплаенс-тәуекелдер деңгейін төмендету үшін іс-шаралар жоспары құрылады, оның орындалуын Комплаенс бақылау департаменті бақылайды;
- Комплаенс бақылау департаменті комплаенс мәселелері бойынша, соның ішінде КЖ/ТҚҚ бойынша, сондай-ақ FATCA мәселелері бойынша Банк қызметкерлері үшін оқытуды ұдайы жүргізіп отырады. Жыл сайын Банкке жаңадан қабылданған қызметкерлерге, сондай-ақ Банктің жауапты бөлімшелерінің қызметкерлеріне де оқу өткізіледі. 2019 жыл ішінде Оқыту туралы бекітілген жоспарға сәйкес интерактивті түрде де, сонымен қатар қашықтықтан да (on-line режимінде) жүргізілді. Жоғарыда аталған іс-шаралар жауапты қызметкерлердің комплаенс мәселелері және КЖ/ТҚҚ, FATCA рәсімдері бойынша хабардар болу деңгейін арттыруға бағытталған.

Бұдан бөлек, Комплаенс бақылау департаментінің негізгі міндеттерінің бірі КЖ/ТҚҚ бөлігіндегі Банк қызметінің ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету болып табылады.

Банкте қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға бағытталған барлық қажетті рәсімдер, сондай-ақ клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті түрде тексеру бойынша рәсімдер қарастырылған және сақталады, оларға мыналар кіреді:

- тәуекел деңгейі бойынша клиентті жіктеу (тәуекелге бағытталған тәсіл), клиентке берілген тәуекел деңгейіне байланысты оңайлатылған немесе күшейтілген сәйкестендіру, атап айтқанда, клиент туралы мәліметтерді жинау және белгілеу жүргізіледі;
- санкцияланған (халықаралық/жергілікті) тізімдер бойынша клиенттерді/әлеуетті клиенттерді тексеру;
- әлеуетті клиенттің «Шетелдік жария лауазымды тұлға» санатына қатыстылығын тексеру;
- клиенттің беделін тексеру;
- өзге тексерулер (операцияларды, мәмілелерді және т.с.с. тексеру).

Клиентті тиісті түрде тексеру жөнінде шаралар қабылдау мүмкін болмаған жағдайда мұндай клиентпен іскерлік қатынас орнатылмайды, операциялар жүргізілмейді;

Банк, қаржылық мониторинг субъектісі бола тұра, КЖ/ТҚҚ бөлігіндегі ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес қаржылық мониторингке жататын, Банк клиенттері жүргізген операциялар (шекті және күдікті) туралы уәкілетті органды хабардар етеді. Банкте енгізілген түрпаттама, схемалар және сценарийлер негізінде қаржылық мониторингке жататын операцияларды анықтауға және деректерді уәкілетті органға жөнелтуге мүмкіндік беретін қажетті ақпараттық жүйелер бар. Бұдан бөлек, Банктің ішкі рәсімдеріне сай жауапты бөлімшелер автоматтандыруға жатпайтын, олар бойынша ақпаратты кейіннен Комплаенс бақылау департаментіне жіберілетін күдікті операцияларды анықтау процесіне қатысады.

Бұдан бөлек, Банк клиенттерге қызмет көрсету және контрагенттермен ынтымақтасу кезіндегі халықаралық экономикалық санкцияларды сақтайды. Бұл мақсаттар үшін транзакциялардың автоматты скринингі мен қолмен жасалатын бақылаулар енгізілген. Банк өз қызметінде ашықтық, әділдік және дүниежүзілік қауымдастыққа бірігу қағидаттарын ұстанады.



# 14

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

# Корпоративтік басқару туралы есеп

Жоғары сапалы корпоративтік басқару Halyk Bank-тің және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі Банк және оның еншілес ұйымдары бірге «Halyk» тобы деп аталады) үшін еркін және бәсекелі нарықта табысты қызмет етуі үшін қажетті талап болып табылады. Банкке және «Halyk» тобының компанияларына Директорлар кеңесі, Басқарма және акционерлер арасындағы қарым-қатынасты белгілейтін корпоративтік басқарудың тиімді жүйесі қажет.

Банкті корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және біліктілік негізінде құрылады.

Банкті корпоративтік басқару құрылымы Банк қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен қызығушылықтарын құрметтеуге негізделеді және Банктің табысты қызмет етуіне, оның ішінде оның құндылықтарының өсуіне, қаржылай тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға мүмкіндік береді және инвесторлар мен акционерлерге олардың ақшасының тиімді пайдаланылып жатқанына кепілдік береді.

## Банктің корпоративтік басқару кодексін сақтау

2006 жылдың желтоқсанында Банк акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген Банктің корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесі мен Басқарма, Банк акционерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы қарым-қатынасты қоса алғанда, Банктің басқару процесінде қолданылатын негізгі стандарттар мен принциптерді, Банк органдарының жұмыс істеу және шешімдер қабылдау тәртібін белгілейді.

Банктің корпоративтік басқару кодексі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне сәйкес, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында орын алған ұлттық және халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, әзірленді.

### Банктің корпоративтік басқару кодексімен корпоративтік басқарудың мынадай принциптері бекітілді:

- акционерлерге Банкті басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыру үшін нақты мүмкіндіктерді беру, Банк акционерлерінің барлық санатына тең қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- Банк акционерлері үшін Банктің таза кірісін бөлуге (дивидендтер алу) қатысуға нақты мүмкіндік жасау;
- Банк акционерлері мен инвесторлардың негізді шешімдер қабылдауы үшін мүмкіндікті қамтамасыз ету мақсатында Банк акционерлеріне Банктің қаржылық жағдайына, экономикалық көрсеткіштерге, қызмет ету нәтижелеріне және Банкті басқарудың құрылымына қатысты шынайы ақпараттың уақтылы және толық берілуін қамтамасыз ету;
- Банктің Директорлар кеңесінің қоғам қызметіне стратегиялық басқаруды және өз тарапынан қоғамның атқарушы органының қызметіне тиімді бақылау жасауды, сондай-ақ Директорлардың оның акционерлеріне есеп беруін жүзеге асыру;
- Банк Басқармасына Банктің ағымдағы қызметіне тиімді басшылық етуді адал ниетпен жүзеге асыруы үшін мүмкіндіктерді беру, сондай-ақ Банк Басқармасының Банктің Директорлар кеңесіне және оның акционерлеріне есеп берушілікті белгілеу;
- Банк акционерлері үшін этикалық нормаларды белгілеу, сонымен қатар Банктің лауазымды тұлғалары қызметінің барынша ашықтығын қамтамасыз ету;
- Банктің ішкі бақылауының тиімді жүйесінің жұмыс істеуін және оның әділ бағалануын қамтамасыз ету.

Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы Банк қызметінің Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген корпоративтік басқарудың принциптері, ережелері мен рәсімдеріне сәйкес жүргізілетінін растайды.

Банктің корпоративтік басқару ережелерін, Банк Жарғысын және басқа да ішкі нормативтік құжаттарды қабылдай, жетілдіре және мүлтіксіз сақтай отырып, Банк тиісті түрде корпоративтік басқару тәжірибесін дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесуге өз ниетін растайды.

## Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін сақтау

Жылдық есептің осы бөлімі Ұлыбританияның қаржылық реттеу және қадағалау бойынша басқармасын ашу және транспаренттілік қағидаларын корпоративтік басқару туралы ережеге сәйкес әзірленді.

GDR Лондон Қор Биржасының ресми тізіміне кіргізілген шетел компаниясы ретінде Банк Ұлыбританияның тәуелсіз реттеушісі – қаржы есептілігі жөніндегі кеңес жариялаған, Ұлыбританияның корпоартивтік басқару кодексін сақтауға міндетті емес. Алайда, DTR 7.2. сәйкес, Банк өзінің жылдық есебінде сақталуы ҚР заңнамасымен талап етілетін, тәжірибеге қосымша қолданылатын корпоративтік басқарудың қолданыстағы принциптері туралы ақпаратты сияқты қазақстандық корпоративтік басқару кодексін де сақтайтыны туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Банк Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін корпоративтік басқаруды әрі қарай дамыту үшін бағдар ретінде қарастырады.

## Банктің корпоративтік басқару кодексі және Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі

### Банктің корпоративтік басқару кодексінің Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексінен біршама айырмашылықтары бар. Төменде негізгі айырмашылықтары келтірілген:

| Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі | Банктің корпоративтік басқару кодексі |
|---|---|
| Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі Директорларды қайта сайлау үшін ең жоғары үш жылдық мерзімді қарастырады. | Банктің корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесін ұдайы қайта сайлауды талап етпейді. Оның орнына, акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін белгілеу кіреді.<br>2017 жылдың 21 сәуірінде өткізілген акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі осы құрамының үш жылдық өкілеттігін белгіледі. |
| Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі тәуелсіз директорлардың кемінде жылына бір рет жекелеген отырыстарды өткізуін, атап айқанда, Директорлар кеңесі Төрағасының қызметін бағалау үшін қарастырады. | 2019 жылдың ішінде корпоративтік басқару процестерін жетілдіру, стратегия, Директорлар кеңесінің қызметі, Корпоративтік хатшының жұмысын жақсарту мәселелерін талқылаумен Корпоративтік хатшының және тәуелсіз директорлардың қатысуымен бейресми кездесулер өткізілді. |

| Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі | Банктің корпоративтік басқару кодексі |
|---|---|
| Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі Төрағаны қоспағанда, Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде жартысы тәуелсіз директорлардан тұруы тиіс екенін қарастырады. | Банктің корпоративтік басқару кодексінде Қазақстан заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты мұндай тікелей талап жоқ, оларға сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың кем дегенде үштің бір бөлігі болуы тиіс. Алайда, акционерлердің 2017 жылғы 21 сәуірдегі және 2018 жылғы 18 сәуірдегі жалпы жиналыстарында сайланған Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің жеті мүшесінің ішінен бес Тәуелсіз директор қосылады. |
| Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі атқарушы емес директорлар Басқарманың жұмысын оның келісілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуін жете талдауы, оның қызметіне бақылау жасауы тиіс, сондай-ақ ұсынылып отырған қаржы ақпаратының толықтығына, сондай-ақ қаржы бақылау мен тәуекел-менеджмент жүйесінің тиімді және сенімді болып табылатынына көз жеткізуі тиіс екенін қарастырады. | Банктің корпоративтік басқару кодексі мұндай жауапкершілікті Банктің Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жүктейді. |
| Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесінің компанияда және Директорлар кеңесінде дағдылар мен тәжірибенің тиісті теңгерімін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің кадрлық құрамын бірте-бірте жаңартуды қамтамасыз ету үшін Директорлар кеңесінің және компанияның жоғары басшылығының мүшелерін тағайындайтын кезде сабақтастылықты тиісті түрде жоспарлаудың бар екеніне көз жеткізуі тиіс екенін қарастырады. | Банктің корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесі мүшесін құру тәртібін және Директорлар кеңесіне үміткерлерге қойылатын белгілі бір талаптарды Директорлар кеңесінің тиісті жұмыс істеуі үшін қажетті тәжірибе мен білімнің оңтайлы теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында анықтайды. |

Банктің корпоративтік басқару кодексінің мәтіні Банктің сайтына орналастырылған: https://halykbank.kz/about-bank/korporativnoe-upravlenie.

## 2019 жылы болған корпоративтік басқару оқиғалары:

- Банк 2019 жылғы 18 сәуірде Банк акционерлерінің жалпы жылдық жиналысын ұйымдастыру және сәтті өткізу жөнінде жұмыс жүргізді, жиналыста қарастырылған мәселелер мәселелер бойынша 14 шешім қабылданды;
- 2019 жылғы 18 сәуірдегі Банк акционерлерінің жалпы жылдық жиналысы 2018 жыл қорытындысы бойынша бір жай акцияға 10,78 теңге есебімен дивидентер төлеу туралы шешім қабылдады, ол 2018 жылдағы таза кірістің жалпы көлемінен 50% құрайды. Банк бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде бар 6 383 акционердің өзекті банктік деректемелеріне 126 347 млн. теңге сомасында жай акциялар бойынша дивидендтер төледі. 2019 жылғы 1 шілдеде күшіне енген Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістеріне сай Банк акциялары бойынша төленбеген дивидендтердің 362 млн. теңге сомасындағы қалдығы талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-та (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ашылған шотқа аударылды.

Бұл ретте 2019 жылы алдыңғы жылдар үшін Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеу жөніндегі жұмыс жалғастырылды, 1998-2017 жылдар үшін дивидендтер бойынша берешек қалдығы, сондай-ақ Орталық депозитарийдегі талап етілмеген ақша шотына 360 млн. теңге сомасында аударылды.

Банк акцияларын ұстаушылар банктік деректемелерін жаңартуына қарай Орталық депозитарий талап етілмеген дивидендтерді төледі.

- 2019 жылғы 18 сәуірде Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде бөлшек және корпоративтік клиенттерге арналған сервисті дамытуға бағытталған, банктерде және қаржы институттарында технологиялық инновациялар мен өнімдерді әзірлеу және ендіру саласында бай тәжірибесі бар Антон Германович Мусин сайланды. Бұл ретте А.Г. Сайденов Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор ретіндегі өз өкілеттіктерін өзінің бастамасымен берген хабарламасы негізінде 2019 жылғы 18 сәуірде бастап тоқтатты.
- 2019 жылғы 24 маусымда және 26 қарашада Директорлар кеңесі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Дивидендтік саясатына келесі өзгерістер мен толықтыруларды бекітті:
  - жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдер Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша анықталатын есепті жылдағы таза кірістің жалпы көлемінен 50%-дан 100%-ға дейінгі мөлшерді құрайды;
  - Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша анықталатын есепті жылдағы таза кірістің бір бөлігін жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жібермеуді немесе жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жіберілетін ақша сомасын Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша анықталатын есепті жылдағы таза кірістің жалпы көлемінен 50% төмен түсіруді ұсыну туралы Директорлар кеңесінің құқығы;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерге сай дивидендтерді төлеу тәртібін өзгерту.
- Банк 2019 жыл ішінде меншікті жай акцияларын сатып алуды жалғастырды. Осылайша, есепті 2019 жылы жеке тұлға акционерден 275 мың теңге жалпы сомасына меншікті жай акцияларының 5 000 данасын сатып алды.
- Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеуге, Банк акционерлерінің дербес деректерін жаңарту қажеттілігіне, Банктің акцияларды өтеуін төлеп алу тәртібіне, Банк акциясына меншік құқығына, ұсталған табыс салығы туралы мәліметтер беруге және Банк қызметі туралы басқа да мәселелерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар туралы заңнамасына қатысты Банк акционерлерінің 30 ресми өтініші қарастырылды.
- 2019 жылғы 30 қыркүйекте Банктің жай акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) Astana International Exchange (AIX) ресми тізіміне енгізілді. Банктің жай акциялары АҚШ долларындағы бағаммен және есептесумен (HSBK) тикерімен, ЖДҚ – (HSBK.Y) тикерімен листингіленген және LSE-де (London Stock Exchange) ЖДҚ-ға толық айырбасталатын болып табылады.
- Банк Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін және Директорлар кеңесі туралы ережені ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында аталған құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
- Банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі және тұрақты дамуы саласындағы қызметіне тәсілдерін жүйелеу мақсатында 2019 жылы Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты қабылданды.
- 2019 жыл ішінде Басқарма құрамында өзгерістер болды.

- Корпоративтік басқару мәселелері бойынша оқыту курсы әзірленді және «Halyk» тобының корпоративтік хатшысымен оқыту іс-шаралары өткізілді;
- 2019 жылы Банктің қазақстандық және шетелдік еншілес ұйымдарында корпоративтік басқару деңгейіне диагностика жүргізілді және оны жақсарту жөнінде есеп пен ұсыныстар дайындалды.
- 2020 жылға жалпы экономикалық сценарий бойынша (сценарийлік талдау арқылы) Банктің стресс-тестілеу нәтижелері қаралды.

## Корпоративтік басқару құрылымы

Банк Директорлар кеңесінің жанында мынадай консультациялық-кеңес беру органдары әрекет етеді: Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет, Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет. Осы Комитеттердің жұмысы туралы мейлінше толық есеп төмендегі шағын тарауда орналастырылған.

Басқарманың жанында дирекциялар арқылы бірнеше жұмыс органдары, Комитеттер және жұмыс топтары құрылған. Бұл жеке алынған әрбір сегмент бойынша ауқымды мәселелерді егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда және заңнама талап еткен кезде, осындай мәселелер бойынша жұмыс органдары қабылдаған шешімдер  Басқарманың немесе Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынылады.

Корпоративтік басқарудың үздік іс-тәжірибелерін енгізу үшін Директорлар кеңесіне ішкі және сыртқы аудиторлар, Ішкі аудиттің басшысы, Тәуекел-менеджменттің басшысы, Бас комплаенс-бақылаушы, Бас заң кеңесшісі, Корпоративтік хатшы және т.с.с. көмек көрсетеді.

Банкте тәуекел-менеджмент, комплаенс-бақылау қызметі, ішкі аудит бөлімшесі, сондай-ақ корпоративтік басқару мәселелеріне жауап беретін Корпоративтік хатшы институты бар.

«Halyk» тобы ұйымдарының қаржылық есептілігін растау үшін, Банк «Үлкен төрттік» аудиторлық компанияларын жұмысқа тартады. 2019 жылы осы функцияны «Делойт» (Deloitte, LLP) ЖШС компаниясы атқарды.

Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы функцияларды бөлу ҚР заңнамасына сәйкес жүргізілген.

## Директорлар кеңесінің құрылымы

### 2020 жылғы 1 қаңтар жағдайына Банктің Директорлар кеңесінің құрамы келесідей болды:

| Директорлар кеңесінің  құрамы | |
|---|---|
| Александр Сергеевич Павлов | Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор |
| Арман Ғалиасқарұлы Дунаев | Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы,<br>Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы,<br>Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор |
| Фрэнк Кайларс | Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы,<br>Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор |
| Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев | Директорлар кеңесінің мүшесі, «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ өкілі |
| Кристоф Рёль | Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор |
| Антон Германович Мусин | Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор |
| Үміт Болатханқызы Шаяхметова | Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы |
| Барлығы | 7 Директор |

Директорлардың тәуелсіздігін анықтайтын кезде Қазақстан заңнамасымен белгіленген өлшемдер қолданылды.

### Директорлардың дағдылары мен тәжірибесі

Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің тәжірибесі, дағдылары мен ой-өрісінің ең таңдаулы теңгерімін қалыптастыруға талпынады. Мәселелерді талқылауда түрлі көзқарастардың бар болуы Директорлар кеңесіне өз функцияларын барынша тиімді орындауға және акционерлердің мүдделерін  барынша тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

Тәуелсіз директорлар халықаралық басқару, стратегиялық болжампаздық, Банк өз операцияларын жүзеге асыратын ірі салалардың ерекшелігін білу, корпоративтік басқару, тәуекел-менеджмент бойынша білімдері мен тәжірибелерін үлес етіп қосады.

Сонымен бірге, барлық Директорлар банктік бизнес, жалпы қаржы саласы бойынша, адами ресурстарды басқару, оның ішінде сыйақы мәселелері бойынша білімге ие.

### Төменде Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен тәжірибесі туралы жиынтық ақпарат беріледі:

| Директорлардың дағдылары мен тәжірибесі | |
|---|---|
| Банк ісі | 7 Директор |
| Мұнайгаз және тау-кен саласы | 4 Директор |
| Нақты сектордың басқа да салалары | 5 Директор |
| Қаржы | 7 Директор |
| Көшбасшылық | 7 Директор |
| Тәуекелдерді басқару | 4 Директор |
| Ақпараттық технологиялар | 1 Директор |
| Халықаралық тәжірибе | 5 Директор |
| Стратегиялық болжам | 7 Директор |
| Корпоративтік басқару | 7 Директор |
| Адами ресурстарды басқару | 7 Директор |
| Барлығы | 7 Директор |

## Басқарма құрылымы

2019 жылдың ішінде Басқарма құрамы біршама өзгерістерге ұшырады. Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына 2019 жылғы 4 наурыздан бастап Михаил Никтович Каблашев тағайындалды, Қуат Қайроллаұлы Құсайынбековтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты Банк Басқармасының мүшесі ретіндегі өкілеттігі тоқтатылды. 2019 жылғы 2 мамырдан бастап Асқар Сағидоллаұлы Смағұлов «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы Төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды және Басқарма мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы 28 қазаннан бастап Жұмабек Жарылқасынұлы Мамытов «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма мүшесі болып сайланды.

### 2019 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша Басқарма құрамы мынадай болды:

| Басқарма құрамы | |
|---|---|
| Үміт Болатханқызы Шаяхметова | Басқарма төрағасы<br>HR, Қазынашылық, Стратегиялық офис, Заң бөлімі, Compliance, Халықаралық қызмет |
| Айвар Жиреншеұлы Боданов | Басқарма төрағасының орынбасары<br>Қауіпсіздік және проблемалық кредиттер |
| Әлия Сәкенқызы Қарпықова | Басқарма төрағасының орынбасары<br>Қаржы және бухгалтерлік есеп, Еншілес компаниялар |
| Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов | Басқарма төрағасының орынбасары<br>Корпоративтік бизнес |
| Михаил Никитович Каблашев | Басқарма төрағасының орынбасары<br>Ақпараттық технологиялар |
| Ертай Исмаилұлы Сәлімов | Басқарма төрағасының орынбасары<br>Ұлттық компаниялармен өзара әрекеттесу, Астана өңірлік филиалының директоры |
| Асқар Сағидоллаұлы Смағұлов | Басқарма төрағасының орынбасары<br>Транзакциялық бизнес, Инновациялық технологиялар, Homebank |
| Жұмабек Жарылқасынұлы Мамытов | Басқарма төрағасының орынбасары<br>Бөлшек бизнес, Байланыс орталығы |
| Дәурен Жанкісейұлы Сартаев | Басқарма төрағасының орынбасары<br>Шағын және орта бизнес, PR |
| Жаннат Сағандыққызы Сатубалдина | Басқарма төрағасының орынбасары<br>Операциялық қызмет, Ресурстар және Кеңсе |
| Барлығы | 10 Басқарма мүшесі |

## Директорлар кеңесінің қызметі

Жалпы Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері өз жұмыстарын тиісті кезеңдерге арналған жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізеді.

**2019 жылы Директорлар кеңесі 4 жүзбе-жүз отырыс және 87 сырттай отырысты қосқанда барлығы 91 отырыс өткізді.**

**Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз отырыстары барысында төмендегідей аса маңызды стратегиялық мәселелер қарастырылды:**

- «Halyk» тобының 2016-2018 жылдарға арналған стратегиясын орындаудың 2018 жылғы нәтижелері;
- «Halyk» тобының 2019-2021 жылдарға арналған даму стратегиясын орындаудың 2019 жылдың бірінші жартыжылдығындағы нәтижелері;
- Банк және «Halyk» тобы ұйымдары қызметінің және бюджетті орындауының 2018 жылғы және 2019 жылдың бірінші жартыжылдығындағы нәтижелері;
- «Halyk» тобының (ХҚЕС) және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың 2020 жылға арналған шоғырландырылған бюджетін бекіту;
- 2020 жылға арналған Ішкі аудит департаментінің (бұдан әрі – ІАД) жұмыс жоспары және 2021-2023 жылдарға арналған ІАД жұмысының ұзақ мерзімді жоспары;
- Банк Басқармасының кейбір мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесі жанындағы кейбір комитеттер құрамының өзгеруі;
- Банктің ең ірі жобалары;
- Қазақстандағы банк активтерінің сапасын бағалау (Asser Quality Review/AQR). Банкте AQR жүргізудің ағымдағы мәртебесі;
- Банктің 2018 жылғы жылдық қаржы есептемесін алдын ала бекіту және Басқарманың қызмет нәтижелері туралы тоқсандық есептері;
- Тәуекел-менеджмент қызметінің жалпы экономикалық сценарий бойынша жүргізген стресс-тестілеу әдістемесін және стресс-тестілеу үшін «Halyk Finance» АҚ-тың макроэкономикалық болжамдық сценарийлерін құру әдістемесін қарау;
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ комплаенс-тәуекелдерін басқару тиімділігі және бақылау туралы, сондай-ақ ішкі бақылау мәселелері бойынша Бас комплаенс-бақылаушының тоқсандық есептері;
- Банк портфелінің сапасын талдау;
- Банкпен ерекше қарым-қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелерді талдау және т.б.

Сырттай дауыс беру заңнамалық және ішкі құжаттармен Директорлар кеңесінің құзырына жатқызылған ағымдағы сипаттағы мәселелер бойынша және келесі жүзбе-жүз отырысқа дейін кейінге шегеруге келмейтін аса жедел мәселелер бойынша өткізілді.

## Комитеттердің жұмысы бойынша егжей-тегжейлі есеп

### Жалпы ережелер

Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер Банктің Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңес органдары болып табылады. Комитеттер әзірлейтін ұсыныстардың барлығы Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын нұсқаулар болып табылады.

Қазақстан заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылар Комитет мүшелері болып табылады. Комитеттердің құрамы бойынша толығырақ ақпарат төменде тиісті Комитеттердің жұмысы туралы бөлімдерде беріледі.

### Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет 2005 жылғы шілдеде құрылған.

Комитеттің құрамы мыналар:

**Кристоф Рёль – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;**

**Александр Сергеевич Павлов – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;**

**Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор.**

Комитет мүшелерінің барлығы тәуелсіз директорлар болып табылады, бухгалтерлік және салықтық есеп, қаржы есептілігі, ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару саласындағы білімі мен тәжірибесі бар.

### Комитеттің құзыреті

Комитет Директорлар кеңесіне қаржылық және басқа есептіліктің толықтығы мен шынайылығы, Банк пен еншілес ұйымдарының заңнама және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкестігі (комплаенс-бақылау), сыртқы аудиторды таңдау және тәуелсіздігі, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің лайықтығы мен тиімділігі мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне қолдау көрсетеді, сондай-ақ сыртқы және ішкі аудит жұмысын үйлестіреді.

### Комитеттің қызметі

2019 жылы Комитеттің 3 жүзбе-жүз және 35 сырттай отырысы өткізілді.

Қаржылық есептіліктің толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету үшін Комитет аталған мәселе бойынша сыртқы аудитордың аралық (тоқсандық) есептерін, Банктің және еншілес компаниялардың басшылығына хаттарды қарастырды, сонымен қатар 2018 жылға жылдық қаржылық есептілікті мақұлдап, Директорлар кеңесінің қарауына шығарды. Аталған жұмыс шеңберінде Комитет бұдан бөлек, сыртқы аудиторлармен және Банктің қаржы блогымен маңызды бухгалтерлік пікірлердің, саясаттардың және рәсімдердің қағидаларын талқылады.

2019 жыл ішінде Комитет Ішкі аудит департаментімен келесі: ішкі аудиттің бюджеті және жұмыс жоспары; аудиторлық тексерулердің нәтижелері туралы мәліметтер, ішкі аудит мәселелері бойынша басқарушылық есептер, Ішкі аудит департаментінің кадрлық мәселелері, Ішкі аудит департаментінің қызметін реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарының жобалары сияқты мәселелерді қарау бойынша белсенді өзара іс-әрекет жасады.

2019 жыл ішінде Комитет тәуекел-менеджмент қызметі дайындаған, Банк портфелінің сапасы жөнінде тоқсан сайынғы аналитикалық есептерді қарастырды.

### Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет 2007 жылғы қыркүйекте құрылған.

Комитет құрамына кіретіндер:

**Фрэнк Кайларс – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;**

**Александр Сергеевич Павлов – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;**

**Үміт Болатханқызы Шаяхметова – Комитет мүшесі, Басқарма төрағасы.**

Комитет мүшелерінің көпшілігі тәуелсіз директорлар болып табылады, Комитет мүшелерінің барлығы сыйақы мәселелерін қоса алғанда қызметкерлерді басқару бойынша ауқымды тәжірибеге ие.

### Комитеттің құзыреті

Комитет Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшелігіне, Басқарма және еншілес компаниялардың директорлар кеңесі мүшелігіне үміткерлер туралы, Директорлар кеңесі мен Басқарманың сыйақы жүйесі туралы, еншілес компаниялардың директорлар кеңестері мен атқарушы органдарының еңбекақысын төлеу туралы нұсқаулар енгізеді.

### Комитеттің қызметі

2019 жылы Комитет 13 сырттай отырыс өткізді. Комитет 2019 жыл ішінде жүзбе-жүз отырыстар өткізген жоқ.

Директорлар кеңесінің қарауына А.Г. Мусин мырзаны Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор ретінде сайлау туралы ұсыныстар, сонымен қатар Банк Басқармасы мүшелерінің және Банктің еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесі мүшелерінің лауазымына үміткерлер туралы ұсыныстар енгізілді.

2019 жылы Банк Басқармасы мүшелерінің сыйақысы 2 025 783 489,55 теңгені құрады (жыл қорытындысы бойынша сыйлықақыны қосқанда).

Банк Басқармасы мүшелерінің еңбекақысы үш негізгі фактормен анықталады:

- ұйым үшін лауазымның маңыздылығын (құндылығын) анықтауға мүмкіндік беретін лауазымды бағалау, сонымен қатар басшының жұмыс нәтижелерінің Банктің соңғы нәтижелерге ықпал ету дәрежесі;
- еңбекақы төлеудің өңірлік нарығындағы салыстырмалы лауазымдар еңбекақысының деңгейі;
- Банк басшыларының қызметін бағалау, оның негізінде бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы төленеді.

2019 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы 674 451 936,25 теңгені құрады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы жүйесінің негізгі қағидалары:

- Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысының:
  - жеке біліктілік деңгейімен және Банк қызметінің нәтижелеріне қосқан үлесімен;
  - өз міндеттерін орындаумен және Банк пен оның акционерлерінің мүддесіне жауап беретін міндеттерді орындауымен өзара байланысы болып табылады.

## Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет 2012 жылғы сәуірде құрылған.

Комитет құрамына кіретіндер:

**Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;**

**Александр Сергеевич Павлов – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;**

**Антон Германович Мусин – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;**

**Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев – Комитет мүшесі, директор;**

**Үміт Болатханқызы Шаяхметова – Комитет мүшесі, Басқарма төрағасы;**

**Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);**

**Михаил Никитович Каблашев – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);**

**Асқар Сағидоллаұлы Смағұлов – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы).**

### Комитет құзыреті

Комитет Директорлар кеңесіне «Halyk» тобының стратегиясын қарастыру, стратегияның орындалуы туралы есептерді талдау, сыртқы ортаға және Топтың стратегиялық жоспарларына оның тигізетін ықпалына мониторинг жүргізу мәселелері бойынша қолдау көрсетеді.

### Комитеттің қызметі

2019 жылы Комитеттің 3 жүзбе-жүз отырысы өткізілді.

Комитет «Halyk» тобының 2016-2018 жылдарға арналған Стратегиясын орындаудың 2018 жылғы нәтижелерін, сонымен қатар «Halyk» тобының 2019-2021 жылдарға арналған Даму стратегиясын орындаудың 2019 жылдың бірінші жартыжылдығындағы нәтижелерін қарастырды. Талдау қойылған мақсаттарға жетудің қанағаттанарлық нәтижелерін көрсетті.

Комитет сыртқы ортаның өзгерістерін (реттеушілік, экономикалық, қаржылық және т.б.) талдайды және мұндай өзгерістердің «Halyk» тобының 2019-2021 жылдарға арналған Даму стратегиясына әсерін бағалайды.

## Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 2012 жылдың сәуірінде құрылған.

Комитет құрамына кіретіндер:

**Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор.**

**Фрэнк Кайларс – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор**

**Кристоф Рёль – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор**

**Дәурен Жанкісейұлы Сартаев – Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ)**

**Сағынбек Қуанышбекұлы Шүнкеев – Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ).**

### Комитет құзыреті

Комитет Директорлар кеңесіне Банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму саласындағы саясатына, Банк қызметінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігіне және тиісті кезеңге арналған әлеуметтік жобаларды іске асыру және қайырымдылық саласындағы шығындар бюджетін алдын ала қарастыруға қатысты мәселелер бойынша қолдау көрсетеді.

### Комитеттің қызметі

2019 жылы Комитет 2 жүзбе-жүз отырыс өткізді.

Келесі мәселелер қаралды және назарға алынды:

- 2018 жылға «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ демеушілік және қайырымдылық жөнінде есебін қарау туралы;
- 2019 жылға «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ демеушілік және қайырымдылық жөнінде негізгі іс-шаралар жоспарын қарау туралы;
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік институтын дамыту жөнінде шаралар қабылдау туралы;
- 2019 жылға «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ демеушілік және қайырымдылық жөнінде есебін қарау туралы;
- 2020 жылға «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ демеушілік және қайырымдылық жөнінде негізгі іс-шаралар жоспарын қарау туралы.

## Миноритарлық акционерлермен жұмыс

Банкте миноритарлық акционерлермен өзара әрекеттесу жүйесі тұрақты жетілдіріле түсуде, соның арқасында акционерге өзі үшін ыңғайлы кез келген тәсілмен (жазбаша хабарласу және/немесе электрондық почта арқылы) өз сұрағын қоюға және қажетті кеңесті алуға болады.

Миноритарлық акционерлердің арыз-өтініштерінің және олардың арман-тілектерінің құрылымы тұрақты талданады. Банк өз акционерлерін барлық маңызды жаңалықтар туралы, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат туралы және бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын қызметтегі өзгерістер туралы және жоспарланып отырған іс-шаралар туралы Банктің корпоративтік сайты, Банк акцияларымен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сайттары және қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсы арқылы хабардар етіп отырады.

Бас Банктің қызметкерлері қажеттілігіне қарай Банк акционерлерімен өзара әрекеттесу мәселелері бойынша филиал қызметкерлеріне дивидендтерді есептеу, банктік деректемелердің және акционерлердің дербес деректерінің өзгеруі, мирасқорлық бойынша меншік құқықтарының өтуі және т.с.с. бойынша кеңес береді.

## Дивидендтік саясат

Акционерлердің дивидендтерді алуы бойынша құқықтары мен оларды төлеу тәртібі акционерлердің жалпы жиналысында бекітілген Банк Жарғысында және Банктің Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген.

Банктің Директорлар кеңесі 2012 жылғы қыркүйекте Халық банкінің Дивидендтік саясатын бекітті. Бұл шешім жеке икемді ішкі нормативтік құжаттың болу қажеттілігіне байланысты қабылданған болатын.

Банктің Дивидендтік саясатының негізгі мақсаты төмендегі талаптарды ескеріп, дивидендтерді төлеудің анық және түсінікті механизмін және дивидендтер төлеу, мөлшерін анықтау туралы шешім қабылдау тәртібін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдерін белгілеу болып табылады:

- Банктің бөлуге жататын таза пайдасының болуы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген дивидендтерді төлеуге шектемелердің болмауы, сондай-ақ Банк үшінші тұлғалармен, атап айтқанда шетелдік қаржы ұйымдарымен (ковенанттар) жасаған шарттардағы өзге шектеулердің болмауы;
- Банктің халықаралық кредит рейтингтерін сақтау (ұстап тұру);
- Тиісті кезең үшін Банктің қаржы есептілігінің аудитін жүрізу;
- Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі;
- Күнтізбелік жыл ішінде бір реттен көп емес дивидендтер төлеу;
- Дефолтқа немесе Банк міндеттемелері бойынша төлем дефолтқа алып келуі мүмкін жағдайға жол бермеу;
- Шоғырландырылған негізде негізгі капитал жеткіліктілігінің болжамдық көрсеткішін дивидендтерді жоспарлы төлеуді ескере отырып, 17% кем емес деңгейде ұстап тұру,

### Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеудің бар шектеулері (ковенанттар) бойынша мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- Банктің Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына ұсынатын дивиденд мөлшерін (бір жай акцияға есептелген) анықтаған кезде Банктің меншікті капиталының мөлшерін ескереді, сонымен қатар жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жіберілетін ақша сомасы Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша анықталатын, есепті жылға таза кірістің жалпы көлемінен 50-ден 100%-ға дейінгі мөлшерді құрайды. Дивидендтік төлемдерді қамтамасыз ету үшін Банк, сондай-ақ өзінің еншілес ұйымдарынан алған дивидендтік төлемдері есебінен жасақталған ақша қаражатын тартатын болады.
- Банктің Директорлар кеңесі Банктің стратегиялық мақсаттарына сәйкес Банк акционерлерінің жалпы жиналысына «Halyk» тобының аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша анықталатын есепті жыл үшін таза кірістің бір бөлігін жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жібермеуді ұсынуға немесе жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жіберілетін ақша сомасын Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша анықталатын есепті жылдағы таза кірістің жалпы көлемінен 50% төмен түсіруге құқылы;

Жай акциялар бойынша дивидендтердің төлемі Банкте немесе Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер бар болған кезде Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдаған күннен күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей іске асырылады.

Банкте немесе Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған кезде Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер Орталық депозитарийдің есебі жүйесінде ашылған, талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін шотқа Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдаған күннен кейін күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей төленеді.

### Қаржы жылдарының қорытындысы бойынша Банк дивидендтерінің жалпы мөлшері (млрд. теңге):

| | 2018 ж. қорытын-дысы бойынша | 2017 ж. қорытын-дысы бойынша | 2016 ж. қорытын-дысы бойынша | 2015 ж. қорытын-дысы бойынша | 2014 ж. қорытын-дысы бойынша | 2013 ж. қорытын-дысы бойынша | 2012 ж. қорытын-дысы бойынша | 2011 ж. қорытын-дысы бойынша | 2010 ж. қорытын-дысы бойынша |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Артықшылықты акциялар бойынша | Айналыста жоқ | | | 0,338 | 2,61 | 1,8 | 2,24 | 5,24 | 5,49 |
| Жай акциялар бойынша | 126,71 | 69,38 | - | - | 34,26 | 18,55 | 12,22 | - | - |
| Жиыны | 126,71 | 69,38 | - | 0,338 | 36,87 | 20,35 | 14,46 | 5,24 | 5,49 |

### Директорлар кеңесі мүшелерін ақпараттандыру және оқыту

Банкте Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері үшін кіріспе курс (introduction package) әзірленген, онда Банк пен «Halyk» тобының тарихы мен ағымдағы ұстанымдары, Банктің ұйымдық құрылымы, Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, сондай-ақ соңғы есептік күнге шоғырландырылған қаржы есептілігінің негізгі нысандары туралы негізгі ақпарат қамтылған.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сондай-ақ банктік заңнамадағы негізгі өзгерістер туралы ақпарат жеткізіліп отырады.

2019 жылы Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасының мүшелері үшін стратегиялық даму, компаниядағы өзгерістерді басқару және ақпараттық технологиялар мәселелері бойынша семинарлар мен тренингтер өткізілді.

Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің ақпараттандырылуы мен біліктілік деңгейін арттыру бойынша жұмыстарды жүргізуге және оны алдағы уақытта жетілдіруге ниетті.

## Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері

### Рөлі мен жауапкершілігі

### Банкте тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға қатысты қызметтер мынадай тәсілмен бөлінген:

- Директорлар кеңесі Банк ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша стратегиялық басшылық жүргізіп, саясаттарды бекітеді және жүйелі түрде қарастырып отырады. Аудит комитеті тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің жұмыс органы болып табылады.
- сондай-ақ Директорлар кеңесі Банктің ірі мәмілелерін, оның орындалуына мүдделі мәмілелерді және Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілелерді, соның ішінде жеңілдетілген талаптардың болмауына қатысты қарастырады.

- Басқарма тәуекелдерді басқару саясатының жүзеге асырылуына жауапты орган болып табылады. Банкте тәуекелдерді басқару мен бақылау бойынша түрлі қызметтерді атқаратын мынадай негізгі Комитеттер әрекет етеді: кредит комитеттері (КД (Бас Банктің Кредиттік комитеті)), ФКК, ӨКК, Проблемалы кредиттер жөніндегі комитет, Активтерді және пассивтерді басқару жөніндегі комитет және Тәуекелдер жөніндегі комитет.
- Банктің құрылымдық бөлімшелері өздерінің қызметіне тән тәуекелдерді сәйкестендіруге және бағалауға, бақылаудың дұрыстығына және өз қызметінің үздіксіздігіне жауапты.
- тәуелсіз тәуекел-менеджмент қызметтері мен комплаенс кредиттік, операциялық, нарықтық және комплаенс-тәуекелдер мен өтімділік тәуекелдерінің сәйкестігін, бағалануын, бақылануын және қадағалануын қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдастырылуына жауап береді. Тәуекел-менеджмент қызметі мен комплаенсқа Тәуекел-менеджментінің басшысы, Комплаенс-бақылаушы басшы басшылық етеді.
- ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді.

## Үш қорғаныс желісінің негізінде тәуекелдерді басқару жүйесі

Банктегі тәуекелдерді басқару үш деңгейлі қорғаныс жүйесінің базасында құрылады. Бірінші қорғаныс желісіне топ-менеджмент және құрылымдық бөлімшелер, екінші қорғаныс желісіне – Тәуекел-менеджменті комитеттері/тәуекел-менеджменті қызметтері және комплаенс, үшінші қорғаныс желісіне – ішкі аудит кіреді.

- Банктегі бірінші қорғаныс желісі Банктің түрлі бизнес-құрылымдарының күнделікті операцияларды дұрыс орындауын қамтамасыз ету үшін жасалған бақылаулардан құралады. Бақылауларды бизнес-құрылымдар әзірлейді және бизнес-процестердің ажырамас бөлігі болып табылады. Бақылаулардың айқын дизайны тәуекелдерді азайту және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау үшін, сондай-ақ сыртқы реттеу талаптарын сақтау үшін лайықты деңгейде болу қажеттігін меңзейді. Бақылауларды басқару мен мониторингті бөлімшелердің өздері жүзеге асырады, ол бизнес-құрылымдардың тәуекелдерді, бизнес-процестердің әлсіз жақтарын, болуы мүмкін болжаусыз оқиғаларды анықтай алу және оларға дер кезінде жауап қайтару қабілеттілігі болуы қажеттігін болжайды.
- Екінші қорғаныс желісіне тәуекелдерді басқару комитеттері және тәуекел-менеджмент қызметі және комплаенс кіреді. Тәуекел-менеджмент комитеттері мен қызметі белгіленген тәуекел-тәбет шеңберінде тәуекелдерді басқару үшін жауап береді. Екінші қорғаныс желісінің негізгі буыны тәуекел-менеджмент қызметі болып табылады. Лайықты бақылаулар деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекел-менеджмент қызметі тәуекелдерді (кредиттік, қаржылық, операциялық) бағалау, тәуекелдер мониторингі рәсімдерін айқындайды. Тәуекел-менеджмент қызметі тәуекелдерге тұрақты тәуелсіз мониторинг жүргізеді, бірінші қорғаныс желісі деңгейінде тәуекелдерді тиімді басқару үшін бақылау құралдарын әзірлейді, комплаенс қызметімен бірлесе отырып бизнес-бөлімшелерге тиісті салалардағы реттеу талаптарына сәйкестікке қатысты қолдау көрсетеді.
- Үшінші қорғаныс желісін ішкі аудит бөлімшесі ұсынған («Ішкі аудит» бөлімін қараңыз).

Банк қызметіне тән тәуекелдерді толығымен жоққа шығару мүмкін еместігін Банк мойындайды. Алайда Банк қолданысқа енгізілген тәуекелдерді басқару жүйесі оларды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді деген сенімде.

## Мінез-құлық кодексі

Банк қызметкерлермен және клиенттермен қарым-қатынастарды заңдылық, өзара сыйластық және бір-біріне сенімділік қағидаттарында құрайды.

### 2015 жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Корпоративтік этикасының ережесі бекітілді, оның мақсаты төмендегідей болып табылады:

- миссияны, құндылықтарды, іскерлік әдеп пен тәртіп ережелері мен нормаларын бекіту;
- жоғарғы әдеп стандарттарына негізделетін бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім, өзара сыйласу және адалдық атмосферасын сақтау;
- Банк акционерлерінің, клиенттерінің, іскерлік серіктестерінің, мемлекеттік билік органдарының, жұртшылық пен өзге де мүдделі тұлғалар тарапынан Банкке деген сенімді арттыру және сақтау, қаржы нарығының ашық және адал қатысушысының беделін нығайту;
- мүдделі тұлғалармен тиімді қатынас құруды қолдау;
- Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының нормаларын Банк қызметкерлерінің бұзуына жол бермеу.

Жоғарыда көрсетілген Қағидаларды реттеу объектісі Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің өз міндеттемелерін орындауы барысындағы өзара, акционерлермен, клиенттермен, іскерлік серіктестермен, мемлекеттік билік органдарымен, жұртшылықпен және Банкпен қарым-қатынас құратын өзге де тұлғалармен қарым-қатынастардағы кәсіби тәртібі болып табылады.

Банк басшылары өзінің жеке үлгісімен Банкке деген шынайы берілгендігін көрсетеді, Банктің кадрлық резервін құруға, кеңес беруге және тәлімгерлік етуге, ұжымды жалпы миссия, құндылықтар және қағидаттар арқылы біріктірілген командаға жұмылдыруға көңіл бөледі.

Әр қызметкер Банктің имиджі мен іскерлік беделін жоғары деңгейде ұстауға тырысады.

## Ішкі аудит

Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес ішкі аудиттің миссиясы – тәуекелге бағытталған тәсілдеменің және Топ қызметін жетілдіру жөнінде ұсынымдар берудің негізінде тәуелсіз аудиторлық тексерулер және консультациялар жүргізу арқылы «Halyk» тобының құнын сақтауды және арттыруды білдіреді.

Ішкі аудит өз қызметінде заңнама нормаларын, реттеушінің талаптарын, Стандарттарды және Банктің және ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

Ішкі аудиттің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін функциялық тұрғыдан Ішкі аудит департаменті Директорлар кеңесіне бағынышты және оған есеп береді. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерімен өзара әрекеттесу Аудит мәселелері бойынша комитет арқылы, сол сияқты тікелей жүзеге асырылады.

Ішкі аудит департаментінің жылдық жұмыс жоспарын Аудит мәселелері бойынша комитет мақұлдап, Банктің Директорлар кеңесі бекітеді.

[2] Ішкі аудиторлар институтының 01.01.2017 жылы күшіне енген Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандартары.

2019 жылы PricewaterhouseCoopers LLP тәуелсіз сыртқы кеңесшісі 2017 жылы расталған Стандарттарға толық сәйкес келуін қолдау бойынша жұмыстар жалғасуда.

Ішкі аудит департаменті Банктің еншілес ұйымдардарының ішкі аудит қызметтерінің қызметін Стандарттарға сәйкес келтіру бойынша тұрақты түрде әдістемелік көмек көрсетеді.

## Директорларды тағайындау және шарт бекіту туралы ақпарат (рәсімдер туралы жалпы ақпарат)

Директорды лауазымға тағайындаған кезде мінсіз іскерлік беделдің болмау критерийлерін қосқанда, Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін беру қағидаларына сәйкес Қазақстандық реттеушімен келісу қажет.

Директорлармен шарт жасау Халық Банкі басшы қызметкерлерінің еңбекақысы және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та бір жыл бойы жұмысының қорытындылары бойынша сыйақылар қорын қалыптастыру саясатының ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Директорларға (Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Банк Басқармасы Төрағасынан басқа) сыйақыларды төлеу және олардың жеке көлемдерін бекіту туралы шешімді Банк Директорлар кеңесінің жанындағы Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің ұсыныстары негізінде Директорлар кеңесінің Төрағасы қабылдайды.

Директорлармен (Банк Басқармасының төрағасынан басқа) сыйақының жеке мөлшерін, мерзімділігін, талаптарын және ҚР заңнамасына сәйкес ұсталатын міндетті төлемдерді айқындайтын шарттарды Банк атынан Банк Басқармасының төрағасы жасайды.

## Банктің лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін сақтандыру

Банктің Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасы дұрыс емес және қате басқарушылық шешімдерден немесе әрекеттерден туындайтын тәуекелдерді түсінеді.

Акционерлерді осындай оқиғалардың салдарынан ықтимал зардап шегуден қорғау үшін Банк Директорлар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін сақтандырады.



# 15

# ӘЛЕУМЕТТІК ЕСЕП

# Әлеуметтік есеп

Бизнес акционерлер үшін ғана емес, тұтастай қоғам үшін де құндылықтарды жасауы тиіс – бұл ой Halyk Bank үшін негіз қалаушы болып табылады.

Дәл осы үшін Банк мәдени және әлеуметтік бастамаларды қолдай отырып, алдыңғы қатарлы технологияларды дамыту мен ендіру, балалардың, аға буын өкілдерінің денсаулығына және қоршаған ортаға ұқыппен қарау сияқты әлеуметтік жауапкершіліктің түрлі бағытын қамтиды. Банк жыл сайын әлеуметтік және мәдени жобаларды қаржыландырады, сонымен қатар бүкіл Қазақстан бойынша өз басқаруындағы балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілерін дамытумен, тұрғындардың денсаулығын қамтамасыз етумен, әлеуметтік бастамалармен байланысты қайырымдылық жобаларды қолдауға ірі ақша сомаларын бөледі.

Мұндай жобалардың негізгі операторы Halyk Group акционерлері 2016 жылдың көктемінде құрған «Халық» қайырымдылық қоры (Halyk қоры) болып табылады. Қордың ерекшелігі – қайырымдылық қызметте банк өнімдері мен технологияларын белсенді пайдалану.

Бүгінгі күні Банк пен Halyk қорының демеушілік және қайырымдылық қызметі түрлі салаларға: тұрғындардың дені сау өмірінің бастамасын қамтамасыз етуге, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және қоғамдық бастамаларды қолдауға жұмылдырылған. Қор өз қызметіне тең әлеуметтік серіктес қағидасы негізінде үкіметтік емес ұйымдарды, сонымен қатар Банк клиенттерін тарта отырып, өзінің және қоғамдық қайырымдылық жобаларды ойлап шығарады және қолдайды.

## 2019 жылы іске асырылған әлеуметтік жобалар

### «Жеңіс марафоны»

Банк жыл сайын, 9-мамыр қарсаңында, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ҰОС қатысқан ардагерлерге және банк салымшылары болып табылатын еңбек фронтының қатысушыларына ақшалай төлем жасау түрінде материалдық көмек көрсетеді. Материалдық көмек көрсетуден бөлек Банк қызметкерлері денсаулығына байланысты Банк бөлімшелеріне және жалпы қалалық іс-шараларға бара алмайтын ардагерлерді жеке барып құттықтайды.

«Жеңіс марафоны» акциясының шеңберінде өз басқаруындағы Ұлы Отан соғысының, еңбек фронтының ардагерлері де, бала кездегі концлагерьлердің тұтқындары да қалыс қалмайды. Жалғыз қалған және қозғалысы шектеулі ардагерлер Банк қызметкерлерінің жылы құттықтау лебіздерімен бірге азық-түлік жиынтығын және дәрі-дәрмектер алады.

2019 жылы ардагерлерге төленген жалпы сома шамамен 9 млн. теңгені құрады. Соңғы 10 жыл ішінде Банк ардагерлер ұйымдары мен ҰОС қатысушыларына көмек ретінде барлығы 12 млн. теңгеден артық ақша аударды.

### «Мектепке жол»

Республикалық ауқымды «Мектепке жол» акциясы шеңберінде еліміздің аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан 600 бірінші сынып оқушысы Halyk қоры мен Банктің қолдауымен мектеп рюкзактарының және оқу жабдықтарының жиынтығымен Білім күнін қарсы алды.

Акция Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің, білім беру басқармаларының, жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) бастамасымен өткізіледі және дәстүр бойынша Halyk қоры арқылы Банк қолдау көрсетеді.

Өткен жылы мектеп жиынтықтарын сатып алуға 8,5 млн. теңгеден аса ақша бөлінді. Осылайша Банк соңғы төрт жыл ішінде осы мақсаттар үшін 43,5 млн. теңгеден аса ақша жұмсап, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан 3,5 мыңнан асатын бірінші сынып оқушысын мектепке дайындады.

### «Инватакси»

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмектесу Банктің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Өткен жылы Halyk қорымен бірге «Инватакси» ауқымды әлеуметтік жоба жалғасын тапты және 15 арнайы автомобиль қосымша сатып алынып, қозғалысы шектеулі азаматтарды тасымалдауға арналған өңірлік мүгедектер қоғамына тегін тапсырылды. Жоба басталған уақыттан бері өңірлерге жалпы құны 336 млн. теңгені құрайтын 36 арнайы автомобиль табыстадлы. Олардың әрқайсысы мүгедектер арбасына арналған көтеру құрылғысымен, дөңгелек әйнекті салонмен, оң жағына қарай жиналатын және 180 градусқа ашылатын айқарма есікпен жабдықталған. Жобаның арқасында арнайы көліктер ірі және шағын қалаларға ғана емес, қажет болғанда ауылдық округтерге де қызмет етеді.





### «Аяла» қорының жобаларына қолдау көрсеті

Күн сайын Қазақстанда өмірінің алғашқы уақыттарында жедел көмек көрсетуді талап ететін балалар туылады. Банк «Аяла» қайырымдылық қорының – Түркістан облысының №3 перинаталдық орталығына басқарылатын TecotermNeo гипотермиясы үшін аппаратты сатып алу жобасын қолдады. Гипотермия аппараты жаңа туылған бала денесінің температура деңгейін нақты реттеуге және нәресте миының зақымдалған бөліктерін немесе жасушаларын қалпына келтіруді бақылауға арналған. Жоба сомасы 27 млн. теңгеден асады.

### И.Журба атындағы мектеп, «Алтын Тұмар» балабақшасы

Halyk қоры, Halyk Group бизнес-серіктестері Арыс қ. техногендік апаттан зардап шеккен И.Журба атындағы жалпы білім беретін орта мектепті және «Алтын Тұмар» балабақшасын қалпына келтіруге ақша жинап, бөлді. Құрылыс-жөндеу жұмыстары тәулік бойы жүргізілді, И.Журба атындағы бір мектептің ғимаратын қалпына келтіруге шамамен 100 адам жұмылдырылды. Қалпына келтіру жұмыстарына жұмсалған сома 1 млрд. теңгеден асты. Бұған қоса, зардап шеккен қала тұрғындарына қолдау көрсету ретінде Банк арнайы ағымдағы шоттарға мемлекеттік көмекті (әрбір тұрғынға 100 мың теңге) аудару үшін төлем карталарын тегін берді. Банк 32 мыңнан аса пластик картаны тегін дайындап, оларды өңірге әуе көлігімен жеткізді.

### Арыс аудандық орталық ауруханасы үшін медициналық жабдық

Halyk қоры Арыс аудандық орталық ауруханасына да 130 млн. теңгеден аса сомаға медициналық жабдық сатып алу арқылы қайырымдылық көмек көрсетті. Жаңа жабдық шұғыл және жоспарлы операциялар, бала босану бойынша дер кезінде медициналық көмектің толық көлемін көрсетуге, сонымен қатар емделушілерді жоспарлы емдеуге мүмкіндік береді. Сатып алынған жабдықтар тізімінде Оңтүстік Корея, Чехия және Швейцария елдерінде өндірілген – операциялық үстел, инфузиялық және шприцті сорғылар, жаңа туылған нәрестелердің инкубаторы, фототерапиялық жабдық, балалар медициналық жылытқышы, маммографиялық жүйе, төсектер, жасанды өкпе вентиляциясының аппараттары, Bionet емделуші мониторы және басқасын қосқанда барлығы 30 бірліктен аса медициналық жабдық бар.

### Алматы SOS балалар ауылы отбасыларына арналған пәтерлер

Алматы қаласының әкімдігі, «Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім беру қоры» ҚҚ, Halyk қоры, «Қазақстанның SOS балалар ауылы» корпоративтік қоры және «Алматы қаласының №1 бабалар үйі» КММ арасында бекітілген Ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қолдау және құқықтарын қорғау жүйесін нығайту үшін, мейірімді отбасы ортасында олардың толық дамуы үшін, сонымен қатар оларды қалалық ортаға бейімдеу үшін Банк Halyk қорымен бірлесіп Алматы қ. «Қазақстанның SOS балалар ауылы» әлеуметтік ұйымына 120 млн. теңгеден аса сомаға жалпы ауданы 330 шаршы метрден асатын төрт бөлмелі екі пәтер сатып алып, тегін берді. Пәтерлерге күрделі жөндеу жұмыстары тегін жүргізіліп, қажетті жиһазбен, техникамен жабдықталды және отбасы мүшелерінің көшіп келу сәтіне орай азық-түлікпен қамтамасыз етілді.

## Мәдениет пен өнер

### «Астана Опера» (Нұр-Сұлтан қ.)



Halyk Bank Қазақстанның көшбасшы қаржы институттарының бірі бола отырып, бас серіктес ретінде жыл сайын республиканың басты сахна алаңдарының бірі – «Астана Опера» опера және балет театрына қолдау көрсетеді. 2013 жылдан бастап Банк опера және балет өнерінің бірнеше жаңа қойылымы мен фестивалін қолдады. Театрға көрсетілген демеушілік көмектің сомасы 100 млн. теңгені құрады.



## «Абай ат. МАОБТ» (Алматы қ.)

2019 жылы Банк негізгі демеушілік жоба – Алматы қаласындағы Абай атындағы опера және балет театрын қаржыландыруды айтарлықтай ұлғайтты. Сомасы 50 млн. теңгені құрады. Осы қолдаудың арқасында театр өзінің үздік балет спектакльдерімен Еуропаға гастрольдік сапарға шыға алды. Театр труппасының сапары жас мамандар үшін жаңа кәсіби жерлерді ашты.

## «Halyk Art Prize»

2019 жылы Банк заманауи қазақстандық қоғам мен өнерді дамытуға, Қазақстанның жас суретшілерін қолдауға, олардың мансап жолының шешуші кезеңдерінде жаңа есімдерді ашуға бағытталған «Halyk Art Prize» көркемөнер жобасына қолдау көрсетті. Демеушілік көмек 4 млн. теңгені құрады.

## Жәния Әубәкірованың авторлық кітабының және концертінің тұсаукесері

Банк Қазақстан Республикасының халық әртісі Жәния Әубәкірованың шығармашылық қызметінің 30-жылдығына арналған Алматы қ. мен Нұр-Сұлтан қ. жеке концерттеріне және «Вариации на темы...» кітабының тұсаукесеріне қолдау көрсетті. Жеке концертке, сондай-ақ Банк серіктестері: Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры мен «Астана Опера» опера және балет театры қолдау көрсетті. Концерттен кейін Жәния Әубәкірованың «Вариации на темы...» авторлық кітабының жабық тұсаукесері өтті. Демеушілік сомасы шамамен 7 млн. теңгені құрады.




## Қазақстанның спорты

Көптеген жылдар бойы Банк Halyk қорымен бірге Қазақстанның жастар спортының дамуына ондаған миллион ақша бөліп келеді. Бұл жұмыстың мақсаты – спортшылардың жаттығуларына қажетті материалдық базаны құруда отандық спорт ұйымдарына көмектесу, сонымен қатар тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау. Қазақстанның спортына жасалған инвестиция кәсіби және әуесқой жарыстарды өткізуге көмектеседі, халықаралық аренада еліміздің спорттық намысын қорғайтын жас спортшыларды ынталандырады. Мүмкіндігі шектеулі спортшыларды қолдауға ерекше көңіл бөлінеді.

## «Ұлттық лига»

Halyk қоры ҚР Ұлттық баскетбол федерациясымен бірге 13 жылдан аса бүкіл Қазақстан бойынша өзінің қарамағындағы балалар үйлерінің және мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері арасында «Ұлттық лига» әлеуметтік жобасын сәтті іске асырып келеді. Жоба ҚР 3 спорт шеберін, ҚР спорт шеберлігіне 50 аса үміткерді тәрбиеледі. Балалар үйлерінің және интернаттардың жобаға қатысқан түлектері кәсіби клубтардың ойыншылары ретінде де, баскетбол тренерлері ретінде де спорттағы мансаптарын жалғастырып жүр. Аталған факті бұл жобаның балаларға өздерін ересек өмірге де бейімделе алатынының дәлелі болып табылады. Жоба әрекет еткен 13 жылда шамамен 366 млн. теңге ақша жұмсалды.

## «Үміт Кубогы»

«Үміт Кубогы – Кубок Надежды» турнирі Halyk қоры мен Банк қаржыландыратын «Халық лигасы» ауқымды әлеуметтік жобасының бір бөлігі болып табылады. Жыл ағымында республиканың 15 қаласы мен кентіндегі 17 балалар үйінің тәрбиеленушілері кәсіби жаттықтырушылардың басшылығымен баскетбол секцияларына қатысты. Чемпионат жыл сайын өткізіледі. 2019 жылы Чемпионатқа 170 аса жасөспірім қатысты, олардың көпшілігі балалар үйінде тәрбиеленуін аяқтап, өз бетінше өмір сүре бастады. Ынталандыру тренингі ретінде Halyk қоры аты аңызға айналған марафоншы, әлемнің барлық шөлдерін бағындырған, Гиннестің рекодтар кітабына енген кәсіпкер, балалар үйінде тәрбиеленген және тұлғалық дамудың барлық сатысынан өткен Марат Жыланбаевпен кездесу ұйымдастырды. Чемпионат өткізуге қор 33 млн. теңгеден аса қаражат бөлді.

## «Special Olimpics»

2019 жылы Halyk қоры Special Olympics қоғамдық бірлестігіне дәстүрлі көмек көрсетуін жалғастырды. Көрсетілген көмектің арқасында ұйым ақыл-ой мүмкіндігі шектеулі балалар, жасөспірімдер мен жастар үшін 9 республикалық іс-шара өткізді. Іс-шаралар жалпы 1 900 аса адамды қамтыды. Special Olympics-пен 8 жыл ынтымақтастықта 18,5 млн. теңге материалдық көмек жіберілді.

## «Қазақстанның гимнастика федерациясы»

Жыл сайын Банк Қазақстанның гимнастика федерациясына қолдау көрсетеді. 2019 жылы қазақстандық спортшылар көптеген спорт жарыстарына қатысып, спорттық және көркемөнер гимнастикасы бойынша, сонымен қатар спорттық акробатика бойынша 25 алтын, 32 күміс және 25 қола медальды ұтып алды. Карими Милад 2020 жылы Токио қ. өтетін Олимпиада ойындарына лицензия ұтып алды. 2019 жылғы қарашада федерация спорттық гимнастика бойынша FIG академиясын өткізді, іс-шараға Азияның 14 елінен 36 адам қатысты. Сонымен қатар Қазақстанның 15 жаттықтырушысы осы іс-шараға қатысып, үлкен тәжірибе алды. Қазақстанның гимнастика федерациясын қолдауға Банк 2019 жылы 100 млн. теңге бөлді.

## «Halyk Arena»

2019 жылы Банк «Halyk Arena» спорттық кешені демеушілік неймингінің келісімшартын ұзартып, 185 млн. теңге көлемінде демеушілік қаражат бөлді, сонымен қатар Алматы қ. 2019-2024 жылдардағы демалыс және спорт орталығы ретіндегі Halyk Arena-ны дамытудың жаңа бас жоспарына қолдау көрсетті. Банктің қаржылық қолдауының арқасында Halyk Arena алаңында 2019 жылы 22 жаппай спорттық іс-шара өткізілді, оған 214 мыңнан аса адам қатысты.

## Білім беруді, балалар мен жастарды қолдау

Halyk қоры мен Halyk Bank қоры Қазақстанда білім беру жобаларын жүзеге асыруға аса көңіл бөледі және белсенді қатысады. Бұл жұмыс баға жетпес мәліметтерді жас қазақстандықтарға беру үшін бүкіл әлемнің зерттеушілері мен ғалымдарының білімдері мен тәжірибелерін қорытуға мүмкіндік береді. Білімге инвестиция жасау қазақстандық қоғамның болашақ игілігі үшін сенімді іргетас, оның әрі қарай өсіп-өркендеуі мен дамуының кепілі болып табылады. Осы жобалардың маңызды

құрамдас бөлігі табысы аз отбасылардың балаларын, жас жетімдерді және мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау болып табылады.

### «Halyk SMART»

Банк әрқашан инновациялық шешімдерге үлкен көңіл бөледі, сондықтан Halyk қоры арқылы ғылыми әзірлемелерге қаражат бөледі. Банк қатарынан үшінші жыл білім беретін YouTube-арна – Halyk Smart: https://www.youtube.com/watch?v=K5suHp_j_wE қолдап келеді. Мұнда астрофизика, нейробиология, эволюция және әлемдік экономика бойынша жаңа ғылыми-көпшілік бейнелерді қазақ және орыс тілдерінде табуға болады. 2019 жылдың өзінде YouTube-арнаға жазылушылар саны 137 мың адамға жетті, ал қаралым саны 13 миллионнан асты. Осы мақсаттарға 8 млн. теңге бөлінді. Жоба іске асырылған 3 жылда барлығы 21,4 млн. теңге аударылды.

### «IITU ROBOCON» республикалық чемпионаты

Банк «IITU ROBOCON» республикалық чемпионатына қатысу арқылы жастар аудиториясының креативті бөлігіне қолдау көрсетті. Чемпионат аясында Банк студенттерге бизнесті дамыту жөнінде жаңа шешімдер мен идеяларды әзірлеуге қатысу мүмкіндігін береді. Чемпионат еліміздің 15 университетінің әзірлеушілері мен инноваторларын қамтыды. Бюджеті 5 млн. теңгеден аса қаражатты құрады.

### «№1 балалар үйі»

Тәрбиеленушілердің балалар үйлерінде тұруына жағымды жағдайлар жасау, білім беру процесін жақсартуға көмек көрсету, балалардың физикалық және моральдық-адамгершілік тәрбие беру, сонымен қатар оларды қоғамда ары қарай әлеуметтендіруге және бейімдеуге дайындау мақсатында №1 балалар үйі, «Нұрсұлтан Назарбаевтың білім беру қоры» қоғамдық қоры және Halyk қоры арасында 2017 ж. 15 мамырда ынтымақтастық туралы меморандум бекітілді.

Осы ынтымақтастықтың арқасында соңғы екі жылда балалардың оқу үлгерімі көтерілді (білім сапасы 26%-дан 38,5%-ға). 9, 11-сынып түлектері ЖОО мен колледждерге түсу үшін қалаған мамандықтарын таңдауға мүмкіндік алды.

Қосымша білім беру ретіндегі білім беру бағдарламаларын іске асыру әрбір тәрбиеленушіге өзінің жеке білім алу жолын таңдауға шынайы мүмкіндік береді, оқу үлгерімінің деңгейіне қарамастан өз мүмкіндіктеріне сәйкес табысқа жету мүмкіндігін де ұсынады. Осының бәрі жағымды психологиялық ортаны қалыптастырады және әлеуметтік белсенділікке оң ықпал етеді. Жобаны іске асыруға қор 10 млн. теңгеден аса қаражат бөлді.

### «Birgemiz.kz қайырымдылық платформасы»

Қазақстанның қайырымдылық жобаларын қаржыландыруда транспаренттілікті қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылы Birgemiz.kz краудфандингтік интернет-платформасы құрылды. Бұл платформа аты да осылай аталатын мобильдік қосымшамен бірге тіркелусіз, екі рет шерту арқылы ғана кез келген банктің картасынан қайырымдылық жасауға мүмкіндік береді. Қайырымдылық көмекті түрлі әлеуметік салалар, мысалы: денсаулық, қарттарға көмек, жануарларды сақтау жобаларына көрсетуге болады. 2019 жылдың өзінде ғана қайырымдылық жасаушылар ретінде сайтқа 1 200 адам тіркелді, олар қорға қайырымдылық көмек ретінде жеті миллионнан аса ақша аударды. Бұл қаражатқа қосымша Halyk қоры екі миллиондай ақша бөлді. Бұл қаражаттың барлығы жобаға қатысушы: «Аяла» қайырымдылық қоры, «АМИЛА» қатерлі ісік ауруына шалдыққандарға көмек көрсету қоры, «Мейірімділік» ерікті қоғамы» қоғамдық қоры, «Игілік сыйлаймын» қоғамдық қоры, «Бәріміз қатерлі ісікке қарсы» қоғамдық қоры, «Ковчег» мекемесі, «Расима-Фудбанк КАЗАХСТАН» жеке қоры, «Өмірге сен» қоғамдық қоры, «Қасиетті жол» қоғамдық қайырымдылық қоры және «Эльдани» қайырымдылық қоры бар 10 қордың түрлі қайырымдылық жобаларына берілді. Іске қосылған сәттен бастап екі жыл ішінде платформада 10 қайырымдылық қордың 22 әлеуметтік жобасы тіркелді, осы жобалардың ішінен алтауы бүгінгі күні сәтті аяқталды. Birgemiz.kz платформасы әрекет еткен 2 жылдың ішінде ғана барлық қайырымдылық жобалар бойынша қайырымдылық түрінде 17 млн. теңгеден аса қаражат жиналды, олардың ішінен Halyk қоры 5,5 млн. теңге ақша бөлді.

## Халық Банкі қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыру жүйесі

Банктегі еңбекті ұйымдастыру жүйесі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексіне, Қазақстан Республикасының «Банктер және Қазақстан Республикасындағы банктік қызмет туралы» заңына сәйкес реттеледі.

Банктің Кадр саясатының негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- ұйымдық құрылымды жетілдіру, кадрлық жоспарлау;
- қызметкрелерді іріктеу және орналастыру;
- қызметкерлерді оқыту және дамыту, қызметкерлердің кадрлық резервін қалыптастыру;
- қызметкерлердің нәтижелілігін және уәждемесін басқару, еңбекті төлеу;
- қызметкерлердің корпоративтік мәдениетін қалыптастыру және әлеуметтік қолдау көрсету.

Банкте Банктің бизнес процестерін оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жүйелі және ретті жұмыстар жүргізіледі, бұл қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Банктің ұйымдық құрылымы мен штаты олардың Банк құрылымына, қызметінің бағыттарына және стратегиялық мақсаттарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында ұдайы түрде қайта қаралады.

«Halyk» тобының корпоративтік стратегиясына негізделген Банктің кадр саясаты банктің стратегиясына, ұйымдық құрылымына, тәуекелдер бейініне, қол жеткізген нәтижелерге және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.

## 2009-2019жж. Банктің штат санының динамикасы.

| Бизнес саласы | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | Ауытқу 2019/2009 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Филиалдар | 7 792 | 7 725 | 7 470 | 7 394 | 7 395 | 7 308 | 7 367 | 7 074 | 7 254 | 10 187 | 10303 | 32% 2 511 |
| Бас банк | 1 522 | 1 524 | 1 491 | 1 496 | 1 534 | 1 638 | 1 744 | 1 761 | 1 835 | 2894 | 3072 | 102% 1 550 |
| Барлығы | 9 314 | 9 188 | 8 962 | 8 890 | 8 928 | 8 946 | 9 112 | 8 835 | 9 089 | 13 081 | 13375 | 44% 4 061 |
| Ауытқу | -594 | -126 | -226 | -72 | 38 | 18 | 166 | -276 | 254 | 3 992 | 294 | |
| % Филиалдар | -6,20% | -0,90% | -3,30% | -1,00% | 0,00% | -1,20% | 0,80% | -4,00% | 2,50% | 40,40% | 1,14% | |
| % Бас Банк | -5,00% | 0,20% | -2,20% | 0,30% | 2,60% | 6,70% | 6,50% | 1,00% | 4,20% | 57,70% | 6,15% | |
| Барлығы | -6% | -1% | -2% | -1% | 0,40% | 0,20% | 1,90% | -3,00% | 2,90% | 43,90% | 2,25% | |

Қойылған міндеттерді табысты жүзеге асыру мақсатында Басқарманың жаңа сандық құрамы жаңартылды, Банк Басқармасының жаңа мүшелері сайланды және бөлімшелердің жетекшілігі белгіленді.

Банктің стратегиялық міндеттерінің бірі цифрлық банкинг саласында позицияларды көтеру болып табылады, бұл Банкке әлемдік ауқымдағы инновациялық жоғарытехнологиялық қаржы институтына айналуға мүмкіндік береді. Аталған мақсатқа жету үшін Банк басшылығы 2019 жылы АТ блокты нығайту жөнінде шешімдер қабылдады: АТ-бөлімшелер қайта құрылды, «Go Digital» жобалық командасы құрылды, жоғары білікті АТ-мамандары іріктеліп, қабылданып жатыр.

2019 жылы болашағы бар және мүдделі студенттерді Банкте ақылы тәжірибеден өткізіп, ары қарай ЖОО-ны аяқтағаннан кейін Банкке жұмысқа орналастыру мүмкіндігімен оларды қызықтыруға мүмкіндік беретін HalykStarT бағдарламасы іске қосылды. Жоба АТ-бөлімшелерде сәтті іске асырылып жатыр және ең тиімді студенттер Банк штатына тұрақты лауазымдарға қабылданды. Болашағы зор жас мамандарды іздеу мақсатында Банк жетекші қазақстандық жоғары оқу орындарымен тәжірибе өтуді ұйымдастыру мәселесі бойынша ынтымақтасуда.

Қызметкерлерді іріктеу «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та қызметкерлерді іздеу және іріктеу бойынша бекітілген қағида негізінде жүргізіледі. Мамандарды іріктеу тиімділігін арттыру мақсатында басшылар үшін әдіснамалық нұсқаулықтар әзірленді, құзыреттер картасы жасалды, басшылардың рөлін күшейту жөнінде, оның ішінде іріктеу кезінде кездесулер өткізілді. Болашағы зор жас мамандарды іздеу мақсатында Банк бос жұмыс орындарының жәрмеңкелеріне қатысады.

Дәстүрлі тәлімгерліктен дамытушы тәлімгерлікке көшу үшін тәлімгерлік процестері автоматтандырылды, agile-құралды пайдалану арқылы StarMap құзыреттерінің картасы жасалды.

Банк қызметкерлерінің кадрлық іс-шараларға қатысты, сонымен қатар қызметкер бойынша басқарушылық есептілікті кеңейту үшін өзіне өзі қызмет көрсету процестерінің тізілімін кеңейту жалғастырылды.

## Қызметкерлердің дамуы

2019 жылы қызметкерлерді оқыту және дамыту саласындағы Банктің саясаты Банктің бизнес бөлімшелері қызметкерлерінің кәсіби білімдерінің деңгейін үздіксіз арттыру және БЖ-да жұмыс істеуінің тәжірибелік дағдыларын жетілдіру бағытында іске асырылды. Ішкі корпоративтік оқытудың басым бағыттары «Жобаларды басқару парадигмасын ауыстыру – Agile ендіру» стратегиялық бастамасын іске асыру шеңберінде филиал желісінің Бөлшек бизнес қызметкерлері үшін өткізілетін сату дағдыларын дамыту және сервис деңгейін көтеру, ШОБ қызметкерлері үшін – кәсіпорындардың бухгалтерлік есебі, ал Бас банктің қызметкерлері үшін – Agile және Scrum бойынша оқыту болды.

Байланыс орталығы департаментінің басшылары мен қызметкерлері үшін: «Тәлімгерлік», «Командадағы көшбасшы рөлі», «Өзін өзі басқару дағдылары: жұмыстан қалай шаршамауға болады» тренингтерінің жекелеген топтамасы әзірленіп, өткізілді. Осы тренингтерге БОД 343 қызметкері қатысты.

2019 жылы Қызметкерлерді басқару департаменті Банктің кадрлар резервіне енгізілген басшылар мен қызметкерлерді жүйелік оқыту жалғасын тапты. Банк басқару дағдыларын дамытуға, жеке тиімділікті арттыруға, бастамашылдыққа, ішкі бизнес-тренерлердің күшімен эмоциялық интеллектті дамытуға бағытталған кадрлар резервінің қатысушыларына оқыту өткізді (мұндай оқытудан Бас банктің кадрлар резервінің 205 қатысушысы өтті).

Алғаш Бас банктің дербес құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, сонымен қатар Байланыс орталығы департаментінің басшылары мен қызметкерлері үшін фасилитациялық сессиялар өткізілді. Бұл инновациялық технология қабылданатын шешімдерді талқылау процесін ұйымдастыруға және сапасын жақсартуға көмектеседі.

Банктің және еншілес компаниялардың топ-менеджментін ТМД елдерінен сыртқы тренерлерді тарту арқылы «Көшбасшылар үшін Agile-ге кіріспе» және «Адизестің методологиясы бойынша компанияда қалай тиімді өзгерістер жасауға болады» тақырыптары бойынша корпоративтік форматта оқыту өткізілді.

Жүйелік негізде жаңа қызметкерлерді Банк ұжымына тиімді бейімдеуге, олардың ниеттестігін арттыруға және Банкте жағымды іскерлік ахуалды ұстауға бағытталған бейімделу іс-шаралары және сондай-ақ «Іскерлік қарым-қатынас дағдылары» ішкі тренингі жасалды.

Еншілес компаниялардың қызметкерлері де корпоративтік оқытудан өтті. Банктің бизнес-тренерлері «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ және «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ басшылары мен қызметкерлері үшін осы еншілес компанияларға бару арқылы тренингтер өткізді.

Қашықтықтан оқыту және тестілеу жүйесін дамыту бойынша жұмыс жалғастырылды (ҚОЖ). Банкте қолданыстағы ҚОЖ мүмкіндіктері және қашықтағы қызметкерлерді жаппай қамтитын оқытудың осы түрінің танымалдығының жүйелі өсімі 2019 жылы оқытылған қызметкерлердің және жүзеге асырылған оқыту бағдарламаларының санын бірнеше есе арттыруға мүмкіндік берді.

Банк қызметкерлерінде қашықтықтан оқыту порталында жалпыға қолжетімді курстар каталогында орналастырылған қашықтықтағы курстарды оқуды өздеріне ыңғайлы кез келген уақытта өз бетінше белгілеу мүмкіндігі пайда болды.

2019 жылы банктің қашықтықтан оқыту және тестілеу жүйесіне «Halyk» тобының келесі еншілес ұйымдары қосылды: «Халық Жоба» ЖШС, «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ, «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ, «Халық» СК» АҚ, «Халық Актив» ЖШС, «Халық Лизинг» АҚ, «Куса Халық» ЖШС.

Филиалдар желісі оқытушыларының жұмысы айтарлықтай өзгерді: оқытушылардың кәсіби білімдерін және техникалық оқуды арттыру (тәжірибе алмасу) мақсатында оқытушылар үшін видео-конференция өткізу тәжірибесі енгізілді (2019 жылы 5 видео-конференция өткізілді); HR методологы бизнес тренердің өңірлерге баруымен оқытушылардың қызметін, оқу базасын және оқыту тиімділігін жүзбе-жүз инспекциялау процесі ұйымдастырылды.

2019 жылы ССТ жобасының шеңберінде тестілеу ортасын пайдалану арқылы бизнес-процестерге және БЖ-мен жұмыс істеуге Банктің филиалдық желісінің бөлшек бизнес фронт-бөлімшелерінің қызметкерлерін жаппай оқыту әзірленіп, өткізілді. Оқытуға Бөлшек бизнес қызметкерлерінің ішінен бұрын оқытылған тәлімгерлерді тарта отырып, Банктің 900 аса қызметкері қатысты.

2019 жылы соңғы 5 жылда алғаш рет «360 градус» әдісімен бағалау жүргізілді. Бағалау жүргізу үшін мақсатты топ болып Банктің филиалдық желісінің директорлары анықталды. «360 градус» әдісімен өткізілген бағалау филиал директорларының қандай құзыреттері олардың мықты жақтары, ал қайсылары дамытуды қажет ететінін анықтауға мүмкіндік берді.

Үздіксіз оқытуды дәріптеу мақсатында ЖОО студенттері үшін тренингтер топтамасы әзірленіп, өткізілді.

## Қызметкерлерді ынталандыру және олардың Банкке ниеттестігін арттыру

2019 жылы қызметкерлердің пікірін зерттеу мақсатында: қызметкерлердің еңбек құштарлығын зерттеу және еңбекақы төлеу талаптарына қанағаттанушылығын зерттеу жүргізілді.

Қызметкерлердің бірқатар ұсынысы Банкте еңбекақы төлеу жүйесін жетілдірген кезде ескерілді.

2019 жылғы наурызда Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары жүйелік қайта қарастырылды, оның нәтижесінде тіркелімді жалақы орташа 15%-ға көтерілді. KPI орындауына қарай бөлшек, транзакциялық, шағын және орта бизнес қызметкерлерін ынталандыру жүйесі тұрақты жетілдіріледі.

2019 жылғы қазанда Банктің жаңа корпоративтік сайты іске қосылды, жаңа қызықты рубрикалар пайда болды, сайтқа кіру 3 есе ұлғайды.

Қызметкерлердің ниеттестігін арттыру бағдарламасы шеңберінде және қызметкерлер мен басшылықтың арасындағы екіжақты байланысты қамтамасыз ету үшін Банк бөлімшелерінде әлеуметтік-психологиялық ахуалды зерттеу бойынша жұмыс жалғасуда.

2018 жылдағы үздік қызметкерлерді көтермелеу мақсатында 2019 жылдың мамырында Банк қызметкерлерінің қол жеткізген жетістіктерінің бағдарламасы бойынша қорытынды шығарылды. Үш номинацияда үздік қызметкерлерге ақшалай сыйақы төлеумен, мақтау қағаздары мен стеллаларды табыстаумен марапаттау ұйымдастырылды: 1. Банктің үздік қызметкері «Кәсіпқойлық және Банктің құндылықтарына адалдық» (I дәрежелі номинация) – 2. Банктің үздік қызметкері «Ынта және табысқа ұмтылыс» (II дәрежелі номинация); 3. Жылдың үздік қызметкері (III дәрежелі номинация).

I және II дәрежелі номинацияның жеңімпаздары Алматы қ. шақырылып, оларға салтанатты жағдайда мақтау қағаздары мен стеллалар табысталды, сондай-ақ Банк Басқармасының мүшелерімен салтанатты қонағасы ұйымдастырылды, содан кейін жеңімпаздар үшін Алматы қ. бойынша экскурсия ұйымдастырылды.

Филиалдардың бөлімшелерін ынталандыру және көтермелеу мақсатында 2017 ж. бастап жыл сайын филиалдар арасында «Қызмет бағыты бойынша үздік бөлімше» байқауы өткізіледі. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар құрмет грамоталарымен және ақшалай жүлделермен марапатталады.

Әр қызметкердің Банк процестерін және еңбек жағдайларын жақсартуға үлес қосуына мүмкіндігі бар. Ұсыныстары енгізілетін қызметкерлер, сондай-ақ ең бастамашыл қызметкерлер бастамаларды дамыту бағдарламасы шеңберінде құрмет грамоталарымен және ақшалай жүлделермен марапатталады.

Банк қызметкерлерінің корпоративтік және спорттық рухын дамыту және нығайту үшін 2019 жылы түрлі келесі іс-шаралар мен байқаулар өткізілді,

### мерекелік іс-шаралар:

- 8 наурыз халықаралық әйелдер күні;
- мүлде жаңа форматта Наурыз мейрамы іс-шарасы ұйымдастырылып, өткізілді;
- 9 Мамыр – Жеңіс күні және 7 Мамыр;
- Halyk Bank күні – 10 қазан;
- Ұлттық валюта – теңге күні;
- Жаңажылдық іс-шаралар;
- Қызметкерлерді «Нұрлы Тау» форель шаруашылығы белсенді демалыс орталығына табиғатқа корпоративтік шығару ұйымдастырылды;

### Банк және шет ұйымдар ұйымдастырған спорт шаралары:

- «Halyk» Тобының командалары арасында «Halyk» Тобының кубогы үшін III Спартакиаданың іріктеу және қорытынды турнирлері өткізілді. Спартакиаданың қорытынды турнирлері Қарағанды қаласында өтті;
- Алматы қаласының қаржы институттарының қызметкерлері арасында шахмат бойынша KPMG турнирі;
- «Бірінші болу батылдық!» атты VII қайырымдылық марафонына ББ 378 қызметкері қатысты;
- «Титандар шайқасы» турнирі (бильярд, картинг, боулинг, караоке);
- Бас банктің қызметкерлері арасында үлкен теннистен турнир өткізілді.

### Конкурстар:

- Ең ерекше «Тұрмысқа шығуға ұсыныс жасау» фотоконкурсы;
- «Үздік ұлттық образ» конкурсы;
- «Ұлттық дәстүрлер» конкурсы;
- Банк туралы үздік өлең конкурсы;
- Halyk Bank күніне арналған интерактивті шағын викторина (Банк туралы сұрақтар);
- Үздік жаңажылдық безендіру конкурсы

Банк және оның қызметкерлері әлеуметтік маңызы бар жобаларға белсенді қатысады. Жыл бойы қайырымдылық акциялары өткізіледі және Банктің жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне 9 мамыр қарсаңында және 1 қазан күні, мерейтойлық күндері көмек көрсетіледі, Банк қызметкерлері қайырымдылық жасау мақсатымен балалар үйлеріне барады (қаңтар, маусым, қыркүйек). 2019 жылы балалар үйлеріне 1 718 900 теңге көлемінде ақша жиналды.



# 16

# ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ



# Жауапкершілік туралы мәлімдеме

**Осы арқылы бізге төмендегілер мәлім болғанына байланысты:**

- осы жылдық есептегі шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған және Халық Банк пен оның еншілес ұйымдарының қаржылық жағдайын, сондай-ақ олардың қызметтерінің нәтижелерін, ақшалай қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерін шынайы көрсететінін; және
- жылдық есептің шоғырландырылған есептілікте қамтылған әрі тұтастай қарастырылып отырған Халық Банк пен оның еншілес ұйымдарының дамуына және қызметінің нәтижелеріне, қаржылық жай-күйіне, Халық Банк тап болып отырған негізгі тәуекелдер мен тұрлаусыздықтарға жасалған әділетті шолуды қамтитынын растаймыз.

**Ү. Б. Шаяхметова**

Басқарма төрайымы



# 17 ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

# Даму перспективалары

Бүгінгі таңда «Halyk» тобы – бұл көрсетілетін қаржы қызметтерінің барлық нарықтарындағы негізгі ойыншы, бекемдіктің айтарлықтай қорына ие, мықты қаржылық, материалдық және технологиялық базасы, білікті мамандары мен табысты басқарушы командасы бар белсенді, қарқынды дамып келе жатқан қаржы тобы.

«Казкоммерцбанк» АҚ-пен бірігуі нәтижесінде Halyk Bank бүгінгі күні барлық негізгі өлшемдер бойынша жақын бәсекелестерінен басым тұрған Қазақстандағы және өңірдегі ең ірі коммерциялық банк болып табылады, еліміздің банк саласының көшбасшысы және барлық көрсеткіштер бойынша бірінші орынға жайғаса отырып (2020 жылғы 1 қаңтар жағдайына): активтерінің көлемі бойынша нарық үлесінің 33%, клиенттерге берілген заемдар көлемінен (нетто) 29,2%, депозиттер көлемі бойынша 35,8% (оның ішінде бөлшек депозит 34,0% және корпоративтік депозит 37,6%), таза пайда көлемі бойынша 39,9% ие.

«Halyk» тобының 2019-2021 жылдарға арналған Даму стратегиясының (бұдан әрі – Стратегия) аясында «Halyk» тобы мен Halyk Bank сапалы трансформациясы бойынша клиентпермен белсенді өзара әрекеттесуге бағытталған бірқатар стратегиялық бастамалар көзделген. Аталған стратегиялық кезеңде «Halyk» тобының негізгі күш-жігері клиенттердің жоғары сервис пен қызмет көрсету сапасына, жоғары технологиялық қаржы қызметтері мен өнімдерінің қолжетімділігіне талаптарын есепке алумен бизнесті жүргізу үлгісінің жаңа элементтерін ендіру және қолданыстағы үлгісін жетілдіру міндеттерін шешуге бағытталған.

Стратегияда көзделген мақсаттарға жету үшін бизнес және операциялық үлгілерге бірқатар: ойлауды өзгерту және инновация, корпоративтік ортаны түрлендіру және шешімдер қабылдау тәсілдерінің мәдениет ендіру сияқты өзгерістер қажет. Клиентке негізгі бағдар және оның қажеттіліктерін қанағаттандыру барлық функцияларды біріктіруді, барынша жылдам әрі сапалы сервис ұсыну үшін клиенттерден кері байланысты пайдалануды, аса фокусталған және тиімді сату процесіне көшуді, күрделірек және технологиялық өнімдерді ендіруді талап етеді.

**«Halyk» тобының және Halyk Bank-тің 2019-2021 жылдар кезеңіне арналған базалық даму стратегиясы қорғаныс стратегиясы емес, өсу стратегиясы ретінде анықталған. Аталған стратегиялық кезеңге басымдықтар қатарында:**

- бәсекелестік артықшылықтарын пайдалану және күшейту қажеттілігі, әсіресе технологиялылық, клиенттік тәжірибе мен қызмет көрсету сапасы бөлігінде;
- түрлі клиенттер тобы үшін Банкті негізгі серіктес ретінде және бірінші таңдаулы банк ретінде жайғастыру;
- көп клиенттер тобының мұқтаждықтарын есепке алу және қоғам үшін және жалпы алғанда ҚР экономикасы үшін құндылықтар жасау, табыстылық пен өтімділік көздерін әртараптандыру салдары сияқты;
- таңдаулы халықаралық экспансия.

## 2019-2021 жылдардың стратегиялық кезеңіне мынадай негізгі стратегиялық қағидаттар қалыптастырылды:

### Барлық негізгі клиенттік сегменттердегі көшбасшылық жайғасымдар

- Halyk Bank пен ККБ-ның нарықтағы бірлескен үлесін есепке алып (көптеген қосалқы нарықтар бойынша 30-50%) таңдалған клиенттік сегменттермен ғана жұмыс істеуге назар аудару орынсыз, себебі нарықтың жалпы үлесінің жоғалуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- Корпоративтік клиенттердің кең шоғырымен және ашық («жалақылық емес») бөлшек бизнеспен жұмыс істеу есебінен әртараптандыру Банк табыстылығының/өтімділігінің мемлекетпен байланысқан компаниялардан тәуелділігін төмендету үшін керек;
- Клиенттердің барлық сегменттері мен олардың қажеттіліктері үшін Банктің ашықтығы мен қолжетімділігі оны басты серіктес ретінде жайғастыру үшін, сондай-ақ қарқынды өсіп келе жатқан бәсекелестерден қорғану үшін стратегиялық акцент болып табылады.

### Клиентке бағдарланушылық, сервистің сапасына назар

### Үздік нарықтық тәжірибелер деңгейінде сандық сервистер және шешімдер

- Клиенттік тәжірибе және диджиталдау: банк қызметтерінің, әсіресе осы бағыттар бойынша клиенттер болжалдарының деңгейі үнемі артып отыратын ББ пен ШОБ үшін негізгі бәсекелестік айырмашылықтар;
- Осы аспектілерді ұзақ мерзімді жақсарту үшін бизнес және операциялық үлгінің (технологияларды есепке алмай) бірқатар өзгерістері қажет – инновация мәдениеті, шешімдер қабылдау тәсілдері, клиенттердің кері байланысын пайдалану, ынталандыру жүйесі.

### Еліміздің бас транзакциялық банкі

- Бөлшек және корпоративтік клиенттер үшін бірегей инфрақұрылымды пайдалана отырып, экономика ауқымындағы барлық төлем ағындары (қолма-қол және қолма-қол емес) үшін транзакциялық қызметтердің көшбасшы жеткізушісін құру (процессинг, эквайринг, банкоматтар мен терминалдардың инфрақұрылымы, т.б.), сондай-ақ бірқатар арнайы сандық сервистер мен төлемдік шешімдер;
- Ашығырақ жайғастырудың тағы бір элементі ретінде халықтың барлық сегменттері үшін банк қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Көрсетілген стратегиялық қағидаттарды іске асыру Halyk Bank пен Топ қызметінің маңызды көрсеткіштерін жақсартуға, негізгі өнімдер бойынша нарықтағы үлесінің айтарлықтай өсіміне, пайданы ұлғайтуға және тұрақты жоғары қаржы коэффициенттерін ұстап тұруға көмектеседі. Бұған аса фокусталған және тиімді сату процесі, бәсекелестердің ұсынысынан озық аса күрделі өнімдерді ендіру арқылы қол жеткізіледі. Стратегиялық қағидаттарды іске асырудың нәтижесі Halyk Bank-ті клиенттердің барлық сегменттері үшін бірінші таңдаулы банк және негізгі транзакциялық банк ретінде, жоғары технологиялық және сапалы сервис ұсынатын банк ретінде жайғастыру болып табылады.

## 2019 жыл ішінде, жаңа стратегиялық кезеңнің бірінші жылы бірқатар стратегиялық жобалар іске асырылып қойылды:

- селективті халықаралық экспансияның стратегиялық қағидаты шеңберінде Halyk Bank-тің Өзбекстандағы еншілес компаниясы «Tenge Bank» АКБ құрылып, клиенттерге қызмет ете бастады;
- «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ (бұрын – «Казкоммерцбанк Тәжікстан» ЖАҚ) және «Halyk Finservice» АҚ (бұрын – «Qpayments» АҚ) еншілес ұйымдарының қайта ұйымдастырылуы мен ребрендингі аяқталды;
- Onlinebank 24/7, оны іске асырғаннан кейін Halyk Bank аптаның 7 күні тәулігіне 24 сағат төлемдерді өңдейтін бірінші ЕДБ болды;
- Homebank-те клиенттерге кредит беру және Банктің төлем терминалдарында кредит беру;
- Банктік емес сервистердің экожүйесін дамыту;
- сервисті жақсартуға және жылдамдатуға бағытталған жаңа картотека, автокассалар, аударымдарды роботтау.

Ағымдағы стратегиялық кезеңнің міндеттерін іске асыру шеңберінде 2020 жылы бірқатар жобаларды, оның ішінде ШБ-ке онлайн кредит беру, Big Data (деректер фабрикасы), Market place (сатылымдар), заңды тұлға клиенттер үшін экожүйе (сыртқы сервистер) және басқалары сияқты іске асыру көзделді.

2019ж. Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы бір баррель үшін шамамен 62,35 АҚШ долларын құрады (2018ж. бір баррель үшін 66,73 доллар). 2019ж. ЖІӨ-нің өсімі 4,5% (2018 ж. 4,1%) құрады. Экономиканың негізгі драйверлері құрылыс, көлік, сауда және байланыс болды. Бұл ретте өсімді 3,7% қарсы 4,4% көрсете отырып, өндіруші сала өсім жағынан кен өндіру саласынан асып түсіп.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ-тің базалық мөлшерлемесі 9,25% ± 1% (2018 жылғы 31 желтоқсанда – 10,25% ± 1%) құрады. Қорландыру құны 2018ж. 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес 4,7%-дан 2019ж. 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес 4,2%- дейін төмендеді, сол екі арада жаңа заемдарға деген сұраныс арта түсті. Теңгелік өтімділікті стерилизациялаудың негізгі құралы ҚРҰБ қысқа мерзімді ноталары болып қалды.

Топтың басшылығы экономикалық жағдайдағы ағымды өзгерістерді бақылап отырады және өзі жақын болашақта Топ бизнесінің тұрақтылығын ұстап тұру және дамыту үшін қажет деп санайтын шараларды қолданады. Бірақ, қазіргі сәтте экономикалық жағдайдағы өзгерістердің, Топ қызметінің болашақ нәтижелері мен қаржылық жағдайына әсерін анықтау қиын.

2019 ж. 2-ші жартыжылдығында ҚРҰБ Қазақстан Республикасының банк секторы активтерінің сапасына бағалау (бұдан әрі – «АСБ») жүргізді. АСБ тексеруінің периметріне банк секторы активтерінің жалпы көлемінің 87% үлесі бар және сектордың несиелік портфелінің 90% үлесі бар 14 ірі банк кірді. Бағалаудың ашық әрі объективті болуын қамтамасыз ету үшін ҚРҰБ АСБ-ны халықаралық кеңесшімен және тәуелсіз аудиторлық компаниялармен бірге жүргізді.

АСБ Европалық Орталық Банкінің әдістемесіне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және пруденциялық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес іске асырылды.

2019 ж. 1 сәуірдегі жағдайға сәйкес ҚРҰБ жариялаған АСБ нәтижелеріне сәйкес банк секторының шоғырландырылған деңгейінде (АСБ барлық қатысушы банктерінің нәтижелерінің агрегациясы) капиталдың тапшылығы байқалынбайды; пруденциялық нормативтер k1 мен k2 АСБ нәтижелерін есепке алып жүйелі деңгейде орындалады. АСБ нәтижелері бойынша қатысушы банктерге олардың негізінде шаралардың егжей-тегжейлі жоспарлары әзірленетін бизнес үдерістерді жақсарту бойынша ескертулері/ұсынымдары бар есептер ұсынылады.

Банктің өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ХҚЕС талаптарына сәйкес жүзеге асыратынын есепке ала отырып, Банк үшін АСБ-ның жеке нәтижелері Топтың қаржылық жағдайы мен тұрақтылығына айтарлықтай әсер етпеді. Осылайша, ҚРҰБ деректеріне сәйкес 2019 ж. 1 сәуірдегі жағдай бойынша Банк активтері мен капиталының құнын түзету 18,9 миллиард теңгені құрауы мүмкін еді, бұл ретте осы бағалау АСБ тексерілген күннен басталған кезең ішінде болған нарықтық ортадағы өзгерістер мен Банк портфеліндегі өзгерістерді (заемдарды өтеу, кепіл жиынының өзгеруі, АСБ бойынша резервтерді қосымша жасақтау, т.б.) ескермейді.

Осыған байланысты Банк бұдан әрі қарай да AQR нәтижелерінің Банктің қаржылық жағдайы мен тұрақтылығына әсер етуін күтпейді.

2019 жылғы аудит-телген шоғырлан-дырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырлан-дырылған қаржылық есептілікке ескерт-пелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші Шоғырландырылған қаржы есептілігіне ескертулер

(миллион теңгемен)



## Иелік үлесі

2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсандағы мәліметке сәйкес Топқа мына акционерлер иелік етті, олардың үлесі Топ шығарған капиталдың 5 % асады:

| 2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | Барлық акциялар | Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі | Жай акциялар | Айналымдағы жай акциялардағы үлесі |
|---|---|---|---|---|
| «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ | 7 583 538 228 | 65,1% | 7 583 538 228 | 65,1% |
| «Бірыңғай Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ | 718 054 740 | 6,2% | 718 054 740 | 6,2% |
| ЖДҚ ұстаушылар | 3 001 602 000 | 25,7% | 3 001 602 000 | 25,7% |
| Басқалар | 353 390 222 | 3,0% | 353 390 222 | 3,0% |
| АЙНАЛЫМДАҒЫ БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ) | 11 656 585 190 | 100% | 11 656 585 190 | 100% |

| 2018 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | Барлық акциялар | Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі | Жай акциялар | Айналымдағы жай акциялардағы үлесі |
|---|---|---|---|---|
| «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ | 8 756 202 348 | 75,0% | 8 756 202 348 | 75,0% |
| «Бірыңғай Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ | 718 054 740 | 6,1% | 718 054 740 | 6,1% |
| ЖДҚ ұстаушылар | 1 840 105 600 | 15,8% | 1 840 105 600 | 15,8% |
| Басқалар | 365 393 741 | 3,1% | 365 393 741 | 3,1% |
| АЙНАЛЫМДАҒЫ БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ) | 11 679 756 429 | 100% | 11 679 756 429 | 100% |

| 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | Барлық акциялар | Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі | Жай акциялар | Айналымдағы жай акциялардағы үлесі |
|---|---|---|---|---|
| «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ | 8 086 451 772 | 73,6% | 8 086 451 772 | 73,6% |
| «Бірыңғай Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ | 716 281 746 | 6,5% | 716 281 746 | 6,5% |
| ЖДҚ ұстаушылар | 1 852 878 720 | 16,8% | 1 852 878 720 | 16,8% |
| Басқалар | 338 204 581 | 3,1% | 338 204 581 | 3,1% |
| АЙНАЛЫМДАҒЫ БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ) | 10 993 816 819 | 100% | 10 993 816 819 | 100% |

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

## 2. Есептілікті ұсыну қағидаттары

### Сәйкестік туралы мәлімдеме

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ үздіксіз қызмет қағидатының негізінде әрекет етті және өз операцияларын жақын арадағы болашақта да жалғастырады деген болжаумен әзірленді. Осы бағалауды жүргізу барысында басшылық ағымдағы және болашақтағы экономикалық жағдайларға қатысты ақпараттың, ақшалай қаражаты, пайда мен капитал ресурстарының қозғалысы туралы болжамдарды қоса, үлкен спектрін қарады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі акцияға шаққандағы пайдадан бөлек, егер басқаша көрсетілмеген болса, миллион қазақстандық теңгемен («теңге») ұсынылып отыр.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі тарихи құн қағидаты негізінде әзірленген, әділдік құнмен бағаланатын белгілі бір қаржы құралдары және актуарлық есеп негізінде есепке алынатын сақтандыру міндеттемелері, сондай-ақ қайта бағаланған тозу құны ескерілген белгілі бір жылжымайтын мүлік, ғимараттар, жабдықтар, төмендегі есептік саясатта сипатталғандай, бұған кірмейді.

Тарихи құн әдетте тауарлар мен қызметтерге ауыстырылып берілген сыйақының әділ құнының негізінде анықталады.

Әділ құн, құнның тікелей бақыланатын немесе бағалаудың басқа әдістемесін пайдалану арқылы, есептік амалмен алынған болып табылатынына қарамастан бағалау күніне активті сатқан кезде алынатын немесе нарықтың қатысушылары арасындағы кәдімгі мәміленің шеңберінде міндеттемені өткізу кезінде төленген құнды көрсетеді. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалаған кезде, егер нарықтың қатысушылары, бағалау күніне активтің немесе міндеттеменің құнын қалыптастырған кезде осындай сипаттамаларды ескеретін болса, Топ, активтің немесе міндеттеменің сипаттамаларын ескереді. Әділ құн бойынша бағалау жүргізу және /немесе әділ құнды бағалауға қатысты ақпаратты ашу үшін, әділ құн осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінде, ХҚЕС («IFRS») 2 қолдану саласына жататын меншікті үлестік құралдардың негізінде төлемдері бар мәмілелерді, ХҚЕС («IAS») 17 қолдану саласына жататын лизингтік операцияларды, сондай-ақ әділ құнмен салыстырылатын, бірақ бұл ретте мысалы ХҚЕС («IAS») 2-де мүмкін болатын жүзеге асырудың таза құны немесе ХҚЕС («IAS») 36-да пайдаланудың құндылығы сияқты әділ құн болып табылмайтын бағаларды қоспағанда, жоғарыда көрсетілген тәсілмен анықталады.

Сонымен қатар, қаржылық есептілігін дайындау мақсаттары үшін әділ құнды бағалау, әділ құнның иерархиясының негізінде жіктеледі (1,2 немесе 3-деңгей). Деңгейлер, нарықтық деңгейлердің негізінде әділ құнды тікелей анықтау мүмкіндігіне сәйкес келеді және жалпы әділ құнды бағалаған кезде пайдаланылған бастапқы деректердің маңыздылығын көрсетеді:

- 1-деңгейдің бастапқы деректері бағалау күніне Топ қол жеткізе алатын ұқсас активтердің немесе міндеттемелердің активті нарықтарында түзетулерді талап етпейтін баға белгіленімдерін білдіреді;
- 2-деңгейдің бастапқы деректері 1-деңгей үшін анықталған баға белгіленімдері болып табылмайды, бірақ кейбіреулері актив не міндеттеме үшін нарықта тікелей немесе жанама бақыланады; және
- 3-деңгейдің бастапқы деректері актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректерді білдіреді.

Топ өзінің қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебін өтімділік тәртібімен ұсынады. Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп берілгеннен кейінгі 12 айдың ішіндегі (ағымдағы) және қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп берілгеннен кейінгі 12 айдан жоғары мерзімдегі (ағымдағы емес) орнын толтырудың немесе өтеудің талдауы 35-ескертуде ұсынылған.

### Атқарымдық валюта

Топтың барлық кәсіпорындарының қаржылық есептілігінің атқарымдық валютасы, компания өз қызметін атқаратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады (бұдан әрі – «Атқарымдық валюта»). Банктің атқарымдық валютасы теңге болып табылады. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің есептік валютасы да теңге болып табылады.

### Шоғырландырылған еншілес кәсіпорындар

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі мынадай еншілес кәсіпорындардың есебінен құралады:

| ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАР | Қатысу үлесі, % | | | Елі | Саласы |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2019 ж. 31 желтоқсан | 2018 ж. 31 желтоқсан | 2017 ж. 31 желтоқсан | | |
| «Халық Лизинг» АҚ | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Лизинг |
| «Казтелепорт» АҚ | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Телекоммуникациялар |
| «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ | 100 | 100 | 100 | Қырғызстан | Банк |
| «Halyk Finance» АҚ | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Брокерлік және дилерлік қызмет |
| «Halyk Инкассация» ЖШС | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Инкассалау қызметтері |
| «Halyk Life» АҚ | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Өмірді сақтандыру |
| «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ | 99.99 | 99.99 | 100 | Қазақстан | Сақтандыру |
| «Халық Банк Грузия» АҚ | 100 | 100 | 100 | Грузия | Банк |
| «Халық Жоба» ЖШС | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару |
| «Москоммерцбанк» Коммерциялық Банкі АҚ* | 100 | 100 | 100 | Ресей | Банк |
| «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ* | 100 | 100 | 100 | Тәжікстан | Банк |
| «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ* | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Брокерлік және дилерлік қызмет |

* 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еншілес кәсіпорынға тиесілі иелену үлесі – «Казкоммерцбанк» АҚ (бұдан әрі – «ККБ»).

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішi шоғырландырылған қаржылық есептiлiгiне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

| ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАР | Қатысу үлесі, % | | | Елі | Саласы |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2019 ж. 31 желтоқсан | 2018 ж. 31 желтоқсан | 2017 ж. 31 желтоқсан | | |
| «КУСА Халық» ЖШС* | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару |
| «Халық Актив» ЖШС* | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару |
| «Халық Актив-1» ЖШС* | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару |
| «Halyk Finservice» АҚ* | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Төлем карталары бойынша процессингтік операцияларды және басқа байланысты операцияларды жүзеге асыру |
| | | | | | |
| «Tenge Bank» АКБ | 100 | - | - | Өзбекстан | Банк |
| «Казкоммерц Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ* | - | - | 100 | Қазақстан | Өмірді сақтандыру |
| «Казкоммерц-Полис» сақтандыру компаниясы АҚ* | - | - | 99,97 | Қазақстан | Сақтандыру |
| Kazkommerts Finance 2 B.V.* | - | - | 100 | Нидерланд корольдігі | Капиталдың халықаралық нарығында Банк үшін қаражат тарту |
| Kazkommerts International B.V.* | - | - | 100 | Нидерланд корольдігі | Капиталдың халықаралық нарығында Банк үшін қаражат тарту |
| «Казкоммерцбанк» АҚ | - | - | 74,72 | Қазақстан | Банк |
| «НБК Банк» АҚ | - | - | 100 | Ресей | Банк |
| «Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕҰ) | - | - | 100 | Қазақстан | Банк |

* 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еншілес кәсіпорынға тиесілі иелену үлесі – «Казкоммерцбанк» АҚ (бұдан әрі – «ККБ»).

2018 ж. 26 шілдеде Банк пен ККБ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында Банкке ККБ-ның құқықтық мирасқоры ретінде ККБ-ның барлық мүлкін, құқықтарын және міндеттемелерін, сондай-ақ оның барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты барлық құқықтар мен міндеттемелерді тапсыру туралы және Банктің ККБ-ның барлық құқықтары мен міндеттемелері бойынша құқық мирасқоры туралы Табыстау актісін бекіту туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ 2018ж. 20 сәуірдегі Банк пен ККБ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының шешімімен бекітілген формулаға сәйкес есептелген 0,956552 тең, Банктің жай акцияларын ККБ-ның жай акцияларына айырбастау коэффициентін бекіту туралы шешім қабылданды.

2018 ж. 27 шілдеде ККБ-ның Банкке қосылу формасында Банк пен ККБ-ны ерікті түрде қайта құрылымдау шеңберінде ККБ-ның барлық мүлкін, барлық құқықтары мен міндеттемелерін Банкке тапсыру фактінің заңды ресімделуі болып табылатын Табыстау актіне қол қойылды.

ККБ-ның Банкке қосылу формасында Банк пен ККБ-ны ерікті түрде қайта құрылымдау шеңберінде 2018 ж. 26 шілдедегі Банк пен ККБ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында бекітілген акцияларды айырбастау коэффицентіне сәйкес Банкке ККБ акционерлерінің (Банкті қоспағанда) арасында Банктің 758 687 723 жай акциялары ККБ жай акцияларының орнына Банкке орналастырылды.

2018 ж. 22 мамырда Топ «НБК-Банк» АҚ-тың («Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес кәсіпорны) «Москоммерцбанк» Коммерциялық банкіне (АҚ) («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес кәсіпорны) қосылу нысанында жүзеге асырылған қайта құрылымдау рәсімінің аяқталғаны туралы мәлімдеді.

2018 ж. 29 тамызда Топ «Казкоммерц-Полис» сақтандыру компаниясы» АҚ-қа («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес кәсіпорны) «Казахинстрах» АҚ-тың («Халық Халық Банкі» АҚ еншілес кәсіпорны) барлық мүлкін, барлық құқықтары мен міндеттемелерін тапсырудың аяқталғаны туралы жариялады.

2018 ж. 1 қарашада «Халык-Life» АҚ және «Казкоммерц-Life» АҚ арасында қайта құрылымдау процесінің шеңберінде тапсыру актіне қол қойылды, оның нәтижесінде «Халык-Life» АҚ «Казкоммерц-Life» АҚ-тың барлық құқықтары мен міндеттемелері бойынша толық құқықтық мұрагері болды.

2018 ж. 29 тамызда Банктің Директорлар Кеңесі Өзбекстанда жаңа еншілес ұйымын – «Tenge Bank» АКБ-ні құруды мақұлдады. 2019 ж. 24 мамырда Өзбекстанның Орталық Банкі «Tenge Bank» АКБ-ге банктік және басқа да операцияларды жүзеге асыруға лицензия берді.

2019 ж. 10 шілдеде «Tenge Bank» АКБ Өзбекстанда клиенттерге қызмет көрсетуді бастады және осы күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілді.

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

## 3. Есеп саясатының негізгі қағидаттары

### Шоғырландыру қағидаттары

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Банктің және Банк бақылайтын кәсіпорындардың (оның еншілес кәсіпорындарының) қаржылық есептіліктерінен құралған. Егер Банкте:

- кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты билік өкілеттіктер болса;
- кәсіпорын – инвестициялар нысанының ауыспалы нәтижелері бойынша құқықтары болса /тәуекелдер арқаласа; және
- ауыспалы нәтиженің көлеміне ықпал ету мақсатында кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты билік өкілеттікті пайдалана алатын болса Компания бақылауда болып саналады.

Егер фактілер немесе жағдайлар жоғарыда көрсетілген үш бақылау элементтерінің біреуінде немесе одан көбінде өзгерістер болғандығын көрсететін болса, Банк оның инвестициялар нысанына бақылауының болуына баға жүргізеді.

Инвестициялар нысанының дауыс беруші акцияларының көбісі Банкке тиесілі болмаса, кәсіпорын – инвестициялар нысанының елеулі қызметін жеке-дара басқару мүмкіндігін беру үшін Банкке жеткілікті дауыс беру құқығы тиесілі болған жағдайда, ол кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты жеткілікті билік құқығына ие болады. Кәсіпорын – инвестициялар нысанына ықпал ету өкілеттігіне ие болуына Банктің дауыс беру құқығы жеткілікті екендігін бағалағанда Банк барлық маңызды фактілер мен мән-жайларды қарастырады, мыналарды қоса:

- басқа ұстаушылардың дауыс беруінің үлестері мен бөлінуімен салыстырғанда дауыс беру құқығы бар Банк акцияларының үлесін;
- басқа дауыс беру ұстаушыларына немесе басқа тараптарға, Банкке тиесілі ықтимал дауыс беру құқықтары;
- басқа шарттық келісімдерден туындайтын құқықтар; және
- басқарушылық шешім, сонымен қатар акционерлердің алдыңғы жиналыстарында дауыстарды бөлу қажет болған сәтте Банктің елеулі қызметті басқару мүмкіндігінің бар немесе жоқтығын көрсететін кез келген қосымша фактілер мен мән-жайлар.

Еншілес кәсіпорынды шоғырландыру Банк еншілес кәсіпорынға бақылау алғанда басталады және бақылау аяқталған сәтте тоқтатылады. Соның ішінде, бір жылдың ішінде сатып алынған немесе сатылған еншілес кәсіпорынның табыстары мен шығыстары Банк бақылауды алған сәттен бастап Банк осы еншілес кәсіпорынды бақылауды тоқтататын күнге дейін пайда немесе залал және өзге жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

Пайда немесе залал және өзге жиынтық табыстың әр компоненті Банк акционерлері мен бақыланбайтын үлестер арасында бөлінеді. Еншілес кәсіпорындардың жалпы жиынтық табысы бұл кез келген бақыланбайтын үлестер бойынша теріс қалдықтың туындауына әкеліп соқса да Банк акционерлері мен кез келген бақыланбайтын үлестер арасында бөлінеді.

Қажет болғанда, еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігіне түзетулер енгізіледі, бұл олардың пайдаланатын есепке алу саясаты қағидаттарын Топ пайдаланатын есеп саясаты қағидаттарымен сәйкестікке келтіру мақсатында жүргізілді.

Шоғырландыру кезінде барлық топішілік активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, табыстар, шығыстар мен Топ кәсіпорындарының арасындағы операциялар бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы алынып тасталады.

### Бақыланбайтын үлестер

Бақыланбайтын үлестер еншілес кәсіпорынның капиталында тікелей немесе жанама түрде Банкке жатқызылмайтын қатысу үлестері болып табылады.

Бақыланбайтын үлестер – пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте жекелей, ал қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте – бас ұйымның акционерлік капиталынан бөлек, меншікті капиталдың құрамында ұсынылады.

### Топтың еншілес кәсіпорындарында иелік ететін үлесінің өзгерістері

Топтың еншілес кәсіпорындарға бақылауын жоғалтуға әкеп соқпайтын еншілес кәсіпорындардағы Топтың қатысу үлесіндегі өзгерістер меншікті капиталда есепке алынады. Топ үлестерінің және еншілес кәсіпорында бақыланбайтын иелік ету үлестерінің баланстық құны осы үлестер қатынастарының өзгеруін ескере отырып түзетіледі. Бақыланбайтын үлестер түзетілетін сомалар және төленген немесе алынған сыйақының әділ құны арасындағы кез келген айырма Топ акционерлерінің меншікті капиталында көрінеді. Бақыланбайтын үлестің акционерлерімен мәмілелер қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысында көрсетілген.

Топ еншілес кәсіпорынды бақылаудан айырылған жағдайда, пайда мен залал, пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте көрсетіліп, (1) алынған сыйақының әділ құны мен қалған үлестің әділ құны және еншілес кәсіпорынның баланстық құны (гудвиллды қоса) мен міндеттемелері, сондай-ақ бақыланбайтын үлестердің арасындағы айырма ретінде есептелінеді. Осындай еншілес кәсіпорынға жататын, өзге жиынтық табыс құрамында танылған сомалар Топ еншілес кәсіпорынның тиісті активтері мен міндеттемелерін тікелей сатқандай болғанда есепке алынады (яғни пайда немесе залал бойынша қайта жіктеледі немесе ХҚЕС бойынша қарастырылған/рұқсат етілгендей капиталдың басқа санатына жатқызылады). Бақылауды жоғалту күнінде бұрынғы еншілес кәсіпорынға қалған инвестициялардың әділ құны бастапқы танылу кезіндегі 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес әділ құн ретінде немесе (қолданылатын жағдайларда) қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың бастапқы құны ретінде қабылданады.

### Бизнестерді біріктіру бойынша мәмілелер

Бизнестерді біріктіру жөнінде мәмілелер сатып алу әдісі бойынша есепке алынады. Бизнестерді біріктіру кезінде төленетін өтеу Топ берген активтерді, сатып алынатын бизнестің бұрынғы иелерінің алдында Топ қабылдаған міндеттемелерді, сондай-ақ Топтың бизнеске бақылау алу үшін айырбас ретінде шығарған үлестік бағалы қағаздарды сатып алу күніне әділ құн сомасы ретінде есептелетін әділ құн бойынша бағаланады. Осыған байланысты шығынның барлығы, әдетте пайда болу сәтінде пайда мен залал арқылы көрсетіледі.

### Сәйкестендірілетін сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелер сатып алу күніне мыналарды қоспағанда, әділ құн бойынша танылады:

- Мерзімі шегерілген салық міндеттемесі мен активтері «Пайдаға салынатын салық» 12 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес танылады және бағаланады;
- Акцияларға негізделген төлемдер бойынша («АНТ») сатып алынатын бизнестің келісімдерімен немесе осындай төлемдер бойынша сатып алынатын бизнестің келісімдерінің орнына бекітілген, АНТ бойынша Топтың келісімдерімен байланысты міндеттемелер немесе іскерлік бағалы қағаздар сатып алу күніне 2 ХҚЕС-ке(IFRS) сәйкес бағаланады; және

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

- «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» 5
- ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес сатуға арналған деп жіктелген активтер (немесе шығып жатқан актив топтары) 5 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес бағаланады.

Іскерлік бедел сатып алынған заттың құнын, сатып алынған кәсіпорындағы бақыланбайтын үлестердің құнын және сатып алынған кәсіпорынның капиталындағы бұрын сатып алушыға тиесілі болған үлестің (ол болған жағдайда) құнын сатып алу күніне оның таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің шамасынан асыру ретінде есептеледі. Егер қайта бағалаудан кейін сатып алу күніне сатып алынған сәйкестендірілетін таза активтердің таза құны берілген өтеудің, сатып алынған кәсіпорындағы бақыланбайтын үлес құнының және сатып алынған компанияның капиталындағы сатып алушыда бұрын болған үлестің (ол болған жағдайда) әділ құнының сомасынан асатын болса, мұндай асыру әділ құннан төмен баға бойынша үлесін сатып алудан пайда ретінде пайдаға немесе залалға жатқызылады.

Иелік ету үлестерін білдіретін және тарату кезінде кәсіпорынның таза активтерінің пропорционалды үлесіне құқық беретін бақыланбайтын үлестер бастапқыда сатып алынған бизнестің сәйкестендірілетін таза активтерінің әділ құны немесе бақыланбайтын үлестің пропорцияға сәйкес танылған құн бойынша бағалана алады. Бағалау әдісі әр мәміле үшін жеке таңдалады. Иеленудің бақыланбайтын үлестерінің өзге түрлері әділ құн бойынша немесе қолданылатын жағдайларда басқа ХҚЕС-терге сәйкес бағаланады.

## Бизнесті ортақ бақылауға біріктіру

Кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы бақылауындағы іскерлік кәсіпті біріктіру бизнесті біріктіру болып табылады, соған сәйкес барлық біріктірілген бизнес субъектілері бизнесті біріктіруге дейін және одан кейін де бір тараппен немесе тараптармен бақыланады және бұл бақылау уақытша болып табылады.

Жалпы бақылауға бизнесті біріктіру тиімділігін Топ, егер біріктірілген бизнес субъектілерінің активтері мен міндеттемелері олардың балансттық құны бойынша бағаланған жағдайда үлестерді біріктіру әдісі бойынша есепке алады, Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілгендей, біріктірумен байланысты транзакциялық шығын пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте шығынға жатқызылады, өзара баланстар алынып тасталады, төленген/табысталған сатып алу бағасы мен сатып алынған таза активтердің құны арасындағы айырма (шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылғандай олардың баланс құны бойынша) сатып алушының капиталында танылады.

## Іскерлік бедел

Бизнесті сатып алғанда туындайтын іскерлік бедел құнсызданудан жинақталған шығындар шегерілген, бизнесті сатып алу күніне белгіленген (жоғарыда қараңыз) сатып алу құны бойынша есепке алынады.

## Ақшалай қаражат және оның баламалары

Ақшалай қаражат пен оның баламаларына кассадағы қолма-қол ақша, корреспонденттік шоттардағы бос ақша қалдығы, кредит мекемелеріндегі қаржы және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын кері РЕПО келісімі бойынша қаржы жатқызылады.

## Міндетті резервтер

Міндетті резервтер Қазақстан, Қырғызстан, Грузия, Тәжікстан, Өзбекстан Ұлттық Банктері мен Ресей Орталық Банкіндегі корреспонденттік шоттардағы қаржыдан және Топтың күнделікті қызметі үшін қаржыландыру мақсатында пайдалануға болмайтын кассадағы қолма-қол ақшадан құралады, осыған байланысты бұл қаржы ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте ақшалай қаражат пен оның баламасы деген бапқа қосылмайды.

## Бағалы металдар

Бағалы металдарда көрсетілген активтер мен міндеттемелер Лондондық бағалы металдар нарығында баға белгілеудің екінші фиксингі негізінде есептелген бағам бойынша АҚШ долларына қатысты теңгенің қолданыстағы бағамын ескере отырып көрсетіледі. Бағалы металдар бағасының өзгеруі шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша таза пайда/(залал) құрамында көрсетіледі.

## Кредит мекемелеріндегі қаражат

Топ өз қызметін жүргізу барысында басқа банктерде ағымдағы шоттарды ашады немесе белгілі бір мерзімдік кезеңге ақша салымдарын орналастырады. Кредит мекемелеріндегі өтеу мерзімі белгіленген қаржы кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдістемесін пайдалану арқылы амортизациялық құны бойынша бағаланады. Белгіленген өтеу мерзімі жоқ қаржы бастапқы құнымен есепке алынады. Кредит мекемелеріндегі қаржы күтілетін кредиттік залалдар бойынша кез келген резервті шегеру арқылы есепке алынады.

## Қаржы құралдарын тану және бағалау

Тиісті қаржылық құралға қатысты шарт бойынша Топ тараптардың бірі болған жағдайда қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Топ ұдайы сипаттағы қаржылай активтер мен міндеттемелерді сатып алулар мен өткізулерді есептесу күніндегі есепке алу әдісімен көрсетеді. Осындай әдіспен сатып алынған, кейіннен әділ құнымен бағаланатын қаржы құралдары мәміле жасалған сәттен бастап есеп айырысу белгіленген күнге дейін сатып алынған құралдар сияқты есепке алынады.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі. Қаржы активтерін және қаржы міндеттемелерін сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты транзакциялық шығындар (пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінен басқа) бастапқыда танылғанда қаржы активтерінің немесе қаржы міндеттемелерінің әділ құнын тиісінше ұлғайтады немесе азайтады. Қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін сатып алуға тікелей қатысты, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін транзакциялық шығындар тікелей пайдаға немесе залалға жатқызылады. Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнын одан әрі бағалау үшін пайдаланылатын бухгалтерлік есеп қағидаттары есеп саясатының төмендегі сипатталған тиісті ережелерінде ашылады.

## Қаржы активтері

ВБарлық қаржы активтері қаржы активін сату немесе сатып алу, талаптары тиісті нарықта белгіленген мерзімде жеткізуді талап ететін келісімшарт бойынша жүзеге асырылғанда, мәміле жасалған күні танылады және тану тоқтатылады және бастапқыда Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелетін қаржы активтерін қоспағанда, транзакциялық шығынға қоса әділ құны бойынша бағаланады. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржы активтерін сатып алуға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар дереу пайда немесе залалмен бірге танылады.

«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес танылған барлық қаржы активтері қаржы активтерін басқаруға арналған ұйымның бизнес үлгісіне және қаржы активтерінің ақша ағындарының шарттық сипаттамаларына негізделген амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалануы тиіс.

## Бұл ретте:

- Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу. Бұл бизнес-үлгі қаржы құралдарының қаржы құралдарының қызмет ету мерзімі ішінде негізгі соманы және пайыздық төлемдерді алу арқылы ақшалай қаражат қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп болжайды.

2019 жылғы аудит-телген шоғырлан-дырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырлан-дырылған қаржылық есептілікке ескерт-пелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Осы бизнес-үлгі шегінде қаржы активін өтеуге дейін ұстап тұру басымдық болып табылады, алайда мерзімінен бұрын жүзеге асыруға тыйым салынбайды.

- Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу және қаржы активтерін сату. Бұл бизнес-үлгі қаржы активтерін басқару шарттық ақшалай қаражаттың ағындарын алуға және қаржылық активтерді сатуға бағытталған деп болжайды. Осы бизнес-үлгі шеңберінде қаржы активін сатудан қолма-қол ақшаны алу – «Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу» бизнес-үлгісімен салыстырғанда сатудың жоғары жиілігі мен сату көлемімен сипатталатын басымдық болып табылады.
- Басқа мақсаттар үшін активтерді ұстап қалу. Осы бизнес-үлгі шеңберінде қаржы активтерін басқару мақсаты мыналар болуы мүмкін:
  - қаржы активтерін сату арқылы ақшалай қаражат ағындарын жүзеге асыруды басқару;
  - күнделікті қаржыландыру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өтімділікті басқару;
  - басқару мен нәтижелілікті бағалау әділ құн негізінде жүзеге асырылатын портфель;
  - сауда-саттыққа арналған анықтамаға сай келетін портфель. Қаржы активтері саудаға арналған деп саналады, егер олар негізінен жақын уақытта сату (сатып алынған сәтке дейін), қысқа мерзімді пайда алу мақсатында сатып алынған болса (180 күнге дейін) немесе туынды қаржы құралдары болып табылса (хеджирлеу құралы ретінде анықталған қаржылық кепілдіктер немесе туынды қаржы құралдарын қоспағанда).

### 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес, қаржы активтері мынадай түрде жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын активтер ретінде жіктелген банк заемдары мақсаты шартпен көзделген негізгі заем сомасының шотына төленетін төлем және негізгі заемның өтелмеген бөлігіне пайыз болып табылатын ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-үлгі шегінде ғана ұсталынады, ол тек негізгі борыш сомасына төлемдер және пайыздық төлемдерді қамтиды («SPPI»);
- корреспонденттік шоттардағы қалдықтар, банкаралық заемдар/депозиттер, РЕПО операциялары әдетте амортизацияланған құн бойынша бағаланатын актив ретінде жіктеледі, яғни бизнес үлгі шеңберінде басқарылады, оның мақсаты шартпен көзделген ақша ағындарын алу, соның ішінде SPPI;
- борыштық бағалы қағаздар таңдалған бизнес үлгіні және SPPI-ді сақтауды ескере отырып, үш жіктеу санатының кез келгеніне жатқызылуы мүмкін;
- үлестік бағалы қағаздар, әдетте, кезең ішіндегі пайда мен залалдың өзгеруін көрсететін әділ құндағы құралдар ретінде жіктеледі.
- саудаға арналған бағалы қағаздар және туынды қаржы құралдары қаржы активтерінің санатына кезең ішіндегі пайда мен залалдың өзгеруін көрсететін әділ құн бойынша жіктеледі.

### Пайда мен залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері

### Пайда мен залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мыналарды қамтиды:

- Активтер, шарттық ақша ағындары, ол бойынша заемның және пайыздың негізгі сомасына төлемдерді ғана емес және/немесе
- Шарттық ақшалай қаражаттың ағындарын алу немесе осындай ағындарды алу және активті сату мақсатында ұсталатын активтерді қоспағанда, бизнес-үлгі бойынша ұсталатын активтер;
- Әділ құн бойынша опционды қолдану арқылы пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жататын активтер.

### Қаржы міндеттемесі мына жағдайда саудаға арналған ретінде жіктелетін болады:

- егер ол негізінен жақын арада кері сатып алу үшін қабылданған болса;
- Топ бірлесіп басқаратын қаржы құралдарының сәйкестендірмелі портфелінің бір бөлігі болып табылса және осы нақты мақсаты қысқа мерзімді табыс әкелу болса; немесе
- хеджирлеу құралы ретінде айқындалмаған және тиімді емес туынды құрал болып табылса.

Саудаға арналған бизнесті біріктіру кезінде сатып алушы төлеуге болатын қаржы міндеттемесі немесе шартты сыйақы немесе қаржы міндеттемесі емес қаржы міндеттемесі, есепке қабылдау кезінде ПЗАӘҚ санатындағы қаржы міндеттемесі ретінде жіктелуі мүмкін, егер:

- осындай жіктеуді пайдалану, басқаша туындауы мүмкін активтерді немесе міндеттемелерді бағалау немесе есепке алудағы теңгерімсіздікті айтарлықтай жояды немесе айтарлықтай кемітеді;
- егер қаржы міндеттемесі басқарылатын қаржы активтерінің немесе қаржы міндеттемелерінің не болмаса екеуінің де бір бөлігі ретінде құрастырылатын болса және оның нәтижелері әділ құн негізінде Топтың тәуекелдерді және инвестицияларды басқару жөніндегі ресми стратегиясына сәйкес бағаланатын болса, ал қаржы активтерінің осындай тобы туралы ақпарат осы негізде ұйымның ішінде ұсынылатын болса;
- қаржылық міндеттеме бір немесе бірнеше енгізілген туынды құралдарды қамтитын құралдың бөлігі болып табылады және 9 ХҚЕС (IFRS) құралдың пайда немесе залал туралы есепте оның өзгерісін мойындай отырып, әділ құн ретінде тұтастай (актив немесе міндеттеме) жіктелуіне мүмкіндік береді.

Пайда мен залал арқылы әділ құнмен есепке алынатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері біріктірілген қаржылық есептілігінде әділ құнмен есепке алынады. Әділ құнның өзгерістері пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза (шығында)/пайдада көрсетіледі. Пайда ретінде табылған немесе залал ретінде шегерілген пайыздар келісімшарт талаптарына сәйкес тиісінше пайыздық табыста немесе пайыздық шығында есептеледі, ал дивидендтер алу құқығы белгіленген жағдайда дивиденд бойынша тапқан пайда «Өзге кірістер» деген жолда есепке алынады.

### Амортизацияланған құн бойынша немесе өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар.

Топ активті басқару үшін пайдаланылатын Топтың бизнес үлгісі мен ақша ағындарының шартта көзделген сипаттамаларының негізінде қаржы активі жіктелуіне бағалау жүргізеді және баға береді.

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішi шоғырландырылған қаржылық есептiлiгiне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Активтерді амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағалау үшін, тиісті шарттың талаптары борыштың негізгі сомасына және негізгі соманың өтелмеген бөлігі бойынша пайыздарды ғана қамтитын ақша ағынының пайда болуын қамтуы тиіс.

Белгіленген талаптарға сәйкес шартпен көзделген ақша ағынын тексеру кезінде, негізгі заемның негізгі сомасы қаржы активінің бастапқы танудан кейінгі әділ құны ретінде қарастырылады. Қаржы активінің мерзімі ішінде заемның негізгі сомасы өзгеруі мүмкін (мысалы, негізгі сомаға төлемдер болған жағдайда). Пайыздар белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген берешектің негізгі сомасына қатысты кредиттік тәуекел үшін, сондай-ақ кредиттеуге байланысты басқа да қарапайым тәуекелдер мен шығыстар, сондай-ақ пайдаға қатысты пайдаға арналған шығындардың өтелуін қамтиды. Негізгі және пайыздық төлемдер бойынша төлемдер қаржы активі көрсетілетін валютамен жүргізіледі.

Шартпен көзделген, өзіне тек борыштың негізгі сомасына және пайыз ретінде ғана төлемді қамтитын ақша ағындары негізгі кредит шартының талаптарына сәйкес келеді. Нәтижесінде, шартпен көзделген ақша ағындарының тәуекелі немесе құбылмалылығын тудыратын шарт талаптары негізгі кредит шартына қатысы жоқ, мысалы, акциялар немесе тауарлар бағасының өзгеру тәуекелі шартпен көзделген ақша ағынын тудырмайды, онда тек қана негізгі заем сомасына төлемдер және негізгі заем сомасының өтелмеген бөлігі қамтылады. Құрылған немесе сатып алынған қаржы активі оның заңды нысанда заем болып табылатынына қарамастан, негізгі кредит шарты болуы мүмкін.

Қаржы активтерін басқару үшін пайдаланылатын бизнес-үлгілер қаржы активін жіктеу үшін 9 ХҚЕС (IFRS) бірінші қолдану күнінде бағаланды. Бизнес үлгісі ретроспективті түрде Топтың 9 ХҚЕС (IFRS) алғашқы қолдану күніндегі балансында танылған барлық қаржы активтеріне қолданылды. Ұйым пайдаланатын бизнес-үлгі сол немесе басқа бизнес мақсатқа жету үшін топтастырылған қаржы активтерін басқару механизмін көрсететін деңгейде анықталады. Топтың бизнес-үлгісі басшылықтың жеке құралға қатысты ниетіне байланысты емес, бағалау жеке құралдар деңгейінде емес, біріктірудің неғұрлым жоғары деңгейінде жүзеге асырылады.

Өзінің қаржы құралдарын басқару үшін Топ ақша ағындарын тудыру мақсатында, ақша қаржы активтерін басқару тетігін сипаттайтын бірнеше бизнес үлгілерді пайдаланады. Осы бизнес-үлгілер Топтың ақша ағынының шартпен көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де нәтижесі болатынын анықтайды.

Бизнес-үлгіні бағалау кезінде Топ қолда бар барлық ақпаратты ескереді. Сонымен қатар, бағалау оның пайда болуын Топ болжамды түрде күтуге құқылы, мысалы, «нашар» сценарий немесе «күйзеліс» сценарийі тәрізді сценарийлер негізінде жасалмайды. Топ барлық тиісті деректерді ескереді, мысалы:

- осы бизнес-үлгі ұсталатын қаржы активтері мен бизнес-үлгісінің тиімділігін бағалау тетігі және негізгі басқарушы персоналға есеп беру;
- бизнес-үлгінің (осы бизнес-үлгі бойынша ұсталатын қаржы активтерінің) тиімділігіне және тәуекелдерді басқару әдісіне әсер ететін тәуекелдер; және де
- басшылыққа сыйақы төлеу тетігі (мысалы, сыйақы төлеу себептері талданады: тиісті активтердің әділ құны немесе шартпен көзделген ақша ағымдары).

Қаржы активін бастапқы тану кезінде Топ жаңадан танылған қаржы активтері қолданыстағы бизнес үлгісінің бөлігі болып табыла ма соны анықтайды немесе жаңа бизнес үлгісінің пайда болуын көрсетеді.

Топ алдыңғы кезеңдегі өзгерістерді анықтау үшін әрбір есепті кезеңде өзінің бизнес-үлгілерін қайта қарастырады. Ағымдағы есепті кезеңде Топ өзінің бизнес-үлгілерінде қандай да бір өзгерістерді анықтаған жоқ.

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық құралдарды тануды тоқтатқаннан кейін бұрын басқа толық табыс арқылы танылған жиынтық табыс/шығыс өзіндік капиталдан пайда немесе залал санатына қайта жіктеледі. Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланған санатқа жатқызылатын үлестік құралдарды тануды тоқтатқаннан кейін, керісінше бұрын түрлі жиынтық табыс құрамында танылған жинақталған пайда немесе залал, пайда немесе шығын санатына қайта жіктелмейді, бірақ өзіндік капиталдың басқа бабының құрамына ауыстырылады. Бастапқы танудан кейін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар құнсыздануға жатады.

### 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданған қаржы активтері бойынша есеп саясаты

39 «Қаржы құралдары»: тану және бағалау» ХҚЕС (IAS) ережелеріне сәйкес, қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі; заемдар және дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; немесе сату үшін қолда бар қаржы активтері. Топ қаржы активтерінің сипаты мен мақсаттарына қарай бастапқы тану кезінде қаржы активтерінің жіктелуін анықтайды.

### Заемдар мен дебиторлық берешек

Заемдар мен дебиторлық берешек – әрекет етуші нарықта айналымда болмайтын, тіркелімді немесе анықталып отыратын төлемдері бар, туынды емес қаржы активтері. Клиенттерге берілген заемдар бастапқыда осындай қаржы активтерін сатып алуға немесе жасауға тікелей байланысты шеккен операциялық шығындарды қоса алғанда әділ құн бойынша есепте көрсетіледі. Бұдан кейін заемдар амортизациялық құнымен, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы көрсетіледі. Клиенттерге берілген заемдар құнсыздануға резервтерді шегере отырып көрсетіледі.

Қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте заемдар мен дебиторлық берешек клиенттерге берілетін заемдарға, кредит мекемелеріндегі қаржыға және өзге активтерге қосылады.

### Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар

Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар – анықталатын немесе тіркелген төлемдермен бірге борыштық бағалы қағаздар болып табылады. Топ осы бағалы қағаздарды өтеуге дейін ұстауды жоспарлап отыр және оған қабілетті. Мұндай бағалы қағаздар құнсыздану резервін шегергенде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады. Өтеуге дейінгі кезеңдегі жеңілдіктер мен сыйлықақылардың амортизациясы тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, өтеу мерзіміне пайыздық кіріс ретінде көрсетіледі.

### Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар

Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар сату үшін қолда бар ретінде жіктелетін және заем мен дебиторлық берешек ретінде жіктелмеген, туынды емес қаржы активтері немесе өтеуге дейін ұсталатын немесе саудаға арналған немесе пайда арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялар немесе бастапқы танудан болған залал. Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі. Бастапқы танудан кейін, сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар инвестицияларды тануды тоқтату немесе құнсызданған деп танылғанға дейін бұрын бөлек капиталда есепке алынған пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша көрсетіледі, бұл ретте бұрын капиталда танылған жинақталған пайда немесе залал бойынша кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс пен бағам айырмасы пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте танылады. Төлемге жарияланған дивидендтер кірістер мен шығыстар туралы шоғырландырылған есептегі басқа да кірістерге енгізіледі.

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Ұйымдастырылған қаржы нарықтарында белсенді айналымда болатын инвестициялардың әділ құны есептік күннің жұмыс күнінің соңында нарықтық бағаларды пайдалана отырып анықталады.

### Кепілзатпен қамтамасыз ету

Топ клиенттердің міндеттемелеріне қатысты егер ол қажет деп санаса, кепілді қамтамасыз етуді алады Әдетте, кепілді қамтамасыз ету клиенттің қолда бар міндеттемелеріне де, болашақ міндеттемелеріне қатысты мұндай активтер бойынша Топқа талап ету құқығын беретін клиент активтерінің кепіл түріне ие болады.

### Қаржы активтерін қайта жіктеу

Топтың белгілі бір қаржы активтеріне сәйкес бизнес үлгісі өзгерген жағдайда, осындай активтер қайта жіктеледі. Жаңа санатқа жатқызу мен бағалауға қойылатын талаптар болашақта бірінші іскерлік модельдегі өзгерістерден кейін Топтың қаржы активтерін қайта жіктеуге әкелген бірінші есепті кезеңнің бірінші күнінен бастап қолданылады. Шартпен көзделген ақша ағындарындағы өзгерістер төмендегі есеп саясатына («Қаржы активтерін өзгерту және тануды тоқтату») сәйкес талданады.

### Қаржы активтерін түрлендіру және тануды тоқтату

Қаржы активі бастапқы тану күні мен қаржы активін өтеу күнінің арасында активтің ақша ағындарын реттейтін шарт талаптарын қайта қарау немесе басқа түрдегі өзгерту болған жағдайда өзгертіледі. Өзгеріс шартпен көзделген ақша ағындарының сомасына және/немесе мерзіміне дәл сол уақыт сәтінде немесе болашақта уақыт сәтінде әсер етеді. Сонымен қатар, бұрыннан бар заем бойынша қолданыстағы ковенанттарды енгізу немесе түзету мұндай жаңа немесе түзетілген ковенанттар ақша ағындарына дереу әсер етпесе де өзгерістерді білдіреді, бұл ретте, олар сақталмаған болса, ақша ағындарына да әсер етуі мүмкін (мысалы, ковенантты бұзған жағдайда заем бойынша пайыздық мөлшерлеме артуы мүмкін).

Мүмкіндігінше, Топ қамтамасыз етуден күн өндірмей-ақ заемдарды қайта құрылымдауды көздейді. Мұндай қайта құрылымдау өтеу мерзімін ұзартуды және жаңа несие шарттарын келісуді қамтиды. Талаптар қайта қаралғаннан кейін, құнсыздану шарттардың өзгеруіне дейін есептелген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып бағаланады, ал несие мерзімі өткен деп есептелмейді. Басшылық барлық критерийлердің орындалуын және болашақ төлемдер өте жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету үшін қайта қаралған шарттармен несиені тұрақты түрде бақылайды. Заемдар заем бойынша бастапқы ТПМ-ді пайдалану арқылы жеке немесе ұжымдық түрде құнсыздану бойынша бағаланады. Қайта қарастырылған талаптар қаржылық жағдайдағы нашарлауы бар жеке негізде құнсыздануға бағаланған заемдардың құнсыздануының дәлелі болып табылады.

Топ қаражаттың қайтарылуын барынша жоғарылату және дефолт тәуекелін азайту үшін заемшымен қаржылық қиындықтар туындаған кезде клиенттерге берілген заемдарды қайта қарайды. Санкциялардан бас тарту заемшы түпнұсқа шарттық талаптарды орындауға барынша негізделген ықтимал шараларды қолданған жағдайда, әдепкі дефолт тәуекелінің бар екендігі немесе дефолттың жоғары болуы немесе заемшы қайта қаралған келісімшарттық талаптарды орындай алатыны күтіледі. Талаптарды қайта қарау көбінесе заемды өтеу мерзімін ұзартуды, несие бойынша ақша ағынының мерзімін өзгертуді (негізгі заем сомасы есебіне төлемдер және пайыздар), сондай-ақ кредиторға тиесілі (негізгі заем сомасы бойынша берешек немесе пайыздарды кешіруді) ақша ағынының сомасын азайтуды және ковенантті түзетуді қамтиды. Топта заңды тұлғаларға берілген заемдарға, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген заемдарға қатысты қолданылатын санкциялардан бекітілген бас тарту саясаты бар.

Қаржы активі өзгерген кезде Топ осы өзгерісті активті тануды тоқтатуға әкеп соға ма жоқ па соны бағалайды. Топтың саясатына сәйкес, егер түрлендіру шарт талаптарында елеулі айырмашылықтар тудырса, тануды тоқтатуға әкеп соқтырады. Өзгертілген шарттар бастапқы шарт талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетінін анықтау үшін Топ сапалы факторларды талдайды. Мысалы, шартта көзделген талаптарды өзгерткеннен кейін ақша ағындары негізгі заем сомасы пен пайыздар бойынша төлемдерді қамтиды, шарт немесе контрагент валютасы өзгерді. Сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру дәрежесі, өтеу мерзімі, ковенанттар да талданады.

Коммерциялық себептерге байланысты қаржы активін өзгерткен кезде, Топ әртүрлі сапалық факторларды (валютаның, пайыздық мөлшерлеменің, өтеу мерзімінің өзгеруі) ескереді және ескі заемды тануды тоқтату және әділ құн бойынша жаңа заемды тануды тоқтату керек пе деген қорытынды жасайды.

Қаржы активін тануды тоқтатқан жағдайда, ККЗ бойынша бағалау резерві осы күнге активтің таза баланстық құнын анықтау үшін тануды тоқтату күніне қайта бағаланады. Жаңа қаржы активінің қайта қаралған баланстық құны мен жаңа әділ құнының арасындағы айырмашылық жаңа талаптарға сәйкес пайданың туындауына әкеледі немесе тануды тоқтатудан залал тудырады. Жаңа қаржы активіне қатысты ККЗ бойынша бағалау резервінің мөлшері, егер жаңа несие пайда болған кезде кредиттік-құнсызданған деп қарастырылатын жағдайларды қоспағанда, келесі 12 айдағы ККЗ мөлшері негізінде есептелетін болады. Бұл жаңа несиенің әділ құны оның қайта қаралған номиналды құнына айтарлықтай дисконтпен танылған кезде ғана қолданылады, себебі өзгеріс нәтижесінде төмендетілмеген дефолт тәуекелі жоғары болып қалады.

### 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылатын қаржы активтерін қайта жіктеу бойынша есеп саясаты

Туынды емес қаржы активтері (бастапқы тану кезінде Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатындардан басқа) мынадай жағдайларда Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланған санат бойынша қайта жіктелуі мүмкін:

- Заемды анықтауды және бастапқы тану кезіндегі дебиторлық берешекті (егер сатуға арналған ретінде қаржы активін жіктеу қажет болмаса) анықтауға болатын қаржы активтері, егер мұндай қаржы активтерін жақын болашақта немесе өтеу мерзіміне дейін ұстау ниеті мен мүмкіндігі болған жағдайда, Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін санат бойынша қайта жіктелуі мүмкін; және
- Қаржы активтері (бастапқы тану кезінде заемдар мен дебиторлық берешектің анықтамасына сәйкес келетін қаржы активтерінен басқа) сирек жағдайларда, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша басқа санатқа жатқызылған санат бойынша сирек жағдайларда жіктелуі мүмкін.

Егер қаржы активі жоғарыда сипатталғандай қайта жіктелген болса, мұндай қаржы активі қайта жіктеу күніндегі әділ құн ретінде қайта жіктеледі. Пайда немесе залал туралы есепте танылған пайда немесе залал өтелмейді. Қайта жіктеу күніндегі қаржы активінің әділ құны оның қолданылатын түріне байланысты жаңа құнға немесе амортизацияланған құнға айналады.

## Құнсыздану

### Қаржы активтерінің құнсыздануы мынадай факторларды ескере отырып есептелді:

- ККЗ есептеу үшін Банк заемды жеке және топтық негізде кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамаларына негізделген активтерді топтастырумен бағалайды.

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

- ККЗ – олардың ықтималдығы ескеріле отырып, кредиттік шығындардың сәйкес құнын бағалауды білдіреді. Бұл шығындардың бағалануы шарт бойынша Топқа тиесілі ақшалай қаражат ағындарының және тиісті актив үшін ТПМ арқылы дисконтталған бірқатар экономикалық сценарийлердің ықтималдығын талдау негізінде Топ алатын ақшалай қаражаттың ағыны арасындағы айырмашылықтың сәйкес құнын білдіреді.
- Есептеу шамадан тыс шығындарсыз немесе күш-жігерсіз алуға болатын ақылға қонымды және расталған ақпарат негізінде жүзеге асырылады. Кепілдендірілген қаржы активінің күтілетін болашақ ақша ағымдарының дисконтталған құнын есептеу ақшалай қаражаттың ағындарын көрсетеді, бұл кепілдік беруді алудың және сатудың құнын, сатып алудың ықтималдығы немесе ықтималсыздығы болған жағдайда өндіріп алудың нәтижесі болуы мүмкін. Резервтер Топтың өздерінің шығындарын талдау тәжірибесіне және басшылықтың борышқа қызмет көрсету мүмкіндігіне және заем алушының кредиттік тарихына негізделген несие тәуекелінің әрбір санаты бойынша активтермен танылуы ықтимал шығындар деңгейіне қатысты жорамалдарға негізделген.
- Қазынашылық операциялар (борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар, «кері РЕПО» операциялары, банкаралық заемдар мен депозиттер, корреспонденттік шоттар, қазынашылық операциялар бойынша дебиторлық берешек) бойынша құнсыздану есебі контрагенттің рейтингі, дефолт ықтималдығы, мәміле мерзімі және дефолт бойынша шығын деңгейін ескере отырып жасалады.
- Қазынашылық операциялар бойынша күтілетін несиелік шығындарды бағалау жеке негізде жүргізіледі (дебиторлық берешек түрінде белгілі бір талаптарды қоспағанда).

### Қаржы активтері келесі тәсілге сәйкес қоржынға бөлінеді:

- 1-кезең: актив танылғаннан бергі уақытта кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болмаған кезде, алдағы 12 айдағы құнсызданудан күтілетін шығындар сомасында танылады;
- 2-кезең: актив танылған кезден бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы, құнсыздану қаржы активінің қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін шығындар сомасында танылады;
- 3-кезең: Қаржы активі дефолт болып табылады немесе құнсыздану белгісі бар.

### Күтілетін кредиттік залалдар туралы резервтер

### Күтілетін кредиттік шығындарды бағалауды өлшемі мыналарға тең бағалау резервінің көмегімен жүргізу қажет:

- күтілетін шығындар келесі 12 айда, яғни, қаржы құралының барлық мерзімі ішінде несие шығындарының бөлігі, бұл есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде болуы мүмкін құрал міндеттемелері бойынша міндеттемелерді орындамау салдарынан күтілетін кредиттік залалдар («1-кезең»);
- міндеттемелердің қолданылу мерзімі ішінде құрал бойынша міндеттемелерді орындамаудың барлық ықтимал жағдайларының нәтижесінде туындаған қаржы құралының бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдар шамасы («2-кезең» және «3-кезең»).

Кезеңдер туралы егжей-тегжейлі ақпарат 23-ескертуде келтірілген.

Қаржы құралының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде ККЗ-ның толық шамасының құрамында бағалау резервін құру үшін құралды бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы жағдайында талап етіледі. Барлық басқа жағдайларда ККЗ-ға арналған резервтер ККЗ-ға 12 ай ішінде тең сомада қалыптастырылады.

- Пайдаланылмаған кредиттік қаражатқа сәйкес ККЗ Топ кредиттік қаражат іріктелген жағдайда алуды күтетін ақшалай қаражат ағыны және егер міндеттеме ұстаушы кредиттік қаражатты іріктеген кезде шарт бойынша Топқа тиесілі ақшалай қаражат ағындары арасындағы айырма құнын көрсетеді.
- Қаржылық кепілдік шарттарына қатысты ККЗ ұстаушыдан, заемшыдан немесе кез келген басқа тараптан алатын соманы алып тастағанда, кепілдік берілген борыштық құралдың иесіне өтем төлеуге күтілетін төлемдер арасындағы айырманы көрсетеді.

Оценка ОКУ производится в отношении отдельных ссуд или портфелей ссуд со схожими ККЗ-ны бағалау жеке несиеге қатысты немесе тәуекелдің ұқсас сипаттамасы бар несие портфельдері бойынша жүргізіледі. ККЗ бойынша бағалау резервінің есебі (жеке немесе топтық негізде) бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені (бұдан әрі – «ТПМ») пайдаланып, актив үшін күтілетін ақша ағынының сәйкес құнының негізінде есептеледі.

ККЗ шамасын анықтаған кезде, дефолттың анықтамасын қолдану өте маңызды. Дефолтты анықтау ККЗ-ның сомасын бағалау үшін пайдаланылады және бағалау резерві келесі 12 айға немесе бүкіл кредиттеу мерзіміне есептелген бе, соны анықтау үшін қолданылады, себебі «дефолт» түсінігі ККЗ-ны бағалауға ықпал ететін және кредиттік тәуекелді айтарлықтай артуын анықтайтын «дефолт ықтималдығы» түсінігінің бір бөлігі болып табылады (4-ескертуде көрсетілген). 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес дефолттың анықтамасы 2017 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 39 ХҚЕС (IAS) сәйкес анықтамамен салыстырғанда өзгермеген.

Негізделген болжамды ақпараттар туралы толығырақ мәлімет алу үшін 35-ескертПЕНІуді қараңыз.

## 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін қаржы активтерінің құнсыздануы

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануын бағалайды.

### Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын активтер

Егер амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған шығынның объективті дәлелдері бар болса, онда шығын сомасы активтің баланстық құны мен қаржы активінің бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесін (яғни бастапқы тану кезінде есептелген тиімді пайыздық мөлшерлемені) пайдалана отырып дисконтталған күтілетін болашақ ақша ағындарының ағымдағы құны (болашақтағы келтірілмеген заем шығындарын қоспағанда) арасындағы айырма ретінде бағаланады. Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану арқылы азайтылуы тиіс. Құнсызданудан болған залал сомасы пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Топтың құнсызданудан болған шығынды жеткілікті дәлелдемелерін алу үшін бағаланған факторларға борышкер немесе эмитенттің өтімділігі, төлем қабілеттілігі, іскерлік және қаржылық тәуекелдер, осындай қаржы активтері бойынша міндеттемелерді өтеу деңгейлері мен тенденциялары, ұлттық және экономикалық үрдістер мен шарттар, сондай-ақ бағалы қағаздардың әділ құны мен кепілдік құнын қамтиды. Осы және басқа да факторлар жеке немесе жиынтық түрде құнсызданудан болған шығын қаржы активі немесе қаржы активтері тобы үшін құнсызданудан болған шығынды тануға жеткілікті дәлелдемелерді ұсынады.

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Кепілдендірілген қаржы активінің күтілетін болашақ ақшалай қаражат қозғалысының кезектегі құнын есептеу ақшалай қаражат ағынын көрсетеді, бұл өндіріп алуға жүгіну нәтижесі болуы мүмкін және өндіріп алуға жүгіну ықтимал ма немесе жоқ па оған қарамастан сатып алу шығыстарын алып тастағанда кепілзатпен қамтамасыз етуді іске асыру.

Резервтер заемшының кредиттік тарихына және борышқа қызмет көрсету мүмкіндігіне байланысты кредит тәуекелінің әрбір санатындағы актив бойынша танылуы ықтимал шығындар деңгейіне қатысты басшылықтың жорамалына және шығындарды талдау бойынша

Топтың өзіндік тәжірибесіне негізделген.

Егер кейінгі кезеңде құнсызданудан болған залалдың мөлшері азаятын болса және мұндай азаю құнсыздану танылғаннан кейін болған оқиғаға объективті түрде байланысты болса, онда бұрын танылған құнсызданудан болған залал қалпына келтіріледі. Құнсызданудан болған кез келген кейінге қалдырылған залал, активтің баланстық құны қалпына келтіру күніндегі амортизацияланған құнынан аспайтын пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Қаржы активтері, егер осы активтер өтелмейтін ретінде анықталса және кепілзатпен өндіріп алуға жүгіну арқылы өтеуді қоса алғанда, құнсыздану резерві есебінен есептен шығарылады. Топ бұны қажет деп санаған кезде кредиттік қаржы құралдарын жабу үшін кепілзатпен қамтамасыз етуді талап етеді. Кепілзатпен қамтамасыз ету банктердегі депозиттерді, мемлекеттік бағалы қағаздарды және басқа да активтерді қамтуы мүмкін. Егер заемшы берешек сомасын белгіленген мерзімде төлемесе, Топ кепілзаттық қамтамасыз етуді иеліктен шығаруға құқылы. Қаржы активтері басшылық Топтың берешек сомасын өтеу үшін қолда бар барлық мүмкіндікті пайдаланғаннан кейін және Топ барлық қолда бар кепілзатты сатқаннан кейін есептен шығарылады. Барлық негізгі, артықшылықты, қамтамасыз етілмеген және инсайдерлік активтер бойынша құнсыздану резервіне қарсы үмітсіз заемды есептен шығару туралы шешім заңды немесе нотариалдық органның рәсімдік құжаты арқылы расталады. Бұл құжат үмітсіз заемды есептен шығару туралы шешім қабылданған кезде соманы борышқордың есебінен өтеуге (немесе ішінара өтеуге) болмайтындығын растайды. Бұдан бұрын есептен шығарылған сомаларды кейінгі өтеу пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте қаржы активтерінің құнсыздану резервін құру сомасын азайтады.

Заемдар мен дебиторлық берешек ұжымдық негізде бағаланатын шағын заемдар мен дебиторлық берешекті қоспағанда құнсыздану бойынша жеке негізде бағаланады. Жеке бағаланатын және құнсыздану белгіленбеген заемдар мен дебиторлық берешек, сондай-ақ барлық жеке шамалы заемдар мен дебиторлық берешек, ол туралы объективті дәлел бар, бірақ әсері әлі танылмаған орын алған шығын салдарынан танылуы тиіс құнсыздануды анықтау үшін ұқсас тәуекелдік сипаттамалары бар актив топтарында ұжымдық түрде бағаланады. Ұжымдық негізде бағалау заем портфеліндегі ақпаратты (мерзімінен кешігу деңгейі, мақсатты пайдалану, кепілдік өтеу коэффициенті және т.б.) және тәуекелдің шоғырлануы мен экономикалық ақпарат (соның ішінде жұмыссыздық, жылжымайтын мүлік бағасы, елдік тәуекел және әр түрлі топтардың мінез-құлқы) тиімділігі туралы пайымдаманы ескереді.

## Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар

Қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген, ұйымдастырылған нарықта айналыстағы және айналыста жоқ үлестік құралдар бойынша оларды сатып алу құнынан төмен болатын әділ құнның елеулі немесе ұзаққа созылған төмендеуі құнсызданудың объективті дәлелі болып табылады. Егер сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар құнсызданған болса, онда олардың құны (негізгі сома төлемін және амортизацияны қоспағанда) және пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте бұрын танылған құнсызданудан кез келген залалды алып тастағанда олардың құны мен ағымдағы әділ құны арасындағы айырманы қамтитын жалпы сома капиталдан пайда мен залал туралы шоғырландырылған есептемеге аударылады. Сату үшін қолда бар ретінде жіктелген үлестік құралдар үшін, бұрын пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте танылған құнсызданудан болған залалдар пайда мен залал туралы шоғырландырылған есеп арқылы кері қайтарылмайды. Құнсызданудан болған шығынды танудан кейін әділ құнның кез келген ұлғаюы басқа толық табыс арқылы танылады және сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау жөнінде резерв бабы бойынша жинақталады. Қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген борыштық бағалы қағаздарға қатысты құнсызданудан болған залалдар, кейіннен, егер қаржылай салымның әділ құнының ұлғаюы, құнсызданудан болған шығын танылғаннан кейін орын алған оқиғамен объективті байланысты болғанда пайда немесе залал арқылы қалпына келтіріледі.

## РЕПО және кері РЕПО келісімдері және бағалы қағаздар ұсыну

Топ өз қызметінің барысында қаржы активтерін сату туралы және кері сатып алу туралы келісімдер (бұдан әрі – «РЕПО келісімдері»), сондай-ақ сатып алу туралы және қайтадан кері сату туралы келісімдерді (бұдан әрі – «кері РЕПО келісімдері») бекітеді. РЕПО және кері РЕПО операцияларын Топ сауда жасау мақсатында өтімділікті басқару элементі ретінде пайдаланады.

РЕПО келісімдері қамтамасыз етілген қаржыландыру операциялары ретінде қарастырылады. РЕПО келісімдері бойынша сатылған бағалы қағаздар қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі, егер кепілзаттық қамтамасыз етуді алған тараптың оларды сату, не болмаса қайта кепілдікке беру құқығы болса, мұндай бағалы қағаздар РЕПО келісімдері бойынша кепілдікке салынған бағалы қағаздар ретінде жіктеледі. Тиісті міндеттеме кредит мекемелерінің немесе клиенттердің қаражатында атап көрсетіледі.

Кері РЕПО келісімдерінің негізінде сатып алынған бағалы қағаздар кредит мекемеләріндегі қаржы немесе клиенттерге берілген заемдар немесе тиісінше ақшалай қаражаты және олардың баламасы ретінде есепке алынады. Сату мен кері сатып алу құны арасындағы айырма пайыздық пайда ретінде қарастырылады және РЕПО келісімдері әрекет ететін кезең үшін, тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып есептеледі.

Контрагенттерге қарызға берілген бағалы қағаздар қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Үшінші бір тарапқа сатылған, оларды сату мен сатып алу «пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайдада/(залалда)» есепке алынатындарды қоспағанда, тартылған бағалы қағаздар қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмейді. Оларды қайтару бойынша міндеттемелер саудалық міндеттеме ретінде әділ құнмен көрсетіледі.

Топ бағалы қағаздар бойынша РЕПО шарттарын және бағалы қағаздармен заемдар бойынша мәмілелер бекітеді, олар бойынша Банк кәдімгі нарықтық тәжірибеге сәйкес қамтамасыз етуді алады немесе береді. Қазақстандағы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы («ТМД») елдеріндегі кері сатып алу операцияларының стандартты талаптарына сәйкес қамтамасыз етуді алушы мәміле бойынша есеп айырысқан кезде баламалы бағалы қағаздарды қайтарған жағдайда қамтамасыз етуді сату немесе кепілге қайта салу құқығына ие.

## Өзара есепке алу

Қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша өзара есепке алу жүргізіліп, таза сомасы есепке алынған сомаларды есептеуге заңды тұрғыдан құқығы болған кезде және нетто-негізде реттеуді жүргізу немесе бір мезетте активті сату және міндеттемені өтеу ниеті болған кезде қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Шығып кеткен болып танылмайтын қаржы активін

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

есепке алу кезінде Топ берілетін активті және оған сәйкес міндеттемені өзара есепке алуды орындамайды. Егер ол қандай да бір стандарт немесе түсіндіру бойынша талап етілмесе немесе рұқсат етілмесе, пайда мен залал бойынша өзара есепке алу жүргізілмейді және жеке Топтың есепке алу саясаттарында ашылмайды.

## Туынды қаржы құралдары

Топ туынды қаржы құралдарының бөлігі болып табылады, олардың кейбірі саудаға арналған, ал қалған бөлігі пайыздық, кредиттік және валюталық тәуекелдерді басқаруға арналған. Ұсталған туынды қаржы құралдарға шетел валютасындағы форвардтық келісімшарттар, пайыздық своптар, валюталық пайыздық своптар және кредиттік-дефолт своптары жатады.

Туынды қаржы құралдары бастапқыда туынды қаржы құралы жасалған күнгі әділ құн бойынша есепке алынады және кейінірек әрбір есептік күнгі олардың әділ құнына қайта бағаланады. Осыдан туындайтын пайда немесе залал тікелей пайда немесе залал арқылы танылады.

Оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары қаржы активі ретінде танылады, ал теріс әділ құны бар туынды қаржы құралдары қаржы міндеттемесі ретінде танылады. Туынды қаржы құралдары ұзақ мерзімді активтерде немесе егер құралдың қалған мерзімі 12 айдан асатын болса және оны сату немесе қайтару 12 ай ішінде күтілмесе ұзақ мерзімді міндеттемелерде есепке алынады. Басқа туынды қаржы құралдары қысқа мерзімді активтерге немесе қысқа мерзімді міндеттемелерге қосылады.

Қаржы активтері болып табылмайтын негізгі шарттар, негізгі гибридтік шарттарға енгізілген туынды құралдар, туынды құралдың анықтамасына сай болған жағдайда, олардың туынды құралдарының құрамына кіретін жағдайда, жеке туынды құрал ретінде көрсетіледі, олардың тәуекелдері мен сипаттамалары негізгі шарттардың тәуекелдері мен сипаттамалары тығыз байланысты емес және негізгі шарттар ПЗАӘҚ арқылы бағаланбайды.

Егер кірістірілген туынды құралға қатысты кірістірілген құралдың қалған қызмет мерзімі 12 айдан асса және жақын арадағы 12 ай ішінде оны сату немесе сатып алу болмаса, айналымнан тыс активтер немесе ұзақ мерзімді міндеттемелер ретінде ұсынылады. Басқа кірістірілген туынды құралдар ұзақ мерзімді активтер немесе басқа енгізілген туынды құралдар ағымдағы активтер немесе ағымдағы міндеттемелер ретінде ұсынылады.

## Форвардтар

Форвардтық және фьючерстік келісімшарттар белгіленген қаржы құралын анықталатын бағамен және белгіленген уақытта сатып алу немесе сату жөніндегі шарттық келісімдерді білдіреді. Форвардтық келісімшарттар биржалық емес нарықта бекітілетін стандарттық емес келісімшарттар болып табылады. Фьючерстік келісімшарттар реттелетін биржаларда стандартты сомаларға ресімделеді және оларға ақшалай нысандағы кепілдікті депозит сомасының күнделікті түзетілуін талап етеді. Форвардтық және фьючерстік келісімшарттардағы тәуекелдің негізгі айырмашылығы кредиттік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне қатысты.

Топ форвард шарттары бойынша контрагенттерге қатысты кредиттік тәуекелді өзіне алады. Фьючерстік шарттармен байланысты кредиттік тәуекел минималды болып табылады, өйткені ақшалай кепілдік депозитін енгізу бойынша биржа талаптары кез келген жағдайда осы келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Форвард шарттары бойынша есептеулер жалпы негізде жүргізіледі және осылайша олармен байланысты өтімділік тәуекелі есептеулері нетто-негізде реттелетін фьючерстік шарттар бойынша тәуекелге қарағанда жоғары деп есептеледі. Келісімдердің екі түріне байланысты нарықтық тәуекел туындайды.

## Своптар

Своптар – бұл белгілі бір уақыт кезеңі ішіндегі төлемдер ағымымен алмасу бойынша екі тараптың арасындағы шарттық келісімдер, аталған базалық индекстің, мәселен, пайыздық мөлшерлемесінің, шетел валютасын айырбастау бағамының немесе акция бағамының өзгерістерін ескере отырып жасалады.

Пайыздық своптар Топтың өзге қаржы институттарымен бекітетін келісімшарттарына жатады, бұл шарттар бойынша Топ тіркелімді пайыз мөлшерлемесін төлеу немесе алу орнына, тиісінше, құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін төлейді немесе алады. Төлемдер ағымы, әдетте, тараптардың біреуі екіншісіне төлеуге тиіс болатын айырманы ескере отырып, өзара есепке алынады.

Валюталық свопта Топ валютаның бір түрімен белгіленген соманы төлейді және екінші бір валютамен белгіленген соманы алады. Көпшілік жағдайда валюталық своптары бойынша есептер жалпы негізде орындалады.

Кредиттік тәуекел своптары екі тарап арасындағы белгілі бір шартты сомаларға негізделген кредиттік оқиғаларға қатысты төлемдерді жүзеге асыру туралы шарттық келісімдер болып табылады. Топ мәні своп болып табылатын бағалы қағаз бойынша контрагенттің дефолт тәуекелдерін азайту мақсатында арнайы сақтандыру компанияларынан және банктерден кредиттік тәуекел бойынша своп сатып алады.

## Опциондар

Опциондар сатып алушыға қаржы құралын тіркелімді баға бойынша белгіленген сомаға немесе болашақтағы анықталатын күндері не болмаса келісілген кезең ішінде сатып алу немесе сату құқығын беретін, алайда бұған міндеттемейтін шарттық келісімдер болып табылады. Топ опциондарды реттелетін биржада және биржадан тыс нарықта сатып алады және сатады.

Топтың сатып алған опциондары Топтың өзіне базалық активті келісілген баға бойынша немесе опционның әрекеті аяқталатын күні, не болмаса осы сәтке дейін сатып алуға (сатып алатын опциондар) немесе сатуға (сатылатын опциондар) мүмкіндік береді. Топтың сатып алынған опциондар бойынша әділ құн болып табылатын олардың баланстық құнының шегінде ғана кредиттік тәуекелге ұшырау қаупі бар.

Топтың берген опциондары сатып алушыға базалық активті келісілген баға бойынша немесе опционның әрекеті аяқталатын күні, не болмаса осы сәтке дейін сатып алуға немесе банкке сатуға мүмкіндік береді.

Топ пайыздық мөлшерлеме тәуекелі мен валюталық тәуекелді басқару үшін туынды қаржы құралдарын (деривативтер), оның ішінде валюталық форвардтық келісімшарттарды, пайыздық своптарды және валюталық своптарды пайдаланады. Туынды қаржы құралдары туралы қосымша ақпарат 7-ескертПЕуде берілген.

Топтың туынды құралдармен шарттары бойынша тәуекел мөлшері нарықтық және кредиттік тәуекелдерді, сондай-ақ Топтың өтімділік тәуекелін жалпылама басқару шеңберінде мұқият бақылауға алынады (35-ескертПЕуде берілген).

2019 жылғы аудит-телген шоғырлан-дырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырлан-дырылған қаржылық есептілікке ескерт-пелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

### Кредиттік-құнсыздандырылған қаржы активтері

Қаржы активі осындай қаржы активі бойынша болашақ есептік ақша ағындарына кері әсер ететін бір немесе бірнеше оқиғалар болған жағдайда кредиттік-құнсыздандырылған деп есептеледі. Кредиттік-құнсыздандырылған қаржы активтеріне қатысты «3-кезеңнің» активтері термині қолданылады. Кредиттік құнсыздану белгілері келесі оқиғалар бойынша бақыланатын деректерді қамтиды:

- заемшының немесе кредитордың елеулі қаржылық қиындықтары;
- шарт талаптарының бұзылуы, мысалы, дефолт немесе төлем мерзімінің өтуі;
- кредитор өзге жағдайда ұсынбайтын, заемшының қаржылық қиындықтарына байланысты экономикалық себептер немесе шарт талаптарына сәйкес заемшыға кредитордың талаптан қайтуды беруі;
- қаржылық қиындықтар салдарынан бағалы қағаздарға арналған белсенді нарықтың жоғалуы; немесе
- сәйкес кредиттік шығындарды көрсететін үлкен жеңілдікпен қаржы активін сатып алу.

Кейбір жағдайларда жеке оқиғаны анықтау мүмкін емес, өйткені қаржы активінің кредиттік құнсыздануы бірнеше оқиғалардың жиынтық әсерінен болуы мүмкін. Әр есептік күнгі жағдай бойынша Топ амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері болып табылатын борыш құралдарының кредиттік құнсыздануына баға береді. Мемлекеттік және корпоративтік борыш құралдарының кредиттік құнсыздануын бағалау кезінде Топ облигациялардың кірістілігі, кредиттік рейтингтер және заемшының қаржыландыру мүмкіндігін арттыру сияқты факторларды ескереді.

Заем, егер заемшыға кеңшілік жасау нәтижесінде шартта көзделген ақша ағынына ие болмау тәуекелі айтарлықтай төмендегенде, айғақтар болмаған жағдайда қаржылық жағдайдың нашарлауына байланысты кеңшілік берілгенде және басқа да құнсыздану белгілері болмағанда кредиттік-құнсызданған деп саналады. Кеңшілік беру көзделген, бірақ ол берілмеген қаржы активтері егер кредиттік-құнсызданудың байқалатын белгілері бар болса, оның ішінде дефолттың анықтамасына сәйкес келсе кредиттік құнсызданған деп саналады. Шартты Дефолтты анықтау төлем ықтималдығының жоқтығы мен төлем мерзімінің аяқталуын белгілейді (90 күн немесе одан кейін кешіктіру). Кросс-дефолтты қолдану туралы шешім клиенттің объектісінің шарттарын, мысалы, кредиттік тәуекелдің қамтамасыз етілуін және маңыздылығын жеке бағалауға негізделген.

### Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсыздандырылған қаржы активтері («СҚКҚ»)

СҚКҚ қаржы активтері әр түрлі түрде ескеріледі, өйткені мұндай актив бастапқы тану сәтінде кредиттік-құнсыздану болып табылады. Осы активтерге қатысты Топ бағалау резерві ретінде бастапқы тану күнінен бастап активтің күтілетін қолданылу мерзімі ішінде кредиттік шығындар мөлшерінің барлық өзгерісін таниды; бұл ретте, барлық өзгеріс пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Осындай активтердің күтілетін кредиттік залалдар шамасының оң өзгерісі болған жағдайда, құнсызданудан болған шығын танылады (кредиттік шығындар бойынша шығысты қалпына келтіру).

### Есептен шығару

Заемдар мен борыштық бағалы қағаздар Топтың қаржы активін қайтару жөнінде ақылға қонымды күту болмаған кезде (толық немесе ішінара) есептен шығарылады. Бұл Топ заемшының есептен шығарылатын соманы өтеу үшін жеткілікті ақша ағымын түрлендіретін активтері немесе кіріс көзі жоқ деп шешкен кездегі жағдай. Есептен шығару – бұл тануды тоқтату. Топ қаржы активтерін есептен шығару үшін мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін. Топтың мәжбүрлеу әрекеттері нәтижесінде қалпына келтіру құнсызданудан кейін кіріс кіргізеді. Кепілдендірілген заемдар кепілзатпен қамтамасыз етуді сатқаннан кейін түскен кез келген түсімді алғаннан кейін есептен шығарылады. Кепілзатпен қамтамасыз етуді сатудың ықтимал таза құны анықталса және одан әрі қалпына келтірудің ақылға қонымды күтуі болмаған жағдайда, есептен шығару бұрын мүмкін болуы мүмкін.

### Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

#### Қаржы активтері

Қаржы активтерінің (немесе бұл орынды болған кезде, осындай қаржы активтерінің бір бөлігінің немесе осыған ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігінің) танылуын тоқтату мынадай жағдайда іске асырылады:

- егер активтен түскен ақшалай қаражат ағымын алу құқығының мерзімі аяқталған болса;
- Топ өзінің активтен ақшалай қаражат ағымын алу құқығын басқаға берген болса немесе активтен түскен ақшалай қаражаты ағымын алу құқығын сақтап қала отырып, бірақ оларды «аралық» келісімге сәйкес үшінші тарапқа көп кешіктірмей толық төлеу жөнінде міндеттеме қабылдаған жағдайда; және
- Топ іс жүзінде (а) актив бойынша тәуекелдің және сыйақының барлығын берген болса, не болмаса (б) актив бойынша тәуекелдің және сыйақының барлығын іс жүзінде ұстап қалмаған, бірақ активке бақылау жүргізуді берген болса.

Қаржы активі аударылғаннан кейін оны тану тоқтатылады және бұл аударым тануды тоқтату талаптарына сай болады. Аударуға сәйкес Топтан (а) актив бойынша ақша ағымдарын алуға келісімшарттық құқық беру немесе (б) актив бойынша ақша ағымдарына құқықты сақтау, алайда үшінші тарапқа қатысты осы ақша ағымын төлеу бойынша келісімшарттық міндеттеме қабылдау талап етіледі. Аударым жүргізілгеннен кейін Топ аударылған активтерге иелік етуден түскен пайданың және тәуекелдің сақталу деңгейіне қайта бағалау жүргізеді. Егер тәуекел мен пайданың барлығы негізінен сақталған болса, онда актив қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте одан әрі танылa береді. Егер тәуекел мен пайданың барлығы жалпы берілген болса, бұларды актив бойынша тану тоқтатылады. Егер кейіннен тәуекел мен пайданың барлығы сақталмайтын және берілмейтін болса, Топ активтерге жүргізілетін бақылаудың сақталуын бағалайды. Егер бақылау сақталмаған болса, онда актив бойынша тану тоқтатылады. Егер Топ активті бақылауды сақтайтын болса, онда ол оның қатысуы шеңберінде активті таңдауды жалғастырады.

#### Қаржы міндеттемесін өзгерту және тануды тоқтату

Топ қаржы міндеттемелерін тек егер олар өтелсе, күшін жойса немесе олар бойынша талап мерзімі аяқталса, тануды тоқтатады. Қаржылық міндеттеменің баланстық құны арасындағы тануды тоқтату және төленген немесе төленетін өтемақы арасындағы айырмашылық пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Топ пен кредитор арасында айтарлықтай өзгеше шарттармен борыштық құралдарды айырбастау бастапқы қаржы міндеттемелерін реттеу және жаңа қаржы міндеттемесін тану ретінде ескеріледі. Топ бастапқы қаржы міндеттемесін өтеу және жаңа қаржы міндеттемесін тану ретінде қолданыстағы қаржы міндеттемесі немесе оның бір бөлігінің шартында елеулі өзгерісті есепке алады. Топ, егер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

ақша ағымының дисконтталған сәйкес құны жаңа шарттарға сәйкес, бастапқы тиімді комиссиялық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, алынған комиссиялық сыйақыны ұстап қалғандағы комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, міндеттеме талаптары айтарлықтай ерекшеленетінін ескере отырып, бастапқы қаржы міндеттемесі бойынша қалған ақша ағымының дисконтталған, сәйкес құнынан кемінде 10%-ға айырмашылығы болатынын басшылыққа алады. Егер өзгерту айтарлықтай маңызды болмаса, онда мыналардың арасындағы айырмашылықтар: (1) өзгертуге дейін міндеттеменің баланстық құны; және (2) өзгертуден кейін ақша ағымының сәйкес құны түрлі кіріс пен шығыс құрамында өзгерістен кейін кіріс немесе шығыс ретінде пайда немесе залал арқылы танылуы тиіс.

## Салық салу

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығындар Қазақстан Республикасының және Топ жұмыс істейтін басқа елдердің заңнамасына сәйкес есептеледі.

Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер уақыттық айырмашылыққа қатысты есепке алудың баланстық әдісін пайдалану арқылы есептеледі. Мерзімі кейінге шегерілген табыс салығы активтердің салықтық базасы мен міндеттемелері және баланстық құны арасында пайда болған барлық уақыттық айырмашылықтар бойынша, мерзімі кейінге шегерілген корпоративтік табыс салығы іскерлік беделдің, активтің немесе компанияны шоғырландыру емес және іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен залалға да әсері тимейтін операция бойынша міндеттеменің бастапқы көрсетілуі нәтижесінде туындайтын жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілігі мақсатында көрсетіледі.

Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер уақыттық айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін, келешекте салық салынатын табыс алу мүмкіндігі бар шамада көрсетіледі. Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер активті сату немесе міндеттемелерді реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салықтық мөлшерлемелер бойынша есеп берілетін күні күшіне енген немесе нақты күшіне енетін салықтық мөлшерлемеге қарай бағаланады. Мерзімі кейінге шегерілген салық өзге жиынтық табыста немесе капиталда есепке алынатын операцияға қатысты жағдайларды қоспағанда, мерзімі кейінге қалдырылған салық тікелей пайда мен залалдарда есепке алынады, мұндай жағдайда мерзімі кейінге қалдырылған салық тағы да тікелей жиынтық табыста немесе капиталда есепке алынады.

Кейінге шегерілген салықтық міндеттемелер, Топтың уақыттық айырмашылықты қалпына келтіру мерзімін бақылау мүмкіндігі бар және аталған айырмашылықтар көз жетерлік болашақта қалпына келтірілмейтініне жоғары ықтималдылық бар болатын жағдайларды қоспағанда, еншілес кәсіпорындарға, тәуелді кәсіпорындарға қатысты салық салынатын уақыттық айырмашылықтарды ескере отырып көрсетіледі.

Мерзімі кейінге шегерілген табыс салығы еншілес және қауымдастырылған компанияларға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялармен байланысты уақыттық айырмашылық бойынша көрсетіледі, уақыттық айырмашылыққа сторно жасау уақытын бақылауға болатын және уақыттық айырмашылыққа жақын келешекте түзетпе жүргізілмеуі мүмкін болатын жағдайлар бұған жатпайды.

Топ мерзімі кейінге шегерілген салық активтері мен міндеттемелерге өзара есеп жүргізеді және Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікте қорытынды айырмасын көрсетеді, егер:

- Топтың ағымдағы салықтық талаптар мен ағымдағы салықтық міндеттемелерге қарсы есепке алу жүргізу үшін заңды түрде бекітілген құқығы болса; және
- Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер бір салықтық субъектіден бір салықтық орган өндіріп алатын пайда салығына жатқызылатын болса.

Мұнымен қатар Қазақстан Республикасында және Топ жұмыс істейтін басқа елдерде Топ қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі операциялық салықтар әрекет етеді. Бұл салықтар пайда салығынан басқа салықтардың құрамында көрсетіледі.

Егер салықтық тексеру нәтижесі ретінде салық органдары Топтың төлемдерді жүргізуін міндеттейтін болса, Топ белгісіз салықтық позициялар бойынша резервті көрсетеді. Бұл резерв Топтың төлеуге жататын сомасына қатысты ең жақсы баға негізінде бағаланады. Резервтер, басшылық олардың енді талап етілмейтінін немесе заңды талаптармен сәйкес анықтаған кезеңде табыс салығы бойынша резервтегі табысқа қайтарылады.

## Негізгі құралдар

Негізгі құрал-жабдықтар, жинақталған құнның тозуы мен құнсыздануы шегерілгеннен кейінгі бастапқы құн бойынша көрсетіледі, ғимараттар мен құрылыстар бұған жатпайды, олардың құны қайта бағалау жүргізілетін күнгі әділ құны болып табылатын қайта бағаланған құнмен, кейін құнсызданудан жинақталған амортизация мен жинақталған залалдардың шегерілгеннен кейінгі құн бойынша көрсетіледі.

Нысанды амортизациялау оны пайдалануға қол жеткізу мүмкін болғанда басталады. Амортизациялау активтерді тиімді пайдаланудың мынадай бағалау мерзімдері ішінде құнды біркелкі шығынға жазу әдісімен есептеледі:

| | Жылдар |
|---|---|
| Ғимараттар мен құрылыстар | 20-100 |
| Көлік құралдары | 5-7 |
| Компьютерлер мен банктік жабдықтар | 5-10 |
| Басқалар | 7-10 |

Жалға берілген меншікті жақсартуларды амортизациялау жалданған тиісті активтерді пайдалы қолдану мерзімі ішінде есептеледі. Ағымдағы және күрделі жөндеу бойынша шығыстар пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есептілікте, егер капиталдандыру бойынша талаптарды қанағаттандырмайтын болса, операциялық шығындар құрамында олардың пайда болу кезеңінде көрсетіледі.

Негізгі құрал-жабдықтардың баланстық құны әрбір есептік күнге, есепке алуда көрсетілген соманың, оның орны толтырылатын құнынан асуы мүмкін мәніне талданады және, егер баланстық құн мұндай есеп айырысатын орын толтыру құнынан асатын жағдайда активтер құны орын толтыратын есеп айырысу құнынан артатын болса, онда активтер құны орны толатын құнға дейін төмендетіледі. Құнсызданудан болған зиян тиісті кезеңде танылады және операциялық шығыстар құрамына қосылады.

Қызмет көрсетуге немесе әкімшілік мақсатқа арналған қолда бар ғимараттар мен құрылыстар Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте қайта бағаланған құнымен көрсетіледі, бұл құн білікті тәуелсіз бағалаушылар нарықтық мәліметтер негізінде белгілеген, кейіннен жинақталған тозу мен құнсызданудан зияндар шегерілгеннен кейін анықталады. Активтердің баланстық құны есептік күнгі жағдайға сәйкес әділ құнмен есептеу әдісі бойынша анықталуы мүмкін болатын құннан елеулі айырмашылықта болмауы үшін қайта бағалау ұдайы түрде жүргізіліп отырады.

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Қайта бағалау нәтижесінде жылжымайтын мүлік құнының кез келген ұлғайтылуы негізгі құралдарды қайта бағалау резерві құрамында көрсетіледі, пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте бұрын танылған сол актив құнының азайтылған сомасы өтелетін жағдай бұған жатпайды. Бұл жағдайда ұлғайтылған құн сомасы пайда мен зияндар туралы біріктірілген есепте бұрын ескерілген активтердің азайтылған құны мөлшерінде танылады. Қайта бағалау нәтижесінде туындаған активтің баланс құнының азайтылуы пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте аталған активтің бұған дейінгі қайта бағалану нәтижесінде пайда болған қайта бағалау құнынан қаншалықты асатын болса, сол мөлшердегі деңгейде танылады.

Қайта бағаланған ғимараттар мен жайлардың амортизациясы пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Қайта бағаланған меншік одан әрі сатылған немесе шығарылған жағдайда Жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резервінің құрамында ескерілген тиісті оң мәнді нәтиже бөлінбеген пайда есебіне аударылады.

Аяқталмаған құрылыс нысандары құнсызданудан шығындар шегерілген нақты құн бойынша есепке алынады. Құрылыстың құнына кәсіпкерлік қызметтердің құнын, сондай-ақ белгілі бір талаптарға сәйкес келетін активтер үшін Топтың есептік саясатына сәйкес капиталдандырылатын заемдар бойынша шығындар кіреді. Осындай аяқталмаған құрылыс нысандары құрылысты аяқтау немесе жоспарланған пайдалануға дайын болу сәтіне негізгі құрал-жабдықтардың тиісті санаттарына жатады. Осы активтер бойынша амортизацияны есептеу негізгі құрал-жабдықтардың басқа нысандары бойынша сияқты активтердің жоспарланған пайдалануына дайын болу сәтінен басталады.

Негізгі құрал-жабдықтар нысаны сатылған жағдайда немесе активті пайдалануды жалғастырудан болашақ экономикалық пайда түсіру күтілмеген жағдайда, есептен шығарылады. Негізгі құрал-жабдықтар нысандарын сатудан немесе өзге шығуынан түскен кіріс немесе зиян осы нысандарды сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде анықталады және пайдалар немесе залалдарда танылады.

## Материалдық емес активтер

### Жеке сатып алынған материалдық емес активтер.

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған, пайдаланудың соңғы мерзімдері бар материалдық емес активтер құнсызданудан жинақталған амортизация мен жинақталған шығын шегерілген сатып алу құны бойынша есепке алынады. Тиімді пайдаланудың күтілудегі мерзімдері мен амортизацияны есептеу әдісі әр есептік кезеңнің аяғына талданады, бұл ретте бағалаулардағы барлық өзгерістер салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарастырмастан есептілікте көрсетіледі. Материалдық емес актив сатылған кезде немесе оны пайдаланудан не болмаса шығуынан болашақ экономикалық пайда түсімдері күтілмеген жағдайда есептен шығарылады. Активтің шығуынан таза түсімдер мен баланстық құнының арасындағы айырмашылықты білдіретін, материалдық емес активті есептен шығарудан түскен пайда немесе залал есептен шығару сәтінде пайдаға немесе залалға қосылады.

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған, пайдаланудың анықталмаған мерзімдері бар материалдық емес активтер құнсызданудан жинақталған залал шегерілген нақты шығындар бойынша есепке алынады. Пайдаланудың анықталмаған мерзімдері бар материалдық емес активтерге амортизация есептелмейді.

### Бизнесті біріктіру бойынша мәмілелерде сатып алынған материалдық емес активтер.

Бизнесті біріктіргенде сатып алынған және гудвиллдан бөлек көрсетілетін материалдық емес активтер сатып алу күніне әділ құн бойынша есепке қабылданады (сатып алу құны ретінде қарастырылатын). Бастапқы танылғаннан кейін бизнесті біріктіргенде сатып алынған материалдық емес активтер жекелеген мәмілелер шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтерге ұқсас құнсызданудан жинақталған амортизация мен жинақталған шығындар шегерілген сатып алудың құны бойынша көрсетіледі.

Амортизациялау активтерді тиімді пайдаланудың мынадай бағалау мерзімдерінің ішінде құнды бір қалыпты есептен шығару әдісімен есептеледі:

| | Жылдар |
|---|---|
| Клиенттік базаға жататын материалдық емес активтер | 5 |
| Бағдарламалық жасақтама | 10 |
| Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығына лицензиялық келісім | 10 |
| Басқалар | 10 |

## Сатуға арналған активтер

Ұзақ мерзімді активтермен тікелей байланысты ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер егер мұндай активтердің ағымдағы құны, негізінен, бұларды тұрақты түрде пайдалану арқылы емес, сату арқылы өтелу мүмкіндігі жоғары болса және мұндай активтер (немесе шығу тобы) бұлардың ағымдағы күйінде сатылуы мүмкін болса, сатуға арналған деп жіктеледі (бұдан әрі – «шығу тобы»). Мұндай активтер сатуға арналған деп жіктелген сәттен бастап Басшылық бұл активтерді бір жылдың ішінде сатуға ниетті болуға тиіс.

Сатуға арналған активтер сатуға жұмсалатын шығын шегерілгеннен кейінгі бұлардың баланстық және әділ құнымен бағаланады. Егер сатуға арналған активтің әділ құны сатуға жұмсалатын шығын шегерілгеннен кейін оның баланстық құнынан төмен болса, құнсыздану шығынының ұйым пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте сатуға арналған активтер шығыны ретінде тануға тиіс. Активтің әділ құнындағы одан кейінгі кез келген ұлғаю шамасы, сату шығыны шегерілгеннен кейін, осы активтердің құнсыздануы бойынша бұрын танылған жинақталған шығын сомасы болып танылады.

## Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жалгерлік төлем алу, қосымша капиталдандыру үшін немесе сол жағдайлардың бірінде пайдаланылатын нысандарды білдіреді. Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысандары бастапқыда, сатып алу шығыстарымен қоса сатып алу құны бойынша есепке алынады. Нәтижесінде олар әділ құн бойынша көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнының өзгерістері, олар пайда болатын жылдағы пайдаға немесе залалға қосылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің нысаны шығарылғанда немесе онымен байланысты экономикалық пайда түсіру енді болжамданбайтын, пайдаланудан түпкілікті шығарылғанда баланстан

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

есептен шығарылады. Есептен шығару кезеңіндегі кез келген кіріс немесе зиян (шығудан таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық) есептелікте, есептен шығару жылындағы пайдаға немесе зиянға қосылады.

### Коммерциялық жылжымайтын мүлік

Белгілі бір жағдайларда, Топ кредиттік шарттарды реттеу шеңберінде коммерциялық жылжымайтын мүлікті өтеуді жүргізе алады. Топ осы жылжымайтын мүлікті кәдімгі қызмет барысында сатуды жоспарлайды, сәйкесінше бұл жылжымайтын мүлік бастапқыда сатып алу шығыстарымен қоса әділ құн бойынша есепке алынады, ал бастапқы танудан кейін екі құнның ең төменгісі бойынша бағаланады: өзіндік құн немесе сатудың таза құны бойынша. Сатудың таза құнын бағалау бар дәлелдердің ең сенімділерінен негізделеді, бағалау жүргізген сәтте ол бойынша коммерциялық жылжымайтын мүлікті сату күтілетін сомалар. Бұл бағалаулар кезең аяқталғаннан кейін болған жағдайларға тікелей қатысты құнның немесе өзіндік құнның құбылуын осындай жағдайлар осы жылдың аяғында болған шарттарды растайтындай мөлшерде есепке алады.

### Клиенттер мен кредит мекемелерінің қаражаттары

Клиенттер мен кредиттік мекемелерінің қаражаттары бастапқыда мәмілемен тікелей байланысты шығындарды шегергендегі алынған қаражаттың әділ құны бойынша көрсетіледі.

Кейін алынған қаражат амортизациялық құны бойынша көрсетіледі, ал алынған қаражаттың мөлшері мен өтеу кезіндегі сома арасындағы тиісті айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, заем алу кезеңіндегі пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Егер Топ өзінің меншікті борыштық міндеттемесін сатып алса, онда ол қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады және міндеттеменің баланстық құны мен мәмiледе төленген өтемақы арасындағы айырмашылық пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

### Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар Топтың айналымға шығарған облигациялары болып табылады, олар клиенттер мен кредиттік мекемелердің қаражаттары сияқты қағидаттарға сәйкес көрсетіледі. Міндеттемелерді шығару шығындарын шегергендегі алынған сомалар және өтеу құны арасындағы кез келген айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, заем алу кезеңі бойынша пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

### Резервтер

Резервтер, егер Топ ағымдағы құқықтық міндеттемеге немесе тәжірибеден туындайтын, бұрын болған оқиғалар нәтижесінде пайда болған міндеттемеге иелік ететін болса, сондай-ақ міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайдамен байланысты қаржының кері ағыны туындау мүмкіндігі болса және бұл міндеттеме сомасы барынша дәл бағалануы мүмкін болған жағдайда танылады.

Резервтер ретінде көрсетілген сомалар міндеттемемен байланысты тәуекелдер мен түрлаусыздықтарды есепке ала отырып, Топтың есептік кезеңнің аяғында міндеттемелерін өтеу үшін талап етілетін шығындардың ең таңдаулы бағалауын білдіреді. Егер резерв ағымдағы міндеттемені реттеу үшін бағаланған ақшалай қаражаттың ағынын пайдалану арқылы бағаланған болса, оның баланстық құны осы ақшалай қаражаты ағындарының келтірілген құнын білдіреді (ақшаның уақытша құнының әсері маңызды болғанда).

Резервті реттеу үшін қажетті экономикалық пайдалардың бір бөлігі немесе барлығының үшінші тараптан алынуы күтілетін болса, егер өтемақының алынатыны туралы және дебиторлық берешек сомасының сенімді түрде бағалануы мүмкін екендігі туралы нық сенім болған жағдайда дебиторлық берешек актив ретінде танылады.

### Зейнетақылық және басқа да міндеттемелер

Топтың жұмыс берушіден брутто жалақысының ағымдағы төлемінің пайызы ретінде есептелген ұстап қалуды талап ететін Қазақстан Республикасының және Топ жұмыс істейтін басқа елдердің мемлекеттік зейнетақы бағдарламасынан өзге қандай да бір зейнетақымен қамтамасыз ету схемасы жоқ; мұндай шығындар тиісті жалақы есептелген кезеңде есептеледі және пайда мен залалдар туралы есепте операциялық шығыстарға қосылады. Топ әлеуметтік салықты Қазақстан Республикасының және Топ жұмыс істейтін басқа елдердің бюджетіне аударады. Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі төлемдер бойынша Топтың қандай да бір міндеттемелері жоқ.

### Капитал

Топ өзі шығаратын қаржы құралды келісімшарттық келісімнің мәніне сәйкес қаржы активі, қаржы міндеттемесі немесе үлестік құрал ретінде жіктейді. Егер ол ақшалай қаражат немесе басқа қаржы активін ұсыну бойынша, не болмаса ықтимал қолайсыз жағдайларда қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін айырбастау бойынша келісімшарттық міндеттеме болса, құрал міндеттеме ретінде жіктеледі. Егер ол міндеттемелер шегерілгеннен кейін Топ активтеріндегі қалған үлеске ғана үміттенген болса, құрал капитал ретінде жіктеледі.

Топ шығарған күрделі қаржы құралдарының компоненті түрлі жағдайларға сәйкес қаржы активтері, қаржы міндеттемелері немесе капитал ретінде жеке жіктеліп, есепке алынады.

#### Жарғылық капитал

Компаниялар біріктірілетін жағдайды қоспағанда, жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты үшінші тараптың қызмет ақысын төлеу шығыны капитал құрамында осы эмиссия нәтижесінде алынған соманың азаюы ретінде көрсетіледі. 2003 ж. 13 мамырға дейін алынған қаржының әділ құнының шығарылған акциялардың номинал құнынан асатын сомасы эмиссиялық табыс ретінде көрсетілген. 2003 ж. 13 мамырдан бастап, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының жаңа редакциясы қабылданғаннан кейін «акцияның номиналдық құны» деген ұғым акцияларды қоғамның құрылтайшылары арасында орналастырған кезде ғана қолданылады. Барлық өзге инвесторлар үшін жарғылық капитал Топтың акцияларды орналастырудан алған сомасына тең орналастыру бағасы бойынша есепке алынады.

#### Өтеуі төлеп алынған меншікті акциялар

Топ меншікті акциялардың өтеуін төлеп алған жағдайда, мәміле бойынша тікелей шығындарды қоса алғандағы сатып алу құны, қолданылатын тиісті салық төлемі шегерілгеннен кейін, капитал құрамының өзгерісі ретінде танылады. Топ өтеуін төлеп меншікті акциялары айналымнан алынады. Құны өтеліп сатып алынған акциялар өтеуі төлеп алынған меншікті акциялары ретінде жіктеледі және

2019 жылғы аудит-телген шоғырлан-дырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырлан-дырылған қаржылық есептілікке ескерт-пелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)



құны бойынша көрсетіледі. Мұндай акциялар шығарылған акциялардың орташа есептелген санынан шегеріледі және олардың құны капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі. Топ мүшелері сатып алған акциялары бойынша алынған дивидендтер шоғырландыру кезінде алынып тасталады.

### Дивидендтер

Дивидендтер міндеттеме болып танылады және олар жарияланған күні капитал сомасының есебінен шығарылады. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есеп берілетін күнге дейін, сондай-ақ есеп берілетін күннен кейін, алайда біріктірілген қаржы есептелігінде шоғырландырылатын күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, есептелікте ашылып көрсетіледі.

### Меншікті капитал қорлары

Топтың қаржылық жағдайы туралы есебіндегі меншікті капиталдың құрамында (басқа жиынтық табыста) көрсетілген қорларға мыналар кіреді:

- Басқа жиынтық табыс арқылы бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының өзгеруі мен басқа жиынтық табыс арқылы бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді қамтитын қаржы активтерін қайта бағалау қоры;
- таза инвестицияларды шетел қызметіне қайта есептегенде туындайтын бағамдық айырмашылықтарды көрсету үшін пайдаланылатын Бағамдық айырмашылықтар қоры;
- жер мен ғимараттарды қайта бағалау резервінен тұратын негізгі құралдарды қайта бағалау қоры.

### Шартты міндеттемелер

Шартты міндеттемелер Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, дегенмен, оларды өтеу нәтижесінде қаржының ағымы туындау ықтималдығы аз болған жағдайларды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылады. Шартты актив Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, бірақ экономикалық пайда табу мүмкіндігі болған жағдайда Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікте ашылады.

## Бизнесті біріктіргенде сатып алынған шартты міндеттемелер

Бизнесті біріктірген кезде сатып алынған шартты міндеттемелер сатып алу күніне әділ құны бойынша есепке алынады. Кейіннен шартты міндеттемелер мыналар бойынша бағаланады: «Резервтер, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» деген ХҚЕС (IAS) 37-ге сәйкес анықталған мөлшер және «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» деген ХҚЕС (IFRS) 15-ке сәйкес есептелген, жинақталған амортизация шегерілген, олар бастапқыда есепке алынған мөлшер.

## Кірістер мен шығыстарды тану

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, барлық қаржы құралдарына арналған пайыздық кірістер және шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайда мен залал туралы есепте «Пайыздық шығыстар» және «Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер» ретінде «Таза пайыздық кіріс» түрінде танылады.

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есептің «Өзге пайыздық кірістер» құрамына кіреді.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – қаржы құралының күтілетін болашақ ақша ағындарының қаржылық активтің немесе міндеттеменің күтілетін мерзімі ішінде немесе (егер қолданылса) қысқа мерзім ішінде таза баланстық құнға дисконттау мөлшерлемесі. Болашақ ақша ағындары құралдың барлық шарттық талаптарын ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын және кез келген заем туралы уағдаластықпен тікелей байланысты болған тараптар төлеген немесе алған барлық сыйақылар және сомалар, сондай-ақ мәміле бойынша шығындар және барлық басқа сыйақылар немесе жеңілдіктер ескеріледі. ПЗАӘҚБ санатындағы қаржы активтері бойынша мәміле бойынша шығындар бастапқы тану кезінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Пайыздық кірістер/пайыздық шығыстар кредиттік құнсызданбаған қаржы активтерінің (яғни, күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервті бағалау шамасын түзетуге дейінгі қаржы активінің амортизацияланған құнына) жалпы баланстық құнына немесе қаржылық міндеттемелердің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Кредиттік құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер мұндай активтердің амортизациялық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы (яғни, олардың күтілетін кредиттік залалдарға қатысты бағалау резервін шегергендегі олардың жалпы баланстық құны) есептеледі. Жасалған немесе сатып алынған кредиттік құнсызданған қаржы активтеріне (ЖСКҚ) арналған тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржылық активтен күтілетін болашақ ақша ағындарын анықтау кезінде күтілетін кредиттік залалдар сомасын көрсетеді.

Клиенттерге заемдар беру үшін комиссиясы (тиісті тікелей шығындармен бірге) заемдар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемеге жасалған түзету ретінде танылады. Егер заем беру міндеттемелері болса, заем беру туралы шарт бекітілген болса, заем беру міндеттемесі үшін комиссия алдағы кезеңдердің табысы құрамына (тиісті тікелей шығындарымен бірге) қосылады және одан әрі заем бойынша нақты табыстарға жасалған түзету ретінде көрсетіледі. Заем беру бойынша міндеттемелер заем беруге алып келу ықтималдығы төмен болып бағаланатын болса, заем беру міндеттемесі үшін комиссия заем беру бойынша міндеттеменің қалған кезеңі ішінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Заем беру міндеттемелерінің әрекет мерзімі заем берілмей аяқталғанда, заем беру міндеттемесінің комиссиясы оның әрекет ететін мерзімі аяқталатын күнгі пайда мен залалдар құрамында танылады.

### Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер

Комиссиялық кірістер клиенттерге осындай қызметтерге айырбас ретінде күтілетін сыйақыны көрсететін сомасы ретінде көрсетіледі. Топ қызмет көрсету бойынша міндеттемелерді, яғни клиентпен келісілген міндеттемелерді орындау бойынша қызметтерді көрсетуге сәйкес клиентпен келісілген сыйақыны таниды.

Әрбір орындалатын анықталған міндеттемеге Топ шарт жасаған кезде оның орындалатын міндеттемелерді ағымдағы уақыт ішінде немесе белгілі бір сәтте орындайтынын және өтеу тіркелімді немесе ауыспалы, өтеу шегін қоса алғанда, мысалы, Топтың ықпалына байланысты емес сыртқы факторлар, болып табылады ма екенін анықтайды. Соңында өтеу анықталған орындалатын міндеттемеге бөлінеді.

Клиенттердің шоттарына және кассалық операцияларға қызмет көрсетуден түсетін комиссиялық кірістерге салымдардан алынған сыйақылардың орнына депозиттерден алынған комиссиялар, салымшылардың өтініші бойынша транзакцияларға қызмет көрсету бойынша алымдар және Ақшалай қаражатын басқару бойынша операциялар жүзеге асырудан түскен комиссиялар кіреді. Депозиттер бойынша қызметтер үшін ақы төлеу, әдетте ай сайын тиісті қызмет көрсетілетін кезеңде танылады. Қызмет ақысы сұрау салынған қызмет көрсету транзакциясы аяқталғаннан кейін

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішi шоғырландырылған қаржылық есептiлiгiне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

танылады. Ақшалай қаражатын басқарғаны үшін алынатын төлемдер көрсетілген қызметке қарай танылады.

Пластик карталарға қызмет көрсеткені үшін қызметтер мен комиссиялардан түсетін кіріс несие және дебеттік карталар транзакциясынан түсетін өзара ауысымдық кірістерді қамтиды және тиісті желімен есептескеннен кейінгі уақытта танылады. Бір банктің екінші банкке оның кредиттік карталарымен жасаған операциялары үшін төленетін комиссияны, әдетте, тиісті желі сатып алу көлемі және басқа факторлар негізінде белгілейді. Карталармен байланысты басқа да комиссиялар транзакция аяқталған кезден кейінгі сәтте танылады.

Банктік қызмет көрсетудің өзге де кірістері мен комиссияларына банктік аударымдар, аккредитивтер бойынша алымдар және басқа транзакциялық қызметтер сияқты транзакциялық банктік операциялардың әртүрлі алымдар кіреді. Бұл алымдар, осылайша, транзакция жүргізілген және қызметтер көрсетілген уақытта танылады. Аккредитивтер бойынша алымдар негізінен аккредитив туралы келісімдерге байланысты алынатын алымдарды қамтиды және әдетте келісімшартты орындау кезінде танылады.

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін қызметтер бойынша кірістер мен комиссиялар бойынша операциялар ХҚЕС (IFRS) 15-ке «Сатып алушылармен жасалған шарттардан түсетін түсім» сәйкес, ал 2017 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін ХҚЕС (IAS) 18-ге «Түсім» сәйкес танылды.

ХҚЕС (IFRS) 15 қолдану шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген ақпараттың немесе сомалардың ашылуына елеулі әсерін тигізген жоқ.

## Шетелдік валютада берілген баптарды қайта бағалау

Шоғырландырылған қаржылық есептілік, шетелдік еншілес компанияларды қоспағанда, Банк пен оның еншілес кәсіпорындарының функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен беріледі. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жүргізілетін күндегі айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютамен қайта есептеледі. Шетел валютасындағы ақша активтері мен міндеттемелер ҚҚБ есептік күнге сәйкес белгіленген нарықтық айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетел валютасымен мәмілені қайта есептеу нәтижесінде пайда болған пайда мен залалдар шетел валютасын және шетел валютасымен операцияларды қайта бағалаудан алынған таза пайдалар немесе залалдар ретінде пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте танылады. Шетел валютасымен бастапқы құны бойынша бағаланған ақшалай емес баптар бастапқы мәмілелер күніне айырбастау бағамдарын қолдану арқылы қайта есептеледі. Шетел валютасымен әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құн айқындалған күнгі айырбастау бағамын пайдалана отырып қайта есептеледі.

Шетелдік еншілес кәсіпорындардың активтері мен міндеттемелері есепті күнгі жағдай бойынша, Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепті күні әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша Топтың функциялық валютасымен қайта есептелінеді, ал еншілес кәсіпорындардың пайда мен залалдар туралы есептілігі бір жыл үшін орташа айырбастау бағамдары бойынша қайта есептеледі. Қайта есептеген кезде туындайтын айырмашылық капиталдың жеке компонентінде тура есепке алынады. Шетелдік еншілес кәсіпорын шығарылған жағдайда, капиталда танылған және тікелей осы еншілес кәсіпорынға қатысты мерзімі кейінге шегерілген жинақталған сома пайда мен шығыстар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Мәміленің келісімшарттық айырбастау бағамы мен мәміле жасалатын күнгі нарықтық айырбастау бағамы арасындағы айырмашылық шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша таза пайдаға немесе залалға қосылған. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нарықтық айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 382,59 теңгені құрады (2018 жылдың 31 желтоқсанында – 384,20 теңге; 2017 жылдың 31 желтоқсанында – 332,33 теңге болды).

## Сақтандыру

Сақтандыру бойынша келісімшарттар – егер болашақтағы көрсетілген белгісіз оқиға сақтандыру полисін ұстаушыға теріс әсер ететін болса, сақтандыру полисінің ұстаушысына өтемақы төлеуге келісім берумен қоса, басқа тараптан едәуір сақтандыру тәуекелін беретін келісімшарттар. Топ Қазақстан Республикасындағы сақтандыру компаниялары үшін ҚРҰБ белгілеген есепке алу саясатын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес, сақтандыру шарттарында кепілдік берілген элементсіз дискрециялық қатысу болған жағдайда, сақтандырылушыларға қосымша төлемдер акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімге байланысты болады және бөлінбейтін табысты бөлу сияқты ұсынылуы тиіс; шығыстар емес.

Топ мүлікті сақтандыру, жазатайым жағдайдан сақтандыру, құқықтық жауапкершіліктен сақтандыру, жеке басты сақтандыру және өмірді сақтандыру бойынша түрлі өнімдер ұсынады.

### Андеррайтингтен түсетін кіріс

Андеррайтингтен түсетін кіріс еңбекпен өтелмеген сыйлықақы резервіндегі таза өзгеріс шегерілгеннен кейін қайта сақтандыруға берілгеннен алынған комиссиялар мен сақтандыру бойынша таза сыйлықтан тұрады.

Келісімшарттың әрекеті басталғаннан кейін сыйлықақылар полисте көрсетілген сомада есепке алынады және сақтандыру шартының әрекет ету кезеңі ішінде пропорционалды негізде табысқа жатқызылады. Еңбекпен өтелмеген сыйлықтар резерві сақтандыру шартының аяқталмаған мерзіміне жататын барлық қабылданған сыйлықтардың бөлігін құрайды және қоса берілген Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру талаптарын реттеу резервіне қосылады.

Залалдарды реттеу бойынша залалдар мен шығыстар пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте олардың шығуына қарай болуы мүмкін пайдалар мен залалдар резервін шығындарды реттеу бойынша қайта бағалау арқылы есепке алынады және қоса берілген пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте іске асырылған сақтандыру төлемдері құрамына қосылады.

Қайта сақтандырушылармен келісімшарттар бойынша алынған комиссиялар қайта сақтандыру шартына қол қойған және ол күшіне енген сәттен бастап кіріс ретінде есепке алынады.

Сақтандыру полисін сатып алу құны жаңа бизнесті ашумен тікелей байланысты және түрленеді, мерзімі кейінге қалдырылған болып табылатын және сақтандыру активтерінің құрамында қоса берілген Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру активтерінде көрсетілетін сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленген комиссиялардан тұрады. Мерзімі кейінге шегерілген сатып алу бойынша шығындарға жататын активтер кейіннен тиісті сыйақы еңбегі ақталған кезең ішінде амортизацияланады және оның баланстық құнының орны толатын болмауы мүмкін жағдайларда құнсыздануы тұрғысынан тексеріледі. Егер актив сомасы орны толтырылатын құн сомасынан көп болса, ол дереу есептен шығарылады. Қалған өзге шығындар пайда болу ретіне қарай шығын болып танылады.

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

## Сақтандыру бойынша залалдардың және залалдарды реттеу бойынша шығыстардың резерві

Сақтандыру қызметі бойынша мүмкін болатын залалдардың және сақтандыру залалдарын реттеу шығыстарының резерві қоса беріліп отырған Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепке қосылған және әлі реттелмеген есептік күнге дейін сұратылған шығындардың ақысын төлеуге болжанған сомаға және болған, бірақ есептік кезеңге жатқызылатын жарияланбаған залалдар бойынша бағалауға негізделген.

Орын алған, бірақ жарияланбаған автокаско және жауапкершілікті сақтандыру бойынша зияндары резерві (бұдан әрі – «ОЖЗР») актуарлық негізде анықталады және бизнестің санаттар мен қосалқы санаттар зияндары пайда болуы үшін қалыпты кезең үшін сақтандыру төлемдері бойынша статистикалық деректерге және Топтың алдыңғы тәжірибесіне негізделген.

Алдыңғы тәжірибенің жоқтығы және бизнестің басқа бағыттары бойынша сақтандыру төлемдерінің деректері жеткіліксіз болуы себепті ОЖЗР резерві ҚРҰБ ұсынған нұсқаулықты қолдану арқылы анықталған. Осы ОЖЗР нұсқаулығы талаптарының деректеріне сәйкес сақтандырудың осы класында есептеу күнінің алдындағы соңғы он екі айдың ішінде күшіне енген сақтандыру шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысы сомасының 5 %-ы мөлшерінде анықталды.

Мұндай бағалауларды анықтау тәсілі және соның нәтижесінде алынған резервтерді жасау тұрақты түрде қайта қаралып және жаңартылып отырады. Осының нәтижесінде алынған түзетулер олар анықталған кезеңде пайда мен залал туралы шоғырландырылған есептерде көрінеді.

## Қайта сақтандыру

Топ өзінің әдеттегі қызметін іске асыру барысында қайта сақтандыру операцияларын жүзеге асырады. Қайта сақтандыру туралы мұндай келісімдер бизнесті одан әрі әртараптандыруды қамтамасыз етеді, басшылыққа тәуекелдерді сақтандыру нәтижесінде пайда болатын ықтимал шығындарды бақылауды іске асыруға мүмкіндік береді және өсімге қол жеткізу үшін қосымша мүмкіндік туғызады.

Қайта сақтандыру активтері басқа қайта сақтандыру компанияларының төленген және төленбеген зияндар үшін берешек сомасынан және зияндарды реттеуге жұмсалатын шығыстардан, сондай-ақ әлі алынбаған сақтандыру сыйлығынан құралады. Қайта сақтандырушылардан алынатын ақша сомасы қайта сақтандыру полистеріне байланысты сақтандыру өтемдерін төлеуге жұмсалатын шығыс ретінде бағаланады.

Қайта сақтандыру міндеттемелері егер қайта сақтандырушыдан алынған комиссияға қарсы есепке алу құқығы жоқ болса жиынтық сомамен ескеріледі және қоса берілген Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру активтерінің құрамына қосылады.

Қайта сақтандыру бойынша келісімшарттар сақтандыру тәуекелі едәуір шығынның ақылға сыйымды мүмкіндігі ретінде анықталғанына, ал уақыттық тәуекел Топтың қайта сақтандырушыға берген ақшалай қаражаттың қозғалысы мерзімінің едәуір ауытқуының ақылға сыйымды мүмкіндігі ретінде анықталғандығына көз жеткізу үшін бағаланады.

Топ өзінің қайта сақтандыру активтеріне құнсыздану мәні бойынша үнемі бағалау жүргізеді. Егер Топ келісімшарт талаптары бойынша өзіне тиесілі соманы ала алмауы мүмкін болса және бұл оқиғаның қайта сақтандырушыдан Топтың алатын сомасына сенімді анықталған әсері бар екендігі туралы объективтік куәландыру болса, қайта бағаланатын актив құнсызданады.

## Сегменттік есептілік

Сегмент өнімдер немесе қызмет ұсынумен (операциялық сегмент) немесе тәуекелге ұрынуы мүмкін және басқа сегменттердің тәуекелдері мен пайдаларынан ерекшеленетін пайда әкелетін және тәуекелдерге ұшырау қаупі бар белгілі бір экономикалық орта шеңберінде (географиялық сегмент) өнімдер мен қызмет ұсынумен айналысатын Топтың ерекше бір компоненті болып табылады.

## Қаржы кепілдіктері мен аккредитивтері

Топ ұсынатын қаржы кепілдіктері мен аккредитивтері, егер дебитор борыштық құрал түрлендірілген немесе алғашқы талаптарына сәйкес өз уақытында ақы төлеу жүргізе алмайтын болса, басталатын залалдардың өтемақысы ретінде төлемді іске асыруды қарастыратын кредит операцияларын қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай қаржы кепілдіктері мен аккредитивтері бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Кейіннен олар резерв ретінде көрсетілген сомаға (а) және қаржы кепілдігі немесе аккредитиві бойынша алынған сыйлық түрінде келешектегі кезең табыстарының жинақталған амортизациясына жол берілуі шегерілгеннен кейін бастапқы көрсетілген сомаға (б) қатысты көрсетілген соманың қайсысының артық екендігіне байланысты бағаланады.

## Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС

### Төменде көрсетілген жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер ағымдағы кезеңде алғаш рет пайдаланылды және осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінде берілген қаржылық көрсеткіштерге ықпалын тигізді.

- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау»;
- ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулер «Теріс өтемақымен алдын ала төлеу шарттары»;
- ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер «Қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар»;
- ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдіру, 2015-2017 жж. кезеңдер;
- ХКЕСТК (IFRIC) 23 «Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты тұрлаусыздық».

## ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» бастапқы қолданудың ықпалы

Ағымдағы жылы Топ 2019 ж. 1 қаңтарда немесе одан кейін басталған жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енген, ХҚЕС (IFRS) 16-ны «Жалдау» (2016 ж. қаңтарда ХҚЕС (ХКЕСТК) жөніндегі кеңес шығарған) қолданды.

Топ алғаш рет ХҚЕС (IFRS) 16-ны «Жалдау» 2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданды. ХҚЕС (IFRS) 16 жалдаушылар үшін есепке алудың бірыңғай баланстық моделін енгізді. Нәтижесінде, жалдаушы ретінде Топ активтерді пайдалануға берілген құқықты білдіретін пайдалану құқығы нысанында активті және жалгерлік төлемдерді іске асыру бойынша міндеттемені білдіретін міндеттемені таныды. ХҚЕС (IFRS) 16 айтарлықтай дәрежеде жалға берушінің есеп талаптарын ХҚЕС (IFRS) 17-ден «Жалдау» («ХҚЕС (IAS) 17») көшіреді. Сәйкесінше, Топтың есеп саясатында жалға берушінің есебінде қандай да бір өзгерістер болған жоқ.

Топ ХҚЕС (IFRS) 16-ны түрлендірілген ретроспективті тәсілді пайдалана отырып қолданды, бұл 2019 ж. 1 қаңтардан бастап салыстыру кезеңін қайта есептемей қолдануды білдіреді, яғни салыстыру кезеңі бұрынғыдай, ХҚЕС (IAS) 17-ге және тиісті интерпретацияларға сәйкес беріліп отыр. Есеп саясатындағы, сипатындағы және Топ қызметіне қатысы бар ықпалындағы өзгерістер туралы толығырақ ақпарат төменде көрсетілген.

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

## Жалдаудың жаңа анықтамасының әсері

Топ ХҚЕС (IFRS) 16-ға өту аясында ұсынылатын, шартты білдіретінін не білдірмейтінін немесе жалдау талаптарының бар/жоқ екенін қайтадан анықтап жүрмеуге мүмкіндік беретін тәжірибелік шараны қолданды. Сәйкесінше, ХҚЕС (IAS) 17-ге және ХКЕСТК (IFRIC) 4-ке сәйкес жалдауды анықтау бұрынғыдай 2019 ж. 1 қаңтарға дейін жасалған немесе өзгертілген жалдау туралы шарттарға қатысты қолданылады.

Жалдаудың анықтамасындағы өзгеріс, ең алдымен, бақылау тұжырымдамасына қатысты. Бұл ХҚЕС (IAS) 17 және ХКЕСТК (IFRIC) 4-тегі «тәуекелдер және пайдаларға» жасалған акцентке қарама-қарсы қойылады. ХҚЕС (IFRS) 16 сатып алушының сәйкестендірілген активті пайдалануын бақылайтынын/бақыламайтынын негізге ала отырып, жалдау шарттары мен қызмет көрсету шарттарын бөліп көрсетеді. Егер сатып алушыда мыналар:

- сәйкестендірілген активті пайдаланудан түскен барлық экономикалық пайданы алу құқығы; және
- мұндай активті тікелей пайдалануға құқығы болғанда, бақылау жүзеге асырылуға тиіс.

Топ жалдау анықтамасы және ХҚЕС (IFRS) 16-мен байланысты нұсқаулықты 2019 жылғы 1 қаңтардан ертерек жасаған немесе өзгертілген барлық жалдау шарттарына қатысты (оның жалға беруші немесе жалдау шарты бойынша жалға алушы болуына қарамастан) қолданды.

ХҚЕС (IFRS) 16-ның бастапқы қолданылуын әзірлейтін кезде Топ ендіру бойынша жобаны жүзеге асырды. Ендіру бойынша жоба ХҚЕС (IFRS) 16-дағы жаңа анықтау Топ үшін жалдауды анықтауға түсіп қалатын шарттардың көлемін айтарлықтай өзгертпейтінін көрсетті.

## Жалға алушы тарапынан жалдау есебіне ықпал ету

### Операциялық жалдау

ХҚЕС (IFRS) 16 Топтың жалдауды есепке алу қағидасын ХҚЕС (IAS) 17 (баланстан тыс есеп) сәйкес бұрын жіктелген операциялық жалдау ретінде өзгертеді.

### ХҚЕС (IFRS) 16 барлық жалдау шарттарына (төменде аталғандарды қоспағанда) бастапқы қолданған кезде Топ:

(а) қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте пайдалану құқығы түріндегі активтер мен сәйкесінше «Негізгі құралдар» және «Басқа міндеттемелер» құрамында жалдау бойынша міндеттемелерді таниды. Өту сәтінде жалдау бойынша міндеттемелер бастапқы кезде бастапқы қолдану күніне – 2019 ж. 1 қаңтарға қосымша заем қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланумен дисконтталған жалдау төлемдерінің құны бойынша бағаланды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бастапқыда жалдау бойынша міндеттемеге сәйкес келетін құн бойынша танылды, себебі Топ бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген шарттар үшін жеңілдетілген тәсілді қолданды;

(б) пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте пайдалану құқығы түріндегі активтердің амортизациясын «Операциялық шығыстар» құрамындағы тозу мен амортизацияға жұмсалған шығыстар және «Пайыздық шығыстар» құрамындағы жалдау міндеттемелері бойынша пайыздар ретінде таниды;

(в) ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте негізгі бөлікті өтеуге бағытталған ақшалай қаражаттың жалпы сомасын (қаржылық қызметте берілген) және пайыздарды (операциялық қызметте берілген) бөліп көрсетеді.

ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес құнсыздану мәніне пайдалану құқығы түріндегі активтерді бағалау ХҚЕС (IAS) 36-ға «Активтердің құнсыздануы» сәйкес жүргізіледі. Бұл залалды жалдау шарттарын тануға қатысты алдыңғы талапты ауыстырды.

Қысқа мерзімді (12 айға дейінгі) жалдау және құны төмен активтерді (дербес компьютерлер мен офистік жиһаздар сияқты) жалдау шарттары үшін Топ жалдау бойынша шығындарды ХҚЕС (IFRS) 16-да рұқсат етілгендей біркелкі таныды.

Жалдау бойынша ынталандырушы төлемдер (мысалы, ақысыз (жеңілдікті) кезең) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және жалдау бойынша міндеттемелерді бағалау шеңберінде танылады, сол екі арада ХҚЕС (IAS) 17-ге сәйкес олар тура негізде жалдау шығындарын қысқарту ретінде амортизацияланатын жалгерлік сыйақысы ретінде танылады.

### Қаржылық жалдау

Қаржылық жалдау шарттары бойынша алынған активтерге қатысты ХҚЕС (IFRS) 16 мен ХҚЕС (IAS) 17 арасындағы негізгі айырмашылық жалға алушы жалға берушіге ұсынған кепілдіктің қалдық құнын бағалауда. ХҚЕС (IFRS) 16-ға сәйкес Топ жалдау бойынша міндеттеме құрамында ХҚЕС (IAS) 17-де көрсетілгендей, кепілдіктің ең жоғарғы шамасын емес, кепілдіктің қалдық құнына сәйкес төленетін соманы ғана таниды. Бұл өзгеріс Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

## Жалға беруші тарапынан жалдау есебіне ықпал ету

Топ жалға беруші ретінде шығатын жағдайларда ғана талаптар көбінде өзгеріссіз қалады, ал қаржылық және операциялық жалдау арасындағы айырмашылық сақталады. Жалға беруші ретінде Топқа қолданылатын есеп саясаты ХҚЕС (IAS) 17-ге сәйкес көзделген саясаттан өзгеше емес. Алайда ХҚЕС (IFRS) 16 ақпаратты ашуға, атап айтқанда, жалға берушінің оның жалға алынған активтеріне қатысу үлесіне байланысты туындайтын тәуекелдерді қалай басқаратынына қойылатын талапты өзгертеді және кеңейтеді.

Топ басшылығы аталған өзгерістерді қолданудың Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ететінін күтпейді.

## ХҚЕС (IFRS) 16-ны қолданудың ықпалы

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бағалау Топтың «Негізгі құралдар» бөлігі ретінде берілген, 3 077 миллион теңге мөлшерінде пайдалану құқығы түріндегі активті және осы жалдау шарттарының барлығына қатысты «Басқа міндеттемелер» бөлігі ретінде берілген, 3 077 миллион теңге мөлшерінде жалдау бойынша тиісті міндеттемені танығанын көрсетеді. Пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте жалдауға байланысты шығыстар «Операциялық шығыстар» құрамындағы амортизацияның шығыстары ретінде және «Пайыздық шығыстар» құрамындағы сыйақыны төлеу бойынша шығыстар ретінде берілген.

2019 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша Топтың қаржылық жалдау талдамасы негізінде және осы күнге бар фактілер мен жағдайлардың негізінде Топ басшылығы, осы өзгеріс Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде танылған сомаларға елеулі әсер етпегенін анықтады.

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

### ХҚЕС (IFRS) 9 «Кері өтемақымен алдын ала төлеудің ерекшеліктеріне» түзетулер

Топ ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулерді алғаш рет ағымдағы жылы қолданды. ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулер алдын ала төлеу ерекшеліктерінің негізгі сома және пайыздық төлемдерді төлеу критерийлеріне сәйкес келетіндігін анықтау үшін шарттың тарапы оның себебіне қарамастан алдын ала төлем үшін негізделген өтемақыны төлей алатынын немесе төлей алмайтынын түсіндіреді. Басқаша айтқанда, кері өтемақыны алдын ала төлеу ерекшеліктері төлемнің негізгі сомасы мен пайыздары есебінен төлем критерийлерін автоматты түрде бұзбайды.

### ХҚЕС (IAS) 28 «Қауымдастырылған ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдарға» түзетулер

Топ ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулерді алғаш рет ағымдағы жылы қолданды. Түзетулер, ХҚЕС (IFRS) 9-дың оның құнсыздануға қатысты талаптарымен бірге ұзақ мерзімді салымдарға қолданылатынын түсіндіреді. Бұған қоса, кәсіпорын ұзақ мерзімді салымдарға ХҚЕС (IFRS) 9-ды қолданған кезде ұйым ХҚЕС (IAS) 28 талап ететін ұзақ мерзімді салымдардың баланстық құнының түзетулерін (мысалы, ХҚЕС (IAS) 28-ге сәйкес инвестиция объектісінің зияндарын тарату немесе құнсыздануға жасалған бағалау нәтижесіндегі ұзақ мерзімді салымдардың баланстық құнының түзетулерін) назарға алмайды. Топ ХҚЕС (IFRS) 9-ды мұндай ұзақ мерзімді салымдарға ХҚЕС (IAS) 28-ді қолданғанға дейін қолданды.

### ХҚЕС жыл сайын жетілдіру, 2015-2017 жылдар кезеңі ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру», ХҚЕС (IFRS) 11 «Бірлескен қызмет», ХҚЕС (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салық» және ХҚЕС (IAS) 23-ке түзетулер «Заемдар бойынша шығындар».

Топ алғаш рет ағымдағы жылы «2015–2017 жж. үшін ХҚЕС жыл сайын жетілдіруге» енгізілген түзетулерді қолданды. Жыл сайынғы жетілдірулер төрт стандарттың түзетулерін қамтиды:

#### ХҚЕС (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салық»

Түзетулер Топтың дивидендтерге қатысты пайда немесе залал, басқа да жиынтық табысқа немесе капиталға байланысты, бұл бастапқыда бөлінетін пайданы жасайтын операцияларды қалай танығандығына байланысты, салық салудың салдарын тануы тиістігін түсіндіреді. Түзетулер бөлінетін және бөлінбейтін пайдаға қатысты қолданылатын табыс салығының мөлшерлемесіне қарамастан қолданылады.

#### ХҚЕС (IAS) 23 «Заемдар бойынша шығындар»

ХҚЕС (IAS) 23 түзетулері тиісті актив оны мақсатты пайдалануға немесе сатуға дайын болғаннан кейін қандай да бір заем өтелмей қалған болса, онда жалпы мақсаттағы заем құралдары бойынша капиталдандыру мөлшерлемесін есептеу кезінде мұндай заем жалпы мақсаттағы құралдары құрамына қосылады.

#### ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру»

ХҚЕС (IFRS) 3-тегі түзетулер, егер Топ бірлескен операция болып табылатын бизнесті бақылауды алатын болса, ұйым бизнесті біріктіруге қойылатын талаптарды кезең кезеңімен қолданады және, басқалармен қатар, бұрынғы оған тиесілі қатысу үлесімен бірлескен операцияларға әділ құны бойынша қайта бағалау жүргізуді түсіндіреді. Бұрынғы тиесілі қатысу үлестерін қайта бағалау кез келген танылмаған активтерді, міндеттемелерді және бірлескен операцияларға қатысты гудвиллді қамтиды.

#### ХҚЕС (IFRS) 11 «Бірлескен қызмет»

ХҚЕС (IFRS) 11 түзетулері бизнесті білдіретін бірлескен қызметке қатысатын, бірақ бірлескен операцияларды бірлесіп бақыламайтын тарап осындай бірлескен операцияларды бірлесіп бақылайтын болса, ол бірлескен операциялардағы бұрын оған тиесілі болған қатысу үлестеріне қайта бағалауды жүзеге асырмайтынын түсіндіреді.

## ХҚЕТК (IFRIC) 23 «Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік»

**Топ ХҚЕТК (IFRIC) 23-ті түзетулерді алғаш рет ағымдағы жылы қолданды. ХҚЕТК (IFRIC) 23, пайдаға салынатын салықты есептеу қағидасына қатысты белгісіздіктер орын алғанда есептік салық позициясын қалай анықтау керек екенін түсіндіреді. Түсіндірмеге сәйкес Топ:**

- әрбір белгісіз салық позициясын жекелей немесе басқа белгісіз салық позицияларымен бірге бағалау немесе бағаламау керектігін анықтауға тиіс;
- пайдаға салынатын салық бойынша декларация берілетін кезде ұйым пайдаланған немесе пайдалануды жоспарлаған белгісіз салық түсіндірмесімен салық органы келіседі деген ықтималдықтың бар екенін бағалауға тиіс:
- егер жоғары ықтималдық бар болса, онда Топ өзінің салық позициясын пайдаға салынатын салық декларациясы берілетін кезде пайдаланған немесе пайдалануды жоспарлаған салық түсіндірмесіне сәйкес анықтайды;
- егер жоғары ықтималдық болмаса, Топ өзінің есептік салық позициясын анықтайтын кезде белгісіздік әсерін көрсетуге тиіс.

ХКЕСТК (IFRIC) 23-тің қолданылуы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер тигізген жоқ.

## Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген ХҚЕС-тің жаңа және қайта қаралған стандарттары

**Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген ХҚЕС-тің мынадай жаңа және қайта қаралған стандарттарын қолданған жоқ:**

- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»;
- ХҚЕС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілігі» және ХҚЕС (IAS) 28 (түзетулер) «Активтердің инвестор және оның қауымдастырылған ұйымы арасында немесе бірлескен кәсіпорын шеңберінде сатылуы немесе табысталуы»;
- ХҚЕС (IFRS) 3 түзетулер;
- ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС (IAS) 8 түзетулер;
- Тұжырымдамалық негіздер.

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Басшылық, жоғарыда көрсетілген Стандарттардың қолданылуы төменде көрсетілген кезеңді қоспағанда, кейінгі кезеңдерде Топтың қаржылық есептілігіне елеулі ықпал ететінін күтпейді:

### ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»

Жаңа стандарт сақтандыру шарттары бойынша тану қағидаттарын, бағалауды, ақпаратты ұсыну мен ашуды белгілейді және ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттарын» алмастырады.

Аталған стандарт сақтандыру шартына сай түрлендірілген жалпы үлгіні ауыспалы сақтандыру сыйақысы бар шарттар ретінде сипатталған тікелей қатысу компоненттерімен қолдануды көздейді. Егер белгіленген критерийлер қанағаттанарлық болса, жалпы үлгі сыйлықақыны үлестіру әдісін пайдаланып қалған өтеу бойынша міндеттемені бағалау арқылы жеңілдетіледі.

Жалпы үлгі болашақтағы ақша ағындарының сомасын, мерзімін және белгісіздігін бағалау үшін ағымдағы олқылықтарды пайдаланатын болады, сонымен қатар мұндай белгісіздіктің құнын бөлек өлшейтін болады; үлгі нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді және сақтандыру шарттарын ұстаушылардың опциондарының және кепілдіктерінің әсерін ескереді.

Стандарт 2021 ж. 1 қаңтарынан ерте басталмайтын жылдық кезеңдерге қатысты мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен күшіне енеді. Дегенмен, қазіргі уақытта ХҚЕС жөніндегі кеңес күшіне ену күнін бір жылға 2022 ж. 1 қаңтарға дейін шегеруді қарастыруда. Бұл іс жүзінде орындалмайтын жағдайларды қоспағанда, ол ретроспективті қолданылады, мұндай жағдайларда түрлендірілген ретроспективті тәсіл немесе әділ құн тәсілі қолданылады.

Ауыспалы талаптарды қанағаттандыру мақсаты үшін, кәсіпорын аталған стандартты бірінші рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басы – бастапқы қолдану күні, ал бастапқы қолдану күнінің алдындағы кезеңнің басы – ауысу күні болып табылады.

Стандарт сақтандыру міндеттемелерін есептеу үшін бухгалтерлік есептің жаңа принциптеріне байланысты шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ете алады. Алайда Топ басшылығы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерді бағалауды аяқтамады.

### ХҚЕС (IFRS) 10-ға және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер «Инвесторлар мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе жарна төлеу»

ХҚЕС (IFRS) 10-ға және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер Инвесторлар мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында активтерді сату немесе жарна төлеу жағдайларында қолданылады. Атап айтқанда, түзетулер қауымдастырылған ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен жасалған мәміледе өз бизнесін ұсынбайтын еншілес ұйымға деген бақылауды жоғалтуға байланысты алынған, үлестік қатысу әдісімен ескерілетін пайдалардың немесе шығындардың осы қауымдастырылған ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы басқа байланыспаған инвесторлардың үлесінде ғана бас компанияның пайдалары мен залалдарының құрамында танылады. Осыған ұқсас, бұрынғы еншілес ұйымдардағы қалған үлестің әділ құнына дейін қайта бағалаудан түсетін пайдалар немесе залалдар (қауымдастырылған ұйым немесе бірлескен кәсіпорын болған және үлестік қатысу әдісімен ескерілетін) қауымдастырылған жаңа ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға байланысты емес инвесторлардың үлесінде ғана бұрынғы бас компанияның пайдалары немесе залалдарында танылады.

Күшіне енетін күнді ХҚЕС жөніндегі Кеңес белгілеуі тиіс, бірақ мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Топ басшылығы аталған түзетулерді қолданудың келешектегі кезеңдерде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етеді деп күтеді.

### ХҚЕС (IFRS) 3-ке түзетулер «Бизнесті анықтау»

Осы түзетулерге сәйкес, бизнес болу үшін, қызмет түрлері мен активтердің иеленген біріктірілген жиынтығы айтарлықтай дәрежеде қайтарымды жасақтауға мүмкіндік жасай алатын салым мен қағида түрінде маңызды процесті қамтуы тиіс. Түзетулер клиенттерге ұсынылатын тауарлар мен қызметтер түрінде қайтарымға жасалған акцентті жылжыта отырып, анықтаудан «шығындарды азайту нысанында кірісті қамтамасыз ету мүмкіндігін» алып тастап, бизнесті және қайтарымды анықтауды шектейді.

Сондай-ақ түзетулер нарыққа қатысушылардың қайтарымды алуды жалғастыру үшін жетіспейтін ресурстардың немесе процестердің кез келгенін олардың өз салымдарымен және процестерімен алмастыруға мүмкіндіктерін бағалау қажеттілігінен босатады.

Бұдан басқа, түзетулер әділ құнның шоғырлануына қосымша сынақтама енгізеді, бұл сынақтама иеленген қызмет түрлері мен активтердің жиынтығы ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіруге» сәйкес бизнес болып табылатынын/табылмайтынын бағалауды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Түзетулер бизнестің біріктірілуіне қатысты күшіне енеді, ол үшін сатып алу күні басталуына сәйкес келеді немесе 2020 ж. 1 қаңтарда басталатын бірінші жылдық есепті кезең басталғаннан кейін немесе осы күннен кейін басталады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Топ басшылығы осы түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ететінін күтпейді.

### ХҚЕС (IAS) 1-ке және ХҚЕС (IAS) 8-ге түзетулер «Маңыздылығын анықтау»

Түзетулер «маңыздылық» ұғымын базалық анықталуын өзгертпей түсінуді жеңілдету үшін танылған. Маңызды ақпаратты оны маңызды емес ақпаратпен бірге ұсыну арқылы «бүркеу» концепциясы жаңартылған анықтаудың бір бөлігі ретінде енгізілген болатын.

Пайдаланушылар үшін ақпараттың «маңыздылық» шегі «әсер етуі мүмкіннен» «әсер етеді деп негізді түрде болжауға болады» артты.

ХҚЕС (IAS) 8-де берілген маңыздылықты анықтау ХҚЕС (IAS) 1-ге сілтемемен ауыстырылды. ХҚЕС жөніндегі кеңес маңыздылықты анықтауға сілтемелері бар немесе оның біріздіілікпен қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында осы терминді пайдаланатын өзге стандарттарға және Концептуалды негіздерге түзетулер енгізді.

Түзетулер 2020 ж. 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, перспективті түрде қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Топ басшылығы осы түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ететінін күтпейді.

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

### ХҚЕС стандарттарында Тұжырымдамалық негіздердің сілтемелеріне түзетулер

ХҚЕС 2018 ж. 29 наурызда жарияланғаннан кейін күшіне енген, қайта қаралған Тұжырымдамалық негізбен бірге ХҚЕС стандарттарындағы Тұжырымдамалық негізге сілтемелерге түзетулер шығарды. Құжат ХҚЕС (IFRS) 2, ХҚЕС (IFRS) 3, ХҚЕС (IFRS) 6, ХҚЕС (IFRS) 14, ХҚЕС (IAS) 1, ХҚЕС (IAS) 8, ХҚЕС (IAS) 34, ХҚЕС (IAS) 37, ХҚЕС (IAS) 38, ХКЕСТК (IFRIC) 12, ХКЕСТК (IFRIC) 19, ХКЕСТК (IFRIC) 20, ХКЕСТК (IFRIC) 22 және ПКР (SIC) 32-ге түзетулерді қамтиды.

Алайда барлық түзетулер қайта қаралған тұжырымдамалық негізге сілтеме жасайтындай сілтемелер мен цитаталарға қатысты ережелерді жаңартпайды. Кейбір ережелер олардың Тұжырымдаманың қай нұсқасына сілтеме жасайтынын (ХКЕСТК 2001 ж. қабылдаған ХКЕСТК қағидаттарына, 2010 ж. ХКЕСТК тұжырымдамасына немесе 2018 ж. қайта қаралған жаңа тұжырымдамаға) көрсету үшін немесе Стандарттағы анықтаулар қайта қаралған Тұжырымдамалық негізде әзірленген жаңа анықтаулармен жаңартылмағанын көрсету үшін ғана жаңартылады.

Іс жүзінде жаңартулар болып табылатын түзетулер 2020 ж. 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдың кезеңдер үшін күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Топ басшылығы осы түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ететінін күтпейді.

## 4. Елеулі бухгалтерлік бағалаулар

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау, басшылықтан есептілікте шоғырландырылған қаржылық есептілік жасалатын күнгі жағдайға сәйкес көрсетілген активтер және міндеттемелер сомасына және есеп берілетін кезең ішінде көрсетілген пайдалар мен шығындар сомасына әсерін тигізетін бағалау мен тұжырымдар жасауды талап етеді. Басшылық үнемі өз бағалаулары мен жорамалдарын тұрақты қарастырып отырады. Басшылық өз бағалаулары мен жорамалдарын осы жағдайда ақылға қонымды деп саналатын тарихи тәжірибеге және басқа әртүрлі факторларға негіздейді. Нақты нәтижелер басқаша жорамалдар мен жағдайларда берілген бағалаулар мен тұжырымдардан ерекшеленуі мүмкін. Келесі бағалаулар мен жорамалдар Топтың қаржылық жағдайын көрсету үшін маңызды деп саналады.

### Бизнес үлгіні бағалау

Қаржылық активтерді жіктеу және бағалау негізгі борыш сомасы мен пайыздардың есебінен ақы төлеу нәтижелеріне және бизнес үлгіні тестілеу нәтижелеріне байланысты.

Топтың пайдаланатын бизнес үлгісі нақты бизнес мақсаттарына жету үшін топтастырылған қаржы активтерін басқару механизмін көрсететін деңгейде анықталады. Бұл бағалау активтің тиімділігін бағалау мен өлшеу үдерісіне қатысты барлық тиісті дәлелдемелерді көрсететін пайымдауларды; активтердің тиімділігіне және осы тәуекелдерді басқару үдерісіне әсер ететін тәуекелдер, сондай-ақ активтерді басқаратын тұлғаларға сыйақы беру механизмін қолдануды қамтиды.

Топ өтеу мерзімі басталғанға дейін танылуы аяқталатын басқа жиынтық табысы арқылы амортизациялық құны бойынша немесе әділ құны бойынша көрсетілетін, оларды иеліктен шығару және осы активтің ұсталуына сәйкес оның бизнес мақсаттарының себебін түсіну үшін қаржы активтерін мониторингілеуді жүзеге асырады. Мониторинг – қалған қаржы активтерін ұстау шегінде Топтың ағымдағы бизнес үлгісінің өзектілігін тұрақты түрде бағалауы. Үлгіні қолданбаған жағдайда бизнес үлгідегі өзгерістерге және тиісті активтерді жіктеудегі ықтимал өзгерістерге талдау жүргізіледі.

### Кредит тәуекелінің едәуір ұлғаюы

3-ескертуде келтірілгендей, ККЗ 12 айдың ішінде (1-сатыдағы активтер үшін) немесе бүкіл кредиттеу ішінде (2-ші және 3-ші сатылардағы активтер үшін) күтілетін кредиттік залалдарға тең есептелген бағалау резервінің сомасында бағаланады. Актив бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюымен екінші кезеңге ауысады. Жеке актив бойынша кредиттік тәуекелдің ұлғаюының маңыздылығын бағалау кезінде Топ ақылға қонымды және растауға болатын сапалы және сандық болжамды ақпараттарды ескереді. Толығырақ ақпарат 35-ескертпеде келтірілген.

### Өнімнің/нарықтың әрбір түрі үшін болжанған сценарийлердің санын және салыстырмалы салмағын анықтау және әрбір сценарийге қатысты болжамдық ақпаратты анықтау

Қазынашылық операциялар бойынша Топ есепті күндегі контрагент/эмитенттің кредиттік сапасының ағымдағы бағалауларына ғана емес, сондай-ақ болашақта контрагент (эмитент) ортасының қолайсыз макроэкономикалық факторларының салдарынан қаржылық жағдайдың ықтимал нашарлауын ескере отырып, ККЗ-ны қаржы активі бойынша есептейді. Атап айтқанда, қазынашылық операциялар бойынша ККЗ-ның деңгейіне дефолт ықтималдығына (PD) әсер ететін халықаралық рейтингілік агенттіктер тарапынан белгіленетін (позитивтік, тұрақты, жағымсыз) рейтингілік болжам ықпал етеді.

Банктік заемдар бойынша ККЗ-ның есебі болжалды ақша ағындарына, ұжымдық заемдардың көші-қонына және кепілді қамтамасыз етуге макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне ықтимал бағалау әсерін есепке алады.

ККЗ-ны бағалағанда Топ негізделген болжамды ақпаратты пайдаланады, ол ақпарат әртүрлі экономикалық факторлардың болашақ қозғалысына қатысты және аталған факторлардың бір-біріне қалай әсер ететініне қарай негізделген. Толығырақ ақпарат алу үшін 35-ескертуді қараңыз.

### ККЗ-ны бағалау үшін пайдаланылатын негізгі бастапқы деректері мыналардан құралады:

- Дефолттың ықтималдығы (PD);
- Дефолт жағдайында болатын шығындар (LGD);
- Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі (EAD).

### Дефолттың ықтималдығы

Вероятность дефолта является ключевым входящим параметром в оценке ОКУ. Вероятность Дефолттың ықтималдығы ККЗ-ны бағалаудағы негізгі параметр болып табылады. Дефолт ықтималдығы – бұл есебі тарихи деректерден, болжамдар мен болашақ талаптарды күтуден тұратын берілген уақыт шегіндегі бағалау.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолттың ықтималдығы дефолт ықтималдығының мәндері бар кестелік деректер жарияланатын халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch, Moody's) дефолтты зерттеу деректеріне сәйкес анықталады. Дефолт ықтималдығы өзекті күйде болуы қамтамасыз етіледі және дефолт статистикасының жаңартылуына қарай мерзімді негізде жаңартылады.

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Корпоративтік, шағын және орта бизнестердің жеке заемдары бойынша дефолт ықтималдығы заемшының санды және сапалы сипаттамаларының негізінде ішкі рейтингтік үлгі көмегімен бағаланады. Ұжымдық негізде бағаланатын банктік заемдар бойынша дефолттың ықтималдығын есептеу көші-қон және roll-rates матрицаларын қолдану арқылы тарихи деректер негізінде жүзеге асырылады.

## Дефолт жағдайында болатын шығындар

Дефолт жағдайында болатын шығындар дефолт кезінде туындайтын шығындардың бағалануы болып табылады. Ол құнсызданудан және интегралдық кредиттік жақсартулардан болған ақша ағындарын есепке алғанда, шарт бойынша тиесілі және кредитор алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырмаға негізделген.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолт кезіндегі шығынның деңгейі (LGD) халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch, Moody's) дефолттарды зерттеу деректеріне (Default Study) сәйкес анықталады және қаржы активі бойынша борыш түріне байланысты: үлкен қамтамасыз етілген/қамтамасыз етілмеген, реттелген, егемен. Сонымен қатар LGD, егер актив бойынша қамтамасыз ету қарастырылған болса, сондай-ақ қаржы активі бойынша құнсыздану белгілері бар болған жағдайда (2-саты немесе 3-саты), түзетілуі мүмкін.

Кепілмен қамтамасыз ету кепілмен қамтамасыз етуді іске асыру мерзімдеріне сәйкес келетін дисконттау мерзімдерін қолдана отырып іске асырылған жағдайда, ұжымдық негізде бағаланатын банктік заемдар бойынша LGD есебі міндеттемелердің қайтарымдылығын бағалау негізінде жүзеге асырылады.

## Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі

«Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі» көрсеткіші борыштың негізгі сомасы мен пайыздарды қоса, есепті кезеңнен кейін тәуекелдердің күтілетін өзгертулерін, сонымен қатар мақұлданған кредит қаражатының күтілетін таңдауларын есепке ала отырып, болашақта дефолт күніне тәуекелдің бағалануы болып табылады. Топтың аталған көрсеткішті үлгілеу тәсілі амортизация профильдері, мерзімінен бұрын өтеу немесе артық төлеу, кредит міндеттемелері бойынша таңдалмаған сомаларды пайдаланудағы өзгертулер және дефолт басталғанға дейін тәуекелдерді жұмсарту үшін қолданылған шаралар сияқты ағымдағы шарттық талаптармен рұқсат етілген өтеу мерзімі ішінде өтелмеген соманың күтілетін өзгертулерін есепке алады. Дефолтқа ұшырағыш болып келетін кредит талаптарын бағалау үшін Топ тиісті портфельдердің сипаттамаларын көрсететін үлгілерді пайдаланады.

## Кредит тәуекелінің ұқсас сипаттамалары бар актив топтарын құру

Егер ККЗ ұжымдық негізде бағаланатын болса, қаржы құралдары тәуекелдің жалпы сипаттамалары негізінде топтастырылады. Тиісті пайымдау шеңберінде қаралатын бес сипаттама туралы толығырақ ақпарат 35-ескертпеде келтірілген. Топ кредит тәуекелінің сипаттамаларын бақылайды, олардың ұқсастығын растау үшін тұрақты негізде қадағаланып отырады. Бұл кредит тәуекелінің сипаттамалары өзгергенде активтерді қайтадан топтастыру үшін қажет.

Нәтижесінде жаңа портфельдердің туындауы немесе активтердің тиісті активтер тобы үшін кредит тәуекелінің ұқсас сипаттамаларын тиімдірек көрсететін бар портфельге аударылуы мүмкін. Егер кредит тәуекелінің айтарлықтай жоғарылауы байқалатын (немесе егер мұндай жоғарылауға сторно жасалатын болса) және активтер 12 ай шегінде күтілетін кредит шығындарының негізінде бағаланатын портфельден бүкіл қолданыс мерзімі бойы күтілетін кредит шығындарының негізінде бағаланатын портфельге және керісінше орналастырылатын болса, портфельдерді қайтадан саралау және активтердің портфельдер арасында ауыстырылуы жиі жүзеге асырылады. Аударымдар портфельдер ішінде жасалуы мүмкін, ондай жағдайда олар сол негізде өлшене береді (12 ай шегінде немесе кредит берудің бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындар), бұл ретте портфельдердің кредиттік тәуекелі өзгеретіндіктен, күтілетін кредиттік шығындардың сомасы өзгереді.

## Қолданылатын модельдер мен болжамдар

Қаржы активтерінің әділ құнын бағалағанда, сондай-ақ ККЗ бағалағанда Топ әртүрлі модельдер мен болжамдарды пайдаланады. Активтің әрбір түрі үшін ең лайықты модельді анықтағанда, сондай-ақ кредит тәуекелінің негізгі факторларына жататын болжамдарды қоса, осы модельдерде пайдаланылатын болжамдарды анықтау үшін пайымдау қолданылады. ККЗ туралы толығырақ ақпарат – 23 және 35-ескертпелерде, ал әділ құнын бағалау туралы ақпарат 38-ескертпеде берілген.

Шоғырландырылған қаржылық есептілігінде қаржы активтері үшін ККЗ бойынша резервтер бүгінгі күнгі экономикалық және саяси жағдайлар негізінде анықталған. Топ Қазақстан Республикасындағы жағдай бойынша болашақтағы кезеңдерде қандай өзгерістер болуы мүмкін екендігін және мұндай өзгерістердің қаржы активтерінің ККЗ бойынша резервіне қаншалықты әсері болатындығын тап басып айта алмайды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген заемдардың ККЗ бойынша резервтерінің баланстық құны 408 718 миллион теңгені (2018 ж. 31 желтоқсан – 409 793 миллион теңге; 2017 жылғы 31 желтоқсан – 317 161 миллион теңге) құрады.

## Әділ құнын бағалау және бағалауды жүргізу тәртібі

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің әділ құнын бағалағанда Топ қадағаланатын нарықтық деректерді олардың қолжетімді болу шамасына қарай пайдаланады. Егер мұндай 1-ші деңгейдегі шығыс деректер болмаса, Топ қаржы құралдардың әділ құнын анықтау үшін бағалау модельдерін пайдаланады. Әділ құнды бағалау туралы қосымша мәліметті 38-ескертуде қараңыз.

## Қайта бағаланған құн бойынша ескерілетін негізгі құралдар

Ғимараттар мен құрылыстар қайта бағаланған құн бойынша көрсетіледі. Соңғы бағалау 2019 жылғы маусымда жүргізілді. Бағалау әдістемесі туралы ақпарат 14-ескертуде ұсынылған.

## Салық салу

Қазақстанның салықтық, валюталық және кедендік заңнамасына әртүрлі өзгерістер мен түсіндірмелер елеулі жиі енгізіледі деуге болады. Басшылықтың мұндай заңнамаға қатысты түсіндірмесі және оның Топ қызметі мен мәмілелеріне қатысты қолданылуы тиісті өңірлік немесе мемлекеттік органдар тарапынан дау туғызуы мүмкін. Салықтық кезеңдер тиісті органдардың тексеру жүргізуі үшін қарастырылатын жылға дейінгі алдыңғы күнтізбелік бес жыл бойынша ашық қалады.

Басшылық барлық кейінге қалдырылған салық активтері тиісті түрде танылған, өйткені болашақта осы уақыт айырмашылықтарын пайдалану үшін мүмкіндіктің жоғары болған жағдайында салық салынатын баланстық пайданың болуы ықтимал.

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)



2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық өзінің тиісті заңнамалық түсіндірмесін қолдануға ыңғайлы әрі Топтың салықтық, валюталық және кедендік мәртебесі тиісінше расталады деп есептейді. Тиісті тексеру органдары жүргізетін тексеруден кейін қосымша салықтар, айыппұлдар мен өтемақы есептелуі мүмкін, бұл Топтың тапқан таза пайдасына елеулі әсер етіп, тиісінше көрініс табуы мүмкін.

## Сақтандыру шарттары бойынша туындайтын сақтандыру активтері мен резервтері

### Операциялық жалдау шарттары бойынша алдағы кезеңдердің міндеттемелері

2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың кейінге шегерілмейтін операциялық жалдау шарттары бойынша елеулі міндеттемелері болған жоқ.

## 28. Таза пайыздық кіріс

| | 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| Пайыздық кіріске мыналар кіреді: | | | |
| Клиенттерге берілген заемдар | 449 120 | 433 270 | 343 796 |
| Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша есептелетін қаржы активтері (ХҚЕС (IAS) 39 – сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар) | 109 171 | 103 383 | 129 637 |
| Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизациялық құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар | 94 951 | 94 336 | - |
| Ақшалай қаражат және олардың баламалары және кредит мекемелеріндегі қаражат | 37 890 | 36 535 | 24 164 |
| Басқа қаржы активтері | 10 218 | 8 175 | - |
| Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері | 8 954 | 6 342 | 8 731 |
| Пайыздық кірістің жиыны | 710 304 | 682 041 | 506 328 |
| Пайыздық шығыстарға мыналар кіреді: | | | |
| Клиенттердің қаражаты | (216 588) | (246 223) | (191 715) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | (82 800) | (84 126) | (61 729) |
| Өзге пайыздық шығыстар | (7 784) | - | - |
| Кредит мекемелерінің қаражаты | (4 760) | (3 423) | (4 361) |
| Басқа қаржы міндеттемелері | (394) | - | - |
| Пайыздық шығыстың жиыны | (312 326) | (333 772) | (257 805) |
| Кредиттік залалдар бойынша шығысқа дейін таза пайыздық кіріс | 397 978 | 348 269 | 248 523 |

2019 жылға ТПМ әдісі бойынша есептелген жалпы пайыздық кіріс басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санаттағы қаржы активтері үшін 109 171 миллион теңгені құрады (2018 ж.: 103 383 миллион теңге; 2017 ж.: 129 637 миллион теңге), ал амортизациялық құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері үшін 592 179 миллион теңгені құрады (2018 ж.: 572 316 миллион теңге; 2017 ж.: 367 960 миллион теңге). 2019 жылға ТПМ әдісі бойынша есептелген жалпы пайыздық шығыс амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер үшін 312 326 миллион теңгені құрады (2018 ж.: 333 772 миллион теңге; 2017 ж.: 257 805 миллион теңге).

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

## 29. Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер

Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер мынадай табыс көздерінен алынған:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| Төлем карточкаларына қызмет көрсету | 63 147 | 53 866 | 34 845 |
| Банктік аударымдар – есеп айырысу шоттары | 15 878 | 16 456 | 14 395 |
| Кассалық операциялар | 11 335 | 12 010 | 11 194 |
| Берілген кепілдіктер және аккредитивтер | 9 718 | 7 019 | 5 406 |
| Клиенттердің зейнетақы төлемдеріне қызмет көрсету | 8 131 | 8 037 | 7 776 |
| Банктік аударымдар – жалақы төлемдері бойынша жобалар | 6 925 | 7 200 | 7 261 |
| Клиенттердің шоттарына қызмет көрсету | 3 310 | 4 049 | 3 006 |
| Басқасы | 4 812 | 4 604 | 3 757 |
| | 123 256 | 113 241 | 87 640 |

### Қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстарға мыналар кіреді:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| Төлем карточкалары | (37 231) | (22 512) | (12 376) |
| Депозиттерді сақтандыру | (12 121) | (12 293) | (10 729) |
| Банктік аударымдар | (1 327) | (1 219) | (1 256) |
| Шетел валютасымен жасалатын операциялар | (1 106) | (1 074) | (803) |
| Коллекторларға төленген комиссиялар | (314) | (482) | (342) |
| Басқасы | (2 547) | (1 426) | (1 226) |
| | (54 646) | (39 006) | (26 732) |

2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістердің және қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстардың егжей-тегжейлі сомалары ағымдағы жылды көрсету үшін қайта жіктелген болатын.

Топ 2019 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылда «Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістерді» ашып көрсетудің презентациясын өзгертті, атап айтқанда, «төлем карталарына қызмет көрсету» бойынша комиссиялық кіріс «пластикалық карталар бойынша операциялар» бойынша комиссиялық кіріске өзгертілді. Осыған байланысты, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы комиссиялық кірістер мен шығыстар жоғарыда көрсетілгендей, ескертпенің толық баптары бойынша тиісті түрде өзгертілген болатын. Топ басшылығы аталған презентация комиссиялық кірісті алудың қайнар көзін ең жақсы тәсілмен көрсетті деп есептейді.

Бұндай қайта жіктеу 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдарда шоғырландырылған қаржылық есептілігінде Топтың таза комиссиялық кірісіне ықпал етпейді.

## 30. Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда/(залал)

### Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда/(залал):

| | 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| Саудаға арналған деп жіктелінген қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда/(залал): | | | |
| Туынды құралдар мен сауда операциялары бойынша жүзеге асырылмаған таза пайда/(залал)* | (18 580) | 96 346 | 19 468 |
| Туынды құралдармен жасалатын операциялар бойынша таза жүзеге асырылған пайда/(залал) | (1 415) | 12 655 | 793 |
| Сауда операциялары бойынша жүзеге асырылған таза пайда | 1 261 | 5 157 | 11 162 |
| Саудаға арналған деп жіктелінген қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайданың/(залалдың) жиыны | (18 734) | 114 158 | 31 423 |

*2018 ж. туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша жүзеге асырылмаған пайда негізінен әділ құны долларға қатысты теңгенің құнсыздануына байланысты айтарлықтай ұлғайған ҚРҰБ своптары бойынша туындады.

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

## 31. Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда/(залал)

Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша таза пайда/(залал) мыналардан құралады:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| Сауда операциялары, нетто | 37 212 | 32 985 | 26 055 |
| Бағамдағы айырма, нетто | 8 167 | (97 562) | (31 004) |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайданың/(залалдың) жиыны | 45 379 | (64 577) | (4 949) |

## 32. Сақтандыру қызметінен алынған табыстар мен шығыстар

Сақтандыру қызметінен алынған табыстар мен шығыстар мыналардан құралады:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| Сақтандыру сыйлықақылары, брутто | 132 329 | 108 789 | 76 212 |
| Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары | (37 173) | (37 407) | (24 339) |
| Әлі алынбаған сақтандыру сыйлықақысы резервіндегі өзгеріс, нетто | (2 173) | (4 067) | 3 235 |
| Сақтандыру қызметінен алынған табыстың жиыны | 92 983 | 67 315 | 55 108 |
| Агенттерге комиссиялық сыйақы | (38 243) | (28 206) | (17 713) |
| Сақтандыру резервтері | (24 201) | (13 304) | (14 156) |
| Сақтандыру төлемдері | (22 193) | (18 476) | (16 746) |
| Қайта сақтандыруды шегеріп тастағанда, сақтандыру төлемдерінің жиыны | (84 637) | (59 986) | (48 615) |
| Сақтандыру қызметінен түсетін таза табыс | 8 346 | 7 329 | 6 493 |

## 33. Операциялық шығыстар

Операциялық шығыстар мыналардан құралады:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| Жалақы және сыйлықақылар | 79 231 | 77 563 | 51 124 |
| Тозу және амортизация | 11 596 | 10 929 | 9 692 |
| Табыс салығын қоспағандағы салықтар | 7 786 | 8 432 | 7 038 |
| Ақпараттық қызметтер | 4 515 | 5 584 | 3 314 |
| Күзет | 4 459 | 4 214 | 3 662 |
| Сақтандыру агентіне сыйақы | 4 288 | 1 670 | 1 888 |
| Коммуналдық қызметтер | 4 248 | 3 549 | 2 876 |
| Байланыс | 4 243 | 3 982 | 2 829 |
| Жарнама және бейілділік бағдарламасы | 4 157 | 1 683 | 1 481 |
| Жөндеу және қызмет көрсету | 3 875 | 4 702 | 3 451 |
| Жалдау | 3 476 | 5 064 | 3 512 |
| Қайырымдылық | 2 004 | 1 011 | 1 643 |
| Кеңселік және офистік заттар | 1 555 | 1 792 | 1 249 |
| Кәсіби қызметтер | 1 495 | 1 521 | 4 895 |
| Іссапарлық шығыстар | 1 324 | 1 104 | 958 |
| Көлік | 766 | 853 | 696 |
| Әлеуметтік іс-шаралар | 254 | 208 | 142 |
| Өкілдік шығыстар | 254 | 140 | 81 |
| Басқасы | 2 700 | 3 222 | 5 266 |
| | 142 226 | 137 223 | 105 797 |

## 35. Акцияға шаққандағы пайда

Акцияға шаққандағы базалық және бытыраңқы пайда бас компанияның акционерлеріне тиесілі бір жылдағы таза пайданы жыл ішінде айналымдағы таза пайданы бөлуге қатысатын акциялардың орташа өлшемделген санына бөлу арқылы есептеледі.

Акционерлік қоғамдар туралы қазақстандық заңнамаға сәйкес, жай акциялар бойынша дивиденд мөлшері осы кезең ішіндегі артықшылықты акциялар бойынша дивиденд мөлшерінен аспауға тиіс. Ендеше, кезең ішіндегі таза пайда жай және артықшылықты акциялар арасында олардың бөлінбеген пайдаға заңдық және келісімшарттық құқықтарына сәйкес бөлінеді.

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Төменде бір акцияға шаққандағы базалық және бытыраңқы пайда туралы мәліметтер келтірілген:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| Акцияға шаққандағы базалық және бытыраңқы пайда | | | |
| Бас компанияның акционерлеріне қатысты кезең ішіндегі таза пайда | 334 511 | 254 238 | 173 362 |
| Жай акцияларды ұстаушыларға қатысты таза пайда | 334 511 | 254 238 | 173 362 |
| Жалғасып жатқан қызметтен бір жылға түсетін таза пайда | 334 511 | 244 264 | 163 587 |
| Тоқтатылған қызметтен бір жылға түскен таза пайда | - | 9 974 | 9 876 |
| Акцияға шаққандағы базалық пайданың есебі үшін акциялардың орташа саны | 11 678 815 976 | 11 173 948 398 | 10 994 491 507 |
| Акцияға шаққандағы базалық және бытыраңқы пайда (теңгемен) | 28.64 | 22.75 | 15.77 |
| Жалғасып жатқан қызметтен акцияға шаққандағы базалық және бытыраңқы пайда (теңгемен) | 28,64 | 21,86 | 14,88 |
| Тоқтатылған қызметтен акцияға шаққандағы базалық және бытыраңқы пайда (теңгемен) | - | 0,89 | 0,90 |

ҚҚБ талаптарына сәйкес сауда-саттық тізіміне енгізілген компаниялар үшін бір жай акцияның баланстық құны 2019, 2018 және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мына төмендегі кестеде көрсетілген:

| | 2019 ж. 31 желтоқсан | | |
|---|---|---|---|
| Акциялар түрі | Айналымдағы акциялар саны | Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген) | Бір акцияның баланстық құны, теңгемен |
| Жай | 11 656 585 190 | 1 297 502 | 111,31 |
| | | 1 297 502 | |

| | 2018 ж. 31 желтоқсан | | |
|---|---|---|---|
| Акциялар түрі | Айналымдағы акциялар саны | Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген) | Бір акцияның баланстық құны, теңгемен |
| Жай | 11 679 756 429 | 1 057 211 | 90,52 |
| | | 1 057 211 | |

| | 2017 ж. 31 желтоқсан | | |
|---|---|---|---|
| Акциялар түрі | Айналымдағы акциялар саны | Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген) | Бір акцияның баланстық құны, теңгемен |
| Жай | 10 993 816 819 | 926 206 | 84,25 |
| | | 926 206 | |

Жай акцияларға қатысты капитал сомасы капиталдың қорытынды сомасы мен материалдық емес активтердің қалдық құнының сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Топ басшылығы есеп беріліп отырған күнгі жағдайға сәйкес ҚҚБ талаптары толығымен орындалып отыр деп есептейді.

## 35. Қаржы тәуекелдерін басқару

**Топтың қаржылық қызметі үшін тәуекелдерді басқарудың маңызы зор. Топ қызметіне тән болатын негізгі тәуекел түрлері мыналар:**

- Кредит тәуекелі;
- Өтімділік тәуекелі; және
- Нарықтық тәуекел

Тәуекелдерді басқарудың пәрменді әрі тиімді саясатын қамтамасыз ету үшін Топ тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттарын айқындады, бұлардың басты мақсаты Топты қазіргі бар тәуекелдерден қорғауға және жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік беруді көздейді. Бұл аталған қағидаттарды Топ мынадай тәуекелдерді басқару кезінде пайдаланады.

### Кредит тәуекелі

Кредит тәуекелі – контрагенттің Топ алдындағы өз қаржы міндеттемелерін орындамауы, дер кезінде орындамауы немесе толығымен орындамауы салдарынан Топтың шығынға ұшырау тәуекелі.

Кредит тәуекелдерін басқару және бақылауда тәуекел-менеджмент бөлімшесі маңызды рөл атқарады. Бұл бөлімше кредит тәуекелін сәйкестендіру, бағалау, бақылау және мониторинг шараларын енгізуді жүзеге асырады. Тәуекел-менеджмент бөлімшесі кредиттік шешімдер қабылдау, кредит беру ережелері мен бағдарламаларын келісу, кредит тәуекелін азайту үшін шаралар қолдану бойынша тәуелсіз нұсқаулар беру, лимиттерді бақылау, кредит тәуекелдері мониторингі, есептеме құрастыру, сондай-ақ сыртқы заңнамалық реттеу, сол сияқты ішкі талаптар мен рәсімдерге сәйкестікті бақылауды қамтамасыз ету процесіне тікелей қатысады.

Топ өзінің кредит тәуекелінің деңгейін бір заемшыға /контрагентке немесе заемшылар тобына қатысты, сондай-ақ салалық (және географиялық) сегменттер бойынша ең жоғары тәуекел мөлшерін анықтау арқылы айқындайды. Экономика салалары бойынша кредит тәуекелінің барынша жоғары шоғырлану лимитін Активтер мен Пассивтерді басқару (АПКОМ) комитеті белгілейді және бақылап отырады. Кредит беру бағдарламалары (Шағын және орта бизнеске кредит беру, бөлшек кредиттер) бойынша кредит тәуекелдерінің деңгейіне қатысты шектеулерді Басқарма бекітеді. Әрбір контрагент бойынша, оның ішінде банктер мен брокерлерді қоса алғанда, баланстық және баланстан тыс жекелеген тәуекелдер деңгейін тиісті Кредит комитеттері мен АПКОМ қарастырады.

2019 жылғы аудит-телген шоғырлан-дырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырлан-дырылған қаржылық есептілікке ескерт-пелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішi шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Белгіленген лимитті салыстырып отыру арқылы күн сайын тәуекелдердің нақты мөлшеріне мониторинг жүргізіледі.

Әрбір контрагент бойынша міндеттемелердің орындалмау тәуекелі баланстық және баланстан тыс тәуекелдерді қамтитын лимиттермен шектеледі.

Баланстан тыс кредиттік міндеттемелер пайдаланылмаған кредит желілері, кепілдемелер немесе аккредитивтер түрінде болады. Баланстан тыс шоттарда есепке алынатын қаржы құралдары бойынша кредит тәуекелі контрагенттің келісімшарт талаптары мен мерзімін орындай алмауынан мүмкін болатын залал ретінде анықталады. Баланстан тыс қаржы құралдарымен байланысты кредит тәуекелдеріне қатысты Топ пайдаланылмаған кредит желілерінің жалпы көлеміне тең мөлшерде шығындалады. Дегенмен, мүмкін болатын шығын көлемі жалпы пайдаланылмаған міндеттемелер көлемінен аз болады, өйткені көпшілік жағдайда кредит беруге байланысты туындайтын міндеттемелер контрагенттің кредит төлеудің ерекше стандарттарына сай келу мүмкіндігіне тікелей қатысты. Шартты міндеттемелерге қатысты Топ қаржы құралдарының балансында көрсетілген несие беруді бекіту, тәуекелді шектейтін лимиттер пайдалану және ағымдағы мониторинг жүргізу рәсімдеріне негізделген кредит саясатын ұстанады. Топ кредиттің өтелу мерзімін жіті қадағалайды, өйткені қысқа мерзімділерге қарағанда ұзақ мерзімді міндеттемелердің кредит тәуекелінің қаупі жоғарырақ.

## Кредит комитеттерінің құрылымы мен өкілеттігі

Топтың Кредиттік саясатын жүзеге асыруды және кредиттік шешімдердің ретімен қабылдануын қамтамасыз етуші алқалық кредиттік органдарға кредит комитеттері, АПКОМ, Басқарма және Директорлар кеңесі жатады.

## Коммерциялық Дирекция («КД»)

Кредиттік операциялар және корпоративтік клиенттердің кредиттік өтінімдері бойынша Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру – басты мақсаты болып табылатын Банктің алқалық органы.

## Филиалдардың және филиал желісінің кредит комитеттері («ФКК», «ФЖКК»)

Филиалдар арқылы шағын және орта бизнес субъектілеріне қаржы құралдарын беруге қатысты Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру – басты мақсаты болып табылатын Банктің ФКК, ФЖКК.

ФКК мен ФЖКК кредит беру лимитін филиалдар бойынша Банк Басқармасы белгілейді. ФКК үшін белгіленген кредит беру лимиті шеңберінде филиал қаржы құралын беруге байланысты мәселелер бойынша өз бетімен шешім қабылдайды. ФКК лимиттен тыс жобалары бойынша және олар бойынша шешім қабылдау ФКК өкілеттілігіне кірмейтін жобалар бойынша шешімді ФЖКК қабылдайды. ФЖКК шешімдер қабылдау рәсімінде сондай-ақ Банк қызметтерінің сарапшылық қорытындыларын кешенді талдау негізінде жасақталған кредиттік топтаманы қарастыруды қамтиды.

## Бас Банктің бөлшек кредит комитеті («ББ БКК») және Шешімдер қабылдау орталығы («ШҚО»)

Филиалдар арқылы бөлшек бизнес субъектілеріне қаржы құралдарын беруге қатысты Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру – басты мақсаты болып табылатын Банктің ББ БКК және ШҚО.

ШҚО төрт көз қағидатында негізделген, шешімдерді қабылдау бойынша өкілеттігі бар кредиттік андеррайтерлерден құралады. ШҚО Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер мен

ББ БКК бекіткен лимиттер шеңберінде шешімдер қабылдайды. ББ БКК лимиттен тыс және нормативтен тыс өтінімдерді және Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер шеңберінде басқа да мәселелерді қарастыруға уәкілетті.

ШҚО мен ББ БКК жұмыс істеуімен қатар, табыс деңгейі тәуелсіз мемлекеттік органның деректерімен құжаттай расталатын жалақы алушы жеке тұлғаларға кредит беру туралы шешімдер қабылдауда автоматтандырылған тәсіл қолданылады. Мұндай көзқарас заемшының тәуекелдік профилін ескереді және шешім қабылдауда тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

## Шағын Бизнес бойынша Шешімдер Қабылдау Орталығы («ШБ бойынша ШҚО»)

2018 жылы шағын бизнес саласында 75 миллион теңгеден аспайтын мөлшердегі кредит өтінімдерін қарау – негізгі міндеті болып табылатын ШБ бойынша ШҚО құрылды.

ШБ бойынша ШҚО төрт көз қағидатында негізделген, шешімдерді қабылдау бойынша өкілеттігі бар кредиттік андеррайтерлерден құралады. ШҚО Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер мен ФЖКК бекіткен лимиттер шеңберінде шешімдер қабылдайды.

## Бас банктің, филиалдардың проблемалық кредиттері жөніндегі комитеті

Банктің алқалы органдары, олардың басты мақсаты – Банктің және оның филиалдарының проблемалық кредиттер бойынша қаражатты басқару, қызмет көрсету және олардың қайтарылуын қамтамасыз ету бойынша қызметін ұйымдастыруға және бақылауға қатысты Банктің ішкі кредит саясатын жүзеге асыру болып табылады.

## Еншілес кәсіпорындардың уәкілетті /алқалы органдары

Еншілес кәсіпорындардың кредиттік өтінімдерін қарастыру және бекітуді еншілес кәсіпорнының ішкі құжаттарына сәйкес еншілес кәсіпорнының уәкілетті/алқалы органы жүзеге асырады. Нормативтен тыс және лимиттен тыс кредиттік өтінімдерді еншілес кәсіпорнының Директорлар кеңесі Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіпте Бас Банктің тиісті Кредит комитетінде алдын ала қарау кезінде бекітеді.

## АПКОМ

Ақша тарту және оны орналастыруға байланысты банктік қызметтің кірістілігін ұлғайту және тәуекелдерді шектеу, сонымен қатар активтер мен пассивтерді басқару жөнінде орта мерзімді саясатты белгілеу мақсатын көздейтін Банктің алқалық органы. АПКОМ-ның басты мақсаттары: өтімділікті басқару, пайыздық мөлшерлеме тәуекелін басқару, бағалық тәуекелді басқару және басқа да банктік тәуекелдерді басқару.

АПКОМ, сондай-ақ контрагент банктерге елдік лимиттер мен лимиттер белгілеу функцияларын жүзеге асырады. АПКОМ Директорлар кеңесіне есеп береді.

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

## Банк Басқармасы

Бас Банктің кредиттік комитетінің, филиал желісі кредиттік комитетінің, Бас Банктің бөлшек бизнестің кредит комитетінің өкілеттіктері шегінен шығып кететін немесе филиал желісі кредит комитетіне, Бас Банктің бөлшек бизнестің кредит комитетіне белгіленген лимиттен асатын кредиттік өтінімдер Банк Басқармасында қаралады.

## Директорлар кеңесі

Банктің меншікті капиталының 5%-нан асатын сомаға берілген кредиттік өтінімдер, сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынаспен байланысқан тұлғалармен жасалатын мәмілелер Директорлар кеңесінде қаралады.

## Кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері

Топтың кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері нақты активтерге тән жекелеген тәуекелдер мен жалпылама нарықтық тәуекелдердің әсеріне қарай елеулі өзгеріске ұшырап отырады.

Төменде беріліп отырған кестеде қаржы активтері мен шартты міндеттемелер бойынша кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері көрсетілген. Баланс шоттарындағы қаржы активтері үшін кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері активтерді есепке алуды және міндеттемелер мен қамтамасыз етуді қоспағанда осы активтердің баланстық құнына тең болады. Қаржы кепілдіктері мен басқа да шартты міндеттемелер үшін кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері кепілдеме бойынша төлем қажеттігі туындағанда немесе ашылған кредит желілері шеңберінде несие талап етілген жағдайда Топ төлеуге тиіс болатын ең жоғары көлемде тең болады (27-ескертпеу). Кепілді қамтамасыз ету осы кепіл қамтамасыз ету ретінде алынған қаржы құралының баланстық құнымен көрсетіледі.

| | 2019 ж. 31 желтоқсан | |
|---|---|---|
| | Есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері | Қамтамасыз ету |
| Ақша баламасы* | 1 483 784 | 58 331 |
| Міндетті резервтер | 141 006 | - |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде) | 155 531 | - |
| Кредит мекемеleріндегі қаражат | 53 161 | - |
| Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде) | 1 628 406 | - |
| Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизациялық құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар | 1 212 981 | - |
| Клиенттерге берілген заемдар | 3 752 445 | 3 277 632 |
| Өзге қаржы активтері | 102 424 | - |
| Шартты қаржы міндеттемелері | 525 566 | 33 453 |

| | 2018 ж. 31 желтоқсан | |
|---|---|---|
| | Есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері | Қамтамасыз ету |
| Ақша баламасы* | 1 558 872 | 65 036 |
| Міндетті резервтер | 115 741 | - |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілген) | 168 298 | - |
| Кредит мекемелеріндегі қаражат | 55 035 | - |
| Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде) | 1 763 478 | - |
| Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизациялық құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар | 1 055 907 | - |
| Клиенттерге берілген заемдар | 3 481 079 | 2 154 902 |
| Өзге қаржы активтері | 75 718 | - |
| Шартты қаржы міндеттемелері | 528 509 | 31 015 |

| | 2017 ж. 31 желтоқсан | |
|---|---|---|
| | Есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері | Қамтамасыз ету |
| Ақша баламасы* | 1 590 152 | 372 643 |
| Міндетті резервтер | 111 039 | - |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілген) | 129 341 | - |
| Кредит мекемелеріндегі қаражат | 87 736 | - |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар (үлестік бағалы қағаздар шегерілген) | 2 560 222 | - |

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

| | | |
|---|---|---|
| Клиенттерге берілген заемдар | 3 251 102 | 2 838 024 |
| Өзге қаржы активтері | 45 458 | - |
| Шартты қаржы міндеттемелері | 413 977 | 50 144 |

* Бұл сома қысқа мерзімді заемдар мен бастапқы өтеу мерзімі 90 күннен аспайтын салымдарды білдіреді, бұлар ақшалай қаражаты мен оның баламасының құрамына кіргізілген.

2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанындағы есептеме бойынша есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері арасында айырмашылық жоқ.

## Кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы

4-ескертуде айтылғандай, Топ құнсыздануға қатысты талап етілетін барлық қаржы активін бастапқы таныған сәттен бастап кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаю жағдайына мониторинг жүргізеді. Кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы анықталған жағдайда Топ кезекті 12 айда ғана емес, кредит берудің бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдардың шамасы негізінде бағалау резервінің шамасын есептейді.

Топ кредит тәуекелінің бағалауын тәуекелдер үшін дефолт ықтималдылығының уақыттық құрылымын анықтаудағы негізгі үлес ретінде пайдаланады. Топ құзыреті немесе аймағы бойынша, сондай-ақ өнім мен заемшы түрі бойынша, кредит тәуекелін жіктеу бойынша талданған кредит тәуекелі бойынша тиімділік және дефолт туралы ақпарат жинайды. Пайдаланылатын ақпарат бағаланатын портфельге байланысты ішкі және сыртқы болып табылады. Топ активтер портфеліне кредит тәуекелі айтарлықтай ұлғайғандығын анықтау үшін әртүрлі критерийлерді пайдаланады. Критерийлер ретінде дефолт ықтималдылығының сандық өзгерістері де сапалық өзгерістері де пайдаланылады.

Қазынашылық операциялары (банкаралық операциялар, бағалы қағаздар, кері РЕПО келісімдері) үшін кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы әрбір қаржы активі үшін жеке бастапқы танылған сәтінен сандық көрсеткіштер (бастапқы танылған сәтінен 3 немесе одан көп тармаққа рейтингінің төмендеуі, бастапқы танылған сәтінен 1 немесе одан көп күнге мерзімін кешіктіру) және сапалық көрсеткіштер (эмитентке/контрагентке қатысты жағымсыз ақпарат, оның ішінде қаржы жағдайының нашарлауы, акционерлерінің ауысуы, беделін жоғалту тәуекелінің іске асуы, пруденциялық нормативтерді жүйелі түрде бұзу) негізінде анықталады.

Ұжымдық негізде бағаланатын банктік заемдар бойынша – кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы бастапқы танылған сәтінен 30 күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар заемдар үшін және сегменттелген біртекті портфельдер үшін белгілі бір шекті мәндерді пайдалана отырып бастапқы танылған сәтінен бастап кредит берудің бүкіл мерзімі ішінде дефолт ықтималдығының ұлғаюы негізінде, жеке негізде бағаланатын заемдар бойынша – ішкі кредит рейтингі төмендеген кезде және ішкі рейтингтік үлгіге сәйкес 10 пайыздық тармаққа қалған әрекет ету мерзімінің бойына дефолт ықтималдығы ұлғайған кезде (3-кезеңге жіктеу үшін қаржы жағдайы нашарлауы кезде қайта құрылымдаудың болуы) қосымша анықталады, заемшының сандық және сапалық көрсеткіштерінің өзгеруі, кепілді қамтамасыз етудің айтарлықтай нашарлауы және бастапқы таныған сәттен айтарлықтай қаржы қиындықтарының басқа да объективті растаулары негізінде Банк мамандарының сараптамалық қорытындылары анықталады.

Ұжымдық негізде бағаланатын заемдар үшін үшінші кезең берешектің мерзімі 60-90 күннен аса өткен кезде, жеке негізде бағаланатын заемдар бойынша – 60 күннен аса мерзімі өткен, қаржы жағдайының нашарлауына байланысты қайта құрылымдалған, ішкі кредит рейтингі және Банк мамандарының сараптамалық пікірі нашарлаған кезде анықталады.

Топ төмен кредит тәуекелі бар кейбір қаржы құралдарының есеп беру күніндегі кредит тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған деп санайды. Топ тек тәуелсіз және қаржы мекемелері үшін ғана шығарылған қаржы құралдарына қатысты аталған саясатты қолданады. Топ қаржы құралының сыртқы кредиттік рейтинг халықаралық рейтингтік агенттіктер «инвестициялық деңгей» анықтамасына балама жасаған төмен кредит тәуекелі бар деп есептейді.

Топ кредиттің айтарлықтай ұлғайғанын анықтау үшін пайдаланылатын критерийлер тиімді болып табылатынына көз жеткізу үшін мониторинг жүргізу рәсімдерін ендірді, бұл дегеніміз кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы тәуекел бойынша дефолтқа дейін және активтің 30 күнге мерзімі кешіктірілген деп саналғанда сәйкестендіріледі.

## Болжамды ақпарат беру

ГТоп артық шығындарсыз және күш кетірмей қолжетімді болып табылатын болжамдық ақпаратты кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюын бағалаған, сонымен қатар ККЗ бағалаған кезде пайдаланады.

Болжамдық элементтерді беру Топтың болжалын көрсетеді және әрбір сценарий үшін ықтималдылықты бағалауды қоса алғанда екі сценарий («базалық нұсқа» және «қолайсыз» сценарийлері) жасауды шамалайды. Күтілетін кредиттік зияндарға макроэкономикалық факторлар туралы жорамалдардың желілік емес ықпалын үлгілеу бірнеше сценарийді пайдалану мақсаты болып табылады. «Базалық» сценарийдің ықтималдығы 75%, ал «қолайсыз» сценарийдікі – 25%.

Болжамдарды әзірлеуді «Halyk Finance» АҚ тиісті экономикалық ауыспалының болашақ болжамының «базалық нұсқасын» және «қолайсыз нұсқасын» жасау үшін ішкі және сыртқы ақпаратты, сонымен қатар болжамның басқа ықтимал сценарийлерінің ауқымын пайдалана отырып, жүзеге асырады. Пайдаланылатын сыртқы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдар және ақша-кредиттік реттеу органдары жариялайтын экономикалық деректер мен болжамдарды қамтиды.

Топ белгілі бір болжамдау сценарийлеріне ықтималдылықты қолданады. Базалық сценарий аса ықтимал нәтиже болып табылады және Топ бюджетті жоспарлау және жасау үшін пайдаланатын ақпараттан тұрады. Топ қаржы құралдарының портфеліне әсер ететін негізгі көрсеткіштерді анықтады және құжаттады және тарихи деректердің статистикалық талдауын пайдалана отырып, макроэкономикалық ауыспалылар мен кредит тәуекелдері және кредиттік зияндар арасындағы өзара байланысты бағалады.

Сезімталдылыққа қатысты, көрсетілген стресс-факторларды қолданған кезде стресс-тестілеу нәтижелері Топтың қаржы көрсеткіштерінің нашарлағанын көрсетеді (күтілетін кредиттік залалдарға резервтің ұлғаюы, таза пайданың азаюы және клиенттердің қаражаты бойынша сомалардың кетуі).

Сол уақытта, Топтың меншікті капиталы мен өтімді активтерінің жеткілікті мөлшері бар екенін ескере отырып, Топтың қаржы жағдайының айтарлықтай нашарлауы және нормативтік талаптар мен нормалардың бұзылуы болжамдалмайды.

Тұтас алғанда, әрбір сценарий үшін болжамдалған макрофакторлардың нашарлауы және «қолайсыз» сценарийдің туындау ықтималдылығының ұлғаюы 1-кезеңнен 2-кезеңге өтетін заемдар санының ұлғаюына да, ККЗ бойынша шамаланған резервтердің ұлғаюына да алып келеді. Керісінше, болжамдалған макрофакторлардың жақсаруы немесе «базалық нұсқа» сценарийінің туындау ықтималдылығының ұлғаюы жағымды әсер етеді. Ауыспалылар арасындағы өзара байланыстың себебінен нақты бір сценарий үшін түрлі макрофакторлардағы өзгерістердің ықпалын, сонымен қатар нақты бір сценарийге тән пессимизм деңгейі мен оның туындау ықтималдығы арасындағы өзара байланысты анықтау мүмкін емес.

2019 жылғы аудит-телген шоғырлан-дырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырлан-дырылған қаржылық есептілікке ескерт-пелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішi шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Төменде келтірілген кестеде Топ өз қызметін жүргізетін ел және сәйкесінше ККЗ-ға маңызды ықпал ететін ел болып табылатын Қазақстан үшін 2019 және 2018 жж. 31 желтоқсан жағдайы бойынша пайдаланылатын экономикалық сценарийлерге енгізілген негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер берілген

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | | 2018 жылғы 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|
| Пайдаланылатын макрофакторлар тізімі | Анықтау | Ауқымы | Анықтау | Ауқымы |
| ЖІӨ өсімі | % өзгерістер | 2,4% пен 3,6% арасында | % өзгерістер | 1,0% мен 3,3% арасында |
| Инфляция | Инфляция % | 5,8% бен 10,4% арасында | Инфляция % | 6,5% пен 9,0% арасында |
| Мұнай бағасы | Бір баррельдің бағасы | 45 АҚШ доллары мен 55 АҚШ доллары арасында | Бір баррельдің бағасы | 45 АҚШ доллары мен 60 АҚШ доллары арасында |

Қаржы активтері халықаралық рейтинг агенттігінің ағымдағы кредит рейтингіне немесе Топтың ішкі бағалау жүйесіне сәйкес жіктеледі. Ең жоғарғы мүмкін болатын рейтинг – ААА. Инвестициялық класқа жатқызылған қаржы активтеріне ААА-дан BBB-ге дейінгі рейтинг берілуі мүмкін. BBB-ден төмен рейтинг берілген қаржы активтері алып-сатарлық деңгей ретінде жіктеледі.

Топтың қаржы активтерінің кредит рейтингі (төменде егжей-тегжейлі көрсетілген клиенттерге берілген заемдарды қоспағанда) күтілетін кредиттік залалдар резервіне дейін мынадай түрде берілген:

| | AA | AA- | A | BBB | <BBB | Кредиттік рейтинг берілме-ген | 2019 ж. 31 желтоқсан Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ақшалай қаражат және оның баламасы* | 333 315 | 150 360 | 192 281 | 746 969 | 52 473 | 8 406 | 1 483 804 |
| Міндетті резервтер | - | - | - | 133 033 | 7 973 | - | 141 006 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | 8 360 | 332 | 1 167 | 19 616 | 114 002 | 41 554 | 185 031 |
| Кредит мекемелеріндегі қаражат | 2 557 | 6 700 | 5 151 | 9 009 | 16 741 | 13 170 | 53 328 |
| Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | 342 889 | 15 289 | 47 820 | 1 073 913 | 111 244 | 39 766 | 1 630 921 |
| Амортизациялық құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар | - | - | - | 1 046 755 | 13 752 | 153 036 | 1 213 543 |
| Басқа қаржы активтері | - | - | - | - | - | 126 300 | 126 300 |
| Шартты қаржы міндеттемелері | - | - | - | - | - | 529 490 | 529 490 |

| | AA | AA- | A | BBB | <BBB | Кредиттік рейтинг берілме-ген | 2018 ж. 31 желтоқсан Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ақшалай қаражат және оның баламасы* | 154 798 | 78 873 | 18 155 | 1 225 899 | 49 562 | 31 594 | 1 558 881 |
| Міндетті резервтер | - | - | - | 105 856 | 9 885 | - | 115 741 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | 1 067 | 2 395 | - | 111 470 | 49 674 | 22 230 | 186 836 |
| Кредит мекемелеріндегі қаражат | - | 10 200 | 50 | 3 344 | 35 828 | 5 845 | 55 267 |
| Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | 258 777 | - | - | 1 286 964 | 185 272 | 34 920 | 1 765 933 |
| Амортизациялық құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар | - | - | - | 1 045 358 | - | 10 990 | 1 056 348 |
| Басқа қаржы активтері | - | - | - | - | - | 92 043 | 92 043 |
| Шартты қаржы міндеттемелері | - | - | - | - | - | 531 055 | 531 055 |

| | AA | AA- | A | BBB | <BBB | Кредиттік рейтинг берілме-ген | 2017 ж. 31 желтоқсан Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ақшалай қаражат және оның баламасы* | 110 970 | 76 897 | 162 142 | 1 110 837 | 87 307 | 41 999 | 1 590 152 |
| Міндетті резервтер | - | - | - | 101 881 | 9 158 | - | 111 039 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | 1 | - | 113 | 95 570 | 46 797 | 2 495 | 144 976 |
| Кредит мекемелеріндегі қаражат | 440 | 211 | 14 616 | 12 029 | 57 379 | 3 061 | 87 736 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 324 164 | - | - | 2 035 381 | 187 232 | 21 101 | 2 567 878 |
| Басқа қаржы активтері | - | - | - | - | - | 51 379 | 51 379 |
| Шартты қаржы міндеттемелері | - | - | - | - | - | 430 075 | 430 075 |

* Бұл сома қысқа мерзімді заемдар мен бастапқы өтеу мерзімі 90 күннен аспайтын салымдарды білдіреді, бұлар ақшалай қаржы мен оның баламасының құрамына кіргізілген.

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Банк секторының мекемелері тұтастай алғанда қаржы активтері мен шартты міндеттемелерге қатысты кредит тәуекеліне ұшырап отырады. Топтың кредит тәуекелдері Қазақстан Республикасында шоғырланған. Топ бекіткен Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес кредиттер бойынша лимитті орындау және кредитті өтеу қабілетін қамтамасыз ету мақсатында кредит тәуекелінің деңгейіне ұдайы мониторинг жүргізіліп отырады.

Клиенттерге берілетін заемдар ішкі бағалауға сүйене отырып және басқа талдау рәсімдерінің негізінде жіктеледі. Тиісті департаменттер кредиттерді олардың тәуекел туғызуына және Топ үшін қауіп тудыратын әлеуетті зияндар тәуекеліне сәйкес жіктемелейді, ал мұндай жіктемелеуді тәуекелдерді басқару департаменті бекітеді.

Банк пен оның еншілес ұйымдары тәуекелдің түрлі санаты бойынша заемдарды ішкі жіктеу үлгісін қолданады. Заемның құнсызданғанын растайтын оқиға туындағаннан кейін үлгі заемшының қаржы көрсеткіштеріне, оның кредиттік тарихына, дебиторлық берешегінің сапасына, заемшының өтімділігіне, заемшыға тиісті нарықтық тәуекеліне, экономика саласына және басқа факторларға негізделе отырып, күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв сомасын бағалауға мүмкіндік береді. Арасында қажетті ақпаратты кредиттік талдаушылар модельге енгізіп отырады. Жүйеге енгізілген ақпаратты және клиенттерге берілген заемдардың құнсыздануына резерв сомасын бағалауды тәуекелдерді басқару департаменті тексеріп отырады.

### Рейтингтік модель мынадай жіктемелеуді пайдаланады:

- Рейтингтік балл 1 – заем бойынша ең жоғары рейтинг, кредит тәуекелінің дәрежесі барынша төмен;
- Рейтингтік балл 2 – заем сапасы өте жоғары, кредит тәуекелінің дәрежесі өте төмен;
- Рейтингтік балл 3 – заем сапасы жоғары, кредит тәуекелінің дәрежесі төмен;
- Рейтингтік балл 4 – заем сапасы қанағаттанарлық, кредит тәуекелі болмашы дәрежеде;
- Рейтингтік балл 5 – экономикалық жағдайға байланысты кредит тәуекелі ұлғаюы мүмкін;
- Рейтингтік балл 6 – экономикалық жағдайға байланысты кредит тәуекелінің дәрежесі жоғары болуы мүмкін;
- Рейтингтік балл 7 – дефолт тәуекелінің дәрежесі жоғары, заемшының төлем қабілеті экономикалық қолайлы жағдайлармен байланысты;
- Рейтингтік балл 8 – 10 – дефолт тәуекелі өте жоғары /дефолт

Бірыңғай заемдардың пулдары – кредиттік сипаттамасы жағынан бір-біріне ұқсас активтер тобы қағидаты (мәселен, экономика саласы, бизнес түрпаты, кредит беру бағдарламасы, дефолт деңгейі, ішкі рейтингтер және өзге факторлар) бойынша біріктірілген клиенттер заемдары. Бірыңғай заемдар пулдарына ұжымдық негізде бағаланатын активтер жатқызылады.

| | 2019 ж. 31 желтоқсан | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-кезең | 2-кезең | 3-кезең | | |
| Рейтингтік балл | 12 ай ағымында күтілетін кредиттік залалдар | кредит берудің бүкіл мерзімі ағымында күтілетін кредиттік залалдар | кредит берудің бүкіл мерзімі ағымында күтілетін кредиттік залалдар | СҚКҚ | Барлығы |
| 1-3 | - | - | - | - | - |
| 4 | 298 985 | - | - | - | 298 985 |
| 5 | 990 784 | 12 513 | - | - | 1 003 297 |
| 6 | 580 210 | 65 042 | 27 787 | 14 572 | 687 611 |
| 7 | 39 419 | 61 792 | 132 131 | 1 626 | 234 968 |
| 8-10 | - | - | 139 635 | 49 548 | 189 183 |
| Корпоративтік клиенттерге берілген, жеке негізде бағаланатын заемдар | 1 909 398 | 139 347 | 299 553 | 65 746 | 2 414 044 |
| ШОБ және ББ клиенттеріне берілген, жеке негізде бағаланатын заемдар | 330 989 | 9 018 | 72 304 | 11 344 | 423 655 |
| Клиенттерге берілген, ұжымдық негізде бағаланатын заемдар | 1 097 818 | 10 755 | 214 168 | 723 | 1 323 464 |
| | 3 338 205 | 159 120 | 586 025 | 77 813 | 4 161 163 |
| Минус – күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв (23-ескерту) | (36 305) | (45 797) | (302 834) | (23 782) | (408 718) |
| Клиенттерге берілген заемдар | 3 301 900 | 113 323 | 283 191 | 54 031 | 3 752 445 |

| | 2018 ж. 31 желтоқсан | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-кезең | 2-кезең | 3-кезең | | |
| Рейтингтік балл | 12 ай ағымында күтілетін кредиттік залалдар | кредит берудің бүкіл мерзімі ағымында күтілетін кредиттік залалдар | кредит берудің бүкіл мерзімі ағымында күтілетін кредиттік залалдар | СҚКҚ | Барлығы |
| 1-3 | - | - | - | - | - |
| 4 | 185 482 | - | - | - | 185 482 |
| 5 | 793 568 | 8 898 | 469 | - | 802 935 |
| 6 | 550 901 | 22 726 | 7 171 | 14 391 | 595 189 |
| 7 | 231 398 | 70 653 | 156 687 | 6 633 | 465 371 |

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

| | 2018 ж. 31 желтоқсан | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-кезең | 2-кезең | 3-кезең | | |
| Рейтингтік балл | 12 ай ағымында күтілетін кредиттік залалдар | кредит берудің бүкіл мерзімі ағымында күтілетін кредиттік залалдар | кредит берудің бүкіл мерзімі ағымында күтілетін кредиттік залалдар | СҚКҚ | Барлығы |
| 8-10 | - | - | 132 233 | 55 339 | 187 572 |
| Корпоративтік клиенттерге берілген, жеке негізде бағаланатын заемдар | 1 761 349 | 102 277 | 296 560 | 76 363 | 2 236 549 |
| ШОБ және ББ клиенттеріне берілген, жеке негізде бағаланатын заемдар | 409 942 | 13 741 | 141 645 | 15 627 | 580 955 |
| Клиенттерге берілген, ұжымдық негізде бағаланатын заемдар | 813 521 | 26 646 | 233 201 | - | 1 073 368 |
| | 2 984 812 | 142 664 | 671 406 | 91 990 | 3 890 872 |
| Минус – күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв (23-ескерту) | (43 516) | (28 716) | (322 917) | (14 644) | (409 793) |
| Клиенттерге берілген заемдар | 2 941 296 | 113 948 | 348 489 | 77 346 | 3 481 079 |

| Рейтингтік балл | 2017 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|
| 1-3 | - |
| 4 | 118 566 |
| 5 | 538 343 |
| 6 | 533 758 |
| 7 | 412 326 |
| 8-10 | 172 698 |
| Корпоративтік клиенттерге берілген жеке негізде бағаланатын заемдар | 1 775 691 |
| ШОБ және ББ клиенттеріне берілген жеке негізде бағаланатын заемдар | 176 503 |
| Клиенттерге берілген ұжымдық негізде бағаланатын заемдар | 812 048 |
| | 2 764 241 |
| Минус – Құнсыздану резерві | (277 491) |
| Клиенттерге берілген заемдар | 2 486 750 |

| | 2017 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|
| Клиенттерге берілетін ұжымдық негізде бағаланатын заемдар (құнсызданбаған) | 421 045 |
| BBB-, BBB | 36 746 |
| BB+, BB, BB- | 21 649 |
| B+, B, B- | 7 908 |
| C | 1 204 |
| ККБ клиенттеріне берілген құнсызданбаған заемдар (резервтерді шегергенде) | 488 552 |
| ККБ клиенттеріне берілген құнсызданған заемдар (резервтері шегерілгенде) | 275 800 |
| ККБ клиенттеріне берілген барлық заем (резервтерді шегергенде) | 764 352 |

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес ККБ заемдары бойынша құнсыздануға жұмсалатын резервтер сомасы 39 670 миллион теңгені құрады, соның ішінде 23 095 миллион теңгесі ұжымдық негізде бағаланатын заемдармен байланысты.

2019 ж. 31 желтоқсандағы және 2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұжымдық және жеке негізде құнсыздану мәніне бағаланатын, бөлшек бизнеске және ШОБ клиенттеріне берілген заемдардың кредиттік сапасы бойынша талдау келесі кестеде берілген:

| 2019 ж. 31 желтоқсанға | Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенге дейінгі заемдар | Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтер | Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергеннен кейінгі заемдар |
|---|---|---|---|
| ББ клиенттеріне берілген заемдар | | | |
| Мерзімі кешіктірілмеген | 898 387 | (30 108) | 868 279 |
| Мерзімін кешіктіру: | | | |
| 30 күнге дейін | 23 525 | (3 714) | 19 811 |
| 31-ден 60 күнге дейін | 4 443 | (1 167) | 3 276 |
| 61-ден 90 күнге дейін | 9 153 | (3 361) | 5 792 |
| 91-ден 180 күнге дейін | 10 278 | (5 541) | 4 737 |
| 180 күннен артық | 96 746 | (58 338) | 38 408 |
| ББ клиенттеріне берілген жеке және ұжымдық негізде бағаланатын барлық заем | 1 042 532 | (102 229) | 940 303 |
| ШОБ клиенттеріне берілген заемдар | | | |
| Мерзімі кешіктірілмеген | 552 663 | (14 507) | 538 156 |

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мерзімін кешіктіру: | | | |
| 30 күнге дейін | 8 587 | (997) | 7 590 |
| 31-ден 60 күнге дейін | 3 476 | (465) | 3 011 |
| 61-ден 90 күнге дейін | 1 762 | (147) | 1 615 |
| 91-ден 180 күнге дейін | 5 739 | (3 634) | 2 105 |
| 180 күннен артық | 69 664 | (39 323) | 30 341 |
| ШОБ клиенттеріне берілген жеке және ұжымдық негізде бағаланатын барлық заем | 641 891 | (59 073) | 582 818 |
| ШОБ және ББ клиенттеріне берілген жеке және ұжымдық негізде бағаланатын барлық заем | 1 684 423 | (161 302) | 1 523 121 |
| Корпоративтік клиенттерге берілген жеке және ұжымдық негізде бағаланатын барлық заем | 2 452 781 | (241 518) | 2 211 263 |
| Карточкалық операциялар бойынша барлық заем | 23 959 | (5 898) | 18 061 |
| Клиенттерге берілген заемдар | 4 161 163 | (408 718) | 3 752 445 |

| 2018 ж. 31 желтоқсанға | Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенге дейінгі заемдар | Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтер | Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергеннен кейінгі заемдар |
|---|---|---|---|
| ББ клиенттеріне берілген заемдар | | | |
| Мерзімі кешіктірілмеген | 751 122 | (30 601) | 720 521 |
| Мерзімін кешіктіру: | | | |
| 30 күнге дейін | 36 283 | (5 343) | 30 940 |
| 31-ден 60 күнге дейін | 8 484 | (2 926) | 5 558 |
| 61-ден 90 күнге дейін | 5 464 | (2 291) | 3 173 |
| 91-ден 180 күнге дейін | 23 125 | (10 555) | 12 570 |
| 180 күннен артық | 132 754 | (80 111) | 52 643 |
| ББ клиенттеріне берілген жеке және ұжымдық негізде бағаланатын барлық заем | 957 232 | (131 827) | 825 405 |

| 2018 ж. 31 желтоқсанға | Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенге дейінгі заемдар | Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтер | Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергеннен кейінгі заемдар |
|---|---|---|---|
| ШОБ клиенттеріне берілген заемдар | | | |
| Мерзімі кешіктірілмеген | 510 454 | (9 299) | 501 155 |
| Мерзімін кешіктіру: | | | |
| 30 күнге дейін | 12 594 | (379) | 12 215 |
| 31-ден 60 күнге дейін | 8 112 | (2 881) | 5 231 |
| 61-ден 90 күнге дейін | 10 206 | (3 878) | 6 328 |
| 91-ден 180 күнге дейін | 6 348 | (1 753) | 4 595 |
| 180 күннен артық | 87 500 | (51 095) | 36 405 |
| ШОБ клиенттеріне берілген жеке және ұжымдық негізде бағаланатын барлық заем | 635 214 | (69 285) | 565 929 |
| ШОБ және ББ клиенттеріне берілген жеке және ұжымдық негізде бағаланатын барлық заем | 1 592 446 | (201 112) | 1 391 334 |
| Корпоративтік клиенттерге берілген жеке және ұжымдық негізде бағаланатын барлық заем | 2 271 567 | (203 451) | 2 068 116 |
| Карточкалық операциялар бойынша барлық заем | 26 859 | (5 230) | 21 629 |
| Клиенттерге берілген заемдар | 3 890 872 | (409 793) | 3 481 079 |

# 2019, 2018 және 2017 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Келесі кестеде құнсызданған активтердің және мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған активтердің баланстық құны көрсетіледі:

| | Жеке-дара негізде бағаланатын қаржы активтері | | | | Ұжымдық негізде бағаланатын қаржы активтері | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Құнсызданбаған қаржы активтері | | Құнсызданған қаржы активтері | | | | |
| | Активтердің жалпы баланстық құны | Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтің сомасы | Активтердің жалпы баланстық құны | Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтің сомасы | Активтердің жалпы баланстық құны | Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтің сомасы | 2019 жылғы 31 желтоқсан Барлығы |
| Кредит мекемелеріндегі қаражат | 44 005 | (166) | 9 323 | (1) | - | - | 53 161 |
| Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері | 1 631 244 | (990) | 1 335 | (668) | - | - | 1 630 921 |
